

Ж. Махметов

# Қоғабай Есентаев

роман





ББК 90 Қаз-7  
Ж 70

Ж. Махметов  
Ж 70. Қоғабай Есентаев. – Астана, 2016.

**ISBN 8870-24-845-7**


Қоғабай Есентаев – туған нағашым, соғыста қайтыс болды.  
Роман Қоғабайдын өміріне арналады.

Ж.  $\frac{4802160208}{00(07)-08}$

ББК 90 Қаз-7

**ISBN 8870-24-845-7**

Ж.Махметов. 2016



Жанбыртай Махметов



Қарағайлы жері.

Құлпыра өскен қырат бойындағы биік ағаштар мен қалың талды аймақ жайқала өскен шалғынды, көк майса шөптерімен, алыстан көз тартып, тамаша табиғат келбетімен, назарыңды бірден өзіне тартады.

Сұлу аймақтың жеріне қызыққандар, ойпат аралап бүлдірген теріп, шелек толтырып, қып-қызыл бармақтай жемісімен мәз болып, бала біткен осында дерсің.

Күн ысып, ашық аспан әлеміде, сәулесімен жағаны жарқыратып, жалпақ өзен бойын қуалай, шағылсып күмістей болып, көз қаратпайды.

Ірімденген орманды теректер, аспанмен таласып, қою жапырақтарымен, жел бағытын ұстап, ақырын ғана ырғалып қояды.

Ит тұмсығы өтпестей, жиі өскен талдарда, бой дүзеп, қырат бойынан орын тепкен.

Балалардың әсем күлкісі естіліп, бастарын ала-алмай, бүлдіргенге қызығып, қайтсек шелек толтырумен әлек. Топ баланың ішінде Қоғабайда қалыс қалмады. Балғын шақ, қызықтап жаю келген. Күндегі әдеттеріде осылай, іңір жабыла қайтатын.

Бүгін өте ерекше күн болды, аспан айналып, ыстыққа шомытты. Ойын баласы, құрдасы Дидар жүгіріп келіп: «Жүр кеттік, суға түсіп, салкындайық!» – деп өзенге қарай бет бұрды. Қоғабайдында күткені осы еді, жиналған топ жүгіре жөнелді. Үлкен қарасу, Қарағайлы өзені ұзыннан созылған, кең алқапқа қарай бой дүзеген. Тайыз шетіне барып, шешіне бастады Кім дүзгіш? Айтыңдаршы, Дидар сен ба? Баста, деп айтушылар көп болды.

Қоғабай ойланып, отырып қалды, қосылмады. Бастасам, бастайын деген Дидар сөзі, демеу болдыма ыстыққа піскен дудадқтай бәріде өзенге топ-топ етіп түсе бастады. Ыстыққа малтыққандар, теренге баталмады. Дидар бірден сүнгүмен жағадан бірақ шықты. Бәріде танырқасып қалғандай «Қалай әйдік едің» біз сені білмедік, деп айта бастады.

Дидар екінші жағаға құлаш ұрды. Салқындап, ырақаттанған соң, жағаға шығып Қоғабай сөзіне құлақ түрді: Ертен кімде қармақ бар? Соны ала келіңдер, ау болса, тіпті жақсы болар еді, – деді. Балық көп көрінеді, ауласақ үйге апарып олжа етеміз, – деп келісті.

Қоғабай ол кезде 10-ға жаңа толған, балғын еді. Асық ойнап «ұтысқа» жаны құмар болатын, ұтылып қалса уайымның «әкесі» сонда ғана сезілетін. Көрші ауылдан, келіп топ-топ болып, көше бойындағы тақыршаққа үймелесіп, жанын салатын. Ұтып алса қуанысып, төбесі көкке жеткендей ыңғай танытып, күлісетін.

Көк майса, аңқыған қалың шөп, қырат аңғарын алып жатқан кең аймақ, балаларды қызықтап бүлдіргенге толы көрінеді. Сағымда өркеш танытып, буылдыр арқа бойына созылғанға ұқсайды.

Баяу соққан желде, шөп басын ақырын қозғалтып, көгілдір тартқан жотамен ілесіп байаулайды. Күн көзінде, бұлтсыз сәулесін еркін шашып, алысқа төгіп тұрғандай сезінесің.

Биік ағаштарда, көк салалы жапырағын жая салып, мөлдір жаздың тамаша табиғатын суреттеп, алысқа нұр шашқандай келбетін көресің. Жазық ойпат, созылып барып, өзенге тіреліп, ұзын қанатын жайған дала өңірі, қуаныш силағандай, балаларды қуантып қояды.



Бауырайына бөленіп бала біткен жастық-шат өмірге қолы жеткендей қуанысып, балық аулап, суға шомылуды әдетке айналдырған. Жалпақ созылған, «Қарасу» өзені, Ақжармен шектесіп, алысты болжайды.

Өзен бойында шағын ауылда бой дүзеген.

Өрістегі малда, кең жайлымның шөбінен бас алмай, отты жерден қозғалмастай бекінген.

Баллардың тобыда, осы аймақсыз тұра алмайтындай, жай-аулап жүріп, ағылуды қоймады.

Сағыныш білдіріп, сұлу табиғатына бауыр басып, жеміс-жидек теріп, ауылға қайтатын. Қоғабай бастап, соңына ертумен күн өткізетін.

Дидарда Қоғабайды жақсы көріп, ақылымен болатын. Ауыл адамдарыда Қоғабайға сенім артып, балаларын ертіп, жіберуді әдетке айналдырса керек. Бәріде сөзін тыңдап, соңынан қалмай, ойынды бұрқырататын. Ағаш арасына тығылып «тығылмақ» ойнап кеш батыратын.

Жаз бойы балалар үшін Қарағайлы жері жұмақтай болып, уақыттың өткенінде сезбей қалатын. Күздің қара суығыда келіп жетті. Солғын жапырақтар, сарғылт тартып, төңіректіде қуартып түрін өзгерте бастады. Бұрқыраған жол шаңы, басылмай құйынмен ұласып, маңайдың бәрін баса бастады. Ызындаған дала желі, әлсін-әлсін соғумен болды. Құлазыған дала өңірі, өзгеріп сала берді.

Аспанды жиілеп, қара бұлтта қойуланып, күн көзін көрсетпеді, суық рай танытып аймақтың бәрін орап алды. Өрістегі малда, күн суығынан ығысып, ауыл маңына беттеумен болды. Күздің қара суығы «Атан түйеніде жыққан» десеңі үлкендер, айтса айтқандай екен, – деді ауыл ақсақалы Дүкенбай: Бұл уақытша, амал әліде күн шығып, жылылық жер

бетін басады, – деді. Қоғабай үлкендердің сөзін тыңдап, ақылымен болатын.

Әке тәрбиесін көрген кездің бірі болатын. Жастай қалып, барлық ауыртпалық өзіне түскенін сезді білем, әкеден қалған малға иешілік жасап, бақылауда болды. Ел ішінде ұрлық тиылмады. Жиі төблесте болып, тұрды. Береке кетіп, ырың кезек орнады. Күн қайта жылынып, ыстық орнай бастады.

Жаркөл оңаша ауыл, қырат дөңесінен орын тепкен. Жайылым, мал өрісі, кең жазық Сармойын қопасына бой дүзеген. Қырдан көз шалып, кеңістік айнадай болып шалқып жататын. Сар даланың кейпін жасап, сары бидайық құлашын жайып қанаттана түскен. Көгілдір аспан күнбезімен ұласып, батқан күн алысқа нұрын шашып, тұрғанға ұқсатасың. Манайында ешбір бұта жоқ, жалаң мекенді халық «оңаша ауыл» деп, атап кетсе керек.

Тек біраз жерге дейін, созылған жазық Бошай өзенінің құламасына барып тіреледі. Қыр үстінде, орманды қалың ағаш, ойдым-ойдым көш құраған. Үзік-үзік, өзенге ұқсас тік жар созылған алып апандай, алысқа құлаш ұрады.

Бөгет жоқ, ыңғайын тауып шығуға да, тік жарды аралап барып қиындыққа ұрынасың, көш бөгеліп, әрең дегенде ілігесің. Орманды алқап болмаса да, кең жазық даланың табиғат көрнісі, ауыл мекені естен кетпес ой түйіндеп, көрікті жерге қол жеткізіп, ынтаң асып, пісіп тұрғандай сезінбеске дауа жоқ. Қошемет қылар, халықта өз жағыдайын, іске асырып, табиғат сырымен бөліскендей, құрметтеп қояды. Бұл Қоғабайдың алғашқы сапары, «Шилі» колхозына табан тіреу еді.

Атағы жайылған колхоз басқармасы Махмет Оразалинге барып, жолығу басты шаруасы болатын. Байталын ұстап мініп, сыпайы киінген бойы, Шилі бағытына, желіп жөнеле берді. Жалпақ қара жол, өзіне таныс талай рет, жайаулап жүріп, құм

кешкен, ат тұяғымен шаң боратып, жол сызып келеді. Жол бойын, қалың бидайық басқан, алқаптың арасынан, торғайда шырылдап, дала үнімен ұласа түсті. Ирелендеп созылған ұзақ жол Қарағайлы қойнауына алып кірді.

Құлпырып өскен дала гүлдері, көкшіл тартып, орманды алқапты сая еткен, қыр қабағы сұлу бейнесін танытып, жадырап сала берді. Шіркін, жастық шақ, өте ыстық, жүгіріп келіп, жалпақ өзенге, беріп кетушек, жүзіп барып арғы бетке шығып, жарысатын күнде алыста қалды. Балықта аулап, олжалы болып, үйге қайтқан күндерде ұмыт болды. Тұнып тұрған, қыпқызыл бүлдірген «бармақтай» болып, талай «католок» толтырып үй ішін қуантып жүрген кездерін есіне алды.

Қоғабайдың күрең байталы «кұлын» кезінен сүт беріп өзі үйреткен «жуастық» танытып маңайынан шықпайтын болып өсті. Жылқы табыннан, шақырса болды, жетіп келіп, қасына тұра қлатын. Қоғабай сипап, денесін жуып салқындатып, баптайтын. Сол дағыдыны құп еткен «күрең» көлденеңдеп алдын орайтын. Байқаған жұрт: қасиетті жылқы тұқымы, – деп, мақтайтын болды. Қоғабай желіп есіп күреңімен өзен бойына кіре берді.

Өзен бойы, ұшқан қаз-үйректер дауысы қаңқылдап алысқа шығып жатты. Құс базарыда осында, шіркін атып алса ет болар еді, – десті. Шалқыған су арнасы, күн көзімен шағылысып, дала ыстығын өзіне тартқандай, салқын ауа лебін шығарып, бетіңе баяулап соғады. Ыстығың басылып, жеңілденіп қалған денең, ширақ қимылдап, күш біткендей байқап келесің. Алыстан естілген сыбызғы әніне ұқсап, аққуларда келіп, қонып жатқанға ұқсатасың. Өзен арнасымен бірге толқып, көк жиекке шығып, қос қанатын жайып қояды. Бұрын – соңды бұл аймаққа келмеген, «тұңғыш» көруі еді. Иілген аппақ мойны «сұлу» қыздың бейнесін тартып, қанатын баурына жинап, су

беткейіне қарай, жүзи берді. Табиғаттың осындай құбылысы, өзен бетін сән-салтанатқа бөленген, құс бейнесін көріп, қызықтап тұрды. Өзі оқыған кітап бейнесіндегі құс базарын, көзімен көріп, тамашалаумен болды.

Қарағайлы бойы. Ауылдың шетінде аппақ дара тігілген кигіз үй, алыстан көз тартып, маңайы толған адамдардың жүрісін аңғарып елең етті. Жолымда бұрылып, сол тұстан өтуге бағыт алып келемін. Алты қанат ақ үйді бірінші көруі, Қоғабайға үлкен әсер қалдырып, қызықтаумен аялдауға тура келді. Шеткерек үйдің жанына барып, атынан түсіп, белдікке байлады. Ойы неде болса, ақ отаудың ішіне кіріп, көргісі келді. Маңайлап бара бергенде, Дидар бірден танып, Қоғабайды құшақтап ішке ала жөнелді. Іші толған қыз-келіншектер, шырқалған ән айтумен, думанды көріп тұрып қалды. Дидар таныстырып, қыздарға жеткізіп жатты. Сұлу жігіттің қалпын көріп, сұңғақ бойын ұнатып, «сылқ-сылқ» күліп, күлімдей сөйлеп, жақындай бастады. Ортаға алып, ойын күлкіге тартты. Шырқалған ән естіліп, шымылдыңтың ар жағынан тұрып, ұзын бойлы сұлу қызды көзі шалып, ұнаған қалып танытып еді, бүркемелеп көрсетпей қойды. Қоғабай Дидарға жақындай беріп: Айтып тұрған, қара көз қыз кім, – деді. Дидар жұлып алғандай: Ол ұзатылғалы, тұрған қалыңдық, Ғалия өзінің мұның өлеңге қосып, біраз күннен бері, шырқаумен болды, – деді. Қара көзі мөлдір тартқан, аппақ сұлу келбеті, жарық жұлдызбен жарасқан, ай сәулесіндей, кімнің бағына барар екен деген ой мазалап тиылмады.

Күмбез бөрік басына жарасып, қою бұрма шашы алдына түсіп, қима белдіктермен жарқыраған қамзелі, бойына түсіп, қызылды-жасыл бейнесін көрсетіп, сұлу жүзіне сән беріп, тұрғандай көрінеді. Көз тартып, көрген адамның бойын, өзіне тартып, «шіркін-ай» деп, қаласың. Менің жарым осындай

болса деп, көрген «жігіттер» іштей уайым сазы болып қала берді. Ақшыл жүзіне жарасқан, тағымдары мойнын ораған, алтын мойшақтары, құлақ сырғасымен жалтырап, күміс алқаларыда қызыл қамзеліне ілініп, сұнғақ бойына жараса түскен. Қоғабай алғаш көріп, жас қыздың «қоштасу» тойын тамашалағандай ниет білдіріп, ұзатуды бұрын-соңды көрмеген еді. Отаудың іші толған, жиһазға толы, тұстарында ұсталған араб кілемдері, жерге жайылған мәнерлі текеметтер төселіп, төрде көрпе-жастықтар орын алған.

Үлкен сары сандық үстіне жүк жиылып, ақ батсайыдан тігілген, мол шымылдық, етектеріне атыластан ою салып, мәнерлеген. Күн сәулесімен түндіктен түскен жарық, шымылдықтың келбетін ашып, айқындай түскен. Ғалияның тамаша жүзі ерекше көрініп, әсемдік салтымен ұласып, жарық жұлдыздай болды. Ғалияның бірден көзіне түсіп, Дидарға: Мені досыңмен таныстырмайсың ба? – деп уаз етті. Дидардың туысы болғанымен Ғалиямен қатар-құрбылас, сырларыда бір, мұңдарыда бір болатын. Қоғабайды бұрыннан, айтып Ғалияға ұғындырғаныда, Дидар екенін есіне алды. Дидардың жан досы, кішкентайынан бірге өсіп, бұзау мініп, асық ойнаған кездеріде өте берді. Қарағайлы, жері бұрыннан таныс, балық аулап, суға түскен, бүлдірген теріп, жайаулап барып, кеш оралатын.

Есік жанында тұрып, Қоғабай қозғалмастан, бұл жайтқа аң-таң болып, қыз бетіне қараумен болды. Қыз біткен сездіма, отауды тастап, өзен бойына қарай, ән айтумен жылжи берді. Дидар Ғалияның көзіне жас алғанын, байқап қалып, Қоғабайдың қолынан ұстап, таныстыруға бет бұра бастады. Жылама деген Дидар сөзі, Ғалияның қасына барып, орамалмен көзін сүртіп: Ал, енді таныс болыңдар деп, екеуінің қолын ұстап, қабыстыра бастады. Ыстық қолы Ғалияның сыр білдіргендей, денесін бірден шымырлатып қоя берді. Қоғабай Ғалияның

сұлу жүзін көріп: Менің атым Қоғабай, жолым түсіп Шиліге, бет алып, келе жатқанда осы «ақ отауды» көріп бұрылғаным еді, бұл жайттан бей хабармын, – деді. Жігіттің сұлу ажары, ақшыл тартып, келбеті келіскен, әдемі денесі қыз алдында «жігіттің төресіне» ұқсап көріне білді. Қапаланған Ғалия: Мен бұрыннан есіміңді білемін, Дидар айтып таныс еткен, енді міне, жоқ жерде кездесіп, жүзіңді көріп танысып отырмыз. Әке болмаған соң, аға мен қатал жеңгенің құрсауынан шыға алмай, өзім көрмеген, егде адамға «ұзату» тойын жасап жатқаны. Алыс-жақын жерлерден, қыз-келіншектерді шақыртып, өзің көрген тағымның бәрін «күйеу» жағынан, сұратып алғызып, тақтырған еді. Ауыл мектебін жақсы бітірсемде, оқып-білім алуыма кедергі жасап, тез күйеуге беріп, құтылу болды.

Шешем Сақан өте момын, әсіресе қатал жеңгеме сөз айтпай, бақытсыз болып қалам ба? – деген, мұнымды жеткізе алмай, арманда болып кетіп, барам, – деді Ғалия көзіне жас алып, қолындағы орамалын қайта-қайта бетіне басып, өз-өзін жұбатқандай болды. Қоғабай: Ғалия жылама, сен енді жалғыз емессің, Дидар екеуміз бармыз. Жақында, қазақ қыздарын, қалада оқуға қабылдау басталады, соған тез барып ілігу керек. Дидармен бірге баруға тура келеді, – деді. Аппақ саусағымен, сұлу ажарын көрсетіп, Ғалия оң қолымен кестелі орамалын ұсынды. Ғалия: Бұрын көрмесемде «ғашықтық» сезімім баяғыдан оянған, бірақ хабар алалмай, түрінді бір көруге зар болып, уайыммен өткізген кездерім, жүрегімнен шықпадың. Дидар айтып, мені ғашық етті, енді міне жолым түсіп, бақытыма оралдым.

Бұл орамал менің «мәңгілік» сертім, тек сен ғана деп, өмір сүретін боламын, – деді. Қоғабай шыдай алмай, Ғалияны құшақтап, баурына тартып, аузынан сүйді: Менде сертімді беремін, өмір бойы сүйіп өтетін жарым боласың, – деді. Қоғабай

уәделескен соң, отаудан шығып, атына қарай кетуге бет алды. Дидар шығарып салып, досының сөзін орындауға келісіп, Ғалияны қалаға, тез арада, жеткізуге ниет етті. Түс ауа Шилі колхозына келіп кірді. Күрең байталымен басқарма үйіне барып ат тіреді. Қоғабайдың келгенін біліп, әпкесі Құндыз жалғыз баурын құшақтап, сағыныш сезімін бідіріп жатты. Үй іші түгел қуанып, Қоғабайды балалар қоршап, жабыса бастады, Бағытжанды көтеріп, мойнына мінгізіп, еркелетіп, бәрінінде беттерінен сүйіп, әкелген силықтарымен бөлісті.

Танымастай өзгерген, колхоз орталығы, ұзын көшемен, жана үйлер қатар түзеген. Ақ отау, мектеп, аурухана, кеңсе ғимраты салынып, Аяқбұлақ танымастай өзгерген. Қалың орман ағашы, ақ үйлермен қатарласып, орын тепкен. Жиекте сарқыраған бұлақта, қалың-түрлі түске боялған гүлдерде етек жайған. Ауылдың шет жағында, тағыда көшенің сәнін құрап, жаңа үйлерде бой көтере бастаған. Монша салынып, бой көтерген. Жана өмірге, қол созған еңбек адамдары, дамылсыз ауыл төсінде, қайнаған еңбекті көріп, таңғаласын.

Махмет жұмыстан кеш оралды. Қоғабайдың келгеніне қуанып, әңгімеге тартты. Жастайынан еңбекке араласып, әке ісін жалғастырды, мал бақты, шөп шауып, қыстаққа жеткізіп, мая салды. Қоғабай ойын қорытып, оқуға баруға тілегін білдірді, арманы «ауыл инженері» болу еді. Махмет болашаққа талпынысын бірден құптап: Қоғабайдың айтқаны өте орынды, инженер керек, өмір келешекте, біздің істеп жатқан, ауыр жұмыстарымыздың бәрі, техникамен атқарылады, егін мен малшаруашылығы өркендеп, құлашын кеңге жаятын заман туады, ол алыс емес, біз көрген өгіз-арба қалады, алып техниканы меңгеретін «инженер» керек етеді, – деді.

Қоғабайдың қуанышында шек болмады, жездесінің сөзіне риза болып, құшақтады. Қоғабайдың құрметіне Ахмет Жардан

«сек» әкеліп, қонағасы берілді. Жар қыстағының басшысы, Ахметке көшіп келуіне көлік бөлініп, көк айғырмен өзі бастап, қоныс адамдарын ертіп «үйір» жылқы мен ірі қараларын, бірге айдап, Жар қонысына құлатты. Ахмет шаруа жағыдайын үйлестіріп, алаңсыз оқуына баруын шешті.

Дидар пысық, қайрымды болатын. Ғалияға, тез арада, кеш кететін уақтын белгілеп, еш жанға білдірмей, жолға шығатынын сездірді. Дидар көлік жалдап, түн қараңғысын, асырып қалаға бет түзеді. Қоғабайдың айтқан сөзін, бұйрық деп ұғынып, Ғалияның бақытын ойлап, орындаумен болды. Он жетіге жаңа толған, екі жастың қадамы «өмірмен тартыс» осылай басталған еді. Ғалия ақылдылығымен, жеңгесі берген, бүкіл «алтын тағымдарды» жинап алып кетті, қаражат қылуды ұйғарды. Алыстан биік шаң көрініп, келе жатқан көш, айдаған табын жылқы, топ аттылар «күйеуді» қолпаштап, жол бастап келеді. Шағын ауыл адамдары, түгелдей жиналып, келуін күтіп тұрды. Отаудан ешкім шықпады, Ғалияны таба алмай қайран қалысты. «Күйеу» егіде тартқан, шокша сақалды, бірден ашуға басып, қызды тауып әкелуін әмір етті. Сасқалақтап, аға-жеңгесі жақын ауылдарға ат шаптырып, Ғалияны таба алмады.

Дау жанжалдың, ушығуын бақылаған ауыл адамдары: Аман тұрғанда, елге бүлік шығармай, кейін қайтыңдар, қызды көріп, келіспей бас салғандарың қалай?! Мал беріп, сатып аламыз, деп ойладыңдар ма? Ол заман келмеске кетті, қазір заман басқаша, қыз бен жігіт тең провалы, өзінің сүйгеніне тиеді. Көнбейтін болсандар, ауданға ат шаптырып, «қызыл жағалыларды» алдырамыз, істі солар шешсін, – деді. Маң-маңдап «күйеу» Мажит: Жоқ, біз ағасы мен жеңгесінің келісімі бойынша, қалың малды си етіп, мата-кездемеге толы, араби кілеммен, қасқыр ішіктерді, арбаға тиеп әкелген едік, оларда



қыз дайын отыр «ұзату» расымын өткізіп, жатырмыз деп, хабар жеткізген еді, неге алдап, арымызды аяққа таптап, қызды қашырып, жібергені несі? Біз қыз келмей бітіспейміз, – деді.

Басталған іс, уәделескен екі жақ, мәмлаға келе алмады. Бізасы қайнаған «күйеу», өрт салып, шағын ауылды, жермен-жексен етуге дайын тұрды. Ақыл сөзге көнбеді, жендеттері қиастық танытып, төбелес шығаруға бет бұра бастады. Ауыл шағын, бір тұтас-туыстас, малдың жайлымы мен өзен суының, молдығына қызығып, үй салып, мал қораларын тұрғызған. Өз бетінше күнін көріп, бағынған емес. Дидар жолай соғып, аудан бөлімшесіне, хабарлап арыз берген, Қарағайлы елін қорғауға, көмек сұрап «қызыл жағалыларды» тез жіберуді өтінген еді. Ойрандатқан опықтың үстінен шығып, екі күнге созылған «сойқан төбелес» Мажит бастаған топ, лезде ұсталып, Семиозерға алып кетті. Қоғабай оқуға дайыдалып жатты, анасына бар көмегін жасап, қыста қысылмайтын етіп, шаруасын ретке келтірді. Қоғабай бос уақытын қалт жібермей, кітап оқуын тастамады, көп оқыды. Орыстың Салтыков-Шедриннің, Гогльдің, Мұқтар Әуезовтың, Сабит Мұқановтың шығармаларын оқып, орысша жақсы сөйлеуге тырыса бастады.

Көсемдеп жеккен атпен, қара жорға жегілген, кимелі, қарындаш арба, жолға шығып, қалаға бағыт түзеді. Колхоз председателі Махмет бастаған көш, Қостанай қаласына келіп, ат тіредік. Инженерлік институтқа қабылдау басталып жатты. Ертеңіне қабылдау – экзамені. Кезек күтіп, тапсыруға бет алдым, қойған сұрақтар мен билет бойынша жауап беріп, «бестік» бағамен қабылдандым. Оқу мерзімі, төрт жыл, сабақ орысша жүретін болды. Жатпай-тұрмай орысша көп оқып дайындалдым, бір айда толық меңгеріп, орысша баяндама жасауға бағыт ұстадым. Жиындар мен конференцияларда сөз сөйлеп,

орысша-шешендігімді байқата бастадым. Көп сөйлеп, техника-заманы келетінін, студентер алдында, баян еттім. Сөзімнің алғырлығын байқаған мұғалімдер мен жастар мені бір ауыздан комсомол секретары етіп сайлады. Қоғабайдың оқуға түскенін, естіген анасы мен әпкесі Құндыз қуанып, үлкендерді шақырып, той жасап «батасын» алды.

Қоғабайдың алғашқы қадамы, елді-елге тарады. Махметтің бұрыннан таныс, Иван Сужиков шын досы, большевик, партия қызыметінде істеп жүрді. Келген сайын соғып тұруды, әдет қылып, ағалық қамқорлығын, сағынышпен жолығып тұрды. Осы жолыда қызымет орнына барып, ат тіреді. Кірген бетте құшақ жайып, қарсы алған Иван Петович келуін біраздан бері күтіп жүргенін сездірді. Жеке бөлмесінде жайғасып, әңгімеге тарта бастады. Сужиков: Махмет Уразалинович! Сенің істеген жұмысыңа таң қаламын, басқағада үлгі етемін. Қазақтың нағыз патриоты екеніне көзім жетті. Көшпелі қазақ ұлтын біріктіріп, сонау алыс жатқан, жапан дүз далада, Колхоз құру, үкімет талабын орындап: егін салып, мал өсірдің, құрлыс салып колхоз орталығын орнаттың, аштықтан халқыңды құтқарып, мектеп ашып, жаппай сауатсыздықты жойдың, сенің өткірлігің мен азаматтық борышыңды адал атқарып, халқыңның сеніміне кірдің, қазақтың шын патриоты деп, осыны айтады, – деді.

Қаншама кітаптарды, дайындап оқысын, білім алсын, – деп, қазақ-орыс жазушыларының шығармаларын ұсына берді. Махмет жылы жүзімен: Сіздей тамаша адамды көре алмадым, ағалық қамқорлығыңмен, болашақ іске нұсқау, жасап бағыт беріп келесің, жазғы демалысында бізге келіп, өз көзіңізбен көріп, қайтсаңыз, – деді. Сужиков қабыл алды. Махметпен қоштасып алыс жолға шығарып салды. Жол үстінде Сужиков до-

сының әрбір сөзі, жүрегінде жатталып, жас жігітті жігерледіріп, маңызды қадамдар жасап, ел тұрмысын жақсартуға бет бұра бастады.

Дидар қалаға келісімен, Ғалияны мұғалімдік институтқа барып, қабылдау бөліміне бірге кірді. Құжаттарын тапсырып, қойған сұрақтарымен билетке жақсы жауап беріп, оқуға қабылданды. Ғалия ауыл мектебін бітірседе, оқуға алғыр, өткір ақылды қыз болып қалыптасты, кітап оқып, ізденіс күйде болды. Дидар туысын құттықтап: Бір жаздың ыстық күні болатын, мен шыдамай, Қарағайлы терең өзеніне, беріп кеттім, ойым арғы бетке шығып салқындау еді, бір мезетте, ортасына бара бергенде, қол-аяғымды байлап, балдыр төмен қарай, тарта берді, қимылдауға шамам жоқ, батып барамын. Құтқарындар! Құтқарындар! – деп айғай салдым. Жағада шешініп жатқан, Қоғабай естісімен, жалма-жан суға беріп жіберіп, сүңгіумен менің жанымнан бірақ шықты. Оралған балдырдан қол аяғымды босатып, үлгірді. Жағаға қарай жүзіп, судан шыға келдік.

Қоғабай болмағанда, өмірмен қоштасуым ғана қалды, – деді Дидар. Ғалияда сол күндерді есіне алып: Қоғабай келіп, бақытымның ашылғанына қуанып, дағыдырымды әрбір күн сайын есіме алып, бақытсыз өмірім, еш болып, өмір бойы «тоқалдыққа» күң болып, өтемба деп, қаншама кештерді жылап өткізгенімді білемін, – деді. Сені өлімнен алып қалса, мені «тоқалдық» өмірден мәңгілік етіп құтқарды, – деді Ғалия. Дидар асыл – тағымдарды өткізетін, дүкен тауып алып, табыстады, қуанып Ғалия оқуына жетерлік, қаржысын алды. Бір сәт болған отау ішіндегі оқиға Ғалия есіне орала берді. Қоғабай мен алғаш рет кездесіп, бетпе-бет жүздесіп тұрғанын байқаған, қыздар: «Қозы-Көрпеш-Баяндай» сұлу келбетін көріп, «екі гашық» деп баян еткенін естіген еді. Қоғабайдың айтылған

сөзі есінен кетпеді. Дидар Қоғабайдың оқуға түскенін естіп, Ғалияны қатты қуантты. Ғалия жатаханаға орналасып, қыздармен таныса бастады, алыстан келгендерін айтты. Досы қарап отырмады, инженерлік институтты іздеуге бет дүзеді. Ендігі ойы, досымен кездесіп Ғалияны тапсырмақ.

Қаланың шет көшесінің бірі, бес қабатты зәулім үй, ұзыннан созылған, үлкен әйнектерімен көріктенген, ғимрат алыстан көз тартып, бірден назар аударып, өзін ажарлы етіп көрсеткендей, ұғынасың-кейде танданасың. Қалай тауып, қай жерінен іздеймін? – деген ой туды. Тәуекелдеп ішіне кіріп сұрастыра бастады. Ерсіл-қарсыл жүрген жастар легі толастамады. Дидар аң-таң, оқуға кіріп, қабылданып жатқан жастардың жүзін көріп, бірге қуанғандай ыңғай танытты. Зал ішінде егде тартқан әйелді тоқтатып: Сіз бірінші курс студенті Қоғабай Есентаевті білесіз ба? Білгенде қандай, Қоғабай Есентаевті алыстан келген жастардың бірі болған соң, жатахана беріп, орналастырдық, – деді әлгі әйел. Айтқан бойынша жүгіріп, жатаханаға бара бердім. Мені алыстан көзі шалып, Дидар, – деп, бар дауысымен айқайлаған Қоғабай сөзін естіген бойы, жалт қарасам, артымнан қуып жетіп, қолымнан ұстап тоқтатты.

Сені іздегенім біраз күн болды, – деді Қоғабай жұлып алғандай, қайда жүрдің? не бітірдің? – деп сұрақтың астына алып сөйлеп кетті. Дидар саскалақтап: Ғалия мұғалімдік оқуға түсіп, қабылданды жатаханаға орналасып, тағымдарын өткізіп, оқуына қаржы еттік, – деді. Қоғабай салған жерден: Өте тамаша! жақсы болды түскені, сен ауылды қой, осы оқуға түс, бірге оқитын боламыз, – деді. Дидар қипақтап: Менің қаражатым жоқ, оқуға түсуге дайын емеспін, – деп, кейістік танытты. Жоқ! Сен жақсы оқыдың, білімің жетерлік, қаражат жағынан қысылма, бір үзім нанды бөліп жиміз, – деді Қоғабай салған

жерден, ауыл ешқайда қашпайды, сол ауылға техника тілін білетін, адам керек, сол адам міне біз, білім алып «инженерлік» маман болып, оралуымыз керек, – деді. Дидар күлімсіреп: Сенің айтқаның болсын, – деді. Екі дос қабылдау бөлмесіне қарай, аяндап келе берді.

Стол басына келіп, тиісті құжаттарды тапсырып, бола бергенде, комиссия басшысы, бірден бізге назар аударып: обком хатшысынан бұйрық алдым, алыстағы ауыл жастарын конкурстық алуға тапсырды, – деді. Қоғабай досының, оқу бітрген куәлігін көрсетіп, жақсы бағамен бітіріп, әсіресе математика сабақтарына өте зиректігін жеткізді. Комиссия басшысы Дидар Салменовтың оқуға қабылғандығын жария етті. Қуанған екі дос, бірін-бірі құттықтап, жатаханаға бірге орналасты, енді досы студент атанды. Көп ойланбады, Ғалияны қуанту үшін, мұғалімдік жатаханаға, бет алды.

Дидар бастап, ішке кіре бергенде, алдарынан қарсы жүгіріп, келе жатқан Ғалияның сұлу жүзін көзі шалған Қоғабай құшағын жайып, құшақтап үлгірді. Бірін-бірі құттықтап, Дидардың оқуға қабылданғанын баян етті. Жұптары жазылмады, бірге серуен құрып, қаланы аралады, кинотеатрында болып тамашалады. Ғалия арманы, Қоғабайды бір сәт есінен шығармай «ғашықтық» мұңын айта алмады, ішінен тұнып жүре берді, ауылға барғанда бірге жүріп, «достық» қалпын сақтаумен болды. Жалын жүрегі жігіттің құшағында болып, ыстық сезімін жеткізсем, деп арман етті. Берген кестелі орамалы, Қоғабай жүрегінде сақталып, айнымас серт болып, қалтасынан тастамады. Ойға түсіп кеткенде орамалын алып, Ғалияның «исі» деп, бетін сүртетін. Алғашқы, жеке кездесуі еді, Ғалия сұлу келбетімен, құшақтап мойнына орала беріп, бетін Қоғабай жүзіне түйістіре берді, аузынан сүйіп, қима

белін өзіне тартып, жұптаса берді, сағыныш сыры тарамалды, ыстық жалын дене бойын аралап, ләзат сезімі кіре берді.

Қоғабай комсомол хатшысы болғаннан бері, көбіне уақыты болмай, қызымен кездесе алмай жүрді, қоғам жұмысы қол тигізбеді. Бірақ Ғалия шыдамады, көрмесе тұра алмады, жатаханасына барып, ас дайындап, көйлегін жуып, кір өтектеді, сұлу жігіттің қалпын сақтауын қалады. Қоғабайдың «ғашықтық» оты басылмады, қайта-қайта келіп тұруын, жақсы көрді, алып ұшқан жүрек сезімімен ұласқан, екі жастың бағыты, тамаша болып қалана берді. Құшағынан, айрылмаған күні: Жаным! Жаным! деген әбір сөзі Қоғабай жүрегінде жатталып «мәңгілік» болып қалыптаса берді. Комсомол жиналысы. Үлкен зал. Жиналған студент жастар. Мінбеге Қоғабай көтерілді. Ұзын бойлы, кара костюм-шалбар, ақ көйлек, қызыл галстук, сұлу тартқан жүзін көріп, бәріде тына қалды.

Аратырлық тілімен, баяндама жасап, өзекті мәселерді сөз етіп, елдегі халық тұрмысын көтеріп, егін мен мал шаруашылығын дамыту үшін, техника жағын сөз етті. Қоғабай бәрін айта келіп: Біз, ертеңгі ауыл инженеріміз, болашақта алып техника мен жұмыс істейтін боламыз, дала төсінде, қаптаған трактор мен комбайн, астық дариясын жасап, мал басы, өсіп жайлымдарда қаптаған табынды көретін боламыз, – деді. Жаңа өмір бағыты, жастар үшін болмақ. Олай болса сол аттаққа сай маман болуды керек етеді. Өскелең ауыл, өмірін көтеру, бүгінде жастар саясаты болмақ, оның мәдениеті, сұлу келбеті, дәстір ошағы, сауатты-білімділігін көтеру бізге жүктеледі, – деді Қоғабай сөзін жалғастырып. Жиналыс қызу үстінде, Қазір бірінші «пятилетка» -ауыр индустрия бастала бастады, бірінші колесный «трактор» СТЗ, прицепной комбайн, МТС-құрыла бастады, колхозға алғаш техника қарлығаштары келе бастады, – деді Қоғабай хабар етіп, жеткізе білді.

Жиналыс бітісімен, оралды. Ойламаған жерден Ғалия алдынан шығып, күлімдеп қарсы алды. Көптен бері, көрмеген еді. Сағынышын жасырмады, алаңдаумен болды. Қоғабай аядыма: қаншама уақытың кетті, сессия жақын, сабаққа дайындалуың керек еді, – деді. Жоқ! Мен сабаққа дайындалып отырдым, бос жібергенім жоқ, сенімен бірге отыруды қаладым, – деді Ғалия. Қоғабай Ғалияны құшақтап алып, белінен ұстап, біраз тұрды, аузынан сүйіп, ыстық лебін өзіне тартты. Қоғабайдың баурына кіріп: Жаным! Өмірім! – дедіде жылы сөзімен басын түйістіріп, оймақтай аузын жылжыта беріп, сүйісе түсті, ыстық лебі басылмады, тұра берді. Кеш болды. Жалғыз жіберуге қорықты. Екеуі екі жерге жатып, шығуды қалады. Бірақ, Қоғабай сағынған соң, қайта-қайта қасына келіп, аппақ тамағынан сүйумен болды. Бірін-бірі ұятына бармады, жеке-жеке ұйқтап шықты. Екі жас ертеңіне, демалыс күндерін бірге өткізуді қалады.

Айлы түн. Жарық сәулесін беріп, көше бойы анық көрінеді. Қол ұстасып, таза ауада, көше бойлап жүріп келеді. Ай сәулесі Ғалияның сұлу бетіне түсіп, аппақ келбетін, қолаң шашымен әсемдеп қояды. Ұзын көйлегіде денесімен жараса біткен, ажарын ашып, қызыл түсімен бейнесін одан сайын қызықтырып қояды. Тынық ауаның самал желі баяулап, барып соғып қояды. Сұнғақ жібектей созылған, бойы әсемденіп барып, ақ саусақтары Қоғабай беліне орала берді. Қара көзі күлімдеп, ажарын ашып, маңдайына түскен жарық сәулесі, сұлу бейнесін сүйкімді етіп, Қоғабай құшағына кіре берді.

Қоғабай тағыда жиын өткізді. Жастардан отряд жасақталып, ауылға құрлыс салуға дайындалды. Өзіде 20 жігіттерді іріктеп алып, дайындық жасады. Ғалияда сабағын ойдағыдай тапсырып, ауылға бірге баруға, сағынған анасын көру еді. Ұзақ қара жол. Ілескен көш, қарулы жігіттер Шилі өңіріне жол

тартты. Дала жазық, кең аймақпен шектелген, көп ауылдарды басып, артқа тастап келеміз. Табиғат келбеті, әсем тартып, дала өңірін, ағашты алқап пен биік шалғын шөбімен, қызықтырып қояды. Баяу ескен желде, ажарын беріп желпігендей, ақырын ғана соғып қояды. Сағым толқыны, кейде күшейіп, жер бауырын орай бастайды, алысқа ұласып, көшкен ел легін елестетіп, қоятындай жел толқынымен жалғаса береді. Қырат беткейінде, Дидар ауылыда, елес қағады, жақындай түседі, сағыныш сезімін жасырмай әңгіме етіп, отырғаныда сол ауылының сағынышы еді. Биік қабақтан құлаған, жазық беткей, өзенге барып, тірелген жиегі, шағын ауыл көркін көрсете ұмтылған, Қарағайлы жері, Ғалияның елі еді. Анасы Сақанда, сағынып Ғалияның келер, жолын бақылаумен күн өткізіп, уайымдап жүргеніде, көз алдына елес етеді. Сол сағыныш Ғалия бойында, дамылсыз соғып, ескен желдей, бетіне соғып қояды. Жол қысқарып, әңгіме еткен осы қойнау, қаншама қуаныш пен қайғыны бірге ала келгені, бәріміздің есімізде, өзен мен қыраты, жазық пен дөңесі, құс пен балығы, бүлдіргені мен мойылы, малы мен жайлымы, шағын ауыл тіршілігін, мәз еткенін, біліпте қоямыз.

Аяқбұлақ ауылына келіп кірдік. Қалың ағаш, бауырайы толған ақ үйлер, көше-көшемен тізбектеліп, сұлу келбетін таныта орналасқан. Мекен ортасында, биік салынған үлкен ғимрат, қызыл жалау ілініп, алыстан желбіреген келбетін көрсетіп қояды. Орталық кеңсе жанына барып тоқтадық. Жиналған халық құрметпен қарсы алып, ішке кіруге бет түзедік. Үлкен зал. Орындықтар қойылған, терезелеріне атластан тігілген перделері, жиектеп тігілген сұлу өрнектермен әсем түрі көз тартады. Сахнада берен, қызыл шымылдық қабырға бойымен жалғасқан, келбеті биік әсем, сахна төрі, жұрт назарынан тыс



қалмады. Ғимрат сыртыда, тамаша көрікті етіп салынған түрін көріп көзің тояды.

Сахна төріне колхоз басшысы Махмет, келіп бірден өзінің аратырлық тілімен көпшілік назарын бірден өзіне аударды. Сіздер болашақ «ауыл инженері», – деді Махмет сөзін жалғастырып: ауылдың өсіп өркендеуі, алып техниканы меңгеріп, егін салып астық тасқынын молайтатын, мал өсіріп, өрісті шалқытып, ет молшылығын жасайтын, міне сіздер, сол себепті үй мен қоралар салып, құрлыс қарқынын, арттырып аянбай еңбек етсендер, орынды болар еді, – деді. Махмет сөзіне бәрі құптап, қол соғып отырды. Жұмыс жүре бастады. орталық көшелердің іргесі қаланып бой түзей бастады. Күндіз-түні жатпады, басталған құрлысты бітіріп кетуге сөз берді. Оп айдалып, саман құйылды. Жағалай көлік қатынасы тоқтамады. Бас Науырзымнан, ағаштар толассыз тасылып жатты. Қоғабай өзі басқарып, қадағалап отырды. Ғалияда демалысқа шығып, шешесінің қолына келіп, Қарағайлыда бола берді. Қоғабайдың баруға уақыты болмады, сырттай хабарласып, сәлемін жеткізіп тұрды.

Анасы Сақан іштей қуанып, Қоғабайдай сұлу жігітті тапқанына, төбесі көкке жеткендей, қызының бақыты ашылғанына той жасап, үлкендердің «батасын» алды. Қоғабайдың ерлігін ауыл адамдары мақтап, құрлыс салуға қаншама адамдарды, алып келіп, анасына жұрттың мақтауы тиіп, апасы Құндыздында, әбіройы өсіп, дархан көңілге бөлене берді. Махмет әрбір істі қадағалап, Нөкетайға, қарындары ашпауы үшін, мал сойғызып, тамақты дұрыстап беруін қатаң етті. Үш ай ішінде қаншама үй салынып, жаңа көше қатар түзеді, сарайда бой көтеріп, қыстақ малына си етті. Күндіз-түні дамыл таппаған жастар қарқыны, құрлыстарын аяқтап,

шығарып салуға жиналған қалың жұрт «рахметін» жаудырып шығарып салды.

«Ел-құлағы, елу деген» Ғалияға жетіп, халық аузынан тастамай, Қоғабайдың ерлік ісіне риза болып, қуанышын анасы Сақанмен бөлісті. Дамлсыз, далада жүріп, Шиліден көз алмай қараумен болды, сағыныш сезімін, ішіне сақтады. Анасына айтып, соғып алып кететінін жасырмады, сонда жігітімді көресін деп сендірді. Сақанда асыға күтті, күйеу баласын бір көріп қалуға арман етіп, қызының бақытына қуанумен болды. Қоғабай, жолдастарын шығарып салдыда, үй шаруасымен бола бастады, отын дайындап, шөп үйіп берді, қыста қысылмайтын етіп, анасының көңілінен шығуды қалады.

Бағытжанның тілі келмей «Қоға» деп, асыр салып мойынан түспеді, еркеледі. Қоғабай кеткенше үйіне баруды қойды. Бірге алып жүріп, қасынан тастамады. Неше түрлі ойындар көрсетіп, қазақша күрестің әдісін үйретті. «Қоға» мен менде оқуға барам деп жылап қалды, бірақ әжесі бәрінде баурына тартып, жаны солардың үстінде болды. Қоғабай анасына сырын айтып, Ғалиядай келіні, оқуын бітірген соң, үйленетінін жасырмады. Ана көңілі, асқақтап сала берді, қуанышын Құндызғада жеткізді. Ғалияда сол армның ылғида күтумен болды. Оқу таяп қалды. Махмет Тоққожаға қос атты жеккізіп, қалаға Қоғабайды апарып салуды тапсырды. Қос пар ат-кимелі қарындаш арба, зырғумен қалаға бет түзедік. Жолай Қарағайлы ауылына соғып, Ғалияны алып кететінін, Тоққожаның есіне салды.

Шағын ауыл, болсада жағалай өскен ағаштармен өзен бойын қуалай, қоныс тепкен әдемі үйлер, ақ келбетін беріп, отау тізеген. Өзі көрген шет үйге бара бергенде, ат дүбірін естіген бойда, жүгіріп алдарынан, сұлу қыз шыға келді. Баяғы өзінің Ғалиясы. Үстінде әдемі қызыл ұзын көйлегі, бойымен

жарасып, жіңішке белі, жібектей майысып, қолаң шашы, өріп алдына қоя берген, мөлдір көзін бір тастап, Қоғабай жүзіне жақындай берді. Қос қолын айқара ашып, Ғалияны бірден баурына қысты. Әп сәтте ауыл адамдарыда, жақындай түсіп, екі жасты қоршап алды.

Қалың жұрт араснан, ақ жаулық тартқан, әсем қамзелі бар, желбіршек секілді көйлегімен жарасқан, Ғалия жүзді ажарлы әйел, қолын жайып: Қос құлыным! – деп құшақтай берді, бетінен сүйіп, көзіне жас алды. Қоғабай мен Ғалияның келбетін көріп, «Қозы мен Баяндай» деген ауыл жұрты таң қалумен «ақ жол» тілеп шығарып салды. Екі жастың сұлу ажарын, ұмытпай біразға дейін, есіне сақтады. Алып ұшқан қос ат, желумен отырды. Әдемі жердің көркін тастап, Қарағайлы бауыры, қашанда ыстық, алғаш кездескен жеріміз, бақытымызды ашқанда, осы аймақ, сондықтан қадыр тұтып, белесін артқа тастап, өте бердік. Ғалия арба үстінде, соққан саябыр желдің лебі, бойын тоназытқандай, ыңғай тарта берді. Қоғабай бірден аңғарып, жалма-жан костюмын шешіп, үстіне жапты, астына жұмсақ көрпе төсеп, денесін орап, жағалай қымтап қойды.

Ғалия: Жоқ! Мен тоңғаным жоқ, сен қасымда қуанып, қуаныштан қызуым көтеріліп, бетім қызарып, отырғанымды байқайсың ба? – деді. Қоғабай күле сөйлеп: Үш ай сағынышым, үш жылдай болды емеспа? – деді. Ендеше мені, қымтай бергенше, денемді өзіңе жақындатпайсың ба? – деді Ғалия. Мырс күлген Қоғабай: Жарайт! онда, саған жаным садаға, ауырып қалмаса екен, деген амалым еді, – деді. Ғалияның денесін көтеріп, басын алдына жатқыздыда, бетінен сүйе бастады. Сұлу жүзі бұрынғыданда, құлпырып қалың шашы алдына түсіп, оймақтай аузының ерні, жұмсақтай тиіп, Қоғабай бойын ыстық қызуы ала берді. Тоққожа артына қарамады, жол бағытын бағыдарлап отырды.

Артта, ауыл-мекендері қалып келеді. Шаң бораған, арба соңында, ілесіп келеді, торғай шырылыда дамылсыз естіліп қояды. Бидайық көдені қақ жарып, жол легі, ат желсімен ұласып келеді. Ғалия басын көтеріп: Ана кісіден ұятқой мен сенің алдына басыммен жатып алғаным, жаныңа отырып, барғаным дұрыс шыдамасаң, барған соң сүйерсің, – деді. Солай-ақ болсын, күндіз жұмыс, түнде сені ойлаумен болдым, ұйқтамадым бір келіп, кетсең болмас па? – деді Қоғабай. Жарық жұлдыздай бетіне бұрылып, қараған бойда: Мен қалай барамын, танымайтын жерге, ұят емес пе? – деді Ғалия. Екеуінің сүйіспеншілігі басылмады, өрши берді. Ғалия өте ақылды, салмақты, әнге жақын, оның салған әні ауыл адамдрының жүрегінде мәңгілік қалған. Алғаш көргенде, естіген әнін сөз етіп отырды.

Ғалия Дидардың сол бір сөзі: Есімнен кетпеді, туысым маған жаны ашыды, сен менің бала кезден бірге өсіп, бірге жүрген жан досым Қоғабайға ғана лайықтысың, ол өзің сыяқты сұлу жігіт, ақылды, білімді кітапты қолынан тастамайды, оқуға барам деп дайындалып жүр, бір көргеннен өзінде ғашық боласың деп сендірді, – деді, сөзін жалғастырып, Өткір мінезің бар, ақылды, білімің сай, қор болып бір жаманға барғаныңша, тездетіп бақытыңды тап деп, талай ескеркен еді, – деді Ғалия. Сол сөзді естігеннен бері сыртыңнан «ғашық» болдым, әттең бір көрсем, деген ой мазалап, іздеп барсам ба, деп ойлады, бірақ қыз жолы «жиіншке», ұят дедім, танымай жатып өзі соқтығып жүрген «жындыма» деп, қалар деген ойда болдым, – деді Ғалия.

Манадан бері зер салып тыңдаған Қоғабай: Дидар менің адал досым, талай рет, ескертіп сен ертең өз бақытыңды, сұлу жігіт екеніңді танытып, шығаратындай сүйген адамың болсын, сол адамды мен таптым, менің туысым, Ғалия деген, өте ақылды, келбетті оның сұлулығына ешкімде жетпейді, соны

іздеп таныс, әйтпесе кеш қаласың, – деді. Шаруадан шыға алмадым, әке ертерек өмірден кетіп, бар істің бәрі менің мойнымда қалды, үйір жылқы, табын мал, шөп дайындап қыс қамынан қолым тимеді, – деді Қоғабай, кешке бос уақытта кітап оқыдым. Сонымен уақыт зымырап өте берді. Қоғабайдың әрбір сөзіне мән бере отырып Ғалия: Рас айтасың, бір көргеннен мені «ғашық» еттің, сұлу жүзің, әдемі келбетің, сұңғақ бойың, қара шашың, ақ отауға кіріп келгенде-ақ, орнымнан қалай атып тұрып, өзіңе жақындағаным «өңім ба? әлде түсім ба?» деп қалдым. Дидар айтқан соң, Қоғабай деп, таныстырған да ғана, бірақ білдім. Көркінді көріп «айтса, айтқандай екен» деп қорыттым.

Енді міне, өзіңмен біргемін, аңсаған «ғашығымның» жанындамын, – деді созылып барып құшақтай берді. Қоғабайда қатты сағынғандай рай танытып: Бері отыршы, өзімнінде іздегенім тек қана сен, сұлуымда, өмірімде, бақытымда, арманымда бір өзіңсің, – деді. Алыстан мұнартқан қалада көрініп, сағымданған кең аймақ толқып барып, ілескен өзеннің сағасындай қалқып бара жатқанға ұқсайды. Жазық дала көші, жалпақ қара жолмен жарысқан жел беткейі, бетке соғып, салқын ауаның лебін сезесің. Ұшы-құйры жоқ көк алаңда жол бойында қалып жатыр. Ескен жел лебі кейде бұрқырап, жалпақ жолға, құйын үрлегендей, дөңгеленіп барып, тарап жатыр. Жол бойындағы бұталарда қарайып, ағаш бұрымтасын елестетеді. Жиектенген жол бойын, сары бидайық ескен желмен, ақырын қозғалып қояды.

Бірең-сараң қарсы келген ат көшіде, сарт-сұрт еткен арба доңғалағымен, дыбыс шығарып, шиқылға басып кете барады. Көк аспан ашық, бұлт алыстан өркештеніп, қоңыр түсімен көшіп бара жатқанға ұқсайды. Токқожа ат бабының шебері, тәжрибесі көп, аттарыда қонды, алыс жолды жақындатып,

жүрдек қалпын шыққаннан бері сақтап келеді. пожымен ғана басқарып, қамшы салғызбай, қасиетті мал тұқымы екенін сездіреді. Аяқ алысыда тұлпар аттың, сырын ұстап, тік басқан жерлері, ойылып барып, лақтырып тастайды. керуен тартқан көш ілесіндей бағыт ұстап, ызғып келеміз.

Қоңыр күздің сыр белгісінде, шөп басын шалып, сағымданған өрмекшінің ауындай, ұзын жіп құрап, кейде бетіңе жабысқан, ақшыл шырмақты сүртіп қоясың. Бұлда ұзақ күздің белгісі деп, үлкендердің сөзі болатын. Қатпар жолдың рені кейде кездесіп, доңғалақ дүбірін туғызып қояды. Қаншама жол бойына, қаптаған құстыда кездестіре алмадық. Жол бойында паналайтын бұта да жоқ, құста жоқ, ұшып кеткен. Жазық сардаланың өзі деп ой қортасың. Мекенді ауыл, қоңыр күз танытқан, қошқыл үйлер бірінен соң бірі жол бойына, жиектеліп орын тепкен. ат жүрісінің желісін ілесе алмай, қарсы шыққан шәуілдір иттер, «үрумен» ат соңынан қала берді.

Түс ауа. Қалаға келіп кірдік, ойымыз бір жерге түсіп, «инженер» жатаханасына жетіп ат тіредік. Ғалия қарсы болмады. Жалғыз қалуды қаламады. Қоғабай бірден сезіп, бірге болсақ деген ойға орала берді. Арбадан түсіп, заттарды алып, Тоққожа-ағаға, алғысымызды айтып шығарып салдық. Үй ішіне кіріп жайғаса бердік. Оңаша қалғанын байқаған Қоғабай Ғалияны құшақтап, белінен ұстап өзіне тартты, сұлу бетіне жабысып, жұмсақ аузынан сүйе бастады. Ғалия қимады, уақыт өткізді, қос жүректің назы жетелеп, қыздар жатаханасына келді. Ерекше әсер қалдырды, жүрегінің сүйіспеншілігі кетпеді, әр кез сайын, бірін-бірі іздеумен болды. Толы уайым күдігіде осы болатын. Ғашықтық сырыда, бойды билеп, алып ұшқан жас жүректің сезіміде шет қалмады. Оқудада, үзіліс кезіндеде, кешкілік бос уақытындада, аңсап тұрғандай, ой

дүниясы толастамай, сағынып тұрғанын білдіріп, «кездесем ба? «деген қалыппен нали бастағанын аңғарасың.

Күш қуатын бойына жинап, баюлап барып, ұйқыға кететін. Осылайша жалғасын тауып, күндерін өткізе берді. Ғалия өзімен бірге оқыған, жақын-құрбысы, Назымды басқадан гөрі, қатты ұнатты. Салмақты мінезі, ажарлы келбеті, сүкімді сөздері есінен кетпеді. Назымды Дидар туысына лайық көрді. Дидардың өзімен кездестіріп, таныстыру ойын мазалады, Қоғабайға хабар жіберіп, екеуінің келуін, күтті. Дидарда жігіттің төресі, ұзын бойлы, қыр мұрын, сары жігіт болатын, сөзге шебер, оқуға алғыр, өткірлігі жасынан болатын. Күн бата, қызыл сәуле таратқан, аспан жүзі жарқырап, даланың ыстығын самал желмен, басқандай, күн райын бір қалыппен ұстап тұрды.

Қоғабай Дидар екеуіне хабар жеткен соң, жалма жан жол жүріп, асыға басып, қыздар жатаханасына кіре берді. Үрпейген қыздар, таныс емес жігіттердің сау етіп кіріп, келгенін байқамай, орындарынан атып тұрып, үрейлене қарап қалды. Ғалия күліп жіберіп: Сендерге не болды, бұл менің жерлестерім: Қоғабай мен Дидар «инженерлік» институттың студенттері, – деді. Ғалия қыздармен екеуін таныстырып шықты. Назымда, Дидарды көріп, құрбысының айтқан жігіті осы екен деген ой түйіп, ұнатқан қалып танытып, жақындай түсті, ажарын көріп ұнатты, бірақ іштей сездірмеген қалып танытып, жүзіне қара көзінің астымен қараумен болды. Қыздар бір-бірімен сыбырласып, Қоғабайдың сұлу жүзін көріп, таң қалысты. Ғалия барып қолынан ұстап, Назыммен оңаша қалуын, қыздардан өтінді. Назым жүзі қызарып, бірде бозарып, сұпсыр болып сала берді. Дидармен танысып, жеке бөлмеде ұзақ сөйлесіп, алғашқы махаббат сырларымен бөлісті. Алып ұшқан Назым жүрегі толастамады, Дидарды ұнатып «сүйіспеншілік»

жан үмітін үзбеді. Ғалия сағынып, жүрек сезімін Қоғабайдың бойынан, бақылап жанына қарай, жылжи берді, мойнынан құшақтап, біраз әңгіменің, бетін шалып, отыра берді, шыдамады аузынан барып, сүюді жалғастыра берді. Назым Батпақара бойындағы «Жайылма» ауылынан екенін жеткізді.

Өткір қыз өзінің жұлқынып, әкенің малға сатып, «тоқал» ғып, беруге бағытталған ісін бұзып, қашып келгенін баян етті. Жылаған қыз мұңына қайран қалған, Дидар: «ескінің әліде, етектен тартып», қаншама қазақ қыздарының «бодауға» кетіп, бақытынан айрылды, сүйгеніні қосыла алмады, заңның жетпегенін, орындаушы күштің болмағанын сөз етті. Назым дауы жалғаса берді. Көп ұзамады. Назымды, оқуын тастатып алып кетті. Сол кеткеннен мол кетті, әке әмірі үстем ете бастады, «табын» мал құны, байлықтың асқар тауы деп санады. Күн өтіп, ұзара берді. Оқу орны іздеу салғанмен түк шығара алмады, жақсы оқушысынан айрылды. Ойламаған жерден Ғалияға, Назымнан хат келді. Назым әке әмірімен, зорлықпен ұзатылып, «тоқалдыққа» кетейіндеп, жатқанын, айтып жылады, қайғырып, мұңды зарын жеткізді. Қоғабай естісімен, Облыстық комсомол комитетіне барып, мәселені тігінен қойды.

Жас қызды, институт қабырғасынан алып кетіп, шалға беретіндігін хабар етті. Бұрқ етіп, дүңк еткен, бұл оқиға заң орындарына жетті. Ескінің бет-пердесін тасталқан ету алда тұрды. Милиция майоры бөлініп, Қоғабай бастаған жастар тобы Батпаққараға жол тартты. Барысымен жергілікті басшылармен хабарласып, Назым үйіне сау етті. Естері шығып, бұл жайттен хабарсыз әке зәресі кетіп, аяғынан тік тұрды. Шымылдықты серпіп тастап, Назым Қоғабай мен Дидарды көріп, құшақтай алды, жылаудан көзі ісіп кеткен, беті домбығып, көзіне жас алып жылаумен болды. Майор Рашидов салған жерден үйден ешкім шықпауына бұйрық етті. Рашидов қыз



әкесінен жауап ала бастады: Оқуын тастатып, қызды алып кетіп, шалға «тоқал» етіп екінші әйел ғып, отымен кіріп, күлімен шығарып «күн» етуге, қалай дәтіңіз барды, әлде байлыққа көзінді жұмып, қызыңыздың бақытын керек еткіңіз келмеді ма? соны айтыңыз? – деді.

Сақал сипап қойып әкесі: Қыз жат-жұртқа жаралған, қазақта: «байтал шауып, бәйге алмайды», қанша білімді болсада, бала-шағалы болған соң, жұмысын тастап, үй тұрмысымен кетеді, – деді. Қоғабай шыдап тұра алмады, ыза кернеген бойында: Сіз үлкен адамсыз, әкесіз, балаңыздың бақытын ойламай, малға сатып, шалдан қандай бала күтесіз, сөзіңіз ақымақ адамның пиғылын жасап, уақытша байлыққа батып, жұрт алдына шығып, керемет-атақ әбір-ойға қол жеткіземін дедің! Жоқ! олай емес, ескі құлап, келмеске кетті, қазір халық үкіметі, жастар үкіметі, тең провалы, оқуын тастатып, шалға берем деген ойың, әбірой-атағың бітті. Енді сіз қылмыскер, бүкіл елің күлетін болады, басыңыз түрмеде шіріп, өмірмен қош айтысатын кез келді. бұл істі обылыс білетін болады, – деді Қоғабай.

Қызы қолтығынан ұстап, анасы Нағима ақ орамалға қолын байлап, мойнына асып алып, ақырын жылжып, көпшілікке қарай жүре берді. Тобылғыдан жасалған жұмыр сабымен, ұрып, сындырған қолынан аянсынып, «ух» деп демін ішіне тартып, күрсініп қояды. Көзіне жас алып, Назымның өз теңіне тиіп, бақытты болуын қалаған Нағима үлкен уайым үстінде: болғанын көпшілікке сездірді, шалының қатыгез, байлыққа есі шығып, маңайындағын көзіне ілмей, керек қылмады. Айтар адам, тоқтатар ешкім болмады. Жайын білген ағайындар, сырт айналып, көргісі келмеді. Жалғыз үй, сорлы басым, қайғымен қан жұтып, отырған кескінімде солай болды, – деді.

Нағима басынан өткенін баян етіп: Бұл өмірден қаурап бос қалғандай, күй кешіп, жалған байлықтың арқасында, – опық

жеп, береке қашып, шаңырағы ортаға түскендей, күн кешуімізге, – осы шалдың қатыгездігі, қайырсыз малдың құлы болып, ойрандап отырғанын өздерінде біліп, үстінен түскендерің орынды болды, зұлымдық-істің бір тосуы деген! – деді. Әрине солай, қылмыс аты қылмыс, қолымен істегенді мойнымен көтереді, – десті. Рашидов қатал танытып: Әкесіне, қайдақашан келеді «күйеу» сымақтар, бізге анығын айт? – деді. Күбілжіген әкесі: Екі күн шамасында, – деді. Қоғабай Рашидов пен, жеке бөлмеге кіріп, ақылдасты. Бастаған істі аяқсыз қалдыруға болмайтынын ескерткен Рашидов: Мен осында қалып, кінәлі адамдарды ұстап, сот орнына жеткіземін, қалың малын үкіметке тапсырып, үйлестіремін, – деді.

Қоғабай Дидар мен Назымды алып, бет түзеді, екі жігіт Рашидовтың қасында қалып, көш-керуенін күтіп қала берді. Ертеңіне алыстан мұнартқан, көш қарасы көріне бастады, айдаған жылқылардың «тұяқ» дүбірі естіліп, ауылға жақындай түсі. Рашидов «сақтықта – қорлық жоқ» деп, ауданмен хабарласып, милицияны тобымен шақырған еді. «Жайылма» үлкен ауыл, қаз-қатар жапа аласа үйлер, қоңыр тартып, көше бойынан орын тепкен. Манайында ағаштарда байқалмайды, жазық дала алысқа созылып, кең аймақты алып жатыр. Ауылды жалпақ өзен қиып өтеді. Көктемде шабындыққа су мол түсіп, жер бетіне түгел жайылып «Жайылма» деп, атап кетуіде сол, – деседі. Құс базары байқалмайды, өзен беті күн сәулесімен шағылысып, алысты орайды. Малмен күн көріп отырған халықта, қыс қамын ойлап, шөп тиелген арба жүрісі, тиылмады.

Көш, екі-үш арбаға тиеліп, табын жылқы, қыз әкесінің үй албарына кіре бастады. Көп аттылар, бәрінде лезде жайғастырып, табынды үй маңына аялдатып, күзет қойды. Есі шыққан әкесі не айтарын білмей, күмілжіп барып, келгендерге ығыса берді. Тол ішінен егде тартқан, шоқша сақалды, енгезердей,

жуан қара «күйеу» мін деп, танысып үлгірді. Табын жылқына қайда орналастырсақ деп, қыз әкесін сөзге тартты. Келгендердің көзі қыз-келіншектерде болды, сұлу қыз атанған Назымды бір көруге зар болып, күйеу Оспанды салды. Қалыңдығынды көрсет деп айтумен болды. Оспан бірдеңені сылтау етіп, әкесінен сұрамай, ішке кіріп, бас сұға берді. Үй іші тым-тырыс «ұзату» тойыда жоқ, әнде естілмейді, күңіренген қалпында қала берді. Оспанның үйге кіргенін, көзі шалған «милиция» тобы сау етіп, кіріп келді. Бірден қоршап алып, жеке бөлмеде Оспан-күйеуден жауап ала бастады, істің мән жайын өз аузынан естуін, сұрап, қысты. Сасқалақтаған Оспан-күйеу: Мен қыз әкесімен келісіп, қол алысып, табын жылқымен, мата кездемесін, қасқыр ішігімен әкелген едім, – деді күмілжіп. Рашидов: Сен білмейсің ба? жаңа үкімет мұндайға жол бермейді, оқып жатқан қызды зорлы-зомбылық пен кәрі адамға қатын етіп беру, нағыз қылмыс екенін, жас қыздың өміріне балта шауып, азабын енді кім тартады, әрине сен және қыздың әкесі.

Бүкіл мал үкімет қарамағына өтеді, дүние мүлік тәлкіленіп, екеуінді тұтқындап, Қостанай түрмесіне апарып тапсырамын, істі обылыстық сот шешеді, – деді. Іс материалдарын алып, тұтқындармен қалаға бет алды. Назым дауы бұнымен бітпеді, ел ішінде қалың малды даулап, бас көтегендер көбейіп, «Жайылма» ауылының тыныштығын бұзумен болды. Өрістегі малдарын айдап әкетіп, малшыны ұрып-сағып өлімші етті. Тойтарыс болмады. жайлымдарға барып бүлік салып, үйлерін өртеді. Оқиға жатпады, Рашидов бастаған жасақтар тобы құрылып, Торғай өңіріне жол тартты. Оспан жендеттерін ұстап арандату әрекетін, тоқтату болды. Аласапран заман толқыны тиылмады, малын қайтарып, беріп ел тыны-

штығын сақтау, екі жақты мәмлеге келтіріп, айыпты арандаушыларды үкімет заңымен айыптау міндеті қойылды. Байсымақтар малының арқасында маңайына топ ұстап, ел ішіне ірткі жүргізіп, билеп төстеумен болды.

Назым дауы толастамай, қалың мал беріп қыз алу көрініп қалып жүрді. Екі жақты аңдысқан айқас, қалың төбелеске ұласты. Оспанның сойылын көтеріп, Ораш деген қаруланған топ құрып, «Жайылма» ауылына бара бергенде, қарсы ұйымдасқан қарулы жігіттер, ауылын қорғап, Манас бастаған топ, «Қамысты» бұлақ түбінен өте бергенде, қоршауға алып, Ораш тобын тасталқан етті. Көбі жараланып, қашып үлгірседе, төбелес үстінен шыққан Рашидов, айыптыларды түгелдей ұстап, қамауға алды. Жауап жүре бастады, ешкімді аямады. Жазықсыз жандардың жапа шекпеуін қалады. Әсін-әсін жиын өткізіп, әділ заңмен таныстыруда болды.

Албарбөгет мекні, мол ауылды құраған, бір тұтас ел жұртымен, аймақты құраған. Ойдан оралып, жиналған бас бұзарда осында. Жайылма ауылыда, іргелес Торғай өңіріне жақын жатқан, мекеннің бірі. Түс ауа көшкен ел құсатып, қолын байлаған жендеттерімен жиналған қалың топ, Жайылма ауылына келіп қосылды. Жиналысты милиция майоры Рашидов алаңға жинап, бүкіл халықтың бірін қалдырмай, дау жанжал шығарып, ірткі салып, жұрт арасында, аюандық істердің бетін ашып, кінәлі адамдарды анықтаумен болды. Қатандық танытып, сөз бастаған Рашидов: Қазір жаңа үкімет «совет» заманы, оқыс мінез танытып, ойын іске асырамын деген, «сойқандардың билгі, елді бүлдіріп, қара тоқпақ орнатқан» опасыз Ораштардың заманы бітті, құрыды. Енді халық арасында тыныштық, адал еңбек, күн көріс дәуірі орнамақ. Сондықтан сендердің жолдарыңды бөгеп, жазықсыз адамдарды ұрып-соғып малын тартып алып, қыздарын «тоқал» ету

бүгіннен бастап тиылды. Олар жер аударылып, түрмеге қама-  
лады.

Партия және совет ұйғарымы осындай, – деп сөзін аяқтады. Толқыған көпшілік, дұрыстығын айтып тарасты. Барұмта болған, малын айдап, еліне оралды. Ғалия қатты қорықты, көзі қызарған қанпезер бәріне баратынын ұғынды, бірақ Қоғабайға сенді, оның жол тауып, әділдікпен шешілетінін білді. Қасында милиция майоры Рашидовта барын сезінді. Кешкі мезгіл болатын. Бөлмеге сау етіп, кіріп келгенде, ішінде бірден Назымды көзі шалып, жалма жан құшақтай алды, көрісіп жыласада, бір жағынан құрбысының аман сау келгеніне қатты қуанды. Қоғабай қасына келіп: Біздіде құшақтамайсың ба? – деді Ғалияға. Көзінің жасын сүртіп, екеуін құшақтап шығып «қыздар» атынан алғыстарын жеткізді. Қатты уайымнан, көп жылаған Назымның бетінің ісігі, әлі басылмаған. Бірге отырып, Ғалияның дайындап қойған тамағын ішіп, өздерінің жатағына оралды.

Өз-өзіне жаңа келген Назым: Бағым бар екен, бір күн кешіккенде, шалдың тоқалы болып, кете беретін едім. Зорлықпен ұстап, қасыма күзет қойып, ертеңіне келет деп, күткен «күйеу» ге, арбасына салып жіберуді ойластырып қойған. Қоғабайдың барғаны қалай жақсы болды, кірген бетте даусын естіп, шымылдықты лақтырып жіберіп, қасымдағыларды итере басып, Қоғабайды құшақтап жылай бастадым, Дидарменде көрістім. Бақытым бар екенін, өмірім, келешегім алдымда екенін, сондағана түсіндім. енді міне, өзінмен біргемін, – дедіде Ғалияны қайта-қайта құшақтап сүйе берді. Ғалия құрбысына көмектесіп, қалыс қалған сабақтарды қайталап, күдіз-түні бірге оқумен жетіп алды. Құрбылары Назымды көріп, өткір қыздың, өз бақыты үшін күрескенін біліп, таң қалысты. Іскерлігімен пысықтығына риза болған мұғалімдерде

құттықтап, табыс тіледі, болашақта жақсы маман болатынына сенді. Ғалия екеуінің жұбы жазылмады, жақсы оқып «ауызғада» ілігіп жүрді.

Күз бітіп, қысқа айналған кез болатын. Қар жауып, қылышын сүйреткен қыс, аязында ала келді. Қоғабай демалысқа шығып, туған шешесіне баруға дайындалып жатты. Ғалия қабарласып, жастар кешіне шақырып, концерт беретінін мәлім етті. Ұжымның ұйғаруы бойынша, Ғалия мен Назымның әндрін тыңдауға, бүкіл мұғалімдер келетіндігін білдірді. Сондықтан сендерді жолдастарың мен шақырамыз деумен жеткізді. Ғалия сөзін тастағысы келмеді. Қоғабай комсомол жастарды жинап алып, мұғалімдер институтына баратындығын хабар етті. Кешкілік уақыт.

Үлкен зал. Жиналған жастар мен келушілерге лық толы. Әсемделген сахна, қызыл шымылдықпен ашылып, концерт басталып кетті. сахна төріне Ғалияның келуін хабарлады. қалың көрермен ду қол соғып қарсы алды. Баяу тартылған музыка үніне ілесіп, сазды дауысымен Ғалияның салған тамаша әні, көпшілік жүрегін бірден орап алды. Ғалияның сұлу жүзіне караумен болған жастарда, қайран қалып, салған әніне естері шықы. Көпшілік жібермеді, қол соғып, сахнаға қайта-қайта шақырумен болды. Жайдарлы жүзімен Назымда сахнаға шығып, өзі шығарған, «қыз бақыты» деген мұнды өленді әнімен көпшілік назарына жеткізе бастады. Естігендер көзіне жас алып, қыздардың өз бақытын таба алмай, «додоға» түсіп, шалға кеткенін, сазды әуенімен, халықты орап алды. Шіркін-ай! Әліде ел ішінде тәртіптің болмағаны-ай, – десті. Назым әнінен соң, Қоғабай отыра алмады, сахнаға шығып: Обылыстың комсомол комитетінің тапсыруымен Батпаққара өңірінен, жас, жаңа ғана алдарыңда ән орындаған, Назымды

«тоқалдық» тан, құтқарып алып келдік, ол сендердің студент қыздарың! – деді.

Қол соққан бүкіл жұрт, орындарыан тұрып, «рахметін» жаудырып, жастардың бәрі-осындай болса екен, – десті. Концерт аяқталып, көңілді тарасты. Күн өткізбеді. Қоғабайға ілескен, Дидар екеуін, Ғалия мен Назым шығарып салды. Жаңа жауған қар, дала бұрқасыны басылар емес. Көлік шанаға ілесіп, көп жүрді, мұнартып ауылда көрінбеді, аппақ қар басқан аймақта түгелдей ағарып сала берді. Жол жөнекей ештеңеде көрінбеді. Тек қана, ілгері жүріп, келе жатқанымыз байқалады. Қалың киініп алсақта, тоназу білінеді. Кейде жүгіріп, шана соңынан, еріп баяулаймыз. Ұзақ жол, тоңбастың тәсілін жасап қоямыз. Шанада бір-бір тұлып және бар. Кешкілік аяз басып, суыта бастады. Тұлыпқа оранып, бүркеніп, жатып бір ауылға келсек, жақсы болар депте ойлап қоямыз.

Әлден уақытта ит үріп алдымыздан шықты. Көлік иесі, «Көк биеге» келгенімізді, хабарлап қуантып тастады. Бізде жазық барма, айтқанына көніп, айдағанына төзіп, елге жету еді. Шағын ауылға қондық. Ертеңіне қайтадан жолға шығу үшін, ертерек жатып, күн жарықта, жетсек екен деп ойластырдық. Ғалия салып берген тамақты ішіп, қарын тойғыздықта, ұйқыға кете бергенде, терезе қағып, үйге кірген кісілерді байқап қалдық. ойымыз біз сыяқты жолаушыма? – дедік ішімізден. Бақсақ өзіміздің Тоққожа-ағай: Сендерге әдейі жіберіп еді, жолай «Көк биеге» соғындар, деген болатын, енді таптым, жүріңдр ауыл жақын, шанада бәрі бар, тұлыпта, жылы етікте, – деп сөзін аяқтады.

Қуана тұрып, киіндікте далаға шығып, кимелі шанаға жегілген қос атты көріп, қуана барып отырыстық. Қос ат

бұрқыратып ала, жөнелді, жол бойына ызғумен отырдық. Ұзамай ауылдың шамдарыда көрініп, шәуілдеген күшіктер, маңайлап қала берді. Ауылға келіпте кірдік, үй алдына барып аялдадық, шанадан түсіп, «рахмет» айтып, қоштастықта, амансау жеткенімізге қуанысып, есікті ашып кіре бердік. Анам сағынып, қалған болуы керек, құшақтап «құлыным» деп, бетімізден сүйіп, кең бөлмеге қарай баруға ығай танытты. Тамақ істеп, жылы үй ішінде, ауқаттанып барып, ес жидық. Жол ұзақ, тоңып қалмандар, – деп ескерткен Ғалия сөзі ойымызға орала берді. Расында, ат-шана бармаса, келуіміз қиын болатын еді, – деді Қоғабай. Дидар: Әрине, қыс жол жүру, өте қауыпты, арнаулы көлік болмаса, боранға кездесіп, аяғы үсіп кеткендер қаншама, – деді. Рас, бақылайық әрбір істі ойлап шешпей, бодауға кеткен адам құсап, бетімізге жүріп, кете бару жөнсіз, – деді Қоғабай.

Ендігі ойымыз, әдейі келгенсоң, «бүркіт» саясын көріп, қоян, түлкі және көкжал «қасқырға» дейін алатын, тәжірибелі бүркітші, Ортабұлақ қонысындағы Абенді айтып, жұрт аузынан тастамайды, ол өзінің бірнеше бүркітші-достарымен аулауға шығуы әпден. Қарда жана жауып, жер бетін жапты, аңдарда дала кезіп, тамақ іздеп, жолға шығады, – деді Қоғабай Дидарға баяндап. Менде, күрең байталға мініп, Жардан Ахмет пен бірге боламыз, – деді. Дидар Жаркөлдегі үйіне барып, қайтып келетінін айтып, бүркіт саясын бірге көреміз, – деп сендірді. Күн ашылып, аяз басылды. Жар қонысында өзі салдырған үйлер мен қоралар қатар дүзеп, шағын ауыл көркін мәз еткендей кейіп танытады. Халықта көбейіп, қоныстанған. Жылқы біткен көк айғырдың үйірінен шықпай, қалың қамыстың, өзен жағасындағы көк қоғаның түбірін тебіндеп, қыста қонды болып шыға келетін, аймаққа ұйысқан. Қыста желі жоқ, ықтасын еткен, боранда қары жоқ, өзен табаны, аяқты малға



жарасқан. Көк айғырын ұстап мініп жағадан Қоғабайдың келуін күтті. Табынға жақындап, өзінің күрең байталын, шақырып ұстап міндіде жағаға келіп, көк айғырмен қатарласып, Ортабұлақ дөңесіне қарай, ызғи жөнелді. Бүгін Басбұлақ шатқалына, баруға жиналған топқа қосылып, Ортабұлақ өнірін тастап, Абен бастаған аттылар тобы, беттей берді. Көк айғыр жүрісі адымды аяқтарымен, желігенде ешкімде сонынан ере алмай, малтығып қалатын. Кесектеп тастаған, алыпты аяқтары, бұрқыраған қарды қалдырып, кете берді. Дөнеске көтеріле бергенде, ат тобыры, шатқал деңгейін, сүзумен төмен қарай құлдырай жөнелді. Бұлар бізден бұрын барған Жұманның адамдары екенін аңғардық. Айғай шу басталып, қызу қарқын ала бастағаны бізге мәлім болды.

Абен барысымен қосын тігіп, Қарашолағын жемдеумен болды, қоян етін беріп, томағасын күйлі етті, сылап сипап, қанаттарын тарап, күтімін аямады. Дөнеске шығып, Ахмет пен Дидарда ауылынан оралған беті, біздің жанымызға келіп, бір сойқанның болуын күттік. Ахметтің жанына келіп, Абен құрбылас қалжың сөзімен: Сенде қаладан келгендей томпия қалыпсың, – деді. Келсем келген шығармын, сенде бүркітің құсап, тояттанып алғанға ұқсайсың, – деп күліп жіберді. Шатқалды сүзіп, аттылар тобы, дамыл таппады. Дөңестен көрніп, шайдай ашылған, жазық даланың келбетіде, өзгеріп, ақ көрпе жамылған. Қыран төбеттерде жиналып, шатқал ойсынан, үргені естіледі. Шатқал алып жатқан кең аймақ, бір шеті ат шаптырымдай, екі қыраттың қосылған ойпат, қасқырдың мекені. Бір сәтте Түлкі қашты! Түлкі қашты! Деген дауыс ат үстіндегі, Имаштың, айқайға басып, келе жатқан жүрісін көріп, ат терлеткен шабысын байқады. Абеннің қолынан шығып, бүркіт сырғып, аспанға қарай, қанатын жайып, биіктеп ала жөнелді. Қашқан түлкіні бағыдарлап, төңіректі шолып өтіп,

қанатын баурына жинап, құлдыраған түрін көргенде, қарап қызықтап, тұрған Қоғабай: Өне ілікті, ұстады! дей берісті. Сомбалды аяғымен, жез тырнағын жайып жіберіп, арқасынан барып күмп еткенін, дауыл күшіне шыдай алмаған түлкі, жер бауырлап жатып қалды. Керемет! Абен бүркіті ғажап екен, – деп тұрғандар мақтауын асырып жатты.

Бұта маңындағылар түлкіні жазыққа бағыттап, талға жолатпады. Шауып жеткен Абен торысымен аттан түсіп, Қарашолағын қолына қондырды. Алғашқы олжасын, Ахмет-ағаның қанжығасына байлады. Тағыда дауыстар естіліп: Түлкі! Түлкі! деп, артына түсіп тазыларын жіберіп, Жұман қуа жөнелді. Ол сәтте Абен бүркітін алып, жағаға шығып, Қарашолақты баптауға ыңғай тартып, шауып отырып дөңестегі қосына келген еді. Қоғабайларда осында болатын. Дидар екеуі қарап отырмады, көмектесіп тамақ сауытына қоян етін турап, томағасын дайын етумен болды. Қарашолақты күткен ұтады, сона ғана күш алып, шапқыш келеді, алда әлі қаншама аңның содырлары бар емеспе? қыс болса, қасқыр біздің малымызға шауып, шатқал өңірінен ірі қараның біразын жеп, жаралап кеткені, есімізде, – деді, Ахмет. Растаған, бүркітшілер тобы қарап отырмады, шатқал белестерін шолумен болды. Жұман тазысымен түлкіні алып үлгірді, қояндыда олжа етті.

Абен Қарашолақты, қайта-қайта қоян етіне тойдырып, сылап-сипап, қанатын бапқа келтіріп, аяқ борбайын сүртіп, «көкжал-арпалысына» дайын ете бастады. «Сойқан-соғыс» болатынын күтті. Айтса айтқандай, екен отырысы, қошқардың денесіндей, қос қанатын жайып ұстап, сілкініп қоятыны, дауылдатып желдің соққан күшімен, алдында тұрған көк жалдың өзін домалатып, омақа етіп, жерге апарып соғатын, тас-талқан етіп, ажал құшатын, – деді Қоғабай таңырқап. Расында! солай, Қарашолақтың қарасының өзі, обып жіберетіндей жан-

жақты бағыдарлап, отырғанын қарашы, – деді Дидар, Қоғабай сөзін қостап. Өте алып құс, бұл маңайдыдікі емес, басқа жерден әкелген, тұқымы болса керек.

Абеннің тәжрибесі мол, бүркіт бабын тауып, көкжалдың үйірінде талқан еткен. Биыл тағыда аддымен түлкіге үйретіп алып, қасқырмен «арпалысын» бастамақ. Абен бастаған бүркітшілер тобы, малшы дағыдырына ден қойып, кезек күтгірмейтін, көкжал алыбын алып, апанды құрыту болды. Ат үстінде Сарсенде, шалағайлық танытып, Бейсенді қасына ертіп, шатқал беткейін сүзіп, ойысқа қарай құлай берді. Шатқал бетін, аласа өскен қалың тал жауып, қою алабота шөп басқан ойпат алаңы, жаз бойына көгеріп, ұзақ күздің қалпын сақтаумен айшықталады. Орталық алаңға айналған, осы аймақ, Басбұлақ пен Ортабұлақ қыраттрын қосып, жер көлемін, алып жатыр.

Бұлтық-бұлтық еріген қар суының тасқыны шайып, жыра еткен. Жері жұмсақ, құм көшкінімен жалғасқан. Ұлыққан қасқырдың апаныда осы жерде болатын. Өрістегі малғада осы жеден шабуылды бастайтын. Абен барлығын біліп, қосын осы дөңеске тігіп, биіктен болжауды керек етті. Барлығы жиналып, осы жерде бас қосты. Абен Қарашолағын мақтап, өрескел қимылын айтып, айла-тәсілін сөз етіп, әңгімеге тартты. Жұман жаратпағандай, қалып танытып, ыржиып күлдіде, досы Сайранға көзін қысты. Сайран Абенге жақындай түсіп: Бермейсің ба? олжанды, біреуге тарту етіп, көп түлкіні қайтесің, құлақшынға жаратар еді, – деді.

Сөзін қостай сөйлеген Жұман: Рас оның, қайырымдылық, қашанда қазақтың бойынан кетпеген, – деді. Абен мен Сайран арасындаға дау ушығып кетті. Құсты бағып, бәлен жылдан бері, томағасын асырып берсенде, пайдасын жалғыз ғана өзін көрмей, алған анды, мына тұрған көпшілікке ауыссаң, болмай

ма? – деді Сайран жұлып алғандай, қабағын түйіп, Абенге бұрылды. Үлкенді сыйлаудан кеткенсің ба? – деп тоқтады. Жұман: Жемсауын беріп, асырап баптаған соң, қызығын көріп, көкжалдың көзін жою керек емеспа? – деді. Мұндай күнде катын құсап, бәсеке етіп сөз айтуы, Абенді қаралап, жұрт алдында мазақ етуі, Сайранның опасыз қылығын, байқағандар, сырт айналып, қос басына қарай ығыса берді. Құстың бабын сен білесің ба? өз пайданды ойлап, олжа етіп, отырудағы ойынды білдім, – деді Ғани, Сайранның қылығын ұнатпай, келте айтып тұқыртып тастады: қасыма жолама, аулақ жүр, – деп нұсқау етті. Ғанидің айтқан сөзіне ұйысып, үндемей қалды.

Абеннің қасына барып бүркіттің пиаласын алшы, – деді. Бүркіт жай бүркіт емес, аюлы бақандай аяғы, дәу денесінің өзі, бұқаның қоржиган түріндей мәз боласың. Ортабұлақ қонысы. Абен жиналған оншақты адамдарды, өз үйіне ас ішуге шақырды. Аттылар жиналып, тай мінген Дидарда Қоғбаймен қатарласып, Ахмет бастаған, көкайғырымен алға түсіп, жосып ала жөнелді. Қалың орман, жағалай қоршаған зәулім ағаштар-тар арасынан шағын ауыл үйлері мен мал қоралары көріне бастады. Абеннің үйіне келіп кіре бердік. Табалдырықты аттасымен, аяқтан-төрге дейін, төселген түлкі терісі мен қасқырдың жұп-жұмсақ төсеніші, төрге дейін жалғасқан. Төр қабырғасына ілінген қасқыр ішіктер мен елік терісінен тігілген жалаң шападар, сықасып тұр. Әсем жиналған, оюлы көрпелер мен құс жастықтар сән беріп, үй ішін жұмсақ мамықтармен жинастырған.

Абен қонақтарды құрметтеп қарсы алып, астарына ұлпа көрпелер төселіп, құс жастықта тастап, төр бөлмеге жайғастырды. Елік етінің қуырдағын, астауға салып, да-

старқан үстіне қойлды. Жас еліктің қуырдағы сондай тәтті болып, дәмділігі қонақтардың аузынан кетпеді. Іштерінен аңшы деп, осыны айт! деп Ғани, бата беріп, іскерлігіне ақ жол тіледі. Сайран ұйалған қалпында отырып қалды. Жұман: Абен өзіміздің ортамыздағы жігіт, қашанда, қай уақыттада жолын беріп, жоқтатпадық, – деді. Ахмет-аға да сөзін бөліп: Абекенді қолдау керек, серіктестері көбейіп, ел мұқтажын қорғаған, асыл азамат емес па? – деді. Қылышын сүйреткен қыста келіп, ұлыған қасқыр малға шауып, дамыл бермейтін кез, тосқауыл болар тек Абен мен оның достары, – деді Ахмет. Ұялған қалып танытып: Бәлкім артық кеттім-ау Ахметтің сөзіне қосыламын шынындада менікі ағаттық, көп болып көбейгені өте орынды, – деді істің мәнін түсінген ол.

Жұман мырс етіп күліп жіберді: Өзімде сезгенмін, қуырдақ жеп райыңнан қайтқаныңды, – деді. Ғани: Бүркітші болу-өте тәжірибені керек етеді, қай уақытта, қай кезде, қалай жіберуді, осының бәріне ұстамдылық, айлакерлік, алғырлық, ұқыптылықты керек етеді, соның бәрі Абеннің бойында бар екенін аңғардық, – деді ұлағаттық сөзін жеткізіп. Шынындада солай, ақыл – ойды талап етеді, – десті отырғандар. Ғани: Сайран сен маған өкпелеп қалдың ба? Сайран күліп жіберді: Тәйрі құс деген намыс болушы ма еді? Тым болмаса қыз емес, несіне намыс қыламын, – деді. Ғани Сайранның арқасынан қағып: Сенің жасың үлкен, осыларға ақылшы болып, бүркіттің бап пен күтім керектігін дыбыстасаң болғаны. Абен ақылды жігіт, асау мінезі жоқ, көңілшек, кісінің көңілін қалдырмайды, бәрінеде келіседі, – деді. Абен бәрінің сырын тыңдап, Жұманға ымдап, бүркітке бап керектігін ескертіп, далаға шығып, біраз айналды.

Жем-сауын беріп, күш алғызып, тағыда қос басына бет алды. Сайран көңілденіп: Бәрімізде соңынан еріп байқайық,

бүркіттің қанатымен ұрып құлататынын көрейік, – деді. Жұман мақтай сөйлеп: асыл құс, тұқымы басқа, ет бітімі бөлек, сүйегі ірі, тұқымы басқа, – деді. Абен жымысып күлдіде: Марқым әкемізден қалған мұра, көздің қарашығындай сақтауым керек, – деді. Сыртқа шыққан қонақтар аттарына мініп, Абеннің соңына еріп, шатқалға қарай бет алды. Мұнда қыс болса қоян мен түлкі ұялап, тобырымен жүретінін ескерткен Сайран қоянды көзі шалып: Өне! Кетті! Қоян! деп айғайлап жіберді. Абенде бақылап келе жатқанын сездіріп, қарашолақты босатып ұшырып үлгірді. Жан ұшырып, биікке көтерілсімен қанатын жайып қалықтап, қоян бағытын анықтап, қанатын бауырына тартып, құйыла келіп, екпінімен қоян үстіне «гүрс» құлап, жер бауырлап жата қалған қоян басын көтере алмай, өліп кетті.

Құйындатып, бүркіт маңына жеткен Абен атынан түсіп, дыбыс беріп, бүркітін шақырып, қолына қондырды, олжасын алып, қос басына беттеді. Абен қосқа көтеріле бергенде «жотадан» қашқан түлкіге жіберіп, үлгірді. Қарашолақ төмендеп барып, қалықтаған бойымен, жазыққа бет алған, түлкіні қуып жетіп, ұзын қанатымен қағып жібергенде, домалап барып, тасқа соғылған түлкінің үстіне аюлы тырнағымен, бүріп алып, отыра кетті. Арыстай үлкен түлкі, бұлқынуға шамасы келмей, өліп кетті. Абен қасына барып, аюлы тырнағын босатып қолына қондырды. Қоғабай мен Дидар дөңестен қызықтап карап тұрып, таң қалысты, құстың кереметтігіне көзі жетті. Қазірде екеуін қағып тастап, шаршамаған түрін көріп құстың «патшасы» екендеп ой түйді. Түске дейін төрт-бесеуін алып тастады. Мәз еткен Абен бір сойқанның болатынын сездіме? әлсін-әлі шатқалдан көз алмады, караумен болды. Жұман мен Сайран аттарына мініп, Шатқалды сүзіп шығуға уәде еткелі, біраз болды. Айғайлаған дауыстарда естілмей, жым болды.

Шатқалдың етегін ала, шоқ тал түбінен атыла шапқан қасқырды көріп, Сайранның есі кетіп, жан айқайын естіген сәтте, Абенің қолынан ытқып шыққан, бүркіт қанаты, ат бауырынан өтіп, ұшып ала жөнелгенін сезбейде қалды. Аспанға тез көтеріліп, сұр тұмсығымен, басын ілгері салып, жалтақтаумен қасқырдың ізіне түсіп, ұшып бара жатқанын аңғарды. Құйындай ескен легі, қос қанаттың қағысы, бойына күш алғандай, аюлы тұяғын ашып, сомды-батпандай аяғымен, қасқырдың үстіне қонып, басынан бүре ұмтылып, көзін жапты, ұзын тұяғымен, көзін ағызды, сұлқ еткізіп, құлатып үлгірді. Ұстады! Құлатты! деген даустар шыға бастады, Абенінде күткен бір сәті осы еді. Ұшқан құстың жылдамдығына, ешкім ара тұра алмас, әдіс-тәсіліде молшылық.

Тағыда шабуыл басталды, апаннан шыққан көкжал, жазыққа қарай, оппа қарды, боран етіп, дуалдай соққан күн райын, месе тұтып, жөнкіле берді. Аюлы тістерімен, шомбалдай дене бітісі, жуан басы кекірейіп, айбат шегетіндей, адымды жүріспен, жалақтап қарап қояды. Құс қақары қойсынба, ызалы түрімен, қанатын баурына басып, ұшқыр келбетімен дауылдатып, қос қанатымен сатыр-сұтыр беріп өткенде, көкжал домалап, барып омақасып құлады, бүркіт беліне мініп, тұяқтарын батырып, тамағын шұқып, кеңірдегін тесіп өткенде қан жосауылдап, қар бетін, қызылға бояп үлгірді, сылқ етіп бауыр басып, жерге қарай құлай берді.

Құстың кереметтігі, қос қанатымен, ағылып келіп, соққанда, дауылды желді ұйтқытып, «Атан түйеніде-құлатқан» деседі. Дарқан даланың берері мол-тек ебін тауып, Абен сыяқты асыл азаматтың болғанын қалады. Күн батып, ұясына кіре бергенде, Қоғабай мен Ахмет Жар қонысына жүріп кетті. Абен бәрінде олжаға байытты. Бұрын-соңды көр-

меген, Қоғабайға, үлкен әсер қалдырған бүркіттің кереметтігін, басқаларға айтып, жеткізумен болды. Ертеңіне тағыда дайындалып, бүркіттің жем-сауын толтыра беріп, түн бойына, күтуде болған Абен ұйқтамады. Бүркітті асыл қазынадай көріп, баптады, қоян етін беріп түн асырды. Таң ата, көзі жаңа ғана ұйқыға кеткен Абенді келіп оятты. Дәрмен мен Сайран құсты баптауға келдік, – деп үн қатты. Абен: Мен түні бойы, қоян етінен, тамақ-сау жасап, берген едім, – деді. Ол тамақ емес-еліктің етінен берсек-күш болады, – деді Сайран. Олда, дұрыс екен деп, Абен атып тұрып, еліктің етінен «балау» жасай бастады. Сөзіміз іске асты деп, – Сайран қабағын ашып, күлім деп Дәрменді әңгімеге тартты. Сайран құсты қолына қондырып, Абенге ырзалық ықыласын айтып, мәз болысты. Жем-сауға бүркітті тойдырып, алған соң Дәрменнің қасына барып, басына тоқым жастықты салып, жұмсақ көрпенің үстіне жатып, ақырын жымия күліп, отыра берді.

Енді үміт күтуге, әпден болады, шаршамайтын етіп баптағанын айтып, Дәрменді сөзге тартты. Естіген Абен бұлардың сөзіне, күлумен болды. Кейде екеуіде тіл табыса алмай, қағысыпта қалатын. Сайран үстемдік қылуды қалайтын. Абеннің іздегеніде осы еді. Сайран намысына симады, маған үш күнге бүркітінді бер: оңалтып-тойдырып, қуатты етемін, – деді. Дәрмен: Сайранның айтқанын істе, енді қыңырайғанды мүлдем тоқтат, – деді. Осымен үш күнге құсты бабына келтіруге риз еткен Абен, Сайранның қолына құсты қондырып, ұлықсатын берді. Сайранның ақылдылығына сенді. Санаулы күнде жетіп, Сайранның құсқа деген ынтазары өсіп, әлдендіріпте үлгірді. Құсының күтімін байқаған Абен: Түлкі емес, қасқырды алады, – деді. Ширақ қос қанатымен, көкке көтеріліп, ауа тоқынымен селдей есіп, ағып өте шыққанын көрді. Қараған жұрт таңқалысты. Абен құстың батпандай



қоңын көріп, ұшқанда бірге қарасып, ұзақ көз алмады. Жотаға қарай шүйіліп, құстың азулы бейнесін байқаған, Абен мәз болып, бірденені тапқанын байқап қалды.

Атын тебініп шауып жөнелді. Бақса, үлкен түлкі айбат шегіп, қанатына жармасқалы жатқанын, байқап қалып, «дауыс» білдірді. Батпандай-кесек аяғымен басынан бүріп, көзін шығарып, қан етті, сылқ еткізіп құлатып үлгірді. Олжа! – деп Сайран торысымен келіп, Абеннің қолына құсын қондырып, жанарына олжасын байлап, Сайранда қозғала берді. Абен тағыда жіберіп көрсек, – деді. Қарқылдап күлген Сайран: Менде ойлап, келе жатқан едім, ойымыз бір жерден шықты, – деп наз етті. Ештеңе байқалмады. Дәрмен, Нысанбай, Жайлыбайлар қосылып, апанды іздеуге бет алды. Шатқал кең аймақ, қатар жүріп, байыппен сүзуге бет бұрды, шауып өтіп, қыраттан төмен құлдилап жөнелді. Аттарыда сайлы, жақсы жаратқан. Абеннің назары шатқал төңірегінен көз алмады, басқада ісі болмады. Бір сойқанның боларын сездіма, құлдилап кеткен, Дәрменнен көз жазып, айырлып қалды.

Жалма-жан атына қонып, құсымен шатқалға бет түзеді. Сайранда бірге жүрді. Айқай шу! апанның үстінен түкен, Дәрменге атылған қасқыр, атын жаралап, сойылға болмай, жағаласа бастады, жан беріспеді. Аттылар қоршап, құрықпен ұрып әлсіретті, мойнынан байлап, арқанмен сүйретіп, қылқындыра шатқалдан шығып, жазық жерге сүйретумен әлсіретті, басынан ұрып, өлтірді. Тағыда қашты! – деген ащы дауыс, естісімен Сайран соңынан қуа жөнелді. Абен жазыққа қашқан қасқыр соңына бүркітін жіберіп, бағыттай берді. Ызғып ала жөнелген бүркіт, төмендей ұшып, алып күш дауылымен, қасқырдың үстіне барып топ етті, басынан бүріп, сомды аяқ тырнағын батырып, көзін шығарып, қансыратып, құлатты. Жолымыз болды, деп айқайлаған Сайран торысымен бірінші

келіп, бүркіттің кереметтігін байқады. Абенде келіп жетіп көкжалдың нағыз өзі екенін айтып үлгірді. Өте үлкен, бір бұқадай бар, ауыр денелі көрінеді, мұндайды алғаш көруім еді, – деді Абен таңғалып.

Қоғабай кетуге дайындалып жатты, уақыт аз қалды. Дидардың келуін күтті. Анасына, үй шаруасына көмектесіп, көңілін тапты. Ғалияда жол кесіп, күтумен жүрді, сағынды. Алып ұшқан жүрегі ұйқы бермеді, ойлаумен болды. Ой жетелеп, бірге тұрсамба? депте қоятын болды. Сүйгені қандай шешімге, келер еді, – депте қоятын. Ертең жетеміз деген Дидар сәлемі Назымғада жетті. Ғалия естісімен, қуанып бұрынғы көңіліне орала бастады. Алыс жол, қарны ашып, шаршаған кейпі ойына түсіп, Ғалия мен Назым екеуі, ет асып, ас пісірді, жаны қалмай күтумен болды. Түс ауған кезі. Қалаға келіп кірген, қос ат жүрісі, желумен орталық көшені басып, қыздар жатаханасына келіп, бас тіреді. Тұлыптарын шешіп, Дидар екеуі, жүктерін алып, ішке кіре берді.

Зал бойына жүгіре шығып, Ғалия бірден Қоғабайды құшақтап, көзіне жас алды, сағыныш сезімін бідіріп, мойнына орала берді. Бөлмесіне алып жүрді. Назымда жылы жүзбен қарсы алып, Дидарды құшақтап, бетінен сүйді. Ас дайын, қол жуып, отырындар, – деді Ғалия. Жастардың алғашқы бірге отырысы, кешке дейін жалғасты. Ғалия шыдамады, оңаша қалып: Қоғабай сенің айтқан сөзіңе келісемін, жалғыздық жаныма батты, бүгін осында қалшы, айтар сөзім, ақылдасар ісім бар, – деді. Қоғабайдың құшағына барып, белінен құшақтап, сұлу бетін басына жақындатып, жұмсақ ернін жылжытып, Қоғабайдың аузына қарай икемдей берді. Қоғабайда сағынып, сұлу жүзіне қарап, әсем келбетіне қызығып, томпиған ернінен сүйе бастады, баурына қысып, ыстық денесін өзіне тартты. Мойнына оралған ақ білектері, қоюлы қара шашы балтырына

түсіп, тамаша иісі, жүрек сазымен жалғасып, бойын билеп ала жөнелді, тоқтамады.

Қалуға келісім етіп, ұзақ әңгімемен жалғастырды, ауыл бүркітшілердің батырлығын айтып, дала қасқырымен арпалысқанын көріп, сөз ете бастады. Абен сыяқты асыл азамат, бүркітімен қасқыр алып, малшының малын сақтап, Шатқадағы апанын тас-талқан еткенін ұзақ әңгімеледі. Ғалия ауылдың қызы, әңгіме барысын тындаумен қызықтады. Ғалияның беті қызарып, Қоғабайдың ажарына қарап: Көп ойландым, ана сөзі есімнен кетпеді, кетерде көзіне жас алып: Құлыным! Өз бақытыңды тап, сүйгеніңе қосыл, – дегені әлі есімде, жатып-тұрсамда көз алдымнан кетпестей, қайталай береді, арманым шығар, бақытыма сен кездестің, өмірлік жар болуға жанымды беремін, – деді көзіне жас алып. Әр сөзін, мұқият тындап болысымен, сүйіктісін құшақтап алып, тік көтеріп, қалың мамық төселген, құс жастығын басына салып, төс ағаштың үстіне апарып, жайғастырды. Ғалияның әсем жүзі, қызыл көйлегімен, ақшыл келбетіне өң беріп, одан сайын сұлу етіп, Қоғабай денесіне қарай ығыса берді. Жүрек соғысы шыдатпады. Қоғабай жақындай түсіп, қос қолымен, жібектей белін өзіне тартып, баурына қысты, ыстық денесі бойын билеп, лазат бесігіне жақындай берді. Ғалия құшағы жазылмады, қос алманың араснан өткен, алып күш, балқытумен созыла берді, алма бағына, жетектеп алып, жөнелді. Тәттілік сезмі алаулаған от болып, қала берді, сүйіскен қалпын айырмады. Өмірлік жарын бауырынан айырмай, асыл денесін құшақтаған бойы, жұмсақ мамық үстінде, таң атқанша жата берді.

Қоғабай ертеңне сабаққа барып, лекция тыңдады. Студент-жастар мен кездесіп, ауыл өмірін тілге тиек етіп, тұрмыс жайын сөзбен жеткізді. Азаматтардың бүркіт асырап, тазы

өсіріп, дала қасқырымен болған шайқасты, қызықты етіп айтып берді. Қоғабай Ғалияға үйленетіндігін жеткізді. Мұғалім «қауымы» қош алып, «комсомол-тойын» институт қабырғасында «тұғыш» рет өткізуді қолдады. Алып ұшқан жүрегі тоқтамады, Ректордың қабылдауында болып, ұжым болып өткізетіндігін хабар етті. Жастардың асханасын дұрыстап, келбетін өзгертті, атлас маталардан перделер ұсталып, береннен сахна төріне, шымылдықтар ілінді. Столдар әдемі жапқыштар мен безендіріліп, жұмсақ орындықтар қойылды. Есіктері бойалып, жаңа салынған, үй тұрмысына бейім етті. Өтетін күнін белгілеп, үлкен концертпен жалғасатын болды. Ғалия қуанып, алып ұшқан жүрегі, бар арманы сүйген жарының қасында болды. Киген киімі сұлу денесіне жарасып, аппақ жүзінмен, жұрт назарын өзіне тартумен болды.

Кең зал. Жиналған халық, арасында Қоғабайдың анасы Үлмекен мен Ғалия анасы Сақанды алғызып, жұрт құрметіне бөлеумен болды. Жиналған жастардың «жар-жар» өлеңі айтылып, «екі-ғашықты», «Қозы мен Баян» сұлудың ариясымен жалғастырды. Сахна көрнісі тамаша әндермен толықты. Назымның салған әні, асқақ ашық даусы, назды өлеңімен, көпшілікті орап алды. Өзі шығарған «Қыз арманы» әнін естіген жұрт көзіне жас алып, қайран анасының, жалғыз үйде қалып, мұңды өмір кешіп, жылағанын өлеңге қосып, жеткізе білді. Назым мен Дидар арасынды шынайы махаббат орнап, айрылмастай, өмір кешуге серттесті. Асау толқын жүрек назы алысқа жетелеп, үйлену тойын өткізуді, Дидар ауылында болатын етті. Назымда, ата-ана алдына, келін болып түсуді қалады. Арманы мұғалім болып, ел жастарының сауатын ашып, қызымет етуге жолын іздеді, көп оқыды. Ана жүрегін сағынып, ойлаумен болды. Ғалия екеуі, «үйлену тойына» дайындалып жатты, Назым бар өнерін, салып құрбысы мен

бірге киімдер тікті. Ғалияның қамшат бөркі үкіленіп, сұлу келбетіне берен маталар мен тыстады. Ұзын қызыл көйлегі, жаңадан тігіліп, бойына шақ қылып, жарасымды болды. Қима бел шапаныда, көк береннен, оюлап тігіліп, денесіне құйып қойғандай, әсер берді.

Жиналған халық лек-легімен, залға жинла бастады, Құрманғазының «Сар жайлау» күйі күмбірлеп, алысқа естіліп, бойды билеп ала жөнелді. Жиынды Ректор Оспанов ашып, өмірде болмаған «үйлену тойы» екі жастың Қоғабай мен Ғалияның, бір-біріне «ғашықтық» мұнын сөз етіп, «Қозы мен Баян» дай, өмір кешкенін, қалың жұртқа жайып салды, оларға «бақыт» тілеп, келешек өмірге осындай жастардың келуін қалады. Сахна төріне кіре берген екі жас «сұлулық» рай танытып, көпшілік назарын, бірден аудара берді. Қоғабайдың басында, қызыл береннен тігілген бөрік, жағалай ақ ұлпа, құндызбен көмкерген, жарасып сұлу жүзіне өң беріп, жеңіл киген шапаны, қошқар мүйізді, оюланған бойымен жарасып, атлас белдік оралып, беліне тағылған. Ғалияның қолынан ұстап, ақырын басып, жылжып келеді. Ғалия бұрыннанда сұлулық танытып, үкілі қамшат бөркі, басына жарасып, қызыл әсемделген көйлегі бойын алып, қима беліне ыңғайлы етіп, қамзелі көк береннің ажарын көрсетіп, қою қара шашы, өрілген қалпымен жарасып, етегіне түскен, «асқан сұлулық» танытып, жұрт көзіне түсіп, тамаша келбетін бұрып, Қоғабаймен қатарласып, асқақ бейнесімен жұрт алдына, шыға берді.

Жастардың сән-салтанаты, бақыт құшағында болып, ду қол соққан қалың көпшілік, қайран қалумен, екі жастан көз алмады. Шырқалған ән назы, көпшілікті орап, Құрманғазының күйімен жалғасын тапты. Бойды билеген, әуен жүрек тербелісімен, жұмдасып, арман асуын алысқа жетелеп, әкете берді. Айдын көлдегі аққудай, таранған келбетін, су бетіне

түсіріп, ажарын ашқан аққудай, сұлу жүзімен Ғалия, халықтың қошаметін көріп, ду қол соққан жастардың орындарынан тұрып, бас изесіп, таңырқаған бейнесін көріп, көңілі өсе берді. Сахна төріне оралған, Ректор Оспанов сөз бастап: Құрметті калайық! Бүгін өте қуанышты күн, адамзат тарихында болмаған екі жастың «үйлену тойын» өткізу, болашақ өмірдің қабырғсын қалап, халық алдында жастардың бақытты болып, жаңа өмірге, асуын тілейміз. Қоғабай ерекше жан, ол бар өмір жолын, жастарға арнап, талай қиын соқпақтардан достарын алып шықты. Жаңа құрылған колхоздарға қол үшін беріп, құрлыс отрядтарын құрып, қаншама үйлер мен қоралар салып, мәдени ошақтарын орнатты. Өзі тікелей араласып, қазақтың ауылдағы қыздарын, темір құрсаудан алып шығып «тоқалдық» пәледен арылтып, оқуға тартып, бақыт құшағын силады.

Бүгін осындай, қуаныш күні, Қоғабай мен Ғалияның сұлу келбеті, аңыздағы «Қозы мен Баяндай», бір-біріне «ғашық» болуы, мына көпшілік назымен, бақытын паш етіп, болашақ әлеміне баруын құттықтап, ақ жол тілейміз, – деді. Концерт басталып, тамаша ән шырқалып, күй тартылып, Филормония оркестірі, әдейі шақырылып, Құрманғазы күйлерімен «Теріс қақпай, Шалқыма» лар тартылып, халықтың жүрегінен орын алды, бойларына күш-жігер бітіріп, назды әуенімен ұйып отырды. Көпшілік бірінен соң бірі, сөз алып екі жасқа бақыт тіледі. Керемет тойды көрмеген ана жүрегі Үлмекен мен Сақан нұрға бөленіп, балаларының тойына тілек айтып, мәңгілік өмірін бірге өткізуін қалады, жұптары жазылмай, шаттық өмірдің бақытын силады. Сахна төріне Ғалияны шақырды, қайта-қайта қол соғып, керемет әнін естуге бар ынтасын аямады. Қоғабайда ыңғай танытып, көпшілік тілегінен шыға алмады. Ғалия орнынан тұрып, ақырын жылжи берді. Оркестірге қосылып, назды дауысымен шырқап ала жөнелгенде,

естіген жұрт көңілі босап, көздеріне жас алғандар, «қандай тамаша» едің деген тілекпен, ұйып тыңдай берді. Сұлу бейнесін, көпшілік жанарына, бейнелеп сала берді. Тамылжыған ән дариясы бірінен соң-бірі айтылып, қайыстырды жүректен орын алып, аянышты көңілдерін, көтеріп тастады. Ғалия әнін жалғастырып, сахнаға әнші жастардың үні естіліп, күй тартылып, алысқа қалықтап, естіліп жатты. Қалың жұрт қимастай болып, Қоғабай мен Ғалияның бетінен сүйіп, үлкендер батасын беріп тарқасты. Екі жас халық құлағында, ұмытылмастай, әсер қалдырып, көпке дейін айтумен болды.

Екі жасқа, арнаулы бөлме берілді. Аналарына құрмет көрсетіп, қонақ етті, алыс жолға шығарып салып, хабарласып тұратындығын, айтып үлгірді. Қуанған аналары, бұрын – соңды болмаған тойды жыр етіп, ауылдастарына жеткізіп, баян етті. Оқуына дайындалып, білімдерін шындады, көп оқыды, ізденіп әдеби кітаптарды Ғалиямен бірге, кітапханадан жаздырып, алып түн бойына отырысты.

Кешкі кез, қараңғы түсіп, қоюлана бастады. Қоғабай комсомол жиналысын өткізіп, кеш оралды. Ғалияда стол басында сабағын оқып, дайындалып жатты. Стол басындағы Ғалияның сыртынан келіп, арқадан құшақтап, қолың шашының астынан, ақ тамағын сүйіп, аймалай берді. Ғалия орнынан тұрып, кітабын жинастырып, сумкасына салып үлгірді. Өзіде мойнына оралып, ажарын жарына қарай жылжытып, аузынан сүйе бастады. Осыны күткен Қоғабай, белінен ұстап, баурына тартып, оймақтай аузынан сүйіп, Ғалияны жібермеді, сағыныш билеген бойын жасырмады. Ұзын қолаң шашын артына тастап, Ғалия сытылып, тамақ дайындауға беттей берді. Пісіп тұрған дайын асты ішіп, болысымен Ғалияны көтеріп алып, төс ағашқа жұмсақ мамық төселген, құс жастықты басына салып, жатқыздыда бетін беріп, ауызына жылжыта берді, құшақтасып

сүйдіде, айрылмады. Мөлдір қара көзінде, қиылған қасыда, ақ тамағының мойындағы моншағыда жарқырап, сәуле беріп, ажарын ашқандай ыңғай танытып, сүйсіп жата берді. Сұлу келбетін беріп, жарының ыстық сезімін байқап, денесін баурына жылжытып, жібектей созылып, бар қызуын жасырмады. Денесімен түйісіп, асау күш жарының бойынан шығып, қос алманың арасынан өте бергенін бірақ аңғарған бойда, балқыған дене қозғалысы, бәсеңдемей алып ұшып ләзат сезіміне жылжи берді.

Дидар ауылға Назым қызды апарып түсіруге дайындалып, жатты. Көктемнің жыл күнін күтті. Арнаулы көлік дайындап, алыс жол екенін ұмытпады. Қоғабай мен Ғалияда тойды бастап өткізуге уәде етті. Алып ұшқан қыз жүрегі, той өткенше алаңдаумен болды. Қапыда шалыс басып, қала жаздаған мұңы, есінен кетпеді. Өткірлігімен жол тапты, жан ашыр адам кездесіп, оқыс оқиғадан мүдем құтқарды. Назым тойға киетін киімдерін, дайын етіп, Дидарда әсем киімдерімен, көңілінен шықты.

Жалпақ жазық дала өңірі құлпырып шыға келді. Жарқыраған күн нұрыда, аянбастан жерге төгіп, әсем гүлге оранған, аймақ сұлу табиғатымен, ұласып жатты. Ұзын қара жол Әуликөл бағытымен, қыраттарды асып, белестерді басып, жүріп келеді, ұшқан құста лесіп, шыр еткен торғайда жол бетінде қалып жатты. Бұлтсыз аспан күмбезі, көкшіл тартқан, мөлдір нұры жерді орап, сағым толқынмен жалғасып жатты. Көк жиекке шыққан, бидайық алқапқа жайылып, ұзақ жер бетін, басып жатқанға ұқсайды. Таза ауа, иісін шығарып, бойыңды серпілтіп, тастағандай құбылысқа кезігесің. Құлазыған дала әсері, табиғат әлемін әсемдеп, киелі кейпін танытып қояды. Қырат үстінен құдилап, тартқан қара жол, ат арбаның жүрген ізімен ілесіп, баю қозғалып, арба үстінде отырумен, жүріп келесің.



Сағым тартқан дала жазығы, алыстан бұлдырап, ирек-ирек толқыны, қоңыр бұлтқа ұксағандай болады. Сылдыр соққан арба донғалағы, тақырмен ұштасып дыбыс шығарып, қояды. Жол бойын, қуалаған қос аттың күші, арбаны дөңгелетіп, шаң боратып, салып келеді. Арба үстінде бойына жеңіл шапанын жамылған, Назым ән айтып, дала сырымен үндесіп келеді.

Әсем ән, назы жаныңа жағып, Дидардыңда көңілін көтеріп, бақыт құшағына бөленгендей, бойынды алып, құмартып қояды. Назым ашық дауысымен, алысқа шырқап, кең аймақтың сұлу бейнесімен, көк аспанның күмбезімен сырласқандай, ауыл сәнін жыр етеді. Сол ән тағыда шырқалса, деген ой, жетелеп сыбырлап қояды. Сән көркі-ән көркіде, ауыл кешін аңсаған бойы, отырып ойлап есіңе аласың, қайран елім, жүрген жерім, есіңнен кетпестей, сағынышпен налысың. Сол із-үйлену тойы, ойлайсыңда налып барып, сүйгеніңнің құшағына еніп, мәңгілікке махаббат отын жақпайсыңба?! Дидар мен Назымның қосылып айтқан «Елім-ай» өлеңі, қасындағыларды елең етті. Ән мен жол қысқарып, ауылғада келіп кірдік. Қыр дөңестен орын тепкен ауыл сәні, бүгін ерекше. Қос-паратты, көрген қыз-келіншектер, алдымыздан бізді тоқтатып, қолдарына ақ шымылдық ұстаған, қызылды-жасыл киінген, бастарында үкілі тақия, бойына жарасқан сәнді көйлегі, мәнерлі түрлі-түсті қамзелдерімен жарасқан қыздар, қоршап алып, Назымды қолынан жетелеп, алдынан екеуі шымылдық тартып, ұстап ақ отауға қарай жылжи берді. Өзінің үйі алдынан жүгіре шыққан, ата-анасы жарқын жүздерімен, Дидарды достарымен қарсы алып, қуаныш үстінде болды.

Үй маңы жиналған ауыл адамдары «шашу» шашып, домбыра күмбіріне ұласа бастады. Далаға тігілген алты қанат ақ отау, ішіне мәнерлі текеметтер төселіп, төрде қызыл кілем, үстіне көрпелер төселіп, жастықтар тасталған. Қабырғаға араб

кілемдері ұсталып, қасқыр ішіктері ілінген. Ұзына бойы жалғасқан атлас шымыдық, сәулеттеніп нұрын беріп жалтырайды, етегі көк барқытпен өрнектеліп, сәнді етіп тамашалайсың. Топтасқан қыздар, Назымды оң аяғымен, отауға кіргізіп, шымылдық ішіне қарай мезей берді. Басына ақ шалысын жауып, Назымның қасына отырып, қыз біткен ән айтумен тойын бастап ала жөнелді. Шымылдық түсірліп, түнектен түскен күн сәулесі, ішін жарық етіп, сән-салтанатын құптай берді. Шилі мен Қарағайлыдағы аналарынан оралған беті, ақ отауға келіп кіре берді. Тәрдегілер Қоғбайды құшақтап, ұшып тұрды, ауылдан кеткелі көріп тұрғанын сөз етіп, үлкен жігіт болып өсіп кеткенін, Ғалия екеуін көріп, сұлулығына таңтамаша болып қалысты. Ғалияның басында камшат бөрік, қима бел камзелін киіп, қызыл көйлегі етегіне түскен, сұлу ажарын көргендер, аңтаң болып отырып қалды. Тәрден орын беріп, Қоғбайды ортаға отырғызды. Ғалия шымылдық ішіндегі, Назым-кұрбысын көріп, құшақтасып сыр бөлісті.

Қоғбай Ғалияны таныстыру үшін, екі-үш күн бұрын келгенді. Той жасап, ауыл адамдарының басын қосып, үлкендердің батасын алды. Қарағайлыда Ғалияның ауылында болып, анасы Сақанмен бірге тойда болғанын сөз етіп, көршілеріне жеткізе білді. Той-думанға ұласқан, көңілді кеш, Назымның сұлу бетін ашып, көпшілікке таныстырып, әсем келбетін көріп, мәз болды. Дидардың әке-шешесі, батасын беріп, келінінің бетінен сүйіп, төбесі көкке жеткендей қуанысып, шашулар шашылды. Жастар ән шырқап, жар-жар өлеңдерімен, жұрт назарын бірден өздеріне аударды. Білетіндер Ғалияның әнін сағынып, айтуын өтінді. Кешкілік бүкіл ауыл жиналып, отауға симағандар, далаға төсек төсетіп, жайғаса бастады. Ғалия Назым жанынан кетпеді, отыра берді. Көпшілікке көзінің астымен бір қарап алып, назды дауысымен, бастап жөнелді.

Жайдарлы жүзін көрсетіп, ән дауысы алысқа естіліп, ауыл халқын өлең назымен орап алды. Отырған егде әйелдер, көзіне жас алып, көңілдері босады, мұңды әні жүрегіне жылы тиіп, ұмытылмастай бойларынан орын алды, естерінде қалып, тамаша әнін жеткізе білді. Түн ауа, ән айту сұйылып, жұрт үйлеріне тарай бастады. Отау ішінде, төртеуі ғана, қала берді. Бір мезетте есік ашылып, жақын жеңгесі, Балкүміс жиулы тұрған, жұмсақ мамықты төсеп, құс жастықта салып, жас жұбайларға, төсекті дайын етті. Жұптары жарасқан екі жас отауда қала берді. Түндік түсіріліп, қараңғы кез орнады. Дидар Назымды көтеріп алып, төсекке салды, құшағын жайып, баурына қысты. Аузынан сүйіп, белін өзіне тартып, жылжыта берді. Назым жібектей денесін Дидардың қойнына, икемдей беріп, алып ұшқан қос жүрек, назы тоқтамады, қызу күшейе түсті. Тәттілік сезім орнай бастады, жұмсақ денесінің арасынан өткен, ыстық жалынды от назы, бірден балқытып, лазат күшімен жалғаса берді, жабысқан дене ыстығы басылмады. Ұйықтамады, түн асырды, тәттілік сезім жалғасын тапты.

Жар қонысы. Тік жар, жалпақ өзеннің бойы толған, шүрегей – үйректер тобымен келіп, су бетіне қонып жатты. Қаңқылдаған қаз дауысында, көл үстінен естіліп, жиектегі қалың камысқа қарай ығысқан. Қоғабай құс базарын көрісімен шыдамады, Абенмен хабарласып, мылтығы бар аңшыларды, құс-бүркітімен алғызды. Байталын ертеп мініп, өзен бойын шолумен болды. Ортабұлақ қыратнан белді басып, қолдарында мылтығы бар, бүркіт ұстаған топ, Абен бастаған Асқар, Томай, Сабырлар келіп, камыс арасына жасырынып, құс атуға биімділігін байқата бастады. Өзеннің бергі бетінде Ахмет екеуіміз қимылдарынан көз алмай, бақылап бүркіт жайын сөз етіп қоямыз. Суыт ұшқан қанаттылар, кейде төмендеп, су бетіне қайта-қайта ұшып-қонып, қонақтаумен болды. Асқар

ықшам келген, тапал жігіт, мылтығын кезеп, өзен бетіндегі үйректерді атып үлгірді. Үркіп ұшып, суға қайтадан жалып ете қалғанын байқап қалды. Өне! құлады! деген дауыстар шыға ба-стады. Өзеннің ол беті, өте терең, бірақ ішінде Томай сыяқты, жүзгіштер барын білдік.

Тағда мылтық даусы, суға қонуға бағыт алған, қараша қазға тиіп, қанатын салбыратып, өзен бетіне құлай берді. Гүрс еткен Сабырдың мылтығы екен. Абен үйретілген тазысын, су бетіне бағыттап, олжалы құстарды, әкелуге жұмсады. Аз уақытта, төрт-бес қаз-үйрекке байытып тастады. Абен олжаның бәрін Ахмет пен Қоғбайға байлады. Абен атының басын, өзеннің орта жеріне қарай бұрды, қолында «бүркіт» қаршығасын сары мойын, семіз қазға жіберуге бағыттады. Көзі шалып қалған Қоғабай қасына шауып барып: Жібер! әне ұшты сарала қаз! – деді. Жіберем, өзі көрді ғой! – деді Абен. Сол сөз бұйрықтай болды. Қаршыға лып етіп, жерді сүзе қанатымен ат бауырынан қысылып өтіп, аспанға бірден көтерілді. Ұшқан қаздың тобына кіріп, қанатымен сарт еткізгедей, әлсіретіп үстіне қонып, аюлы тұяғымен қысып, жібергенде қаз барып су бетіне жалып, еткенін бірақ білдік. Жалмажан екіншісінің соңына түсіп, құдилап келіп, қос аяғымен қағып жіберіп, басын бұре, өткір тұмсығымен шұқып алып, жағаға жақын құлатты.

Абен атымен шауып барып, қамыс арасындағы қаршығасын «Кеу! Кеу! «деп, шақырып қолына қондырды. Семіз сармойын қаздың, екеуін алып, жанарына байлады. Қоғабай үйреншікті құсқа қоян етінен «жем-сау» дайындап, Абеннің келуін күтті. Өзіде қаршығасының жайын ойлап, жағаға шауып келді. Атынан түсіп, дайын «жем-сау» ды беріп, қанатын сипап баптаумен болды. Қайта-қайта мылтықтр аты-

лып, су бетіндегі көп үйректерді, жинап Асқар бастаған топ тазыларын ертіп жағаға жиналды. Көп олжа, – деді Абен Асқарға қарап, жерде жатқан он шақты қаз-үйректі көріп. Енді мен тағыда көрейін деп! – Абен бүркітін қолына қондырып, атына мініп, өзен боймен алыстай берді.

Құс базары! – деп осны айт, – деді ішінен. Топ болып ұшқан үйректе, қатар қалықтаған қазда, бірі келіп, – бірі кетіп, су бетінде аялдаумен болды. Өзен иріміне жақыдай беріп, топ қаздың су айдынында, қонып жатқанын көзі шалған Абен қаршығасын тағыда жіберіп бағыптады. ұшқан құс жоғары қалықтап, аспанға көтерілді, төмендеп барып құйындап, ағызып өтіп, қанатымен тарс еткізіп, қанаттарын қирата, екі-үшеуін ұшырмастай су бетіне талдырып түсірді. Кезек-кезек үстеріне мініп, өткір тұмсығымен мойындарын қан етті, көзін шұқып, батпандай аяғымен қанаттарын сындырды. Не деген күш дерсің! – деп, таңқалған Ахмет мақтауын жасырмады. Қоғабайда: Расында керемет! Өте ғажап құстың! Айла-тәсілін ешкім білменгендей, тас-талқан етіп, өзіне бағындырып алады, – деді. Қаршыға көк болаттай ысылған. Қаздар болса, кейде өзен бетінде көбейіп, қызыл-сары жүннің беті, күн сәулесінің астында жарқ-жұрық етеді.

Лаулаған жалындай келбет береді. Өмір үшін жанталас, сол бір құбылыс, жан бермеуге тырысып, тез ұшып, жалт беруге асығады. Құстар ұзап кеткен жоқ, айналып келіп қайта қонды. Қаршығасын қолына ұстап, тағыда шауып ала жөнелді. Үйрек тобы өзен бетінде жүзіп жүргенін байқап қалды. Қаршығада алыс-жақынды бағыдарлап, сұғына берді. Аяғын босатып, қолын көтеріп, ұшырып кеп жіберді. Қаршыға қанатын ішіне тартып, құлдилап барып, қанатымен екі-үшеуін сарт еткізіп құлатып үлгірді. Ұша алмады, қаңқылдаған бойында, қанатын жайып жіберіп, өзен бетінде қалқи берді. Көтеріп

алып, алып аяғымен, денесін бүріп, лақтырып жіберді. Тұмсығымен шұқып жансыз етті. Үйректердің дымы құрып, өліп кетті. Соңына ерген Асқар тазыларды ертіп, су бетіне бағыттап, үйректерді бірінен соң-бірін алып шықты. Әйдік қыран! Не деген сұмдық! Қарық қылдығой! – бәрімізді, – деді Ахмет сөзін жалғастырып, аңшының патшасы өзің екенсің! Жігіт болса, осындай болсын! – деп, арқасынан қақты. Абен көңілденіп: Тағыда бір-бір қазыдан беріңдер, – деді. Қоғабай, рахмет айтып көңілді күйде тарасты.

Қоғабай үйге келіп, олжасын Ғалияға табыстады. Ғалияда қуанып, құс етіне мәз болды. Сағынған жарын құшақтап, бір сүйдіде, шаруасымен бола берді. Біраз күнді өткізді. Тағыда жол. Оқуға бет алды. Ғалияның өткір мінезін, ақылды қылығын, жары әрдайым бағалаумен болды. Кимелі-қарындаш арба, қос ат жегілген. Шығарып салуға келген жұрт, қыз-келіншектер көп жиналыпты. Көбі Қоғабайдың Ғалиясын көру еді. Ғалия киініп, шыға келгенде, камшат бөрігі басында, қызыл көйлегі етегіне түскен, қима беліне жараса түскен қамзелі, оюлы мәнерімен, жиектелген жалтыр матаның түрі, ақшыл бетіне өң беріп, Ғалия жүзі сұлуланып, ерекше көріне берді. Жарымен қаталасып барып, арбаға отыра берді.

Қош айтысқан қыз-келіншектер, біраз жерге дейін, шығарып салып, қол былғасып қала берді. Жүйткіген ат жүрсі, Қарағайлы ауылын басып, «Көк бие» бағытына қарай жели берді. Біраз ұзаған соң, Қоғабайдың белінен құшақтап, алдына басын беріп, жатып алды. Ұйқтаған болып, көзін жұмды. Салқын жел қарсы соғып баяуламады. Ғалия тоңып қалар деп, тұлып жауып, етегін қымтап қойды, тоңбады. Қоғабай иіліп, екі бетінен кезек-кезек сүйумен болды. Кейде бауырына қысып, басын түйістіріп, жұмсақ ернінен сүйіпте қойатын-ды.

Жігіт төресі Қоғабай болса, қыз төресі Ғалия ауыл жұртының аузында «айтылумен» қала берді, ұмытпады.

Көп жүріп, қалағада келіп, жатаханаға аялдады. Ертең оқу, сабақтарына дайыдалып, біраз отырды, кітап оқып, білімдерін ұштастыра берді. Қоғабай жақсы көретін жолдасының бірі Мақан Торғай бойындағы «Саға» колхозынан болатын, оқуға бірге түсіп, жатаханада бірге жатқан-ды. Оқуға алғыр, әрбір іске икемділігі бар табанды жігіт болатын. Елінде жалғыз шешесімен, туған інісі Өзімбек қалды. Әкесі ертеректе, ауыр науқастан көз жұмған көрінеді. «Саға» колхозының орталығы. Өзен бойын қуалай салынған, үйлер мен қораға толы. Малы бар күйлі, Меркебайдың баласы Тәуіп үйленгелі, ауылдан әліде ән, әсем шырқау, ән самғап келеді. Кейде үзіле жаздап, әлсіз баяулап, бір кетіп, кейде қайтадан қара үйлер жақ шетке, желі басына өзен жағасына, тағыда шырқай жетіп, талай жанды, әралуан толқынға салды. Бірде мұң бірден көзді жасын, бірден ауыр арман «ах ұруын» тудырды. Өзен жағасында арық тайға мінген, қоңқак мұрын, жүдеу Өзімбек тайының беліне жабысып, ауылының сыртына тақап кеп, ән тындап тұрып қапты. Сонау шеттігі қоңыр үйдің қозышы баласы. Көптен бері, туған анасы Майторы құяң болып, төсек тартып, жатып қалғаны біраз болды.

Қозыға елең-алаңда кеткен бала, аузына тамақ алмастан, аш жүрседе, ән тыңдауға ынтасы тартып, тайының үстіне жабысып, ұзақ тұрып қалыпты. Ауылға келіп, тайдан түсіп келуге болмайды, ауылда қой жатыр. Жамыратып аламба? – деп, қорқып қояды. Сау кезінде қосақты қойдың сүтін сауып, жүрген анасы Майторыда көрінбей, ауырып үйде төсек, тартып, жатып қалғанын уайым етумен болды. Суық хабар келісімен, ұлықсат сұрап, Мақан ауылына жүріп кетті. Сол кеткеннен,

мол кетті. Әзімбекті қозыны жамыратып жібердің деп, ат бауырына алып, жетім баланы шыңғыртып ұра бастаған, Жапар колхоздың шабарманы, қамшының өткір тілді, қайысымен арқасын көгала-койдай, етіп, ұрумен болды. Ағатай мені өлтір-меші! өлтірмеші! деп, ботадай боздаған сөзін есіне алмады. Терезеден баласының шыңғырған дауысын естіп, төсектен тұра алмады, қамығып жылап, дауыс қылды: Жолың болмағыр! екі дүниеде көгерме Жапар! Қарғыс атсын! Құдай бар болатын болса, осы істегеніңді балаңның алдына келсін, – деп, қарғаумен болды Майторы. Амалы таусылып жылаумен жатып қалды. Осындай ауруға жеткізген мені сендер, қыстың суығында қой күзетіп, аязда тоңып, мұзда қалып, қар құшақтап түнеп жүріп, ауру табқанымба? – деді Майторы, алар түгімде жоқ. Енді сол баламды қолға алып, өміріне балта шауып, кеміс ету пиғылың жаман, – деді. Баласының тамақ ішпей, таң сәріде тұрып, қозы бағуға кетіп, қайтпағанын қатты қиналды. Маңайында айтар жан болмады.

Қоғабай комсомол ұйымын жинап жиналыс ашты. Өзекті мәселе етіп, Мақанның оқуды тастап, жағыдайы мүшкіл екенін сөз етті. Бәріде оны жақсы білетін, оқу озаты болып көрініп жүрді, құрлыс отрядында болып, комсомол жұмысында да бірге болып, өзекті мәселелерді, шешіп жүрді. Қоғбай жастардың ұсынысын тыңдады, қалайда Мақанға көмектесіп, оқуға оралу жағыдайын қарастырды. Бір кезде, өзімен курстас Андрей Сиваков сөз алып: Мен қаладан 30 шақырым «Қызыл ту» колхозынан келіп, оқып жатырмын. Әкем Никалай Федорович Сиваков сол колхоздың председателі, соған қолқа салып, көшіріп алуға көмектессек орынды болар еді, – деді. Жастар ду қол шапалақтап, Андрейге, зор сенім артып, тамаша бастамасын қолдау етті. Жиналыс біткен соң, ректор Оспановқа болған жағыдайды баяндап, сол колхозға барып келісіп келуін



қалады. Оспанов: Жолдас Есентаев өте орынды, мен орынбасарымды ертіп жіберемін, сен тағыда, Обылыстық комсомол комитетіне айтып, қолдайтындығын сұра, – деді. Қоғабай бірінші секретарының қабылдауында болып, болған жайтты жайып салды. Колхоздың басқармасына хабарласып, колхозына қабылдап, үй беретіндігін уәделесті.

Ректор арнайы көлік дайындап, беріп Қоғабайды екі-үш жолдасымен, Торғай өңіріне аттандырды. Ұзақ жол, көп жүріп күн ұясына бата бергенде, «Саға» колхозына келіп кірді. Мақанның үйін сұрастырып, ауылдың шетіндігі қоңыр үйге барып бас сұқтық. Үй іші қараңғы май шам, күнгірт етіп, елес қана сәулесін, беріп қана қояды. Бізді танып, Мақан жүгіріп келіп, құшақтай алды. Анасы қуанып, басын көтеріп орнынан тұрды. Әзімбекте қонақтардың киімін шешіндіріп, қабырғадағы шегеге ілумен болды. шай қойылып, апарған мол тамағымызбен бөлістік. Қоғабай бірден Мақанға бетін бұрып: Саған Қостанай түбінен 30 шақырым «Қызыл ту» колхозынан, үй дайындап қойдық, соған көшесіндер, мынау арнайы Ректордың көлігі, оқуды жалғастырып, Әзімбек інінде мектепте оқитын болады, анадңы барған соң, дәрігерге қаратып, сауығып кетуіне жағыдай жасаймыз, – деді. Қоғабай сөзіне риза болған Мақан көзіне жас алып, жылап жіберді. Анасында сендей, құлындарым бар екен деп, қуанды. Әзімбек: Аға мен беске оқитын боламын, өлең айтып, халық алдында ән салатын боламын, – деп айтып салды. Қазірден бастап, дайындалып, ертемен жолға шығамыз, – деді Қоғабай. Мақан: Қоғабай саған айтар, бір секретім бар, оңаша сөйлессек, – деді.

Мақан қаладан келгеннен бері, колхоз жұмысына кіріп, арбамен шөп тасып, мая үйіп араласа бастапты. Мақан Қоғабайды оңаша шығырып алып: Осында Жапар деген інім Әзімбекті талдыра сабап, шешемді ауыр жұмысқа салып, кеміс

етті. Сол қудан өшімді алсам, арманым болмас еді, – деді. Өзімбекті шақырып алып, арқасын көрсетті, жараланған жас баланың, денесінде сау жері болмады. Жаны түршіккен Қоғабай, қасындағы екі жолдасын қосып беріп, көпшілікке сездірмеуін ескертті. Күн қараңғы болып, түнге ауыса бастады. Мақан үйін торауылдап, Жапардың келуін күтті. Бір сәтте кеш оралған, қалып танытып, үй алдына келе бергенде, Мақан жүгіріп барып, тізгінін ұстап, аттан суырып алды. Үзенгілі камшысын тартып алып, шыбыртқымен киімін сыпырып тастап, соя берді, ішінен тепкілеп, аузын қан етті. Есі кетіп шалқасынан құлап түсті.

Көңілі орнына түскен Мақан өшімді алдым деп, көңілденіп, ішінен ешкімге тіс жармады. Таң атар-атпаста, арбаға жұмсақ төсек салып, анасын отырғызды. Жүйрік ат, өз желісімен, ұзын қара жолға шығып, алып ызғумен отырды. Қаншама ауылдарды басып, артқа тастадық. Андрей Сиваков үйдің болатынын Дидарға жеткізіп, Ғалия мен Назымды алып, «Қызыл ту» колхозына бет алды. Ойлары тез үйді дайындап, Қоғабайларды қарсы алу болды, тез дайын қылды. Ат жүрісі шыдатсын ба, ауылғада келіп кірді. Жол бетін күтіп жүрген Дидар мен Андрей қарсы алып, кірпіштен салынған, қызыл үйге бас тіреді. Ғалия жүгіріп, шығып қонақтарды қарсы алып, Мақанның арбадағы анасын көріп, түсуіне жәрдемдесіп, қолымен сүйемелдей берді. Қайраты мол анасы, бірден күшін жинап, қуаттанып, өз бетімен үйге кіре берді.

Тамаша екі бөлмелі, терезесі үлкен жап-жарық әдемі есіктермен жарасын тапқан. Ғалия мен Назым шай дайындап, тамақ істеп, алдарынан дайын етті. Қуанған Майторы анасы: Қоғабайым! Көп жаса, көптің батасын берсін, сүйгеніммен қоса ағар, еш жамандық көрме! Алладан тілейтінім, осындай жақсылығың, біз үшін өмірлік болып қала береді, қапыда

қалған өмірімізді өзгертіп, бақытты тұрмысқа жеткізгенің үшін, құдай әлі Ғалия екеуіңнің «мәңгілік» бақытты болуларына, жол ашады, анаң Үлмекенде, мендей қуанып, сендердің әрбір тамаша істеріңе, қуанатын болады, – деді. Мақан Қоғбайды қайта-қайта құшақтап, рахметін айтып, інісі Әзімбекте құшағын аямады, әйдік қуанды. Анасы Майторы жеңілденіп, өзі тұрып жүріп кетті. Қоғабай мен Ғалияның бетінен, кезек-кезек сүйіп, достарын құшақтап, алғысын аямады. Батасын беріп шығарып салды. Мақан сабаққа оралды. Анасын дәрігерлерге, қаратып сауықтыра бастады. Майторы: Мен әлі кәрі емеспін, осындағы сауын сиырларға, доярка болып барамын, – деді тек, әптен айығып кетсем болды, екен деп, ойтұйді. Әзімбек мектепке барып, оқи бастады.

Жылжып, жылдар өте берді. Колхоз орталығы. Клубқа жиналған халық сықасқан. Мереке күніне орай еңбек озаттарын марапаттау болды. Жиналысты колхоз председателі Сиваков жолдас ашып, баяндама жасады, шаруашылық ілгері басып, миллионер аталды. Еңбек озаттарына сыйлық беріп, марапаттай бастады. Бір кезде Сиваков: Біздің өте қадырлы, еңбек озаты, атакты сауыншы Майторы, әліде қартаймаған, күш-қуаты өзінде, қайраты мол, ұйымшылдық қабылеті жоғары, әр істі өзі бастап, басқаларды соңынан ертіп, сүтті молайтты. Келгеннен бері, брэнза, ірімшік, құрт, қатық, көже, қаймақ тағамдарын сүттен жасап, қала дүкендеріне сата бастадық. осының бәрі Майторының бастамасы еді.

Сондықтан колхоздың правлениясының шешімімен жаңа салынған төрт бөлмелі үйдің кілтін табыс етемін, – деді. Залдағылар тік тұрып «Ура! «ласып алғыстарын жеткізіп жатты. Адал еңбек деп, осыны айт! – десті отырғандар. Соңынан мектеп оқушыларының концерті берілді. Сахна төріне, ал қызыл галстук таққан, оқушылар бірінен соң бірі, әндер айтылып,

би-биледі, домбыра татылып, күй орындалды. Әлден соң «Қазақстан» әні шырқалады деп, хабарлады. Сахнаға аққұба бала Әзімбек шыға келді. Ашық дауысы, сазды үні, әуенімен көпшілікті бірден орап алды, таңданған жұрт дамылсыз қол соғып, тағы айтуын сұрай бастады. Тамылжытып салған әні көпшіліктің жүрегінен орын алып «келешекте нағыз артистің өзі» болады, десіп мақтауын асыра берді, кимастық пен тарапты.

«Қастандық» қиаметке – кетпейлі, – дейді дана халық. Жапардың істегені, өзіне азап болып жабысты. Бүйрегі жарылып, инсулт алып, ауруханаға түсті, кеміс болып «коляска» мен жүріп тұратын халге жетті. Мақан тұрған колхоздың жұмысына араласып, егін орып, шөп шапты, қираған техникаларды жөндеп, іске қосты, жұмыс қарқынын тоқтатпады. Ректор Оспанов жиындарда: Қоғабайдың іскерлігін айтып, болашақ маман, қаншама істерге бастама көтеріп, өзі жүріп, қиын-алыс өңірлерде болып, қазақ қыздарының дағыдырын сақтап, жаңа өмірге жол ашып, аюандық зұлымдардан құтқарып, бақытты өмірге жетелеп, алып келді, қазақ жігіттерінеде қол үшін беріп, қолдап отырды, қиындықтардан алып шықты, – деді жастар алдында сөйлеген сөзінде. Қараңғы түн. Оралған Қоғабайды күтумен әлек болды. Жүдеп, тамақ ішпеді ма? депте ойлады. Жары Ғалияға жақындай түсіп: Сен ештеңе ойлама, мен аш емеспін, – дедіде, құшағын жайып өзіне тартты: көптен сенің ерніңді сүймеген соң, уайымың осы емеспа? – деді. Ғалия жарының баурына кіріп, белінен құшақтап, аузын апара берді, сүй енді дегендей, бетін түйістіріп, ақ жүзін көрсетіп, құлай берді.

Қолаң шашын артына тастап, жібектей созылған жиіншке белін, денесіне қарай жылжыта берді. Соққан қос жүрек, ыстық лебімен толастамай, құлашын жазбай, біраз тұрды,

махббат сезіміне бөленіп, сүйісумен болды, сағыныш мұңы тарқамады. Біраз уақыт, оқуынан сұранып, Шилі өңіріне барып көктемгі егіске көмектесу ойында болды. Ғалияда демалыс алып, бірге ауылға оралды. Биыл жаңбыр көп, егістік алқапты, ылғалға толтырды. Бірақ тездетіп, егін себуді мақсат тұтты. Бүкіл халықты көтеріп, «Үме» жасады. Қоғабай өгіз жеттектеп, жер өңдеп тұқым септі. Өзімен бірге жүрген жолдастары, құрдас-қатары Ғарыпжан, Қарауылбек, Жаппас, Беғалыларда аянбады, белсенділік танытып, отырмады. Бір жетінің ішінде, аяқталып көлемді егістік жеріне бидай мен тары егілді. Жауын толастамады, жұрт көңілі көтеріліп, молшылық болады деп, айтумен болды. Бидай көтеріліп, көк алқапты басып, ұзарып жатты. «Шилі» колхоы биыл аянып қалған жоқ, жер қосымша жыртылып, үлкен аймаққа кеңіді. Қоғабайды ауыл достары, қатты силады, оның адамгершілігімен, білімділігі сөзге шешен, орысша жақсы, білетіндігін байқатты. Өткірлігімен айтар ойын, жұрт алдына жеткізіп, жүрді.

Екі жарылып, тұрған қалың ел тобы Қарасу бойыдағы, Шүмекті ауылы қаз-қатар отау тіккен. Шапқылап кеп, тоқтап тұрысып қалған аттылар тобыда мол. Айсұлуға құда түсіп, пісіп отырған ақылды қыздың, келбетіне қызыққан, күйеу жарандар, келген беті осы еді. Қалың мал шұбырындысын қоса айдап, тобыр болып, елді дүр сілкіндірді. Қыз уәдесін бермеседе, баса-көктеп, Жылқыбайдың уәде еткенін топшылап, айтумен жеткізді. Топтың басы- сұңғақ бойлы, шоқша жирен сақалды, орақ тұмсықтау келген, қара кісі Сәлен. Ол бұл елдің біреуіне көз тастап, ілтисат қылмады. Келген топ, басым айтып, тойдың басталуын қалады. Әке сөзінің үні өшті. Қолқадан қол салғандар, аяңғысы келмеді, құдамыз деп, төрге жайғасып, ән айтуға бұйрық етті. Айсұлудың анасы Бибіжарда бұлай тез арада, болады деп ойламаған еді.

Жылқыбайды сөйлетпей, құданың ішіндегі сөзге шешен, егіде кісі, өзі сөйлеп, қалың жұртты өзіне қаратып, назарын аударуға тырысып бақты. «Қыз жат-жұртқа» жаратқан жасы келгеннен соң, жолын тапқан дұрыс, құда болып, «қалыңдық» өткізіп, той жасау атадан қалған іс емес пе? – деді. Қосшыларыда бір ауыздан, қостап бас изесті. Күйеу Сәленді көрсетіп, қыз жағына ығыстырды. Бибіжар ұзын-дәу қараны көргенде ыршып түсіп: Менің қызыма лайық адам емес, бұл қай мазағың, – деп, ортадағы егде шалға бас салды. Жоқ! құдағи бір тоқтамға келейік, аталы сөз, «аяқтыны тоқтатады» деген емес пе?! Ертең сізге бізденде, жақын болады, – деді келте жауап айтып. Жылқыбайда: Бұл қай басынғаның, мұндай келісім болған жоқ, өз теңі, қызымның ұнатқаны болсын деп, қадап айтқан уәдем бар еді, – деді күрсініп.

Сонда қалай болғаны: Берсең жолыңнан, бермесен жоныңнан алам дегенің ба? – деді анасы. Қыз тобырдың тоқтамай, қалың малдың құнын сұрап, жан-жалға бет бұрғанын байқап қалып, жұрт алдына өзі шыға келді. Қамшат бөркі басында жұпыны киінген, ашулы қабағы, кейп танытқан, қалпын беріп, тобыр жаққа жылжи берді: Сендер ұялсаңдаршы, қаюан емессіңдер, осында үлкенінде бар, кішінде бар, малға сатып алатын зат емеспін, жетектеп алып, кете беретін ботадай боздаған мал емеспін, құдайға шүкір әке-шешем бар, туғантуыс ағайыным тағы бар, сүйген жігітім тағы бар. Мұндай тобыр болып, алуға келдіңдер ма? әлде шабуға келдіңдер ма? Соны айтыңдар, әйтпесе жаңа үкімет алдында жауап бересіңдер, – деді өткірлік танытып. Айтуы мұң екен, Қанат бастаған «қызыл жағалылар» сау етті. Сырттағы қалың жұрттың ызасы қанап, Айсұлудың жауабын күткен еді. Жалма-жан үйді қоршап алып, үйдегілерді қуып шығып, қамауға ала бастады. Қолдарына кісен салынып, жауап ала бастады.

Жанжалға жаны құмар күйеу Сәленді, тобымен түрмеге алып кетті. Қалың мал түгелдей үкімет қарамағына өтті. Қыздар отауға жиналып, ән айтудан бастады. Көңілді оралған Айсұлу ажары сұлу келбетімен, мөлдір кара көзін жалт еткізіп, бетін бұрып, жылжи басып, Қанатқа қарай, екі қолын соза берді. Есіктен жаңа кірген Қанат, Айсұлуды құшқтап, денесіне жабыса берді, қызуын бірден аңғарып, қалып бауырына тарта бастады, бетінен сүйіп, ыстығын басты. Оңаша қаған екеуі, құшағын айырмай біраз тұрды, жүректері жарасып, шын сүйегіндігін жасырмады. Айсұлуға дамыл тапқызбай, «қызға кім сөз айтпайды, қымызды кім ішпейді» деген қағидалы сөз ойына түсіп, келушілер көбейіп, дамыл таппады. Атағы алысқа жайылған ақылды-сұлу қыз Айсұлу есімі, жұрт аузынан тастамады. Жігіттерде бір сөйлесіп, қалуды арман еткенін есіне алды.

Қанат Айсұлуды мұнда жалғыз қалдырмауға, әдейі алып кетуге келген еді. Келерде Қоғабайға ақылдасып, жалғыз бармауын, қарақшылар қолында «шайт» болып кетесің депте ескерткен. Хабарласып, милицияныда бірге жіберткенде сол болатын. Айсұлуды алып кел, қалдырма жалғыз емессің, көмек болады деп, сендірді. Жатахана ішінен шағын бөлмені жабдықтап, әсем етті. Төсек орын әкеліп, төсағашта қойылды. Кешкілік ымырт уақыты. Жер бетін қараңғылық басып, көз көрінбеді. Қанат Айсұлуды ертіп, қара жолға бет алды. Ешкімге сездірмеді. Жолай көлік кездесіп, қалаға жеткізіп салуға келісті. Желіген ат жүрісі, ауылдан ұзап ктті. Арманына жаңа ғана қолы жеткен, Айсұлу Қанат құшағынан шықпады. Камшат бөрігі басында, маржан тартқан оюлы қамзелі, бойына жарасқан көк көйлегі, ақшыл өңін ашып, келбетін сұлу етіп көрсетіп келеді. Қанаттың ой арманы, жылдар өткізіп,

Айсұлуды өзіне тартып, сүйгені жаңа ғана бауыр баса бастағаны еді. Айсұлу сөзінде тұрып, біраз жыл үйінде отырып күткен еді. Қанатты айтып, ешкімге де сездірмеді, жылдар өткізіп, сағынышын білдірмеді.

Бүгін Айсұлу жүзінде, шапақ атқан нұр жұлдызы сәуле шашып, бақыт құшағында болғандай, ажарын ашқан қуаныш өңі, келбетімен жарасып, сұлуланып келеді. Маңдай жарқырап, бақыт босағасын өз сүйгенімен аттағандай, сезімге бөлене берді. Нұрлы жүзі, қара көзімен ажарын ашқандай, түрленіп қояды. Айсұлудың сұңғақ бойына жарасқан киімдріде, өңін ашып, ажарландыра түседі. Қуана күлген еріндеріде, сәл діріл қағып қояды. Ұзын шашы, өнерлеп өрген келбетін жасап, артына жіберген. Қанат жарының жүзіне басын түйістіріп, ақ тамағынан сүйіп, Айсұлу денесін өзіне тартып, құшақтап қояды. Сыр сұлуындай, құшағына кіріп, бойына жабыса берді. Жатахана алдында күтіп тұрған, Қоғабай мен Ғалияны көріп, Қанат арбадан секіріп түсіп, есікке қарай нұсқады. Арбадан Айсұлуды көтеріп алып, жерге түсірді. Қасына келген Қоғабай мен Ғалияны таныстырып, Айсұлумен ішке кірді. Айтса айтқандай екен, тамаша бөлме, тап-таза төсеғаш пен мамық жастық қойылған. Бұрышқа газ плита мен ыдыс-аяқтар жиналып қалыпты. Ғалия шай дайындап, тамақты біздің бөлмеден ішіндер деп, хабар етті.

Қанат: Қоғабай сен болмағанда, Айсұлудан мәңгілік айырлатын едім, 20 шақты аттылар «болса жолынан, болмаса жонынан» әктеміз деп, бүлік салды, бәрін қиратып, зомбылық жасаумен болды, қарулы қолдар бірінен соң бірі көтеріліп, төбелес ашуға дайын тұрды. Ақылға көніп, ымыраға келмеді. Сен хабар еткен милиция жасақтары уақытында барып, үстінен түсті, мұршасы құрып, бәріде қолға түсіп, кісенделді. Қара дөңкейі «күйеу» сымақ бірден ұсталып, түрмеге алып кетті.



Қаншама табын малды айдап әкеліп, қызды байлап-матап әкетуге бекінген Сәлен тобы құртылып, табынды үкіметке өткізді. Достар әңгімесі түн бойына жалғасты. Айсұлу қуанышында шек болмады. Ауыл мектебін жақсы бітірген, оқуға алса Ғалия мен бірге оқыр едім, деп ойында білдірді. Қоғабай: Сөйлесіп, бір жағыдайын жасармыз, – деді. Ғалия жұмсақ етіп, екеуіне төсек салып, дайын етті.

Қанат пен Айсұлудың алғашқы кездесуі, көп жылдан бергі, арман-ойларының түйіскен кезі, бақыт жолы, бірге тоғысып, бірге болды. Ал, қызыл матамен жабылған, жұмсақ мамық үстіне Айсұлу денесін құшақтап алып, көтеріп салды. Басына құс жастық орнаған беті, Қанат келіп, денесін жақындата берді, құшағын ашып, қос қолымен Айсұлу денесін, өзіне тартып, жібектей белін, ақырын ғана икемдей берді. Қызулы денесі, алып ұшып, бойын балқытты, тәттілік билеген денесі, ләзат сезіммен жалғаса беді. Сүйіскен еріндері ажырамады, қос жүректің лаулаған жалынымен жата берді. Танды атырып, мәңгілік махаббат бесігіне бөленіп, ажарлы жүздерімен бақыт құшағына орала берді.

Әке-анасы қызының сүйген адамына, кеткенін естіп, Әсіресе, Бибіжардың аналық сезімі, Айсұлуының өмірде жыламауын, арман еткені, орындалғандай, жүрегіннің жаңа орнына түскенін, жаңа білді. Айсұлудың жарқын келбеті, салмақты мінезі, Ғалияға қатты ұнады. Уақыт өткізбей, бәріменде танысып үлгірді. Тойымыз кейін болады деп, топшылады. Демалыс күндері, студенттер жиналып, ән кештерін өткізді. Достарының арасында Айсұлу ән айтып, көпшілік назарын өзіне қаратып үлгірді. Ашық дауысы, алысқа самғап, ұшқан құстай елең алып, ән сазын жалғастыра берді. Ғалияда қоса шырқап, ән-думанын асқақтатып, жастарды орап алды. Қайта

айтқызып, жаңа өмір жолына қол созған жастар легі толастамай, ән болып жүрегінде сақталып, мәңгілікке жалғаса берді. Қанат күн өткен сайын, Айсұлуды сағынышпен оралатынын айтып сендірді. Еліне хабар жіберіп, Меңдіқара, бойындағы аулына, барып той өткізуге дайындалып, жолдастарымен бір демалысты белгілеп, өткізуге баратынын жеткізді. Арнаулы көліктер жіберіліп, алғызатын болды. Айсұлу киімдерін дайындап, өзіне жарасымды көйлегін тікті, қамзелін ноқалап, атласпен безендірді. Қамшат бөрігінде жаңалап, барқыт көк матамен жаңалады.

Қанатта жаңа қара костюм сатып алып, ақ көйлегімен қызыл галстук тағынып, шығуға дайын етті. Демалыс күні. Көсемдеп жеккен кимелі арба, көк – жасыл кілем төселген, қоңыраулы қос аттың, екі жағы, көше бойын, ән салған сыбызғы дауысындай, сылдыр қағып, жарқырап шыға берді. Көше бойын, қуалай, қоңыраулы арба көсемін, байқаған қала тұрғындары, желіген аттың жүрісін көріп, алыстан көз алмай қараумен қала берді. Баратын жер алыс емес, жүйіткумен отырдық, әбсәтте ауылғада келіп кірдік. Бөтен жер, бейтаныс кісілер, көш легін тоқттып, келіншектер тобы қарсы алып, шашу шашып, Айсұлуды ортаға алып, басына ақ шалы тартып, жаюлатып барып, үйге кіргізді. Жиналған көп адам, бізге орын беріп, құрметпен қарсы алды. Көңілді кеш, бетін ашып, ән сазымен жалғаса берді. Өлден соң, қонақтар әнін тыңдалық деген дауыстар шыға бастады. Айсұлу жаныда отырған Ғалия көпшілікке бетін бұрып, ән ырғағымен, ашық даусын, әдемі етіп, жұрт көңіліне жағатындай назды үнімен жалғастыра берді. Ғалия әнін тыңдағандар, таңдай қағып, кереметтігін ұғынып, құлағына сіңіп, жүректеріне жағып, бойларын билегендей, әсер қалдыра берді.

Қоғабай мен Ғалияны көрген қыздар, «сұлулығын» айтып, өз ара күбірлесіп, той бойына, танданумен болды. Қанат ауыл адамдарына, жолдастарын таныстырып, осылардың арқасында, сүйген жарым Айсұлуды, азаптан құтқарып «тоқалдыққа» әкетейін деп, жатқан жерінен құтқарып, алып қалғанын баян етті. Көпшілік сүйген жарын көруге асықты, ән салып беруін сұрап, қол соқты. Ғалия мен қатарласып, көпшілікке қарай, жылжи берді. Бәрінінде назары, жас келінді көріп қалу болды. Айсұлу, жарқ етіп, қамшат бөрік басына киіп, ұзын денесімен жарасқан ақ көйлегі, етегі желбіршекпен, әсемдеп, тігілген, мәнерлі қамзелі, тамаша болып жараса түскен, келінді көргенде, сұлулық ажарын байқаған ауыл жұрты, таң-тамаша қалысты. Әнді алғаш, тыңдаған көпшілік риза болып, қол соғумен, екі сұлу қызға алғыстарын аямады, тамылжыған үнін естіп «осындай сұлулар» болат екен деп, тарқасқан халық жүрегінде сақталып, қала берді. Той өтісімен, қалаға оралған достары, Айсұлудың бухалтірлік оқуға кіріп, оқи бастағанын көріп, жақсы маман болуын қостады.

Назым сабақтан келісімен, стол үстіндегі хатқа бірден көзі түсті. Жалма-жан қуанып, анасынан келген, хат деп, ойлап ашып оқи бастады. Хатта: Қымбатты құрбым, Назым! жастайымыздан бірге жүріп, бірге ойнадық, ауыл мектебінде, бірге оқып, бір партада отырып, білім алғанымыз менің әлі есімде. Менің жағыдайым өте мүшкіл, әкем «Қойлы» ауылына барып, құда түсіп, мені жақында, беруге уәделесіп, қайтып оралды. Отау тігіп «қыз жасауына» кірісіп жатыр. Баратын күйеуім, шоқша сақалды, басы таз, алпыстың қыратына шығып, екінші әйел ғып, алмақшы болыпты. Бәйбішесінен бала болмаған соң, отырған қыз деп, екі жақты құда түсе бастағанын жеткізді. Амалын тауып, бұл құрсаудан, мені алып

кетіп, құтқарсандар екен, – деді көз жасымды төгіп отырып, жасырын жазған хатым еді. Мен құрбың Сырғалым депті.

Хатты оқысымен, жан түршігелік, Сырғалымның жағыдайын естіген соң, орын таппады. Бір қызарып, бір солумен Дидарды күтіп отырды, ешнәрсеге зауқы болмады, көңілі өшіп, денесі суыды. Әрі ойлап, бері ойлап, қол үшін берсем құрбыма деген ой мазалаумен болды, амал табылмады. Дидар келген соң бір амалын табармыз, деген тұжырымға келе бастады. Дидарға көрсетсем, хатты оқып, Сырғалым құрбысының көз жасы тиылмай, көп жылаған күндері Назымның да есінен шықпады. Жоқ! заман тартысына, қарсы тұрып, өз бақытын табады деп, сенді. Назымның көзінің жасы тиылмады, кеше ғана бірге өскен құрбысын, зұлымдыққа қимады, жылай берді. Келіп кірген Дидар Назымды көріп, шошып кетті, бір сұмдықтың болғанын сезіп, жұбата бастады. Хатын беріп, Сырғалымның жылап жазған хатын оқып, қайран қалды. Қайран заман-ай! Жазықсыз жандарды «бодау» еткен, қашан тиылар екен, – деп ой түйген Дидар, Назымды алып, Қоғабай мен Ғалияға жолығуды жөн көрді. Булығып жылаған Назымның түрін көріп, шошып кеткен Ғалия атып тұрып, не болғанын сұрастыра бастады. Хатты оқысымен Қоғбай: Сен Мақан екеуің, «Жайылма» ауылына барып, жасырын түрде кеш болысымен, ешкімге сездірмей, алып қашу керек, сондықтан бар ақшаны жолыңа беріп, көлік жалдап, Сырғалымды осында жеткізіндер, – деді. Ертеніне, Мақан мен Дидар Батпаққара бойына қарай, көшке ілесіп, созылған қара жолдың бағытымен, қыр асып, жазық дала қойнауына ілесе берді. Біраз жүріп, күн бата Жайылмаға келіп, бас тіреді. Қолына Назымның берген хаты бар, соны табыстау үшін, Дидар өзі білетін, Назымның үйін тауып алып, анасына сәлем етті.

Қуанған ана, қарсы алып, жасырынып барып, Сырғалымға хат ұсынды. Қуанғаннан жылап жіберген, қыз көз жасын білдірмей, бетін орамалымен сүрте бастады. Сырғалым хатты оқып, тез киіндіде, жұпыны түрімен, Назымның үйіне келіп кірді. Аппақ жүзі, сұлу келбетімен, келіскен қызды, Мақан мен Дидар қарсы алып, төр жаққа келуін нұсқады. Есік тиектеліп, қауыпсыз үй ішінде, келісуді ұйғарды. Мақан бірден ұнатып, Сырғалымға орындық ұсынды, ақырын жылжи басып, жайғастыда: Мен ықтиярсыз бір қапаста, қапыда жүрген жанмын. Атым Сырғалым, жүрісім көп жанға ұғымсыз. Ертен біреудің басыбайлы, меншіктісі болар күйім бар. Биыл жақында күйеу келмекші. Кім екенін, қаншалық қасиет, нәрі бар екенін білмеймін, бірақ екінші қатын етпек, алпыстан асқан, шоқша сақалды, басы таз дегенді айтады. Көп естіген боларсыз, қазақта мұңды қыз аз ба? «Сүймеймін, басыма азаттық әперсін» деп, әкеме, анамды екі рет салып едім, ырзалық ала алмадым. Әліде өзге күнде, алдымнан шығар, жанашыр жоқ. Күйім жүдеу болған соң, өз үйім өзіме қапа болды. Келер күнді ойласам біржолата түнілем. Тіпті, тірлік, тірлік дегенде, көп түңілетін шақтарым болды. Осы қорлықты көргенше, «өкінбейін, зарлаймын, алсайшы! «деп, көп жылайтын түндерімде болды, – деп, қыз мандайын нәзік саусақтарымен сүйеп, ыстық көзіндегі жасты орамалымен басты.

Мақан аяған ыңғай танытып: Сіз енді жалғыз емессіз біз бармыз, киімдеріңді алып, Дидар екеуің, жанға білдірмей, қара жол бойына, аяндайтын болындар, – деді. Мен сендерді, ат арбада күтіп, дайын етем, деп сөзін жалғады. Олар ақырын басып, үйден шықты, тез киініп, жол бағытына жылжи жөнелді. Ауыл шетіндегі, қара жол үстіндегі, ат арбаны көзі шалды. Сырғалым шапшандық танытып, арбаға үшеулеп жайғасқан бетін, қалаға қарай түзеді. Желіген ат жүрісі, ызғып отырды,

әр қоныста сығырайған, май шамының жарығы көрініп, артымызда қала берді. Қалаға жақындап, ұзап кеткенімізді байқап, көңілді күйге орала бердік. Мақан Сырғалымды қасына алып, сүйкімділігін ұнатып, жылы сөздерімен «қулық» айтып, күлдіріп қояды. Сырғалым: Ән айтып, жол қысқартуын сұрағандай, ой білдірді. Әрине! – деді Мақан қуанып, көңіліміз көтеріліп, аянышты-қорқыныштан, бойымыз сұйылып, тамаша рай билгендей болды, – деді. Сырғалым өткір, қыз, табанада жол тауып, Ән сазына ауыса бастады, өзі шығарған өлендермен, алысқа естіліп, жүрек толқынын орап алды. Тамаша әні, асқақ дауысы бәрінеде ұнады. Мақан: Сырғалым сен тоңдың ғой, түн салқын, жел қарсы тұрып, тіптен суытып жіберді деп, шапанын жапты, ауырып қалма деп, қымтаумен болды. Мақанға ұнаған қыздың, осындай болуын қалады, жақсы көріп, ешкімге сездірмеді, әдемі келбетін ұнатып, Сырғалымның жанынан кеткісі келмеді.

Ауыл қызы, жасы келген, Сырғалым сұлу жігіт Мақанды іштей ұнатып, әрбір қимылын бақылап, бағып отырды. Сыр білдірмеді. Қалаға жетіп, үйге келіп тоқтадық. Сырғалымды көрген Назым, жүгіріп келіп құшақтап, жылап үлгірді, қуанышында шек болмады, құрбысының бетінен сүйіп, маңынан шықпады. Естісімен Қоғабай мен Ғалияда келіп, аман-сау келген достарына дән риз болып, бәрімен қауысты. Сырғалым жатырқамады, танысып бірден білген соң, өз жағыдайын айтып, азап көргенін, жылаумен күн өкізгенін, қатал өмірдің қысымы әліде ел ішінде сақталып, қара бұлт серпілмей, талай қыздардың «бодауға» кеткенін, баян етті. Дидар мен Мақанды жібермегенде, өмірім тоз болып, екінші әйелі болып «тоқалдық» күн кешіп, отымен кіріп, күлімен шығатын едім, – деді.

Қазақтың осындай, ұлдарын берген, тамаша жігіттері, болашақ еліміздің тірегі емес пе? Сондықтан олардың Қоғабай

мен Ғалиядай бір-біріне «ғашық» болып қосылуын қалар едім. Құрбысы Назым: Сырғалым жасынан шебер, ауылдың бар киімін өзі тігіп, әсіресе қыздарға тіккен көйлегі, денесіне қонымды етіп, ал өз киімін, мүсіндей етіп киіп шыққанда танымайда қалатын быз, – деді. Өте мақтап жібердің ғой! – деді Сырғалым күле сөйлеп. Сырғалым біраздан кейін, киініп шығып өзінің тіккен киімдерімен бөлісті, басында қамшат бөрігі, ұзын көк көйлегі, желбіршек салып, әдейі әсем еткен, денесіне құйып қойғандай, мәнерлі қамзелі, қызыл береннен тігілген, қазақтың ұлттық оюларымен тігіліп, көрікті жүзін сұлу етіп, рең бергендей, шыға келді.

Көңілді келбеті, ашық ажарымен, жымдасып арман, тілегін, аяққа бастырмай, зұлымық істерін, серпіп тастап, өжет қыз екенін көрсете білді. Сұрапыл дауыл өткелі, қыз әбірөйін, құлаң дүзге апарып, күң қылуды арман еткен, тоқал етіп, бас пайдасын, көздеген қу-дұшпандар ұсталып, биік тордың аржағында ғұмыр өткізетін, уақытын белгілеп, құлыпталды. Жастар көңілі жарасымды, бой тартып, ән кешіне ұласа берді. Би сазыда жалғасып, музыка бойды билеп, ала жөнелді. Қоғабай мен Ғалия биге шығып, музыка әуенімен, көпшілікті орап алды. Біртіндеп басқаларыда жұбайымен, биге шығып, көңілді күй жалғасып, махаббат назына бөлене берді. Мақан алғаш рет, Сырғалымды биге шақырып, сүйген сырымен бөліскісі келді, құшағын жақындатып, белінен ұстап, ақырын ғана жылжытып, өзіне қарай икемдеумен болды. Сағыныш сезімі, құлпырып сала берді, Сырғалымда құшағын аямады, денелері түйісіп, сүйіспеншілік отына жақындай берді, алып ұшқан қос жүрек соғысы, жалынды нұрымен, биін жалғай берді. Сырғалымға бәрініңде көңілі толып, Мақанға ыңғайлай берді. Екі жастың қадамыда сол болды. Жастар кеші өлең-жыр мен жалғасып, ақ көңілдері тоғысты.

Мақан Сырғалымды қатты сүйді, оның әрбір сөзін, құптап ой бөлісіп, келешекте «тігін салонын» ашуға талабын байқады, өнерлі қолы, бақытына сая бола бастағанын аңғарды. Қайтсемде, көмектесем, – деген ой түйді. Расында солай болды.

Көше бойлап, Мақан екеуі, іздеп, «қол-өнер училищасын» тауып, алып қабылданды, өнерлі жасты, бірден қабылдады. Сырғалым орнығып, оқуын жалғастыра берді. Мақан: Менде осындай мұнды болып, Сырғалым сыяқты, қайғы-зұлымдықты басымнан өткізіп, Қоғабай досымның арқасында, жаңа өмірге қол жеткізіп, анам мен інімде бақытты от басын құрып, жаңа өмірге аяқ баса бастаған жайымыз бар, – деді. Қара түнек, үйірілген бұлтта кетіп, жайдарлы ел қатарынан орын алдық. «Қол-өнер» алаңы, жастар легі, оқуға келіп, үлкен кең аймқты алып, обылыс бойынша қаншама кадрларды дайындап, еңбек жолына бағыттап отырғандай, кеіп білдірді. Ішке кіре бергенде, қабылдау бөлімін сұрап, ыңғай етті.

Бөлме іші жихаздарға толы, өрнектелген тоқыма кілемнен басталып, сырт киімге дейін, көйлек термен сықасқан түрлі-түсті бойнаулармен түрін беріп, сәнді етіп, ілінген. Фабрика емес бұл қалай деп, таңғаласың. Отырған орыс, әйелі, комиссия бастығы бізді жоғары шығарып, қарсы ала бастады. Сырғалым жүзіне қараумен болды, сұлу қыздың мұнда қалай келгеніне аң-таң болып жалғаса берді. Біз бастан-аяқ болған өнер ісімізді айтып, риза еттік. Ол салған жерден бізде: «модолер» бөлімшесі бар, соған түсіп оқуына болады, – деді. Сырғалымның ойыда сол болатын, келісе кетті. Әлгі әйел бізді ертіп, көрмеге дайындалып жатқан тігілген киім формаларын көрсетіп бәйек болды. Олда Сырғалымның талантты жас қыз екенін, байқап жақсы маман болуына, сәттілік тіледі.

Мақан Қоғабайдың жан досы, талай рет Шилі өңіріне барып, тамаша үйлер салып, ауыл көркін сәнді етуге қатысқан.



Үйге барған сайын, туған ана сөзі: Өмірдің асқар қуанышымен, барлық бақыт Қоғабай мен Ғалияма берсін, көп жасап ұзақ өмір сүрсін, «Қозы мен Баяндай» сұлу махаббат берсін! – деген тілегін жеткізіп отырмын, – деді. Анам сіздерді түгел, колхоздың жана төрт бөлмелі үйіне, қонаққа келуін шақырады, Сырғалымда қалмасын, – деді Мақан. Бәріде ризашылық білдіріп, демалыста баруға келісті. Мақан Сырғалым жанынан шықпады. Сұлу әдемі келбеті, қара көзі, қилған қасы, бұрымды қою қара шашы, өзіне өң беріп, сипт көрсетіп отырған, Сырғалым жүзі күлімдеп, көңілі ашыла бастады. Бәріде осыны күткен еді. Қоғбай тағыда бастама көтеріп, енді мал қораларын салуға, кохозға баратынын хабар етті. Хатшы сөзі, жастарға бұйрық болып, бекіді.

Жайылма ауылы. Қыз қашты деген лақап, ауылға тез таарады. Қыз жасауыда бос қалды. Әкесі барып, құдалары мен кездесіп, алым-берімді, тыйанақтап қызды беруге келіскен еді. Қатал әке, үй ішін қуырып, бүлік салды. Орынсыз бекер, қылығыңыз қалай? – деген ауыл үлкендерінің сөзін құлағына ілмеді. Айттым бітті! – деген сөз қайтарылып, өз дегенін істей бастады. Құда келетін уақыты жақыдап, алпыстан асқан, шоқша сақалды, «күйеуді» шақырып, бір жола қызды арбасына салып, жіберуге келіскен еді. Аспан құлағандай, күн кешкен әке жағыдайы, көрші көлем, ел жұртпен арпалысы басылмады. Түйдек ақылсыз ойын, мұрт мінезін ешкім ұнатпады. Байлыққа қызығып, үйір-үйір жылқы ұстағысы келді. Беделін асырып, билік айтуға құштар болды. Бұлай болмады. Шаңырағы ортасына түсті. Отаулары қаңырап бос қалды. Түнектері жабылып, қараңғы есіз үйде, күңірейген әке сиқы, жалғыз қалды. Келмеуге хабар жіберіп, ескімен есіргендерге, жамау етер, айтар сөзі қалмаған әке сөзін, ешкім тыңдағысы келмеді,

елге күлкі болып, мазақ етті. Құйын басқан, құбылыс алысқа бармады, Сырғалым дауы, бітіспей келіспеді.

«Күйеу» қарулы адамдар жинап, сөзге шешен ақсақалын алып, «Жайылма» аулына, барып айдаған табынымен, көш бастап жолға шықты. Мұндай төңкіріс, ұйымдасқан шабуылдың алдын сезіп, аудан «сақшылары» Күйік маңын торулап, жендеттерін тоқтатып қолға түсірді. Аяпты деп, жазалап, екі жақты ымыраға келтіріп, совет заңы алдында жауапты екенін ескертті. Колхоз өсіп, қоғамдық өмір бастала бастады.

Бөлмеде жалғыз екеуі қалды. Басқа адам болмады. Сырғалым отырған жерінен қозғала берді, бетін бұрып, Мақан жағына жылжи түсті. Мақанның айтпақ ойын тыңдап: Сені бірінші көргеннен бері, өте сүйдім, ақылды, өжет, өткірлігің және бар. Үй болып, жеке от басын құрғым келеді, соны арман етіп, құшақтап күн сайын сүйсем деген, мен үшін үлкен бақыт, – деді. Қасына отырып, Сырғалымның әдемі келбетіне карап, аппақ жүзін жаңа көргендей, бетін бұрып, қолын ұстады. Ыстық қолын, ақсаусағымен өзіне тартып: Менде бірінші көргенде-ақ қайран жігітім, осындай болса не арманым бар еді, – деп ішіме түйген едім. Сол сезімім бүгін шындыққа айналып, отырғанын білдім. Кешеден бері, жан ұшырып, маған деген ынтызарың, сүйген қалып танытып, жүргеніңді бағыда байқағанмын, – деді қолын алмай.

Мақан: Мен сені өте сүйемін, жанымдай жақсы көремін «жүрегіме» ғашықтық сезім орнап, өмірлік бақытты етуге сөз беремін, – деді. Алып ұшқан, қос жүрек, лаулаған өрттей, ыстық денесімен, қос қолын айқара ашқан Мақан Сырғалымды құшақтап, өзіне тартып, бауырына қысты. Сырғалымда жібектей асыл денесімен, құшағына кіріп, бауырына икемделіп жылжи берді. Жүзін беріп, жұмсақ еріндерімен жабысып, ауызымен сүйісе бастады, айырылмады. Демалыс күндеріде келіп

жетті. Мақан арнайы көлік әкеліп, Қоғабай мен Ғалияны бас етіп, Сырғалымды бірге алып, «Қызыл ту» ауылына оралды.

Мақанның үйі, кіре беріс есіктен, оң аяғымен басып, Ғалия мен Назым, Сырғалымды ортасына алып, кірген бойда анасы Майторыға иіліп, сәлем етті, шашу шашылып, қуанысты. Батасын беріп, үшеуінінде бетінен сүйіп, бақытты болуын тіледі. Дастархан басына бәрі жиналып, жайғасты. Көптен күткен, осы кезді Майторы: Қоғабай мен Ғалия, Дидар мен Назым, Қанат пен Айсұлу, жаңа келген Сырғалым, менің сендер туған баламсындар, мендей ананың қамын ойлап, қайғы-қасырет, зұлым өмірден құтқардыңдар, сендер болмағанда бізді аналық дағыдырымыз не болмақ?! Қайғы-қасырет күн кешіп, зұлымдық өмірдің табанына түсіп, бишаралықты басынан кешкен, қазақ қыздарының жас өмірі «бодауға» кетіп, «мәңгілік» болып, кісі есігінде жылағанын, көзімізбен көрдік. Жаңа заманның, тәртібін ысырып тастап, елді суайт, жылпос, бау кеспелер әмірін жүргізіп отырған кезде, қалың жұрт қазағымның басынан қара бұлт кетпей, халын мүшкіл етіп, әйелдерін күң етіп, еркегін-жалшы етіп, аяздай батырды емес пе?! – деді көзіне жас алып, орамалымен сүртіп, сөзін жалғастырды: Енді міне, сендер өзім сүйген балаларым, әр уақытта бақытты болып, сүйіп қосылған-қосақтарың аман болып, жұптарың жазылмасын, оқу оқып, білімді азамат болып, ел дағыдырын шешетін, халықтың күн көрісін білетін, жетім-жесірлердің жыламауын, бақылайтын, міне сендер, білімді жастардың қолында, – деді Майторы.

Кеш соңында тамаша ән шырқалды. Ғалия бастап шырқаған ән, Назым мұңымен жалғасып, Айсұлу ашық дауысымен алып, жөнелді кешкі дауыс алысқа естіліп, ауа толқынымен жалғасып жатты. Ұялма Сырғалым! сенің әніңдіде естісін, Майторы-ана! – деп, Ғалия қасына отырып

энге тартты. Кескіні камшат бөркімен жарасқан, көк көйлегі денесіне түсіп, қима беліне жабысқан, мәнерлі қызыл қамзелі, түрлі оюлармен безендірілген, ақ бетінің түрін ашып, сұлу жүзінің келбетін, көпшілікке бұрып, сазды дауысымен, ән шырқай жөнелді, көпшілік назарын бірден өзіне аударып, талантты екенін танытты. Майторы сүйкімді қызды бірден ұнатып, көз қарасын Сырғалымнан айырмады. Балаларының әнін тыңдаған Майторы, жаңа өмірдің нұрына бөленіп, қыздардың көңілді ажарын көріп қуанды, қуанышы қойнына сиймай, көңілі өсті. Кетерінде қимай, бәрінінде беттерінен сүйіп, бақыт тілеп, «батасын» берді. Майторы сүттен істеген, он екі түрлі, тағамдар беріп, барлығына да си жасады. Қоғабай әр қашанда аузынан тастамай: Апаның жасаған ірімшігі, бринза мен сүзбе құрты, созылмалы қаймағы, тамаша дәмділігі аузыңнан кетпейтін еді, – деді.

Сырғалымға оқу орны жатахана беріп, қабылдады. Оқу киын болмады, жақсы оқып, жана модыларды өзі ойлап-тігіп, жұрт көзіне көріне бастады. Үлкен комната беріліп, ішінен, шағын «тігін» шеберханасын ашып, жастарға арналған көйлек-модаларын, көрсете бастады. Басқада, төсек көрпелер мен сырт шапандар «қазақтың ұлттық оюларымен» әсемделіп, тіге бастады. Сырғалым қала көрмелеріне қатынасып, жастар киімінен мақтау алып, көпшіліктің құрметіне бөлене бастады. Сырғалым бір жыл ішінде, көп тәжірибеге ие болып, оқуын «Модалар» дипломымен, жақсыға бітіріп, кез келген жерде істеуіне жолдама алды. Мақанды қатты ұнатты, келісімін беріп, күйеуге шығатынын баян етті. Киетін киімдерін өзі тігіп дайындап, тамаша түрлерімен, қазақтың ұлттық дәстүрін салып, әрбір киімін, мүсіндей етіп, қызықтырды.

Қоғабай мен Ғалия Сырғалым шешімін, бірден қолдап, қатты қуанып: Майторы-ананың бағына лайық қыз, қолынан тамылжыған өнер, бойы толған ән мен сұлулық келбеті, жарасымды мінезі «жақсы келін» деп, бағалауға болады, – деді. Обылыс орталығы. Кең зал, Орталық дүкен. Ауыл шаруашылық көрмесі. Түрлі тамақтар қойылып, көрстілім басталды. Мақан: Көрмеге бәрімізде барайық, анам қатысады, – деді. Тез жиналып, орталық дүкенге бет алдық. Лег-легімен келіп жатқан қала тұрғындары мен алыс-жақын ауыл адамдары таусылар емес. Біде солардың сондарынан еріп, ішке кірдік. Майторы-ананың үстінде, жасыл күрте, көк көйлегі, үстіне киген ақ халаты, жұрт алдына шығып, сүттен істелген он екі түрлі тамақтарын көрстіп, сөзге шешендік тілімен жеткізіп, тәжірибесімен бөлісіп жатты. Кейбіреулері дәмін татып, қандай «ғажап» істелген, деп өнерлі-іскерлігіне таң қалып, мақтауын асырды.

Майторы балаларын көріп, баурына қысып, беттерінен сүйді. Қоғабай ананы құттықтап, Мақан мен Сырғалымның «Үйлену тойы» болатындығын жеткізді. Ана қуанып, салған жерден, Сырғалымды құшақтап: Құлыным! Ботам! – деп, екі бетінен кезек-кезек сүйе берді. Ана аманы орындалып, Мақан мен Сырғалым тойын, Қоғабай басқарып, дүркіретіп өткізді, бүкіл ел таңғалып, мұндай тойды өмірде көрмегенін сөз етіп, жастардың өнеріне таңғалысты. Шилі колхозы. Махмет басқарған шаруашылық жыл сайын өркендеп, қанатын жайып, егін көлемі үлкен алқапты алып, мал басыда өсіп, өрісі кеңейді.

Махмет атағы аудан емес, облыс көлеміне белгілі бола бастады. Қоғабай жастарды өзіне тартып, заман талабына сай, құрылған колхоздарға барып, көмектесуді, құрлыс-отрядтарымен, биылда Шилі колхозына жол тартты. Бірінші өзінің достарын әйелдерімен баруды талап етіп, кеңес берген. Сол бағыты

орындалып, көпшілік халықтың ортасына келіп, қуанысып, қарсы алып жатты. Сырт келген адамға құлпырған табиғат әлемі, бүгін ерекше, си тартып, орап алды. Көк жасыл тартқан мұнарлы ағаштар, қалың орман құрап, ауыл сәнін әсемдей берді. Сылдыр аққан былағыда ауа толқынымен жалғасып, құлаққа естіріп қояды. Ауыл маңында ойлы жиекке өскен қалың шөп, дала гүлімен, баяу сокқан жел үнімен ұштасып, тынымсыз қозғалады.

Күміс толқын бетіндей боп, кейде жылтырай түсіп, сәл сыбырлап, қана, болымсыз жыбыр қағады. Көзге ілінер – ілінбес жиі толқын, жана жібек, жүзіндей үнемі тынымсыз құбылған, жасыл аймақ жүзі жатыр. Жаз болғандықтан бөтеге көкшіл тартып, көде көк боюға көмілген. Кешкілік, сарқырап аққан бұлақ үні, анық естіліп, тартқан сыбызғы, дауысындай құлақа жылы тиіп, сылдыр күміс үнімен жалғасып, қайталаумен болады, ұзарып барып ауыл шетіндегі бау-бақша тоғанына барып құяды. Мал басын өсіру, колхоз алдындағы мақсат болып бекіді. Қоғабай Жар қонысынан бастап, бүкіл қонысқа бес отрядты бөліп, келген отыз адамды, мал қорасы мен үй салуға бекітті. Сырғалым өзімен бірге әкелген «тігін машинасымен» жергілікті жастарды ұйымдастырып, қыздарға көйлек тігумен айналыса бастады. Татарстаннан әкелген, түрлі-түсті маталардан, қыз-келіншектерге жарасымды етіп, денесіне құйып қойғандай, қызға мүсінді етіп, киіндіргенде бәріде таңғалып, қасынан шықпады. Ағылған жұрт жастар бастамасын қолдап өмірде болмаған, машинкасын көріп таңырқасты. Бұрын «қазақ байша» көктеп тігіп, олпы-солпы етіп тігіп алып, ден қоймай жүре беретін еді. Сырғалым ауыл қыздарын өзіне топтастырып, лайықты көйлек тігуді бастады, мүсіндей етіп, киіндірген қыз таңғалып, маңынан шықпады. Ауылғада, әсіресе жастарға осындай өзгерістер, әптен керек еді. Құрлыс

алаңы барлық қоныстарда, бастала бастады. Оп айдап, саман басты, қалауына қабырғаларын тез көтеріп, тастауды үйреніп алған жастар, қора мен үйлерді салуға қарқынын бастап ала жөнелді. Ағаш шебері Бекқожа, терезе есіктерді тез істеп беруге, уәделесті. Төбенің құрлыс – ағаштарын Нөкетай Бас Науырзымнан тарта бастады, өзі жүріп, тоқтатпай құрлыс алаңдарына жеткізіп отырды. Махмет барлық қоныс басшыларын жинап, қатаң түрде тапсырма беріп, барық жағынан, әсіресе етпен қамтамасыз етуді тапсырды.

Ахмет көк айғырымен шөпшілерді аралап, қарқынын бәсеңдетпей, қалған уақытын, дамыл таппай құрлыс жұмысын, бірге алып жүрді. Ертең осы құрлыстар бітсе, шағын ауыл атанып, жұмыскер қолы көбейетінін білді. Ғалия ауылдың қыз-келіншектерін жинап, «Үме» жасады, қабырғасы көтеріліп, төбесі жабылған, үй-қораларды, сылап, ақтаумен болды. Жар қонысы алыстан тізілген ақ отау құсаған үйлерге, әркімнің көңілі толып, жана өмірдің, айнасы болғандай, ой түсірді. Сырғалым үш ай ішінде бүкіл ауыл адамдарына жаңа көйлектер силап, Балқия деген жас қызды басшы етіп, үйретіп шығарды, әкелген «тігін машинасын» сиға тартып, жастарға табыс етті. Ауылда «тігін салоны» жұмыс істей бастады.

Үш айға созылған құрлыста аяқталып, үш күндей, болған жоқ, зымырап, өте шықты. Кетер алдында «Мәдениет-үйіне» жиналған халық, бүкіл қоныстардан келіп, жастар концертін тамашалады. Қоғабай басқарып, кезекті әнді Ғалияға беріледі, – деп, хабар етісімен, ду қол соғып қалың жұрт орындарынан тұрып, қошемет көрсетумен болды. Концертке өзінің туған ауылы, Қарағайлыданда көп адамдардың келгенін білді. Шырқалған ән, көпшіліктің жүрегіне жылы тиіп, асқақ дауысы алысқа естіліп, бүкіл елді орап алды. Тамылжыған назды үні, бәрінінде көңілдерін босатып, көзіне жас алғызды. Сұлу түріне

риза болған халық, басына үкілі қамшат бөрігі жарасқан, қима беліне, әсемдеп киген көк берен қамзелі, ұлттық дәстірмен оюланған, етек жиегі, ақ көйлегі, келбетіне өң беріп, сұлу етіп жұрт алдына шыға берді. Қайран қалған қауымда дән риза болып, Ғалияға тандай қағумен болды. Қоғабай тағыда сахна төріне Назымды шақырып, әнін жалғастырды. Тамаша жүзіне риза болған халық қайта-қайта қол соғып, құрмет етті.

Тағыда екі жұп ән шырқайды, – деп хабарлады Қоғабай. Айсұлуда көрікті киімімен жұрт алдына шыға келгенде, бірден ұнатып қол соқты, Шырқалған ән, тамаша өлең жырлармен толықты. Қоғабай: Үш ай ішінде өздеріне танымал болып, қыз-келіншестерге тамаша көйлек силап, Балқияны үйртіп шебер еткен, әкелген «машинкасында» сіздерге, си етіп қалдырған қыздарың Сырғалым әнін тындаңдар, – деді Қоғабай. Сықасқан халық, орындарынан тік тұрып уралап-қол соқты. Ақшыл сұлу бейнесіне, жарасқан киімдерін киіп, қызыл береннен тігілген үкілі қамшат бөрігі басында, сыландап шыға келгенде жұрт танымай қалысты, өзгеріп сахна артисі болып көріне берді. Асқақ дауысы, ән ырғағымен жалғасып, ауа толқынымен алысқа кете берді, жан сезімге бөленген халық көңілі, аспандай берді, ән әуенімен толысып, қош айтысқан халық легі, көпке дейін басылмады. Ұмытылмас із қалып, жұрт жүрегінде сақтала берді. Қоғабай концерттің біткенін хабарлап, қоныс малшыларына бақыт тілеп, еңбектері табысты болуын жеткізді. Ортабұлақ қонысынан келген, майталман бүркітші Абенді мақтап, көпшілікке әсіресе малшы қауымның малын қорғап, дала қасқырымен күресе білген, асқан ерлігі, қандай тамаша сөз айтып көтерседе аз, оның азаматтық істері, батылдығы басқаға, үлгі болып қала бермек, – деді Қоғабай Абенді құшақтап, арқасынан қақты, сахна төрінен мақтап,



көпшілік назарын аударып, қасында болды. Айтылған әнде Абенге арналатынын жеткізді.

Ертеңіне жастар-отряды жиналып аттануға бет алды, қоштасуға келген, халықта есеп болмады, қыз-келіншектер топ болып жиналғанға ұқсайды. Үлкендер батасын беріп, жыл сайын жаңа үйлерге кірген, малшы қауымда осында, қуаныш үстінде, Қоғабайдың бүркітші достарыда қалмапты. Қимастықпен шығарып салып, жас жұбайлармен қоштасып, ұзақ жолға дейін, қол былғап қала берді. Қауырт оқиға. Облыстық комсомол комитеті. Кең залға жиналған, сықасқан жастар. Бүкіл өңірдің хатшылары осында. Мінбеге, қара торы, көзі өткір, залды бір шолып өттіде сөз легін бастап жөнелді. Сөзінде: Көңіл аударарлық үш мәселе кезек күттірмейтін, қауыпты, аянышты, оқыс жағыдай өңірлерде басымдық орын алып, жаңа заңды ысырып тастап, үстемдік еткен қулар ел тыныштығын бұзып, тас-талқан етіп, бүлік салуда, – деді хатшы. Халқымыздың, әсіресе кедей шаруаның тұрмысы ауыр, күн көріс жағыдайы жоқ, қаншама жеткеншек балалар, жоқтықтан оқуға бара алмай, отырғандары бәрімізді қынжылтады. Екінші бір жайт, отырған қыздарды, «тоқалдыққа» алу, қасыреті ел ішінде тиылмай отыр. Үшінші бір жайт, ауылда жазықсыз жандарды ұстап «халық жауы» деп, айыптап – өліммен аяқталуда. Үйінде аяулы жары мен жылаған жетім балалары қалып, өмірін қиып отыр, – деді күрсіне сөйлеп, сөзін аяқтады.

Бұл барып тұрған аюандық, НКВД-нің ісі, тосқауыл болар бір жан жоқ, сауатсыз халықты айыптауға, қалай ғана дәлелмен, өз күнін әрең күн көріп отырғанда, бұлары несі, әлде есі ауысқан, жиналған дорақтарма? – десті отырғандар. Қалың жұрт арасына барып, жаңа үкімет бұйрықтарын жеткізіп, ел ішінде тәртіп орнату, саясаты тұр, – деді хатшы. Арнаулы күн белгіленіп, құрамына: сот, прокурор, НКВД кірді. Бағытымыз,

Батпаққара, Торғай, Қамысты сыяқты халықтың көп шоғырланған, шет аймақтан бастауды жөн көрдік. Қаладан шығысымен, қалың жел, аспанды қара бұлт басып, жауын жауып, басылмады. Жылы жауын. Жел бәсеңдеп, Батпаққараға жақындай түскенде, данғыл жол шетінде, ала күрен жусан мен, құлпырып, орала берді. Жас көктің жауын ішінде, қайта көктеп, құлпыра түскен шат селін, жүргіншілер тақыр жолмен жарып, өтіп, келе жатқанда, айналасынан жусан иісі, үзілмей толқып, келіп отырды.

Бірақ жауын қайталап, бұлт тұтасты. Күн қай мезгілге жеткенін біліп, болмайды. Батыс жақты, бұлт құрсап, күн көзін жасырған. Енді ымырт тақау сыяқты. Сөнер үміт, үзілер тірліктей, жүдеп бара жатқан соңғы сәуле. Аздан соң, соның өзі бәсеңдеп барып, жоқ болды. Сарғыш сәуле сұрғылт тартты. Тағы бір сәттен соң, күнгірттеніп барып, қарақошқыл қызғылт реңге кірді. Көгілдір тартып, мұнды қоңыр, аспанның түн кешіне жол берді. Көз байланып қалған еді. Осы шақта қырат төбесіне, шыға бергенде, алдарынан ит үрді. Жауынды бей уақыт, ішінде еіліп еткен, үміттей болып, кешкі оттар, жылт-жылт етіп көрінді. Жақын жерде, өзен бойын қуалай салған, қоңыр үйлер, көше құрап, қомақты ауылдың шетін басып кіре бердік.

Күн ашылып, ай сәулесі, жарқырай түсті. Осы тұста аялдаған жүргіншілер, жапа үйге көздері түсіп, жағалай қоқсық қордай, ерекше бір панасыз, жүдеулік орнатты. Шағын қора сыяқты, қабырғасы бұжыр, тіреумен тұрғызып, іштерін үй етіп кіріпті. Кей жерде ескі кебже, сынық төсағаш, қақпағы жоқ үлкен сандық, қираған бала бесігі, маңайына барып, аяқ басып жүре алмайтындай, шашып тастаған. Қоқсық арасынан, бастары қылқиып, ойнап отырған балаларды көресің. Үстерінде жыртық-шоқыт киген ауыл ақсақалымен, жамау көйлегі бар,

кемпір кездесіп, алдымыздан шығып амандасты. Қалай азып, тозған ауыл адамдарының түрін көріп, таң қалыстық. Қайда барамыз! Не болып барамыз! Еліміз-жеріміз, Отаным менің! – деген осы ма? – деп, көңіліміз қақ айырлып, мұндай тіршіліктің, барынан жоғы, – деп, ой түйдік. Бетіміз ауыл басшысын, бас көтерер адамын тауып, алып халықты жинап, бір арнаға табыстау ойымызда бола берді. Қоғабайда аң-таң, бұрын-соңды бұл жайтты, көрген емес, айтып жеткізсемде, ешкімде нанар емес, – деген ойда болды. Бірақ бұл шындық, көзбен көріп, бақыладық. Кеш болсада, ауыл басшысының үйіне барып аялдадық.

Үй ішінен жеңіл шапан киіп, әрең қозғалатын жуан кісі, беті табақтай, қарны қабақтай, қара мұртын сипалаумен, бізге қарай аяндаумен әрең жетті. Біз кім екенімізді таныстырып, халықтың тұрмыс жағыдайын көріп, білсек, оларды жинап, жиналыс ашып, сөйлесек деген ойымызды жеткіздік. Жоқ! сендер қонақсындар! Жиналыс-милансынды қоя тұр! Жақсылап дем алып, мал етін жеп қонағасы кәдесін жасаймыз, – деп, бәлек болды. Жартсың отау үйде, қалғаның үлкен үй мен кіші үйге бөлініп, дем алғандарың дұрыс, алыс жол, ақылға келгендерің орынды, – деді. Кеш болған соң қонуға тура келді. Ешкім кім екенін сездірмеді. Үстеріндегі киімдерде жұпыны, жолаушының қалпын танытып, қояды. Ішімізден, сондағы әр үйге бөліп жібергені, үш әйелінің, отауы десті. Кеңсе дейтін, кеңседе жоқ. Орталық алаңға жиналған халық, алыс ауылдардан келіп, тайлы-таяғымен қалғаны жоқ, шал-кемпірлерге дейін жайғаса бастады. Біз көрген, шал мен кемпірде көрініп қалды.

Жиналыс қызу үстінде өтіп жатты. Жаңа құрылған колхоз адамдары айтыс-тартыс көпке созылды, жаңа заманға қалыптасып, аянбай еңбекпен келетінін түсіндіріп, баян етті. Сонда

ғана, кедейлерге үй салып беріп, мал шаруашылығын қалыптастырып, ұйымдасқан түрде ғана қол жеткізуге болатындығын айтып, түсіндірді. Дұрыс басшының жоқтығынан тұйыққа тірелген, ауыл адамдары, бір өзгерістің болуын күтті. Аудан басшылары, бей қабарлық танытып, облыстың бұйрығымен, колхозға жаңа басшы келіп, ел тұрмысын жөндей бастады. Көп ұзамай біз көрген Бірлік ауылы, халқын ұйымдастырып, мал шаруашылығына бет түзей бастағанын естіп, қуаныстық.

Тұрмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын! – деген

Абай сөзі, әркімнінде есінен кетпестей сақталып, қала берді. Тұрмысы төмен от басына сауын сиырлар беріліп, балаларына оқуға баруға, аудан болып, облыстан киім-кешек жеткіздіріп берілді. Қоғабай бәрнің куәсі болды, халық үшін аянбады, күресе білді. Облыстың сот өкілі: Елден мал жинап, «тоқал» алуды кәсіп еткен, қарттарды, үкімет заңымен айыпты деп, санап он жылға бас бостандығынан айрылатынын, хабар етті. Халықтың бәріне жеткізіп, ауыл біткендердің тұтас ел жұртына, құлағына құйып, отыруды талап етіп, орындадық.

Бағытымыз тағыда Торғай өңірі болып қала берді, аты шулы «Қызыл әскер» колхозы, ауданына хабарласып, бүкіл аймақтың жұртын жинап, үлкен жиын өтті. Ұзаққа созылған жиналыс, өзекті мәселерді сөз етіп, ел тиыштығын сақтауға бағытталған, адал еңбек жолын түсіндіріп, халық бірлігі сөз етілді. Ауылда оқыс мінез танытқандара жаза қолданып, түрмеге құрықталды, «он үш жаста отау иесі» дегендерге, тиым салынып, он жыл түрмеде өткізетінін ескертті, екі жақ бірдей айыпты деп, құлақтанды. Қамысты жерінде болып, үлкен аймақты қамтыған, халық тұтастығы, заман талабына ығысып, адал еңбекке бет бұра бастады. Қаншама ауыл адамдарымен

болған әңгіме, облысқа жетіп, тиісті шаралар жасалып, ел бірлігін, сақтаумен болды.

Жар қонысы. Қарасу жалпақ өзені. Құс базары. Қоғабай, құрлыс жұмыстарын аяқтап, үш ай бойы, дамылсыз еңбек етіп, бірнеше үйлер мен қоралардың салынуы, ауыл қуанышын білдіріп, колхоздың мал шаруашылығын көтеріп, өркендеп өсуіне, кең жол ашып берді. Бүгін достарымен қызықтау үшін, Абенмен хабарласып, бүркітшілер тобын, өзен жағасында күтті. Сағым толқыны, Ортабұлақ аймағын, қамтып орай беріп, жазық даламен ұштасып жатқан, бидайық ойысты қуалап, өзен беткейіне тіреледі. Оншақты ат дүбірі, алыстан көрінседе, желіген аяқ алысы, жақындатып тастады, Абен бастаған топ, қойнау жағасына келіп, қарсы алған жастар құшағына еніп, қуанысып қалды. Құс базары деп, оны айт, – деген Абен сөзі, бірден көпшілікті елең етті. Расында ұшып-қонған құста, есеп болмады. Абеннің қолындағы, бүркітін көрген Қоғабай достары, бірден, құстың сондай керемет үлкендігіне таңқалып, отырған отырысы, тау қошқарының, қомақтысына сай, ұзын тұмсықғы, шойын басына біткен, алып аяқтары шомбалдай болып, өткір жезді тұяғы баданадай баппен байқалады. Кереметтігіне таң қалысқан, көпшілік бұл құстың «нағыз патшасы» деп, бағалады.

Абен, ақ боз атына мініп, қасына ерген, жолдастарымен, шабуылға бет алды, тазысы соңына еріп, өзен бойына жылжи берді. Қоғабайда достарымен, ілесіп Абен соңынан қалмады, бір сойқанның болатынын сезді. Өзен бетіндегі топ қаз легін, байқаған бүркіт, жалтақтаумен орнынан қозғала берді. Абен жалма – жан бүркітін ұшырып, тұғырықтан қоя берді. Адымды қос қанатының, ұшқырлығы лезде қалың қаздың ортасына барып, сойқан күштің, қанатының сокқан, дамылсыз сарт-сұрт, беріп жіберуі, екі-үш қаздың топ етіп субетіне құлағаны,

ұшырмай етіп, қанатын қиратып, өлтіріп жіберді. Қаршыға екінші топты қуып, өзеннен шығармай, ұшқан құстың астын ала, алып аяғымен бүріп, көзін шұқып, жаралы етіп тағыда, бір-екеуін, су бетіне құлатты. Ызғып ұшып, қос қанатының сомдап соққан күш легі, таусылмады. Тазылар бірінен соң-бірі, өзен бетінен жағаға тасумен болды. Ақ боз атымен жақындап «Кеу», «Кеу»! леп шақырып, құсын қолына қондырып, қос маңына барып, жем-сауын беріп, күтумен болды.

Қоғабайлар дайындап, елік етінен томағасын жасап, қуаттандырды. Кереметтігін көрген жолдастары, бүркітті қоршап алып, мақтауын асыра бастады, мұндайды ешқашан көрмеген, алып құстың, кереметтігіне мәз болды.

Жұман мен Нысанбайда лашын құстарын жіберіп, қаз бен үйректі ала бастады, Дәрменде қалыспады. Бұл уақыт нағыз құстың семіздігін сөз етіп, бірін-бірі сөзге тартумен болды. Абен Қоғабайды олжасымен байытып тастады. Шорағай үйректер қаптап топ тобымен, төбеден ұшып, өзен бойына қайта қонумен болды. Абен тағыда жіберіп, қаршығасын қолына қондырып, дөңеске жылжи берді, биіктен анық көрініп, құсының қимылын бақылаумен, көріп тұруына ой түйді. Жағаға түсіп, қолын сілтеп, қалған бетте, ызғумен жеткен бүркіт, қанатымен бергілеп, сарт-сұрт еткен дабылы, үйректердің тобырын тас-талқан етіп, құлатып үлгірді. Су беті қызыл қанға бойалып, топ болып жатып қалған үйректер ұшуға шамасы келмей, қаңқылдаумен су бетінде шалып-шалып еткізіп, орнынан ұзамады. Тазылары, тірідей жаралы үйректерді жағаға шығарып, қос басына жинады. Абен Қоғабайды қасына шақырып, тағыда олжасымен бөлісті. Жоқ! аға сіз өзіңіз алыңыз, көрші көлем, жолдастарыңмен бөлісіндер, – деп кейін шегіне берді. Болмайды Қоғабай мынау жолдастарыңмен бөліс, біздің берген қонақ асымыз болсын

деп, тағыда мол тастады. Абеннің батыл, азаматтығына сенген көпшілік «рахметін» айтып, Жар қонысынан тарқасты.

Ортабұлақ қойнауы, мал қонысына, бірнеше үйлер мен шағын қоралар салынып, халық көңілі, жастарға дән ризалық танытып, қонақ қылған, шағын ауыл, көмкерген ағаш саясымен, аппақ үйлер қатар түзеп, таза ауа табиғатымен ерекшеленіп, қала берді. Дала шөбінде қалың өскен, дала гүлімен, сарғылт тартқан сұлу орман алқабы, кең аймаққа созылып, Басбұлаққа бас тіреп, Жар беткейімен жазық даланың көшіне ілескендей, толқын сағымы, алысқа жетіп жалғаса берді. Орман арасында мойылға толы ағаштар мен тікенек додана өсіп, балалар қызықтайтын. Сұлу келбеті, аққан бұлағы, мөлдір суымен, жасыл ағаш саясын, жазыққа шығарып, бүлдірген алаңына қарай, бой ұрасын. Ауыл жақ бетінде қасиетті «Байтерек» дара өсіп, бір ғасырлық ғұмыры бар, тарихымен көпшілік назарын, ылғида өзіне аударып, көрмей кететіндер кемде-кем. Қоғабай мен Ғалияда талай рет, жанында болып, қызықтаумен болатын. Адасқанға бағыт беріп, жолаушыға жолын беріп, шаршағанның терін басып, көлеңде ыстығын басып, жауын-шашында панасын асырып, жел-дауылда денесін жасырып, ит-құста құтылып, басына шығып, төменнен тосылып, кеткен болды. – деді Қоғабай достарының назарын «Байтерекке» аударып, таңырқағанын көріп, иек қақты. Бәріде біраз жерді аралап, көгалды етекпен, бүлдірген теріп, «католок» толтырып, тамаша үлбіреген, қызыл бармақтай жемістен басын алмай, бауырын басып, жұбын жазбады, кешті ешкім есіне алмады.

Ортабұлақ мекені, сылдырлап аққан бұлағы, қалың орман ағашы, табиғат сұлу саясы, көңілдерін көтеріп, рахат ауасына бата берді.

Тамашағой табиғаттың сұлуы,

Көзің тоймас, көңіліңнің қызығы, — деп жырлаған,

Ғалия әні Қоғабайдың құлағына жылы тиіп, ыстық сезіммен құшақтаған бойы, анасына бет түзеді. Қоғабай көп олжасын, қаз бен үйректі, толтырып тастады. Ғалия анасына қызыл бүлдірген ұсынып «католок» етіп тергенін, шай ішіп, отыруға жарайтынын қалады. Ана молшылықты байқап, балаларының еңбегін көріп, қуанды. Ғалия бірден үй шаруасмен болды, әкелген қаз үйректің, жүнінен тамаша жұмсақ жастықтарды көбейтіп, анасына тарту етті. Ет пісіріп, құс етіне Бағытжан жиенін шақырып, «Қоға» деп, соңынан қалмай, Ғалия екеуінен айырылмады, оқуға менде барам деп, әкесінің кітаптарын, толтырып сумкасына салып ала келіпті. Мен жаспын, оқуға қабылдауға тиіс, — деп Бағытжан Қоғабайдың үстіне мініп алып, жібермеді. Сен әлі жассың, бірінші класты, ауылдан оқып білім ал, ер жетіп жігіт болғансоң, қаладан оқитын боласң, — деді Қоғабай, алдына алып, уатқандай болды. Ғалияны жақсы көріп, мойнынан құшақтап, салған тамаша әнін тыңдаумен болды. Ғалия келгеннен бері, сиыр сауып, көже істеді, сусын қылып, бәріде таңсық болып, ішуден болды. Ауыл адамдары, Ғалияның әнін тыңдауға, мәдениет үйіне жиналып, сахна төріне шақырды. Талай рет ән кештерін өткізседе көпшілік-сағынышпен күтетін, Ғалия келуін күтіп, хабарласып ұйымшылдық жасап, көңілдерін жұбататын. Сол ән бүгін Ғалияның орындалуында болып, жиналған адамдардың, көптігі сондай, кең залға тігінен тұрып тыңдады.

Әрбір, келген сайын жаңа өлеңдермен, толықтырып, кешті мәз ететін. Көркем зал іші, сұлу перделермен ұсталған, терезелер жарқырап, сахна төріндегі берен шымылдық, кезек-кезек ашылып, жарық сәулесімен ұласқандай, тамаша рең беріп, ішін әсем етіп, сахна төріне жалғасқан. Көңілді халық мұңы тарқап, қабақтары жылы жүзімен, әнге қол соғып, сахна



төрінен Ғалияны жібермеді. Қоғабай басқарып, кезекті әнді, Айсұлуға беріп, шырқатып ала жөнелгенде, халықтың жүрек жылуы қол соғып, көпшілікті тез орап алуымен жалғаса берді. Арасында Қоғабай қулық айтып, көпшілікті күлдіріп, еңсесін биіктетіп, қуаныш сазына бөлеп отырды. Шағын концерт келген сайын Ғалия әнімен басталып, жұбаныш сазымен аяқталуын күтетін. Қоғабай оларды дамылсыз күлдіріп, кеудесіне ой салып, бақыт жолын мәз ететін.

Назымның әкесі, үш жыл абақтыда отырып, жазасын өтеп, үйіне оралды. Жазық дала. Кең қойнау. Бидайық басқан, шалғын шөптер, биіктеп өсіп, жауын суымен дымқыл тартып, жел легімен, батыстан соққан дауыл ізі, кетпестей дала төсінен, орын тепкен. Алыстан мұнартқан, қырат толқыны, өзен арнасына, жетіп барып түйіліп, бедеу шөптерде, желмен ысырғандай, баюлап қозғалады. Кеңістік шөлі-шөлайт жерлерін құм басып, қырат түбінен орын шөккен. Құмды боранда, күшті жел легімен жұмдасып, дала төсіне қарай, құмды боранын ысырып қояды. Осыны, қарап шөлайт жер ма? – деп, қалатындарда аз емес. Қалай дерсің! Жазық даланың екі түрлі құбылысы, жұрт көңілінен шыға бермейді. Қайта қиындатып, «құйын» соққан алаңнан, сыртқа кетіп, тыныс еткендей болады. Тіршілік түбі-жайлымда, деген қазақтың сөзі, шалғын шөпке құмыға, қонып малын өсірді. Жазда жалпақ даланы қоныс етіп, мал өрбітті. Кигіз үйлер тігіліп, ауылдан кетіп, жаз жайлауда өткізуді қалады. Құмды қырат жағына жоламады, естері кетіп, құмды боранда адасып, жүргендей бағытынан айрылып, жонға шығып, кетіп жүрді. Көкпекті өрісі. Батпаққара өңірі, үлкен аймақтың бірі. Жақан бұл өңірді жақсы білседе, құм тосыннан сақтануын қалаған еді.

Көкпекті ауылы, құлындарын ерте байлап, желі тартқан, қос маңына биелерін, топтастырып, жайлымнан келген бойда,

Жақан дамыл таппады. Бас көтерер өзі болған соң, ірі қараның бәрін, айдап өңірге апарған-ды. Қымыз сауылып, ауыл үлкендерін, құр жібермеді, қымыз берді. Жақанның үйі. Үй іші үлкен бөлмелер, текемет жайылып, жерге төселген. Әдемі көрпелерді төрге жайып, жастық тасталған. Төрге шығып, ұзақ сөйлескен екі жастың әңгімесі біразға созылды. Уақыт озып, кеш болғанын білмеді, үйде олардан басқа ешкімде болмады, онаша қалды. Жақан әйелімен жайлымға кетіп, Бибіні үйде қалдырды. Көршісіне бие сауғызып, бар шаруасын нық етті. Сүйген жігіті Жарқын, ұрланып келіп, Бибінің жүзіне ғашық болып, сағыныш сезімін жеткізе білді, ұялмады айтып салды.

Терезе алдындағы биік сандық үстіне, салынған кілем, қалың көрпе үстінде екеуі, келіп қатарласып, отырып әңгімесін жалғады. Бірақ құрбы жігітінің ниеті мәлім болған мен, Жарқын әнеугі, оңашалықтан соң, өзіне-өзі тоқтау салған көңілінен ауған жоқ. Үй ішінде, көлеңке қоюланып, қоңыр кештің майда легінен, терезе шілтері, ақырын ғана қозғалып қояды. Олар үй ішіне, шам жағуды тілемегендей. Жарқын енді терезенің шымылдығын қайырып, қастарындағы биік төсекке арта салды. Жарқын қыз қасында. Бұнында қырлы мұрнына, әдемі ажарына, ай сәулесі түсіп, жазық маңдайын әсемдеп, кара қасымен көз жүгіртіп, майда жарық нұры, ай сәулесімен ілесіп, көңіліне бақыт құсы оралғандай, ой салып отыра берді. Қыз бүгін, көптен бері, жақынындай жан тартып, ашық сөзді өзі бастады. Сүйетіндігін айтып, үлбіреген ернін баюлап баырып, Жарқын ерніне, жақын етіп, ұмсына берді.

Сұлу жүзін, Бибінің өзіне тартып, белінен ұстап икемдей берді. Салалы қос қолымен, құшақтап алып, бауырына қысты, қыз денесі үлбіреп, ыңғайына көніп, балбырай берді. Жарқын Бибінің оймақтай аузын, жабыса сүйіп, аппақ бетіне жүзін беріп, тәттілік сезімге орала берді. Дене ыстығының жалыны

өршіп, бой қуаты күшейіп, ләзат сезіммен балқи түсті. Көптен бері Жарқын мен Бибінің, тұңғыш рет, алғашқы түні еді. Жарқын ойы Бибіні алып қашу болды, әйтпесе, бір сұмдықтың болатынын сезіп жүрді. Сүйген жарын ойлаумен, арпалысқан заман дағыдыры бөгеумен болды. Әкесі Жақан, біраз жүріп, әйелімен жайлаудан оралғаны сол еді. Түбкейілден, дауыл соққандай, Жанай ауылынан, топ аттылар сау етті. Қолдарына қару ұстаған, кілең мен атайындар, үй маңын қоршап алды. Кірісімен бүлік салып, Жақанды ұрып-соғып, әйелі екеуін байлап тастады. Алаң-елең, ымыртты пайдаланып, сырттан жан қатынатпай, берген қалың малдың құны деп, жас қыз Бибінің аузын байлап, дыбысын шығармай, атқа өңгеріп алып, жөнкіле жөнелді. Тобыр аттың дүбірі, ауылды дүр сілкіндірді. Жұрт жиналып қалды, тас-талқан еткен үй ішін көріп, бәріде ашуызаға басып, қамадана бастады. Қуып жетіп, Бибіні алып қалу керек, – десті. Жарқын топ бастап, атқа қонды, қаруланып беріспекке бой түзді. Алдарынан қиып өтіп, төтелеумен шаба берді, қыратты, ойпаттардан өтіп, қараңғы бұлт басқан аспан түнеріп, жолды бөгеді. Адасқан аттылар тобы, таба алмай ауылға, кеш оралды, жолында еш саңылау болмады.

Көкпекті ауылы. Қайғы басқан, жұрт әбігері толастамады. Күш сынасып, беріспек ешкім қыз ғұмырын тоқтата алмады. Басымдық көрсетіп, дүбірлі сойыстарды, қару еткен Жанайлықтар қызды алып, обалына қала берді, тойтарыс болмады, Қарулы қолдар көбейіп, басым етті, дегеніне жетіп жығылды, басымдық қылды. Күйеу Мажит, кара тұмсық, басы таз, зор дене бітісі, алпыстың қыратынан асып, түсседе талай қатын жіберіп, әдет қылған ойын, елден мал жинап, айласын асырып, бұзықтығын еліне көрсетіп, жауласқан Көкпекті еліне келіп, ойрандауыда сөзбен бітіспестей қала берді. Жауласпай

беріспейміз деген, пікір айтып, Мажит бастаған топ, тобырымен жалғасты. Құмайт тазыдай болып, аң алып, иесіне си тартқан, иттіктің ісімен жалғасқан ойын іске асырумен құптады.

Жарқын қарулы жігіт болған мен Бибіні құтқара алмадым деп, мойыды бірнеше күнге дейін, уайым етіп, қарулы жігіттерді жинап, өш алуға бекіністі жасаумен болды, Ауыл үлкендері жиылып, Жәрменнің баруын қалады, сөз бастап, аталы сөзге көнбесе, қызды қалайда елге әкелуін ойлады. Жиналған қарулы жігіттердің басымды болуы, таяққа жығып, барымта етіп, өш алу ойларында болды. Жарқын топ бастап, атқа қонды. Жол тартып, Жанай еліне бет түзеді. Соқпақ жол, ат желісімен ілескен, сағымда желмен ұштасып, алыс жол бойына, жетелей берді. Ұзын өзен қилысы, ұзарып, барып Жанай ауылының іргесінен шығатын, терең өзенге барып, бас тіреледі. Жалпақ өзен, қара суы, соққан дауылмен жарысып, асау толқын шығарып, дыбыс беріп қояды.

Тоқтаусыз шабыс желісі, жол табанын шаң етіп, көшкен елдің саңылаған жасап, бидайық шөпті, жапыра артқа тастап келеді. Атына сай қарулы жігіттерге көңілі толған, Жәрменшалда, артына қарап, қояды. Сөзге тоқтап, келісімге келмеспе деген ой билеп, ішінен ойлап келеді. Мұнартып көріне батаған Жанай ауылы, көп халқы бар аймаққа ұқсағандай, өзен бойымен қуалай салған көп, қоңыр үйлер алыстан сағымданып, толқып келеді. Күш саясыма, сөз саясыма, барғасын шешіледі деген жігіттер тобы, осылай ой түйіп, ашу-ызасын алуға дайын екенін, жасырмады. Топырағын көкке ұшырып, бізге істегенін, қайтару Жарқынның ойынан бір сәт шыққан емес, тап солай етеміз деп, ой түйіп келеді. Ілескен тобыр ат ауылға келіп кірдік. Алаңға жиналған халық, әйел-еркегіне дейін, осында. Жәрмен ат үстінде тұрып: Сендерге, тартыс керек па? Әлде

сөзге тоқтап, айтарың бар ма? Біз тиыш жатқан Көкпекті елі едік, ауылымызды шауып, ұрып-соғып, қызымызды алып қашқаны қай мазағы, жауыздығы арқамызға батып, қызды сүйген адамына қайтаруды талап етіп, опасыз істерін бетіне басып, кегімізді алуға келдік, – деді.

Әй! Жәрмен қай уақыттан қыз алып, қыз беріспедік, бұл қандай сандырағың, – деді гүжірейген, шоқша сақалды, басы таз, қара кісі. Беретін қызымыз жоқ, ол менің тоқалым, бұдан бұрын топ үйірді, айдап апарып, Жақанға табыс етіп, құда болып келіскен біз, нанбасаң өзінен сұра деп, тұрып алды. Жәрмен ашуға булығып: Қайтар қызымызды! – деп айғай салды. Гүжірейген Мәжит күйеу: Ол енді қыз емес, менің есігімнен кіріп, тоқал атанды, жария салғаннан түк шықпайды, сау тұрғанда еліңді тап, – деді күш көрсете сөйлеп. Жәрмен: Біз қозғалсақ, сенде жайыңа қалмайсың, опат болып, осы отырған орныңды таба алмассың, – деді. Жігіттер атыңа қоныңдар! шабыспай бітіспейміз, – деп, атына қайта мінді. Екі жақта айқас-төбелеске басып, ушыға берді. Қалың жұрт тоқтата алмады. Ақымақ күйеудің ісі, – деп қатынға тоймайтын, елге жабысқан пәле деп, қарғаумен болды. Қолы сынып, ауыр соққыға жығылғандар, Мәжит тобын ойсырата жеңіп, қашып үлгіргендер, өзен бойындағы талға тығылып, жан сақтаумен болды. Опасыздарды ойсырата жеңіп, Мәжиттің қол – аяғын байлап, атқа өңгеріп, елге тарттық. Жылаған Бибі, қараңғы үйдің ішінде жалғыз қамалып, түні бойы отыра берді.

Аласұрған құбылыстары, жанталастың ең бір отты шағын танытады. Уайм, үстінде жалғыз қалып, жылаумен, көзі ісіп кеткен, бұрынғы түрі жоқ, денесін қорқыныш билеп, аяқ-қолын байлап, матап әкелген, жауыздар бағыты толастамады. Қараңғы үй, өмірінің енді, осылай өткізем ба? – деген ой мазалап, мұңын кеше берді. Жарқын мен, неге кетпей, қалдым-

ау, осыған соғатынын, кім білген, шұбар жылан құсап, жұтуға дайын етіп, өмірімді өш қылдау, деп жылаумен болды. Денесі бір суып, бір ысып, тыныштық өмірдің бақытынан айрылғанын сезген, Бибі хабар айтар жанның болмағанын сезді. Әдейі қамап, бір сұмдықтың болатынын, білгенмен қолдан келер, қайран болмады. Жапа үйдің, есік-терезесін тасқып жауып тастаған, үй іші қоңыр тартқан, ескі дүниемен, жалғыз төсағаш, ортадан, орын алып, ескі кілемді төсеніш қылып, төрге тастаған. Бибі, жанталасып, терезе маңынан өткен адамдарды аңдып, қараңғы түнде әйнек алдында отыра берді, бір мақылық жанның өтпеуі, қатты қиналтты.

Сол мезетте, есік ашылып, зор қара кісі, шоқша сақалды, басы таз, Мажит есімді, кіріп келіп, Бибінің қолын қайыра, өзіне тартып, қара құстай үстіне қонды. Шағын денесін, шыңғырып жұлқынғанмен, босата алмады. Жылап, бақырғанмен, маңайдан ешкім елең етпеді. Мажит қара күшімен, қыз денесін өзіне тартып, мылжа етіп, өмірін құртты, аяушылық жасамады, ойлағанын асырып, тұрып кетті. Таң атып, елең-алаң сәуле шашып, үй ішіне жарық кіре бастады. Ауырған денесін әрең қозғалып, терезе маңына барып, жағалай көз жүгіртіп, үлкен өзненің, жағасына көзі түсті. Апыл-құпыл киіндіде, есікті әрең ашып, жүгіре басып, өзен жағасына қарай бет алды. Мұндай өмірден түңілген, бойы уайым мұны жетелеп, тік жар беткейіне, барып аялдады. Сүгеніне қосыла алмай, Жарқынын ойлап, өмірінің сағы мәңгілік сынғанын білді. Тіршілік құрып, махаббат жалыны, ешқашан оралмайтынын, жылаумен бетін жуды. Сұрапыл заман, өшкен бақыт, қыз арманы, іске аспай, аяққа тапталып, құрыған өмірдің тоз болғанын білді. Жарқынымен құшақтасып, ақырғы қоштасуы ғана болып, қала берді.

Өзегі өртеніп, қыз әбірәйінен айрылды, назды оты құлап, бойынан әлі кетті. Өзін ұстай алмады, аяғы дірілдеп, бойынан қуаты, кете бастады. Сүйген жарына не айтарын білмеді, бойын дерт билеп, уайымнан есі кетті. Аспан айналып, жерге түскедей болып, көзі карауытып, қан басты. Тек жүрек соғысы ғана, қысқа өмірін сақтаумен болды. Құрбылар бетіне, қалай қарап, қалың жұртқа не айтуым керек деген ой мазалап, әсін-әсін есінен кетпестей, тамағынан камок болып, түйіле берді, ықылық атып, тишыда бітті. Анасын ойлап, өмірді құрбыларымен күліп-ойнап жүремін деген, ойы да құрдымға кетті. Сағым қуғандай, жалт беріп, өте шықты. Араша түсер, құрбысыда қасында болмай, жалғыздық ғұмырын сарып еткізген, зұлымдық дұшпан, аяқтан тартып, бақытсыз етті. Көзін тас қылып, жағаға жылжи берді, аяғын көтеріп, тік жардың ернеуінен, төмен қарай құлай берді, терең өзеннің бетіне түсіп, шомп етіп жоқ болды, қыршын өмірі қиылып, су астында қала берді. Хат жазып, Жарқынға қалдырған, ізі ғана қалды. Жарқын Мажитті байлап, әкеткен соң қасына достарын ертіп, қамалған үйдің қасына келіп дауыстап, Бибінің шығуын күтті. Әрі – бері тұрған соң, бір сұмдықтың болғанын біліп, ішке кірді. Жан адам болмады, есік шалқасынан ашылған бойы, отырған жерінен, жазылған қағазды көріп, ақырғы қош айттысқан сөзін оқып, Жарқын өкіріп қоя берді.

Жалма-жан, өзен жағасына жүгіріп, орамалы жатқан, кебісін көріп, тік жарға құлағанын білді. Сұрапыл, сұмдықтың қалай болғанына, аң-таң достары, жылаған Жарқынды тоқтатып, баса алмады. Аянышты, өкінген қалпымен, ашу кернеген бойы, атына мініп, шабумен Көкпектіге жетті. Ойы Мажиттен өшін алу болды. Жиналған халық, Бибінің, суға құлап өлгенін естігенде, дүр сілкінді. Әттеген-ай! Қалай ғана, өмірін қиып, суға кеткені, обал болды ғой, деп дауыс қылған, ауыл жұрты,

қатты қайғырумен болды. Ауыл жұрты тік көтеріліп, Мажитті тірідей азаптап өлтіруге, бет алды. Байлаудан босатып, мойнына қыл арқан тағып, Жарқын ат бауырына байлап, сүйртіп ала жөнелді, шабумен жол бойына дырылдатып ойлы-қырлы соқпақтармен жүріп өтіп, тоқтамады жанын шығарып, Бибінің өшін алу ойынан кетпеді.

Суық хабады естіген, Майор милиция басшысы, қаруланған топпен, жол бойындағы керемет сұмдықтың, үстінен түсіп, ат шабысын тоқтатып, кісі өліміне кіналы адам мына Мажит екенін, білдрді. Рашидов кісен салып, Мажитті арбаға отырғызып, орталық алаңға келді, әліде жаны шықпаған, денесінде сау жері жоқ, жүрегі нық тірі жатыр. Рашидов барған бетте, Жанай ауылына көлік жіберіп, қарулы топпен қатынасқан адамдардың бәрін, әкелуге бұйрық етті. Кінәлі адамдарды ұстап, аюандық істерін бетіне басып, қамауға ала бастады, қолына кісен салынды. Өлмеген Мажитті кісі өліміне жауапты деп, жеке қамауда ұстап, өлім жазасына кесті. Қараңғы күңгірт, түн басқан, ауыл жұрты малдарын айдап әкеліп, албанына кіргізіп, биелерін ағытып, жайлымға жіберген, шақ болатын. Өзен жағасы, биік өскен, үлкен ағаш, әр жерден көрінеді, қоғалы қамыс, бой түзеген жағасы, өзен ернеуімен жалғасып, алысқа жөн түзеген. Қою қара бұлт басқан аспан, әлемі сіркіреп аққан жауын суымен ұласқан.

Бибіден айырылған, Жарқын жүзі, ашулы уайым басқан, қоңыр салқын тартқан, ажары көздің қиғаш қалпын ұясынан шығарып, жылаған түрін көріп, аяусынып қоясың. Оймен жүдеп біткен, түріде ақшыл бетін, қоңыр басып, денесін жансыз еткендей сұлық қалпын, әреңдеп басқан аяғымен, жылжи басып, өзенге жақындай берді. Суық қолыда жансызданып, діріл қаққан жүрек соғысыда бәсеңдеп барып, ту сыртынан



ауыр жүктің, үстіне құлағанын аңғарғандай, сипат алып, жасаурған көзімен ұзын терек маңына, келіп отыра кетті. Не болғанын ойлаумен, сүйгенінен «мәңгілік» айырлып, қалай өмір кешем деген, назы мазалап, бойын ала берді.

Қалай өмірде жүріп, Бибісіз тұрамын деген ой жетелеп, жүрек жалынына ұштасып, қыз соңынан, мәңгілік баруға, ойын тежей берді. Қолына қыл арқанын байлап, жоғары бұтаққа шығып, төмен қарай құлап түсті, арқан мойнына оралып, тынысын тарылтып, көзін жұмды. Сол кеткенінен, мәңгілік болып, Бибі артынан, еріп өмірден кете берді. Қыршын екі жастың өлімі, бүкіл елді дүр сілкіндіріп, ауыл жұртын жылатты. Әке-шешелері, дауыс қылып, екі ғашықтың өлімін, қайғымен бастарынан өткізіп, естіген бүкіл аймақ көлемі, алысқа жайылып, жағасын ұстады. Қоғабайда естіп, екі жастың өлімін, Ғалия мен Назымда жыласып, аюшылық танытып, болған уақиғаның басында болған, Рашидовтан естіп-біліп, өлтірген аюандарды, өлім жазасына кесуін, бүкіл жастар бір ауыздан, арыз етіп, сот орындарына тапсырды.

Ескінің етектен тартқан, заман тағыдыры, қалың малмен сатып алуға бекінген, кәрі тарландардың үстемі, екі жасты ғайып етті. Өңкең топастар жиналып, бас қосқан, ішіп жатарлар, ел тыныштығын бұзып, көксеген қыздарды алып, қатын етіп, өмірлерін мәз еткен, ақымақтар тобы, тарқамады. Ойларын асырып, айы оңынан туып, жас иіске булығып, тәуір қыздарды бауырына басып, зорлықпен қатын қылды. Сол зардап, кісі өлімімен аяқталып, екі ғашық қосыла алмай, өмірден өтті. Аты шулы Көкпекті ауылында, арпалыс дәуірі басылмады, қалың жұрттың қабағы ашылмады, бірінен соң, бірі өріс алып, аянышты қалпы, төңіректің бәрін дүр сілкіндіргенін, ешкім ұмыта алмады. Әділет қайда? араша қайда? сөзге келер ел қайда? Мұнды сөздер жалған болып, құрыған ба? Деген ой,

ойыстырар іске жетелеумен блды. Мажит ол кесек, топал мінезді, доғал адам. Опасыз адам, тұтқиылдан соққан дауылдай, қыз өмірін айырып, мәңгілік бақи қылған, Мажиттің түрін көріп, бетіне түкіріп, бүкіл жиналған жұрт, аюанға өлім тілеп, жер бетінде жүруін қаламады.

Дауыс қылған анасыда сары уайыммен, төсек тартып жатып қалды. Қыз әкесі Жақан қабағы түйулі ызғар шашып Мажитке жақындай түсіп: Бұл қалай? Қызымды зорлап өлтірдің ба? Дегеніңе жеттің деп, орала беріп, ай балтамен басынан салып, өткенде қан шапшып, мойны сылқ етіп, жерге құлай берді. Жарқында кегін алып, біраз сүйретіп, денесін бояу еткені есінде. Жетім қозыдай, сүйгенінен айырлып, ботадай боздап, дала кезіп кетті. Қайғы мұңын, жылауме тарқата алмады. Жібектей созылған, сұлу жүзі, күлген күлкісі, сөйлеген жұмсақ сөздері көз алдынан кетпей қойды. Кеше ғана сөз беріп, қосылсақ деген, арманды сөзі, аяққа басылды. Өмірі өшіп, қараңғы түнек мәгілік болып орнады. Жарқын жүзі қуарып сала берді, бақыты өшіп, жалындаған жас қалпыда құрыды, өзегі талып, енді қайтып, келмейтінін сезді. Шуласқан жұрт легі, өзен жағасын сүзіп, терек түбінен, Жарқынның денесін көріп, ду ете түсті. Жыласқан халық, қос өлімнің, екі жас «ғашық» арманына жете алмай, өмірден озып кете берді. Асау толқын, шашқан терең Торғай өзені, қыз денесін жағаға шығарды. Терең тартқан қара-су адам өлімін қан етті.

Ұзын шашы жайылып, сұлу бетін жапқан бойы, асыл денесімен, желең киінген, қызыл көйлегі, су бетіне қалқып шығып, көзін жұмған қалпымен, өзгермеген бейнесін көріп, жыласқан әке мен шешесі, құшағын алмай қимады, жер бауырына бергісі келмеді. Ауыл адамдары көңіл айтып, тоқтатты. Құдай існе амалы болмады. Қаптаған ауыл жұрты, кәбірге

екеуін бірге көміп, «ғашық» мұңын мәңгілікке паш етті. Топшылаған тар өмір, ғасырлар бойы, қыз өмірін ойламады, қанына сіңіп, жең үшінен заң шығарып, тәуір қыздарды қатын етіп, күң етумен болды. Аяқтыға жол бермей, шалып құлатып, қоянға шапқан қара құс құсап, азулы, терең тұяғын батырып, бақытсыз етіп, қыз әбіройын айрандай төкті. Үмті үзіліп, өмірі өшті, сүйгені құрыды, сұлу келбеті шашылды, ағайын сөзінен айырылып, тұрмастай болып бүгілді. Опасыз дүние, ойыс түсіп, қараңғы түнін жамылды.

Айтар! Совет заңы келді! тұмсыққа ұрар данасы келді. Сенде енді қорықпа! Күн сәулесі, қиылып ашылды, «мәңгілікке» ашылды!

Туды заман,

Туды күн.

Ай сәулесі беріп жол.

Екі ғашық келеді,

*Бақытына беріп қол*, — деген өлең, ойға орала берді.

Ел іші тыныштамады. Мал ұрлап, тобымен айдап әкетуге, дала қасқыры ма? дерсің, жоқ қылып қырат асырған, бау кеспе ұрлықшы Созақ, кәсібін қоймаған ба? – десті. Осы жолы жеті бие жоқ болды. Созақ жасырынып келіп, сай табанын қорғаныш етіп, көзге көрінбеді, ізін білдірмеді. Ымырт жабылып, қас қарайғанын күтті. Жар қабағы. Өзен жағасы. Ахмет қоныста болмады, көк айғырымен, көлікті бастап, Бас-Науыр-зымға, жол тартқан еді, құрлыс ағаштарын жеткізу, Қоғабай отрядының құрлысты тез аяқтап, салынған, шағын қоралардың төбесін жабу ғана қалды. Құба жонды бақылап, өрістегі жылқыға көзі түскен, Созақтың салт жүрісі қауыпты болды. Ешкімде сезбеді, өзен табанымен жол тартып, бағытын өзгертумен, әккі ұрының іздегеніде сол еді. Бірлі жарым иттер үріп жол бақылады. Бақылап, тартып ат дізгінін, жібермей, дыбыс

шашпады. Демін ішіне тартып, жоғары бойлаумен, Ақан бауырайындағы, топ үйірге жақындай берді. Көк шөп, көкалдан аузын алмаған, жылқылар салқынмен тояттаумен болды. Күндіз ыстығы басылмай, мазасы кеткен жылқы оты, енді ғана комақтана қалғандай, жай білдірді. Созақтың кері байталы астында, ұзын құрығы, жуас биелерді, колға түсіру амалын жасап, жайаулап барып, жалынан ұстап, сипалап барып, нокта сапып, дізбектей берді.

Қолды-жуас биелердің, тобын ұстап, Жарөткел өзенінің табанымен, Құмжота қырына бет алды. Созақтың ойы, Сармойын қопасының қамысына кіріп, жолын жасыру еді. Ол бір елес, талайлардың санын соқтырып, айласын асырып, ұрлығын жасырып, жүрген нағыз, жалдаптың өзі болатын. Жалғыз жүрседе, қыпысын тауып, олжасыз қайтпайтын еді. Алаң-елеңде, Науырзым жағынан құлаған арба легі, Жар қонысына, бет алып келе берді. Көк айғыр үстінде Ахмет, дамылсыз тыпыршыған аттың түрін байқап, әлде не болғанын, бірден сезді. Көк айғырдан түсіп, өгіз арбаға отырып, ат тізгінін ұстап, ерте берді. Бір сәтте, көк айғыр, тебсініп ат тізгінін, өзіне тартып алып, Құмжота қыратына қарай, Жарөткел бойын сүзе отырып, жүрген биелердің ізімен, ісін сезіп, ызғып ала жөнелді. Айғыр кетті! Кетті! деген дауыстар шығып, қайталады. Жоқ! қайтып келеді, барсын уайымдамандар, бір оқыс оқиғаның ізін сезіп, кетседе қайтып оралады, – деді Ахмет. Арба легі, артқан жүгімен, өгіз аяңына жетіп алған, Көк айғыр, алдына салып, бір топ үйір жылқы-биелерді, айдап сатырлатып, Жар бағытына келе берді.

Көрген жұрт сәл тоқтатып, арба легін, басып озған көк айғырдың, шабысын көріп, аң-таң болып, қандай тамаша жылқының «қасиетті тұқымы» екенін жаңа сезді, ауыздарынан тастамай, келгенше әңгіме етіп, мақтаумен болды. Ахмет

көңілденіп: Жалғыз бұл емес, алай-түлей боранда, өз үйірін, тауып әкеп, қонысқа түнетіп, өріске шығаратын. Енді, міне қолды болған, биелерін тауып алып, үйірге қосты. Бұл атадан қалған мұра, құлын кезінен, қараңғы жерде ұстап, асырадым-айғыр болғанша, қолға ұстап, баптадым бауыр басқан, көк айғырым, қолыма үйреніп, барлық жұмыстарды, атқаруға қолым жетті, – деді. Ертеңіне ел-құлағы елу емес пе? көрші елден естіген хабарымыз: Ұрлықшы Созақты, ат-матымен, теуіп ұшырып, аяғын сындырып, атын тұра алмастай жарамсыз етіп, белінің қирағанын білдік, – деді. Ұрланған жеті бие, табынға қосылып, колхоз басшылары алғысын айтып, көтеріп тастады. Шағын Жар қонысы, өрісі кең, малды аймаққа айналып, Қоғабайдында құрлысты жыл сайын салуға, достарымен өркені өскен, ауыл етіп, тұрмыс жағыдайын көтеруді қалап, қоныс аударушылардың көбейуіде, шағын ауыл үшін қолайлы болды.

Мақтаулы Жар қонысы бәріненде-артық тұрды. Қыстың жаңа басталып, жер бетін ақ мамыққа, ораған кезі болатын. Ұлпа қар, қырат бөктеріндегі, қалың ағаштыда, ақ мүсінге орап, қылтиып басын, жапқан ұлпа қарда, етектің бәрін көміп тастады. Басбұлақ қыраты, Шатқал ойысымен жалғасып, қасқырдың үйшігіне айналған. Сабылған аттылар, бүркітін ұстап, түгедей хабар жеткенсоң, осы аймаққа жиналуды жөн көрді. Абен бастаған топ келіп қосылды. Аттылар жеке бөлініп, шатқал етегіне қарай жол сызды. Сүзіп шығып, қырдағы бүркітшілерге, қасқырдың көк жалын ұстауға, жол кесе батады. Сайраған қасқыр ізі, тал арасына кіріп, жоқ болумен шектеле берді. Қаладан Қоғабайда келп, Жарға соғып, байталымен қабақ маңындағы қосқа, есіле жөнелді. Қызықтап, тағыда бүркіттің ерлігін көріп, Абенге барып, сәлемдесуге бет

бұрды. Жеке аттылар тобы бір бөлек, етекті кезіп, жалпақ ойпатымен сүзіп келеді. Жүйрік аттылар жүрісі, пысықтау көрінеді. Қатарласып, қою бұта-тал арасмен, періп келеді. Ат жанарында, бойына асынған, ұзын салалы, құрық-сойылы, қарулы қолды тандап алғандай, сайабыр тұтпайды.

Аттары, «сентұр-мен атайын» шоқпарлы ұзын сойылдарымен шайқап өтіп, майысқан бұта ағаштары, жапырыла берді. Қарсыласын қояр емес, қалып байкатады. Қарсы тұрар, көкжалда, жасқанады деп, ой түйгендер, тоқтамады сүзе берді, сермей берді. Шатқалдың дөңес-ой қырын, қалың тал басқан, жер түбін көрсетер емес, тұтаса біткен. Ұялы қасқырда, сондай жерді тандап алып, апан еткен, күшіктеп бөлтірігін өсірген, – деседі халық. Мекен еткелі біраз жылға, ұқсайды. Қыс болысымен, қыстақтағы малға шауып, өрістенде олжасы кем түспеген. Қыстақ маңайынан, мекен еткен, апанымен бөлтірігін көбейтіп, мал егіне семірген қасқырдың тұқымын құртып, қолға түсіру, бәрінің андығаны сол болды. Бәріде бүркіттеріне жем-сау беріп, қарулы етіп, күтумен болды. Қоян еті дамылсыз туралып, Абен бүркітін бірнеше рет, ет-жемсауын мол етті. Е, міне аңға шықса Абендей шықсын, тілеуің бергір, – деді Саркен ақырын ғана ілбіп барып, шатқалдан құлдилап, үлкен тал түбіне, қуыстана жабысты. Ескен жел лебіде баю. Демін ішіне тартып, бүркіт бар қимылын, қасқыр-апанын күтіп тұрғандай, қимыл қағады. Жота басында Амантай мен Дәркен, Нысанбайда бүркіттерін жемдеп, саябыр сақтады. Олар екінші жотаға қарай, жазық алаң дөңесіне аялдады. Абеннен алыс емес, шатқалдың екінші жағында болды.

Ұзын денелі атына жалпия қонған, қолында «лашын» құсы бар, Жұман қасына ерген, үш адамымен, биікке шыға берді. Бәріде Абеннің маңайына жиналып, қос маңында болды. Құс бүркіті, жеті-сегізге жетті. Шетке шыққан малдарды қағып

тастап, шатқалда мекен еткен, қасқырды түбірмен құртуға бекінген, Абен бастаған топ, барлық амалына көшумен, дайын болды. Өне! Кетті! Көкжал кетті! деген Сарсеннің айғайы, қуа жөнелгенін байқап қалып, бірден Абен бүркітін жіберіп үлгірді. Қасқыр кең жазыққа қарай ығыса берді, омбы қармен мамырлап, боран етіп, шауып барады, Сарсен қуып барады, тоқтамады есі шығып, сойылын көтеріп қояды. Бүркіт қанатын ішіне тартып зулап барып, ауыр жел салмағымен құйындатып, үстіне қонғанын, бірақ білген, көкжал баяулап барып, әлсіздене берді, бүркіт ұзын тұмсығын, көзіне салып жіберіп, қаңсыратып басын бүктірді, аюлы тырнағымен бүріп, тамағын қиып жіберіп, қан етті, жосылған қан, қар бетін қызылға бойап, біраз жерді алып жатты, көкжал құлаған бойда жан тапсырды.

Абен ақ бозатымен, шауып келіп, лезде құсының қасына келіп, атынан түстіде Key! Key! шақырып, құсын қолына қондырды. Сарсен екеулеп әрең дегенде, көкжалды жанарына байлап, сүйрете берді. Сарсен таңырқап: Мұндай ғаламатты, бұрын-соңды көрмеп едім, бір өзі бес қасқырдай, дала бұқасы сыяқты ірі денелі, кесек екен, – деді. Қос басына жеткен Сарсен: Бір ғажап дүниені қолға түсірдік, апылотан малды не шыдатсын, мынандай денемен, Абеннің бүркіті болмағанда, басқасын шайнап тастауы мүмкін, – деді көпшілікке назарын беріп. Осының бәрі күтімнің арқасында, Абен дамылсыз жемсауын еліктің етімен-қоян етін берумен келеді, денесіде бар, тамақты көбірек етеді, – десті. Қарашолақ құсының айла тәсілі, аң қимылынан асып, табанға салып, көзбен тамақтан алып жансыз етуі, тез қимылдың арқасында, бірінен соң, бірін қан етіп, үлгіреді. Осының бәрі Қарашолақтың бойында, ойында бар, Абен ұйықтамай, күндіз-түні жем сауын беріп, асыл денесін баптаумен, қанатына кір жұқтырмай, денесін тарап, аяқ

тырнағына дейін, сылап-сипап, күтумен күн өткізген кездері, әдетке айналған.

Жұман Даркенге жақынай түсіп: Сенің бүркітің, екі түлкіні бірден соқты, деп естіп едім, – деді сықақтап. Я! солай, кеше ғана екеуін, қағып тастағанбыз, – деді Даркен, күлсең Айтбайға күл, мен сенің мазағың емеспін. Жок! Даркен мен әшейін, жай ойнап айтқаным еді, – деді Жұман. Екеуінің сөзін естіген, Айтбайда атын бұрып, жанасалап, екеуіні ортасына қарай ене берді. Сендер кімді мазақ етіндер, – деді Айтбай, ашу шақырып, әркім өз орнын білген дұрыс, мүшкіл ақымақтар, – деп атын бұрып, шатқалға шаба жөнелді. Нысанбай Тәкішпен Жайлыбайды ертіп, шатқалдың батыс жағына қарай құлдилай жөнелді. Олардың ойлары, қасқырдың екінші апанын, табу еді. Даркен мен Жұман күннің шығысына бой тартты. Ат шабысын байқаған Қоғабай: Енді күшті сойқанның, нағыз өзі, – деді көзін алмастан, екі партияға бөлінген, бүркіт «әйдіктері» болатын. Аттылар көбейіп, шатқал ойпатын, кезумен болды. Абен жоғарыдан: Асықпай, тал түбінен, жота маңын, қалың шөптің арасын, мұқият қарандар, – деді ұлпа қарастын нұсқады. Сарсенді басшы етіп, мұқият тапсыры, асығыс жасап, алданып қалмауын, ескертті. Сарсен, егде тартқан, салмақты кісі.

Атының басын тарта ұстап, шатқалдың шетінен бастап, аялдаумен тал түбтерін сүзе бастады. Қолындағы, ұзын құрықпен жолын ашып, үйілген балшық саздың үстінен түсті. Жалма-жан атынан түсіп, әйдік апанның ордасын тапты. Бір қауыпты сездіма, Сарсен кері атына міне, бергенде апаннан шыққан қасқырды көзі шалды. Қолындағы басы жұмыршоқпармен, сілтеп өткенде, қыңсылаған қасқыр, мойнын бұра беріп, омбы қар үстімен, атып-шығып, кеңістікке қарай жөнелді. Абеннің қолынан, лып еткен Қарашолақ, ат жанынан



шыға беріп, кеңістікке қарай, шүйліге жөнелді, жетіп алып қасқыр белінен, аюлы тұяғын, ысырып жіберіп, томықтай қуыра, шенгелін тастап, гүрс етті. Ауыр сезінген, қасқыр омақасып құласымен, үстіне мініп алып, азулы тұмсығымен, кеңірдегін жұлып үлгірді, қыңсылаған түрімен, әлі кетіп, сылқ құлаған бойында жата берді. Абен торысымен, құс маңына жетіп үлгірді. Қатарласып, жымия күлген Сарсенде: Бәлем қолға түстің ба? – деді. Абен атынан түсіп, бүркітінің аюлы тырнағын босатып, «Кеу!», «Кеу!», «деп, қолына қондырды. Сарсен, атының жанарына байлап, қосқа қарай, Абен соңынан, желіп жөнелді.

Бүгін үшінші қасқыр, алуы Қарашолақтың, – деді Қоғабай, жем-сауын дайындап, қарсы алып, дайын томағасын, алдына тосып, әкеле берді. Жұмсақ етіп-молғып, дайындаған елік етін көріп, Абеннің көңілінен шықты. Бүркіт сұбағалы тамағын жеп, күш қуатын, тағыда байытып, көзі жылтыраған түрімен, маңайды шолумен болды, дыбыстарды сезіп, шатқал бетінен, басын алмады. Кернеу Қарашолаққа жаман болған жоқ, тоятты қалпымен, қос қанатын жайып жіберіп, керіле түсіп, тұғырына қонды, сұр тұмсығын жоғары нұсқап, алысқа кеткендей, дыбыс беріп, қояды. Дәркен бастаған топ, қоянның бірнешеуін, алып үлгірді. Жұманның әзіл күлкісі, біреуді шатып мысқылдап, сөзге тартып, сөйлеп кетіп, тоқтамай отырды. Үзенгілес Дәркенгеде тиісіп, лашын құсының үстінен түспей, түлкігеде жарамағандығын сөз етумен болды. Дәркенді таба лап кетті. Енді бір қулық ойнақы сөз түскен екен. Түлкі мен бүкіт ойнағандай. Айла мен тапқырлық ойласа, аралары біріккен, достықтың сыры жатқанын, сездіріп үлгірді. Алып ұшқан қос қанаттың сырыда алысты болжап, Абенің тоқтап айтуын күтіп отырғандай, ыңғай берумен болы.

Сарсенде, топ жарып, талай сөздің кесегін тастап, тоқта-тып көріп еді, ілніскен екеуінің, дүзі жараспай, қос маңынан алыстай берді. Абен ішнен осыларға не жетпейтінін, біле алмады. Жолда қалған сопылар құсап, жан-жаққа бытыраған калып танытқан, осы екеуі, жұрт алдында ұялып, бетін басып, сырт айнала берді. Абен шыдамады, екеуін шақырып, көпшіліктің көзінше, қаталықтарын айтып тастады. Нысанбайда аз уақытқа, шыдауға болатынын сөз етіп, достық көңілін жайып салды. Жұман бүркіті, өте тез, алып түспе, лашын сыяқты, шапшандық танытып, бірнеше түлкіні олжа еткенін, айтумен болды. Дәркен ішіндеі момын кісі, өз жөнін, білетін бас. Жаман айтып, жақсысын кім береді, ымыраға келіп, құс бабымен жалғасын таба берді. Абен, осы құстың бәріде керемет, тек соларды күтіп, колға дұрыс ұстасақ, уақытында жемсауын беріп, күтумен болуын, қадап айтты. Аңшы қауым сақ келеді. Әне кетті! Әне Кетті! – деген дауыстар, бүкіл шатқалды орап алды. Жұман қолындағы бүркітті, жіберіп аспаннан бірақ шықты, қалықта барып, қашқан түлкіні көріп, зулаған бойы, түлкі үстіне тарс етті.

Домалаған түлкі денесі, кесек тасқа соғылып, бірден жатып қалды, шап беріп, басына мінген бүркіт, тұмсығын тесіп қан етті, түлкі сол бетімен жан тапсырды. Жұман шауп отырып, бүркіт маңына жетіп келіп, аюлы аяғын босатып, қолына бағыттай берді. Жұман біршама түлкі мн қоянды алып тастады. Олжасын байлап қос жанына жылжи берді. Жайлыбайда қоян алып, кеше ғана, қос түлкіні олжа еткен. Дәркен, қарулы қол, алып жықпаның өзі, қайратына сенеді. Шатқалдың күн шығысынан, шабыла жарысқан ат легі, жоғарыдан көріне берді. Қашқан қасқыр соңында, Дәркеннің қолында сойыл-құрығы, жетіп барып, қос қолымен, белінен салып жібергенде, сарт-сұрт еткен сойыл дыбысы, екі бүктеп, омақа

етіп құлатып үлгірді. Қыңсылап барып, әлі бітіп, сол орнында жатып қалып, жансыз етті. Ойпырмай, Дәркеннің күші қалай, кесек қасқырды, бір өзі қиратып түсірді, – десті жоғарыда қарап тұрған достары, мақтауын асырып, қос басына келгенше, айтумен болды.

Қоғабай осындай қайратты өжет жігіттерді, өз көзімен көріп, дән ризалық танытып, қолдау білдірумен болды. Дала құсы, бір кермет қыран дерсің, бірінен-бірі өтеді. қаншама аңды олжа етіп, қасқыр тосқауылын, бәсеңдетіп апанын құртып, ұялы қасқырдың жолын кесті, ізін құртып мүшкіл етті. Дәркен құсыда жай құс емес, басым еткен түріде, қасқырға шабу, жүрексінбей батылдық танытып, омақасын түсіріп, табан етуі, кереметтік деп, ой түйумен жалғасын тапты. Ұшқанын бағыдарлап, қарап қалған Абенде: Мынау өте керемет, айбатты құс, бар тәсілін білетін, – деді. Дәркенде, сырттай риза болып, көпшілік сөзін естумен бойына қуат біткендей, құсының жемін қайта-қайта берумен, қуатын күтіп, асыра берді. Жұман енді ештеңе айталмай, ұялып көпшіліктен сырттай берді. Басбұлақ төскейіндегі, арпалыс жалғаса берді. Дәркен бүркіті, қолынан лып етіп, дөнес бойымен, зулап алға қарай, кеңжазық қонауына ығысы берді. қос аяқтап шапқан қасқыр жолын, кесіп қос қанатымен күш жинап, алып ұшқан бойда, жетіп алып, қос қанатымен кезек-кезек беріп, сарт еткен күшті соғысы, қасқыр белін бірден үзіп жіберіп, жерге құлатты, қиралаңдап жан тапсырды. Құс жақсы екен, бірақ дәл күйін таппай жүр екенсіңдер, – нағыз үнмен бір сөз айтып қойды. Жұман бұған жалт бір қарап, мойнын бұрып, ыңғайына кетті. Абен құсбегіне ыза болған Дәркенді мазақ етіп күле берді. «Дәркен-Дәркен» дегенге, құстың тілін білдім деп педің? Сен білгенді Жұман түгіл өзімде білемін. Талай құс пен

аң алып, олжалы еткенімді, Жайсаңбайлар жақсы біледі. Дәркен қалжынға мойыған емес, қайта жандана түсіп, Жұманды сөзбен қатырып, сықақ етіп күлгенін ұмытпады.

Кездесе кеткенде, бірін-бірі сөзбен түйреп, Жайсаңбайды арасына қосып, жемін бергізбей, алас – күлес қып, құс артынан жіберетін, түлкігеде әлсізғып, баюлаған қалпымен, айырлып қалған кездерін айтып, сөз қылумен болды. Абен, араласып: Бұларың не ен далада, симағандарың ба? Қойыңдар сықақ қалжыңдарыңды, ол кімге керек, «ойыннан-от шығады» деген қағиданы ұмытпандар, орынсыз ойын-опасыз істің жалғамы, ақыл тоқтатқан кездерің емес па? – деді. Абен сөзі, бұйрық болып бекіді. Құйрығын қысып, екеуіде екі жаққа кетіп, құстарын жемдеуге бет бұрды. Тоятты етіп, сыбағалы жұмсақ тұраған етермен, жем-сауын мол етіп, қуттандыра бастады, Абен қадағалап, бүркіттің қуатын байқап, екеуінде ымыраға келтіріп, кезекті сендерге береміндеп, дайын етіндер, деп қадап айтты. Жұман ақылды сөзіне мән беріп, құс бегіне, елік етін тағы беріп, үстемелетті. Құсын қолына алып, тор атымен дайындалып, қасқырға шабуға, бағыттап отырды. Ұзын тұмсығымен, жоғары қарап, алмас көзімен жан-жақты бағыдарлап, үлкен саяс үстінде болды.

Қарулы қанатыда, желмен ілескен, алып дене бітімі, күштіліктің елесін көрсетіп қойып, шатқал беткейінен көз алмады. Ашу-ызылары, тарқаған Жұман, кейде кейістік танытып, қасындағы достарын іздеумен алаңдады. Әбіройсыз, мазақ адам көнілін қалдырып, Дәркенге іренжіген істерін мойындап, ішінен қайтымын жасырмады, құлақ асып, кешірім етті. Дәркенде ызақор, аянып қалмайтын, құбылыс жасап, ашуын басты. Бүгін өте сәтті күн, күнде суық емес, ашық аспан аясында, бәрінеде қол жеткіздік, – деді Абен, қос басындағы көпшілікке қарап. Жем-сауын тағыда беріп, қуатты етумен

болды, басқаларыда отырмады құстарын күйлі етіп, күтіп-баптаумен болды, денелерін сипап, қанаттарын жаздырып, қомақты етіп көрсете білді. Тағыда бөлініп шатқалды, ақырғы қорғанысқа алып, байыппен сүзіп шығуға бет бұрды, келісім солай болды. Апанда әліде қасқырдың, көп бөлтірігі барын іштей сезген, Абен бақылауды, асықпай қарап шығуға кеңес етті.

Аттылар тобы құйындатып, шатқал қойнауына түсе берді. Арпалыс топ-ұйлыққан қасқыр, ертең малды жеп, шабуылды күшейтетінде солар, әпден үйреніп, қорықпасқа бекінген. Жұман мен Дәркен қыстарын қолына ұстап, атымен шауып, екі жаққа ығыса берді. Тап! сол! Кезде! ұялы үш-төрт бөлтіріктер, апан аузынан ытқып шығып, оппы қармен, бірге борасып, жазыққа қарай ызғи берді. Жұмандарда, байқап қалып, бүркіттерін ұшырып, бағыттай берді. Абенде құсын ұшырып, уысынан шығармасқа бекінген, аңшылар тобы артынан, салып келеді, құс соңынан келеді.

Жұманның құсы бірінші болып, аспанн ұласып, құлдилап барып, басын бүре құлатты, тұмсығымен көзін ойып, шығарып құлаған бойы тұра алмай, бөлтірік жатып қалды. Дәркен екіншісін, апаннан ұзатпай, қарулы қанатының желімен ұшып, ауыр болып үстіне қонған бойда, құлатты. Олжасын байлап, тағыда бөлтірік соңына, құсын ұшырып, үлгірді. Асау толқынды, жел бағыты, құптап тұрғандай, тағыда құйындап, бөлтірік үстіне тарс етіп, күмп етті, өліп кетті. Дәркен екеуін алып, қанжығасын майлады.

Қарашолақ, апан маңын торумен, қашқан қасқырды көріп, срңына түсті, аспаннан ағып келіп, қанатымен соғып жібергенде, домалап барып, жер дөңесіне соғыла, тұралмай қалды, бүркіт үстіне мініп, тамағын қиып жіберді, қансыраған қасқыр, тұра алмады, біраздан соң жан тапсырды. Сойқын төбелес,

қасқыр мен бүркіт арасындағы, алыспақ оңай болған жоқ, жанды жерінен басып, күш алған құс басым етіп, айласын асырып, оңды қуатымен, алып жүруі, бойына біткен бір ерекшелігі деп, мақтан етеміз. Ашынған бүркіт қойсынба, денесін бүріп, тұмсығымен басын шұқып, қан етті, миын ағызып құлатып үлгірді. Айтбай бүркітін, көріп сөз етті.

Абен қасына келіп: Айтпай сен, күтімін жаса, жемсауын карап, жиі етін беретін бол, күш керек, қоян еті аздық шығарып, қасқырмен біраз шайқасқаны, әлсіздік белгісі емеспе? – деді. Айтбай: бәсе мен ойламаппын, көп шиқылдап, тоқтатпағаны сол екен, – деді. Нысанбай мысқылдап: Айтбай сен жаңа білдің ба? қоянға қосып бүркітіңді сынасаң етті, – деді. Әлі масайрап, бәр шаруаны Жайлыбайға артып қойып, «ауырдың астымен-жеңілдің үстімен» жүргенің қалай, күтімін біреу, жемсауын беретін тағы біреу, атыңды ерттеп, алдыңа тосатын, тағы біреу, – деді Айтбай. Жайлыбайда шошып түсіп: Мен ешкімнің жалшысы емеспін, қатар жүріп, аңға бірге шыққаннансоң, карап тұра алмадым, – деді.

Айқыш-ұйқыш сөз сынағы бірін-бірі, түйреп өтті. Тыңдап қасына келген Абен: Бұларың не! біріңе-бірің итше ырылдап, даладағы аңға таласып жүргендерің, неге ауламайсындар, қоянда, түлкіде, қасқырда, бөлтріктеріде есейіп қалған, апанға қақпан құрып, тазы жіберіп, қолға түсіріңдер, – деді. Әне! түлкі қашты! Қуындар! деген дауыстар, бүкіл шатқалды орап әкетті. Жайлыбайда қолындағы бүркітін жіберіп, соңынан салып келеді. Ағып өткен құстың беті, түлкіге жетіп, қос домбалды аяғымен бүріп, алдыда сүйрете, аспанға ұшып, жерге тастап жібергенде сылқ еткен түлкі бірден бітіп кетті. Аңшылар кезетін, бір шеті Басбұлақтың Тасобасынан басталып, Қарақұдық, Ақан, Бабашал, Жарөткел, Жар, Ортабұлақ, Құмжота қабағына дейін, алып жатқан үлкен аймақты алып жатыр.

Соңғы күндері, кезектесіп шатқал маңайын қайта сүзіп, басқа аймаққа жолымыз түсумен болды. Томағасын тартып, сала бергенде, Абен қолынан, лып етіп шығып кеткенінде, білмей қалып, шатқал үстінен қашқан қасқырды байқап қалып, зуылдап соңынан қуа түсті. Қасқыр шабысы, бар пәрменімен Қарақұдық бағытына салып келеді. Қос басынан Қоғабай Абен екеуі, Қарашолақтан көз алмай, ызғып-ағып бара жатқан кейпін көріп, бақсы құсап болжаумен болды.

Абен жалма-жан атына, қонып шаба жөнелді, Сарсенде соңынан ілесіп жазыққа шыға берді. Сарт-сұрт еткен дауыстар естіліп, қос қанаттың дүлей жел күшімен, құлатып үлгірді, үстіне қонып, өткір ұшқыл тұмсығымен қарнын жарып, қар бетіне қан етіп, өлтіріп үлгірді. Жұман мен Дәркен шатқалдан көзін алмады, тағыда олжалы болуға басым етіп, құстарын тойғыза, қоян етімен байыптады. Абен барып, іле жеткен бойда құсын шақырып, «Кеу! Кеу! «леп аюлы тұяғын денесінен алып, қолына қондырды, Сарсенмен ілесп, қос басына жылжи берді. Қоғабай достарымен жемсауын дайын, етіп алдына тосты, жұмсақ еттерді, құмыға жеп, қылқыта берді, тағыда дайындалып, жемсауын ұсынды. Қос маңында аңшылар толастамады, барлық бағытқа көз тігуі, бірнеше күнге жалғаса берді. Жұман мен Дәркен түлкі мен қоянның біразын алып тастады, олар алысты кезіп, қырат маңындағы қалың ағаштарды сүзумен болды.

Абен көзі бірден шалып, Жұманның бүркітін ұстап қоңын байқады, сидиған сылтаң түрі, арық құнжауы жоқ екенін бірден білді. Бәсе! кешеден бері, сенің бүркітің өте баяу, түлкіге жібергенде қанатын, жаралап алуы мүмкін, – деді Абен жақындай түсіп, қасына келді. Қызара бөртеп, түрі сазарып ыңғайсызданған түрін көріп Абен: Ашуланба, мен шындығын

айтамын, сен құсыңды үш күн, жемсауын беріп, қой еті болсын, қоян еті болсын, жақсылап күтіп, сонда ғана, айласын асырып, тың күшпен бәрін алады, – деді. Даркен сағанда айтарым сол «бапсыз» құр әурешілік, – деді. Асқар белес, бірінен соң бірі сайрап жатыр. Белес бауырайын сүзіп келе жатқан, Нысанбай қайта-қайта айқай үстінде болды. Сомды дене, ауа толқынымен, қос қанатының жел соғысы, зулаған бойда, қос тұяғымен, белін басып, түлкі үстіне құлай берді. Аюлы тұмсығы денесін парша етіп, өлтірді. Нысанбай көңілдене сөйлеп: Құсымды, бұрыннан білгенмін, керемет екенін, – деді. Жемсауын беріп, төсінен ұстап, аяғын сипап, қысып қоңын байқап арып кетпеуін, қадағалады.

Жайлыбай мен Тәкішке енді кезек сендерде деп, иек қағып белгі берді. Аттарына қонып, құлдилап төмен қарай түсе беріп, аққан жұлдыздай, қойнаууды сүзіп, бетке ала берді. Қашқан түлкіге араздасып, қайсымыз бірінші жіберсек деп, келісе алмады. Тәкіш бұған дейін түлкі мен қояндыда азсынып, көзі тоймады. Сен ақымақпен, араздасып қайтейін, бірге келгеннен соң, жолымды бердім деп, – Нысанбай жылылық танытып, жолын нұсқады.

Әлбетте қашқан қос түлкі, тал түбінен, жазыққа қарай, салып жөнелді. Құдайдың бергені, кәне сенде жібер, құсыңды, – деді Тәкіш, рай танытып, атына жақындай беріп, нұсқай берді. Қос бүркіт алып ұшып, апаннан бірақ шығып, қалықтап барып, қанатын баурына тартып, зулаумен түлкіге жетіп, қайратты комды аяғымен белінен түсіп, сындыра үстіне қонды, түлкі амалы құрып, өліп кетті. Екеуіде олжалы болып, жанарына байлап, қолына құсын ұстап, қос басына, шоқытып ала жөнелді.

Аңшылар тобы бірнеше күнге созылған, дала қасқырымен айқасты, тағыда жалғастыруға келісті, бірақ жемсауын мол



етіп қонды қылып, күтуге уәделесіп, алыптар тұяғына ілінбестей, басым етуді, жөн көрді. Арықтап кеткен құстарын сезіп ой түйген, Абен достары, шындық сөзін мойындап, күндіз-түні беруге бекінді, қоян еттері, көпке жарап, еліктің еттерінде ұсақтап турап, бойына жұғатын етіп жемсауын, мол етуге бет түзеді. Орынды сөзге тоқтаған Абеннің достары, жұбын жазбай, малшының малын сақтауға бағыт ұстап, тыныш өмірін қалады. Жыл сайын, болған дала қасқырыда азайып, қолға түскен тұқымын құртып, апанын тасталқан етті, бөлтіріктеріне дейін ұстап, жоқ қылды.

Басынан, аяғына дейін, дамыл таппаған Қоғабай олжалы болып, оралды. Ғалияда уайымдап, таңертеңнен, кешке дейін тоңып, қалды ма? деп далада жүргенін, жарына жеткізді. Ғалия әдемі көйлек тіктіріп, Сырғалым ұйымдастырып кеткен, шағын «тігін салонын» Балқия қыз басқарып, екі-үш адаммен тігін тігіп, ауыл адамдарына тамаша көйлектер тігіп си етіп жатқанын жеткізді. Қандай тамаша болды, – деп қуанып Қоғабай, бір көтеріліп қалды. Түн уақыты. Қоғабай Ғалияны сыртынан құшақтап, бауырына тартып, тамағынан сүйіп, сағынышын білдірді. Ғалия сұлу жүзін қаратып, қос қолымен, мойнына орала берді. жұмсақ ернін, жарының бетіне апарып, аузына жабыса берді. Шыдамады. Ғалияны көтеріп алып, жұмсақ мамыққа салып, денесімен жақындай берді. Ғалияның көңілі өсіп, күлімсіреген жүзін, ыстық лебімен басып, құшағына кіре берді.

Жібектей созылған, сұлу денесі, Қоғабай денесіне ұласып, балқи берді. Күннің нұры түскендей, бойларын шапағат бағы билеп, бақыт құшағына жетелей берді. Қоғабай мен Ғалия Қарағайлыға барып, қайтуға дайындалып жатты. Анасы Сақан, сағынып отырғандай болды, қашанда ана жүрегі, алып ұшып, қызының бақытты, болуын тіледі.

Шағын Қарағайлы ауылы. Өзен жағасын бойлай орналасқан, үйлер мен қоралар салынған, Жайлым шөбіне қызығып қоныстанған бір рулы ел болып, отыра берді. Қарағайлы қабағыда, қар басқан, аппақ түрмен өзгеріп, тау бөктеріндей елестетеді. Топтасқан жылқыда, тебіндегі бауырайдан көрінеді. Қос ат жегіп, кимелі шанамен, Ғалия үйіне барып тірелдік. Келуін бірден байқаған анасы Сақан: Қос құлыным келіндер берші, – деп беттерінен сүйе бастады. Сағынған анада ес болмады, әйдік қуанды. Ауыл жиналып, алғаш көрген Қоғабайдың қолын алып, қоршаған бойда танысып жатты. Қоғабайды естігені болмаса, алғаш көруі еді. Егде тартқан, үлкен кісі, ауыл ағасы Сүйін: Қоғабай жас болсада, қаладан жастар-отрядын ұйымдастырып, Махмет басқарған Шилі колхозын танымастай етіп, қаншама үйлер салып, жаңа көшелерімен сәнді ауыл етіп, аққудай тізілген сұлу келбеті, өзгеріп сала берді, мәдениет үйінде болып, Нұрсұлудың салған әнін, естіп, таң қалыспаған адамдардыңда кемде-кем шығар, назды дауысы жүрекке жылы тиіп, көңілімізді босатып, арман тілегіне жетелеумен болды, – деді көпшілік назарына сөз тастап.

Көпшілік екі жастың, болуын қалап, той өткізуге дайындалып жатты. Ауыл жастары, өнерге құмар, тамаша әндерімен, бүкіл жұртты орап алды. Жарасып шыққан жастардың үстіде ал-қызыл сәнді көйлегімен, қималы қамзелдері жарасып, шалқытқан ән сазы алысқа шығып, екі жасты құрметтеп, бақыт құшағына, баянды ете берді. Ауыл жеңгелері Ғалияның үнін, оқуға кеткелі, естімедік-сағыныш сырымызды айтып, ой бөліспедік, – десті. Ғалия сағынған ауылына шыдамады, ортаға шығып, басына үкілі қамшат бөрігін киіп, қызыл көйлегі, етегіне түсіп, оюлы қамзелі, көк береннен тігілген, қима беліне жарасып, сұлу жүзін нұрландырып, қою шашы артына түсіп,

ақшыл келбетімен, көпшілік алдына шыға келгенде, танымастай өзгерген түрін көргендер, таңырқасып сұлу жүзінен, көз айырмады.

Асқақ дауысы ауа толқынымен жарасып, алысты орады, назды дауысы, көпшіліктің көңілін босатып, жылатты. Ғалияға риза болған, қауым бақыт тілеп, Қоғабай екеуіне үлкендер батасын беріп, көңілді кешті көтеріп тастады. Ғалияның анасында өлеңге жасынан жаны құмар екенін, бәрі білетін, сол өлеңді айтуға, екі жастың келуіне орай, сұрап отырған, егіде әйелдер, қуаныш сенікі-деп, қойарда- қоймай айтқызуға көндіре берді.

Сақан күрсініп, болған оқиғаны, айтып беруін сұраған, ауыл адамдарына қарап: Мен ол кезде, он екіде болатынмын. Патша заманында, елді болыстар билеп, шабарман-жендеттер ұстаған заман болатын. Қазіргі Данабике өзенінің жағасы, көшпелі қазақ ауылы. Болыс қаралар билеп, елде қатаң тәртіп орнатты. Еркегін жалшы етіп, малын бақтырып, әйел біткенді күңғып ұстап, көмбегендерін сокқыға жығып, талайларын өлтіріп, құн сұраусыз, қылған қатыгез өмір орнады. Жетім-жесірлерді аямады, ұрып-соғып, кісі есігінде күндерін өткізді. Бике өте сұлу қыз болатын, бірақ болыстың туысы сыртынан, емденіп қалың мал беріп әкетуге, бүгін ба? ертең ба? деген уақыттарда, өзінің сүйгеніне хабар жіберіп, Дананы алғызды.

Сол кеште уадаласып, қос атпен қашуға бел байлап, түн уақытын күтіп, қараңғы түсісімен жолға шығып, Көкбие бағытымен, қырат асып, алысқа кете берді. Құрығы ұзын болыс жендеттері, соңына түсіп, қуып жетіп алды, қалың қол, қарулы шоқпарлары, ешкімді маңайлатпады.

Өзен бойына әкеліп, тірідей екеуін тақтайға шегелеп, асау толқынға салып, суға ағызып, жіберді. Тасыған өзен толқыны лезде әкетіп, денесін жоқ қылды. Естіген ауыл жұрты, дүр етіп, жендеттеріне лағнат айтып, болыстың бұлай ғана жер басып

жүргенін айтып, баласының алдына келсін деген қарғыс тілеп, калың жұрт көп жылады. Екі жастың «ғашықтық» өмірін естіген халық, қайғырып, елді-елге тарады, бақыты сөніп, өмірін үзді, үміті үзілді, «мәңгілік» болып ел аузында қала берді. Халық өзенді «Данабике» деп, атаумен, көңілдерін жұбатты.

Сақан халық шығарған, әндерді айтып, екі жастың қыршын өліп кеткенін, жырға қосып, отырғандарды жылатты, көңілдері босап, мұнды өлеңді тыңдаумен болды. Көп ұзамай, Қоғабай мен Ғалия қалаға оқуына оралды. Асыл Әуликөл бойындағы, Қоянды-ағаш колхозына, әпкесінің шақыруы бойынша келген еді. Алты қанат, ақ отау тігіліп, той болып жатқан үйге, әпкесін шақырып алып, кетті. Менде қалмадым ере бардым.

Жиналған жас-жарандарда ақ отауға тірескен. Асыл көркем, әдемі-сұлу жігіт болатын. Есіктен ішке кіре бере, қарсы алдынан, қайран ғажап, жаңа туған айдай болып, сұлу қыз көрінді. Сүйікті айдың қайта жаңарып, айнымаған тұлғасымен, қайта айналып келіп, тірлік аспанынан өзіне сай, әдемі тұлғасын алғандай болды. Уыздай таза болып, үлбіреген сезімтал күйде, нәзік жүрек толқынымен, дірілмен тұр. Жас қызды көрген бетте, қатып қарап қалған, Асыл рені, тіпті жат еді. Екі көзі шарасынан шығып, тесіле қадалып, қалыпты.

Қаны қашқан, жүзінде аспаннан тағыдыр жұлдызын күткендей, жат ажар бар. Айырған, аң-таң дағыдарыс барда, ерні күбірлей түскен, үнсіз сиыну бар. Сезімтал сұлу, өзіне қадалған, көзді көргеннен-ақ, аңғарып еді. Қысылып тұрып амандасқан болатын. Бірақ көз айырмай, есі ауғандай қадалған жігіт, қыздың амандасқанына жауапта қатпады. Құр болымсыз ғана, ерні жыбыр етті. Сұлу жас, осыдан қымсынып, қып-қызыл болып кеткен. Асыл «танымасты-силамас» -деген ой

түйдіде, төрге барып, жұмсақ төсек көрпеге орналасты. Қонақ деп, жастық тастап, құрмет етті. Реті келмеді, сұлу қыз, қыз-келіншектер арасында болып, ән айтумен кешті өткізе берді.

Асыл сұлу қыздан көзін алмай, қалай қасына барып, танысу амалын ойластыра бастады. Сокқан жүрегі тоқтамады, бұрын-соңды мұндай сұлуды көрген емес. Ынтасы ауып, көңілі сазарды, беті ағарып, сұлу бейнесін, қыз жағына бұра берді. Қызда, қыздар арасынан, төрге көзін сүзіп, мөлдір көзімен, күлімдей түсіп, қарап қояды. Мойындағы, жылтыр алқасымен, сары білезігі, үстіне киген, мәнерлі көйлегі, өзіне жарасып, ақшыл тамағын өзіне тартып, сұлу жүзін жігіт бетіне қарап, бұра түседі. Қою қасымен, жарасқан қонды шашы, өріліп алдына беріп, түсірген. Қима бел қамзеліде өзіне жарасып тұр.

Сұңғақ әдемі бойы, келбетімен түрленіп, ажарын аша түскен. Сұлулық реңі тартып, келбетін жағалай көрсетіп қояды. Асыл шын «ғашықтығын» жасырмады, ішіне сақтады. Бәріде битарап, бөтен адамдар екенін ұқты. Өлеңдіде, ән ырғағымен бастап, айтып отырғанда, сол-сұлудың өзі еді. Қыздар әні, олсыз сазына келмей, тұрып қалатынында сезді. Тойды тастап, кетуге өзіде баспады, ұят көрді. Ұзатылу тойы, Жанияның екі күнге созылды. Айттырған, Қарасу бойындағы, бөдене Кәрімнің келуін күтіп, хабарын берді. Екі әйел алып, бала болмаған соң, Кәрім өзінен көп кіші, жас қызды қалыңдық етіп, түсіру еді.

Қанша айтқанмен, момын қыз, Жания көніп, ата-анасының сөзінен шыға алмады. Құдайдың бұйрығы шығар, таланыма жазған, сол болса көнемін дағы, – деді көзіне жас алып, жыламсырады. Отау үйі, төр тұсына, тоқылған кілемдерді іліп, жеріне бірнеше текеметтер төселіп, үстіне алашамен жабылған. Шымылдық жағында сары сандық, үстіне жиналған

«қыз жасауы» тұста қасқыр мен түлкі терілері қоса ілінген. Тұстағы атлас шымылдығыда, жалтырап жиектеп тігілген, алтын түсті жолақ маталармен көркем еткен. Жиналғандардың ішінде, егде әйелдермен, кемпір-әжелерде отырып, сықасқан. Өндер тындап, әңгіме басын, бір-біріне айтумен тынады. Асыл бөтен адам, қонақ кейде оны, келген бейтаныс адамдар: Мынау күйеу жігіт па? – деп, қалатын-ды. Айтқан сөзге қызара бөртіп, отырумен тынды. Естіген сұлу қыз, шымылдық бетін ашып, сықылықтап қыздармен күлумен болды, жалтақтап төрге қарап, сызылып қояды. Асыл қыз кipiн ұнатпады. Қасындағы көршісіне, шымылдықты түсіріп, тасқып жауып тастауға ниет етті.

Бәлем сол керек өзіңе, енді күлерсің, деп ішінен ой түйді. Сөз жалғсы табылмады, мазағына көнбеді, күлгені ұнамады. Әдемі киінген, костюм-шалбары, ақ көйлегімен галстугі жарасқан сұлу жігітті, ұнатып бәріде шымылдық ішінде, күбірлесумен болды. Кейде шымылдықтың бұрышын ашып, төрге көз салатындар көбейе түсті. Төрде, Асыл ғана, қалғандары үлкен ел адамдары. Қонақ деп, той басталмас бұрын, отырғызғаны сол төр болатын. Сол бір кзде, отырған кісілерге, қымыз жасалып, қыздың біреуін таратып беруге шақырды. Баяғы өзі көрген сұлуы сыландап, шымылдық ішінен шыға келді. Асыл іштей қуанып: енді сен емес, мен күлетін боламын, – деді ішінен. Оймақтай аузымен, сұлу жүзін көрсетіп, бір қарағанда, төр басына қымызды ұсына берді. Аппақ қолымен, денесі жарасқан, салалы саусақтарымен, ыдыстарды алып, қайталап беріп жатты.

Мағанда ұсынып, қабағының астымен, жымия түсіп, көзін қадап, жақындай берді. Атың кім болады, бикеш? – деп, сөз қаттым. Атым Жания, – деп ақырын ғана тіл қатты, екінші кесені күттім. Енді өзімді таныстыру еді. Сәлден соң, оң қолымен

екінші кесені ұсынып, назарын маған аудар берді. Атым Асыл! – деп айтып үлгірдім. Басын изеп, иегін қақты. Бұр не деп, ішімнен ойлап, сөйлесуге белгі еткені ма? – деп, отыра бердім. Қымыз бітіп, ыдыстарын далаға тасып, батынаспен шығып кетті. Қайтып оралып, дастарханды жинап, көзін қадаумен, маған сүзіліп, ыңғай танытқандай болды. Таза ауа жұтып, далаға шығуға бет алдым. Есікке жақын, қойылған стол үстіне, әлгі ыдыстарды жуып, орамалмен сүртіп жатты.

Ұялмадым, менде қасына барып: Неге күлдің Жания? – деп, өзіне ақырын ғана бас салдым. Жания: Қайдан білейін, келгендер сұрап, қайта-қайта «күйеу» осыма деп, қоймады. Сенің бейтаныс, бұрын көрмеген соң, ойлап айтқан, ауыл адамдарының сөзіне, күлгенім рас, іренжіме-кешір мені, – деді көңілді жүзімен қарап, мөлдір көзін бір тастап. Сенің уақытың болама, әпкемнің үйінде едім, оқуға кетемін, – деді Асыл. Менде сол, әпкеңнің көршісімін, ағаның қолында тұрамын, – деді Жания. Өте тамаша, ендеше жолым болды, – деді ішінен. Уақытын белгілеп, кездесуге уәде етті. Жания: Асыл сен қонақсың, бізбен бірге болып, ән тыңда, ойын-сауықты бірге өткізіп қайтармыз, – деді.

Құп болады! Мен қайтып келіп, өз орныма жайғастым. Жания келісімен, қыздар арасына кіріп, әнді шырқай жөнелді. Тамаша тамылжыған, назды дауысы, алысқа естіліп, үй ішін орап алды. Жиналған халық симады, төсек төселіп, далада тындап, көңілдерін ашты. Тамаша ән кеші Жанияның бастауымен, «қыз ұзату» кеші созыла берді. Сыландап киінген, сұлу қыз Жания, қыздармен қош айтысып, ақ отадан ұзап шыға берді. Қуып жеткен, Асыл Жаниямен қол алысып, жақынырақ танысып, өз ара ұзақ әңгімемен, әпкесінің үй жаына бетін бұра берді. Асыл өзінің студент екенін, айтып әпкесінің шақыруымен келгенін, жеткізді. Жанияда, өз ауылында мұғалім болып

істейтінін, таныстырып өтті. Асыл Жанияға жақындай түсіп, қолын ұстады, ұзын ақ саусағы қызу тартып, бірден денесі алып ұшып, қыз қолын алмай, жігіттің уысынан шыға алмады. Жания жүзі жарқырап, қызыл көйлегінің реңі, ажарын ашты. Сұлу қыз әсем келбетімен, Асылға қарап, мөлдір көзін, тастап қояды. Ақырын басып, жиіншке белі иіліп, нұрлы жүзін жігіт бетіне беріп, Асылдың құшағына кірген, бойда үй маңын жақындай түсті.

Аспан ашылып, ай сәулесі жарқырап, маңайға төгіп тұрды. Асыл өзімен бірге оқып жатқан, комсомол басшысы Қоғабайды сөз етіп, қазақ қыздарының бағын ашып, ескінің қатал ғұрпын әшкерлеп, жаңа өмр салтын баян еткен, ерлік істерін сөз етіп, Жанияның мұңына келтіріп, бақытты болуын қалады. Асыл: Әліде етектен тартқан, тозған заман тағыдыры, «тоқал» алуды, мансап өткен кәрі шалдарды, әшкерлеп, заң алдында жауапты «қылмыскер» екенін айыптап, түрмеге тықты, қыздарды шырмаудан шығарып, сүйгеніне қосты, соның бәрі Қоғабайдың достары, бірге оқитын жолдастары, басынан өткізген мұңды ойлары, бүгінде ұмыт болып, бақытты өмір кешіп, болашақ маман болуға талпынуда, – деді. Жаңа ғана ән айтып, «қыз ұзату» отауында шырмалған, жас қыз Жания, бәріне мойынсынып, ата-ананың айтқанынан шығы алмай, екі әйел жіберген, кәрі күйеуге баруға сөз беріп, өз бақытын таба алмай, адасқан айдың көлдегі, дара аққу құсап, «мұңды» болып, өмірін өшіргені несі, – деді Асыл. Жания: Рас, өмірім құрып, бақытым ашылмады, айтқанына көніп, айдағанына жүріп, ақырында назды мұңның жолына түсіп, кете жаздағаным, өкінішті – ақ, – деп көзіне жас алған, бойын жақындай түсіп, ашыла берді.



Ауыр күрсінген Жания сұлу келбетін, Асылға бұрып, жол шетінде біраз тұрды, аялдады. Өзін-өзі тоқтатып, айтуға ба-тылы бармаған жігіт, сұлу жүзіне қараумен болды, ұялып тіс жармады. Менің достарым, өздерінің сүйгендеріне қосылып, Дидар мен Назым, Қанат пен Айсұлу, Мақан мен Сырғалым, Қоғабай өзінің Ғалиясында, қатал өмір шырмуынан алып шығып, бәріде бақыт құшағына еніп, тамаша өмір салтын ба-старынан, өткізіп, қаланың оқу орындарында білім алып, бола-шақ маман болып, ел халқын көтеуге тырысуда, – деді Асыл, өз ойын ортаға салып. Жания басынан аяғына дейін, Асылдың сөзін изағатпен, тыңдап бойына сіңдіре берді, құлағына жағып, басын изегендей, ылтипат алумен болды.

Асыл қиналып барып: Менде өз сүйгенімді тапсам деймін, – деді. Қалада өзің айтқандай қыз көп емес пе? Таңдап жүріп, біреуін қағып кетсең болмаспа еді, – деді Жания мысқылдап сөйлеп. Жоқ! Мен ауылдан шыққан қызды ұнатам, өмірді көрген, үлкенді силай білетін, білімді адамды, іздеймін өзімде сол ауылдан шыққанның бірімін, – деді. Жания: Мен қала қыздарының, ішінде тамаша сұлу, мәдениетті, тәртіпті қыздарды көріп, қызықтадым, соларға қарап киіндім, қалпын ұстап, ұмтылыс жасаумен болдым, – деді. Асыл ішінен: Мөлдір көзі, тік қарағанда өңменіңнен өтіп, өткір қыз ба? – деп, қаласың. Айлы түн, жарық сәуле, күнде жылынып, кешкі ауа толқыны, жұмсақ желімен, үрлеп қояды. Ағаш жапы-рағыда, аула маңында, ай сәулесінің жарығымен ұштасып, жылт-жылт еткендей, әсемдене береді. Қаз-қатар салынған, үйлер шамы жарқырап, сәуле шашып қояды. Кең көлемді ай-маққа жайылған, ауыл қонысы, үлкен мекенін аңғартады. Бау-бақшалары, қоршалған, үй сәнімен шектеледі. Аудан орта-лығыда алыс емес. Ауыл сыртынан, жалпақ кара жол, айналып ауданға қарай өтеді.

Бірлі жарым жүргіншілер, дауысы ат арбамен бара жатқаны байқалады. Ауыл шетінен, қыратқа шейін созылған жазық, көк бидайық басқан, шабындық алқапты көресің. Шағын көлшікте белді басып, батысқа қарай созылған. Маңайы толған балалар күлкісі, суға түсіп, ойынды сапырып, құлаш ұрған, қалпын көресің. Табиғат өңі жарасқан, Қоянды ағаш ауылы, биыл ерекше көз тартып, көгалды-жасыл, бейнеленген келбетін көріп, көз тоясың. Жүздері жарасқан екі жас, түні бойы жүрді. Ой арманын ортаға салып, шын сырларымен бөлісті. Асыл жібектей созылған Жания денесін, өзіне тартып, құшақтай берді. Әдемі беліде иіліп, жігіт құшағына, ығыса берді. Түйіскен беттері, ыстық ырай тартып, ләзат бесігіне бөленгендей, таң нұрымен жалғасын тапты. Қарулы жігіт, Жанияны көтеріп алып, көгал шөпке, кастюмін төсеп, үстіне апарып салды. Баю сокқан жел лебі, толқыған жүрек назын басып, қыз денесін өзіне тартқан бойда, сүйумен бола берді. Қызуы басылмаған, қыз жүзінен, сұлулық қалпын, ай сәулесі шарпып өткендей, мөлдір көзін, жігіт келбетіне түсірдіде, қос қолымен мойнын орап, өзіне тарта түсті.

Жігіт қимылы ілесіп, жігерлі күшін, екі дөнеске қарай, икемдеп өте берді. Лазат алған қыз денесімен бірге балқып, әдемі ернінен, қабыса сүйісумен болды. Тамылжыған, дене сезімі дала нұрына бөленгендей, Жаным! Сұлуым! Бақытым! деген қыз сөзі, қайталаумен болды. Асқар биік, өмірін жаңа тапқандай, екі жас дала нұрымен осылай бөлісті. Жарық жұлдызда жымың қағып, аспан нұрымен жарқырап, сала берді. Таң атып күн сәулесі, жер бетін ысыта түсті. Жиналған жұрт ән айтумен, ақырғы түнді шығарып салуға жиналған. Асыл әпкесімен, ақ отау ішінен орын алып, отыра берді.

Жания сұлу жүзін жасырып, қыздар арасынан көрінбеді. Алыстан мұнартақан көп атты адамдар жүрісі байқалады.

Сағым тартқан өңір, алысқа межеп, буылдыр кейіпін беріп, көшпелі түйе өркешін көрсетіп қояды. Аттылар саны өте көп көрінеді. Жұрт бұлардың салтын жақтырмады. Алуға ма? Әлде шабуға ма? деген ой түйді. Ауыл түгел жиналып, құданы қарсы алуға бекінді. Көш байаулап келіп, отау жанына тоқтай берді. Арттағы аттылардың үстін, кара-құрт шаңы басқан, бет-ауыздары күрең тартып, жылтыраған көздерін ғана, сығалаумен, жұрт алдына қарай, аттарынан түсіп, жылжи берді. Екі жақта амандасып, шашулар шашылды.

Үстерін қағып, жуынып, қалыпқа келген бойда, ақ отауға шақырылып, «жар-жар» өлеңдарімен қарсы алды. Үлкендер: Күйеу жігіт қайсы? – деді. Шетке келіп жаңа отырған, шоқша сақалды, орақ жақты, қоңыр мұрын, егіде тартқан, шалды нұсқады. Кейпі келмеген ұсқынсыз, адамды бірден байқаған Жания тез құтылудың амалына көше бастады. Бұл қалай? Сендердің мазағың ба? Әлде мысқыл амалдарың ба? – деді әкесі орнынан атып тұрып. Менің қызым оқыған, білімді, сұлу келбетімен қайтып, мұндай адамға бермекпін, – деді ашуға басып.

Қалың жұрт аң-таң, қызбен келіспей бұра тартып, отырған құдаларға: Кейін қайтыңдар беретін қызымыз жоқ-деп, келген жолын нұсқады. Екі жақта айтыс-тартыс басталып, тоқтамады күн түнге ауысып, қараңғылық бастала берді. Үш жыл бұрын берген үйір жылқысын сұрап, алға тартты. Тағыда топ жылқыны әкеліп, биесімен тарту еткеніміз, осы болғаныма-деп, жанжалға басты. Қараңғылықты пайдаланып, үстіне егде кемпірдің кимін киіп, шеттегі Асылға белгі беріп, далаға шығуын, күтіп өзиде сырт жерге барып жасырынды.

Жания көзіне жас алып, бір шараның істеуін, Асылға айтып жеткізе берді. Асыл: Жылама, мен көлікті әпкем үйінде, дайындатып қойғанмын, сен тез жиналып, сол үйге жет, аудан

арқылы қалаға асамыз, – деді жұбатып, бірақ ешкімге сездірме-деп өтінді. Жания: Жаным мен сенен осыны күтіп едім, қазір тез жиналып, сол үйде боламын, – деді құшақтап аузынан сүйіп, уақытша қоштасты. Кешкі уақыт. Ымырт жабылып қас қарая бергенде, ай тумай, жолға шығуға дайын етті. Жания үйіне барып тез киініп, егде адамның шапанын жамылып, жүзін ешкімге байқатпады. Ақ тау ішіне жоламады, дау екі жақта ушығып, тұрғанын сезген қыз, тез Асылға жетуге асықты. Құрбылары өлең мен жыр айтып, Жанияның жасырын, кеткенін білдірмеді. Аяқ қолы жерге тимей, асығыспен ұшқан жүрек соғысы, қызды жетелеп, Асыл жігітіне, жетіп денесіне орала берді.

Күтіп отырған Асыл, алдынан шығып, құшақтап бетінен сүйіп, қуанып жегулі атқа отыра берді. Алып ұшқан жүректе, тез аттың желісімен ілесп, ауылдан ұзай берді. Қара жолға түсіп, көңілдері аз болсада, бар пәледен құтылдық па? Деген ой мазалап, көңілдерін аша алмады. Алысқа ұзап, кете бара, алдарынан біреулер шығып, тоқтатып көлденең тұрып, кімсіңдер деп, тергей бастады. Асыл милиция қызыметкері, екенін аңғарып, арбадан түсіп, Жанияға кәрі адамның жаулығын кигізіп, жүзін жасырды. Арбада отырған Қоғабай достарымен Асылды танып, ұшып тұрып қасына келіп, құшақтасып амандығын сұрап, білісе бастады. Асыл басынан аяғына дейін баян етіп, Жанияны алып қашып келе жатқанын, сөз етті. Жанияда бәрін сыпырып тастап, сұлу жүзімен, жарқ етіп қасына келді. Асыл хабарласқан соң, Қоғабай жолдастарымен, арнайы майор Рашидов бастаған, қарулы отрядты алып, құтқаруға келе жатқан бағытын көрді. Бір кезде, ауыл жақтан шыққан өртті, көріп шошып кетті. Бұл келген бой кеспелердің ісі, өрт жібергендеп топшылады. Бәріде тездетіп, Қоянды ағаш ауылына, қарай ағыза жөнелді. Жанияда бір сұмдықтың болғанын,

білді. Рашидов жетісімен, отауды қоршап, адамдардың шықпауына бұйрық берді. Қызды таба алмағансоң, отауға өрт жіберіп, қыздарды ұрып соғып, Жанияның қайда кеткенін, білгісі келді. Әпкесін тауып алып азаптап, аяқ-қолын байлап, әкетуге бет бұра бергенде, сау етіп, милицияның келгенін біліп, дау жан-жалын, іс әрекетін бірден тоқтатып, қолын көтеріп, алдыға беттей берді. Қолдарына кісен салынып, жауаптала бастады, өрт жібергенді анықтап, күйеу сымақты, Жайнақ атты, кәрі кісіні, сүйретіп жұрт алдына шығарып, кісендеді.

Әкелген малды, Колхозға өткізіп, үкімет қарамағына жіберді. Жания әке-шешесін тауып алып, өзінің сүйген адамы, Асылмен кетуге бел буғанын, айтып үлгірді. Асылды көріп, бүкіл халық ырза болып, әпкесімен екеуіне рахмет жеткізумен болды. Жанияны қасына алып, Асыл әпкесін көрсетіп: Әдейі сені таныстыру үшін, басқаға қимай, сенің теңің деп топшылап, келуімді күткен еді, – деді.

Маржан: Туған інім Асыл бақытты, болуын қалап, сендей қызды, сұлу келбеті бар, ақылды-мінезі бар, лайықтап таныстыру ойымды мазалап, бір жаманға кетіп қор болады, өмір бойы жылаумен өткізгенше, деп есімнен шығармадым, інімнің әдемі жүзін, көріп сұлулық, қалпын тартып бірден қызығады деп, есептеп екеуі бір-біріне лайық деп шештім-деді. Ауылға алыстан тағыда ат легі, көрінді шабыстары өзгеше, қабақтары түйулі, бірденені жоғалтқандай, қатты назбен екпіндей келіп тоқтай берді. Ат үстіндегі шалдау кісі: Анау тұрған, ұрлықшы Жайнақ, көрші отырған ауылдың бүкіл жылқысын айдап әкеліп, сендерге қалың мал етіп, қыздарыңды тоқалдыққа алуға бекінген, ақымақты қолға түсіргендерің өте орынды болды, – деді.

Асыл Қоғбаймен Жанияны алып, қалаға бет түзеді. Біраз жүріп, ат желісімен, қара жол бойын артқа тастап, болған уақиғаның ізін ұмытып, жаңа өмір назына қарай, көңілді жүзін ыңғайлай берді. Ат желісі көше бойлап, Жанияның оқуда өзі жатқан қызыл үйіне келіп ат тіредік. Үй ішіне кірп келгенде бәріде Жаияны танып, қасы алып, туғанындай аймалай берді. Қоғабай достарымен арбада қалып, Асыл екеуін оңаша жіберіп, шығуын күтті. Жания Асылды шығарып салып: Жаным! Сен болмағанда, Қамысты асып, күң болып, кете жаздадым, бақытым бар екен, өзінді сүйемін, жар болуға уәдемді бердім, өмір бойы сен деп, өтемін, – деді қолын мойнына асылып, сұлу жүзін бетіне тоса берді. Асыл: Жания сен менің бақытымсың, мәгілік жарымсың, осындай қызды армандап, жар етсем деген, тілегім орындалып, қуанышым төбеке жеткендей болдым, – деді баурына тартып, оймақтай аузынан сүйе берді.

Жания: Сен енді жатаханана барып, демінді ал, ертең осы жерде кездесерміз, – деді шығарып салып, құшағын айырмады. Жатаханаға келгенсоң болған оқиғаны баяндап, Қоғабай мен Ғалияға жеткізді. Қоғабай сенімен хабарласпағанымда, өмірімнің біткені еді, – деді Асыл. Мұндай қыз, менің мың ұйықтасамда, бағыма келмес еді, құдайға мың тоба, сендей достарымды бергеніне, бақытым ашылып, сүйгеніме қол жеткізіп, үйленуге келісімінде беріп, жанындай сендірді, – деді сөзін аяқтап.

Бұл өте тамашағой, құттықтаймын, – деді Қоғабай мен Ғалия қуанып құшақтап, Жанияны көрдім, қандай сұлу, қасы қиылған, ақшыл жүзі, қоңды қара шашы, беліне түсіп, ажарын ашқан, әдемі қыз, – деді. Ертең әкеліп, Ғалиямен таныстырып, бірге жүретін, құрбы етемін, – деді Асыл. Өз бөлмесіне барып, Шіркін! Қандай сұлу жан едің! Алғаш көргенін, ойына түсіріп,

ақ отауда болған, кездесу мәңгілік болып, сұлу келбетін бірінші көргенде, тұра алмағанын есіне алумен болды. Сол жарық жұлдыз, енді менікі болып бекіді. Қоғабай мен Ғалия, өз бөмесінде болып, бақыт құшығында болып, жұптарын жазбады, жібектей созылған, қима белін, жарының бойына жақындап, сызыла берді.

Жания ертемен тұрып, шай жасап, Асылды күтті, сағыныш жүрегі алып ұшып, келуін қалады. Енді Жания Асылдан бір елі қалмауға уәде етіп, айтуға дайын болды. Асыға күтіп, бүкіл арманы, алғаш көргенде-ақ, көзімен қадалып, қарсы жігітке назарын бірден аударғанын есіне ала берді. Енді міне, ой арманын Асыл жүрегіне қондырып, сенімді етті. Қос жүрек шыдамады, бірге табысып, асыл денесімен жігіт бауырына кіріп, құшқтасып сүйіскенін есіне алды. Махаббат оты мәңгілікке жағылып, сөз байласты, Асыл сөзі берік болып, жүрегінде бекіді.

Көп ұзамай сүйгені келіп есік ашып, үйге келіп кірді, Жания сағынышпен құлашын жайып, мойнына асылып, сұлу жүзін жігіт бетіне, икемдеп жұмсақ аузын, аузына түйістіріп, жабыса сүйісе бастады, оңаша біраз айалдап, мауқын басты. Алғашқы шайды Жанияның қолынан ішіп, ылғида бірге болуды, қалады. Жания өзімен барлық құжаттарын, ала келіп, мұғалімдік жұмысқа кіруге, тілек етті. Асыл бірге жүріп, қаланың оқу бөліміне барып, бір мектепке мұғалім етіп жіберуге, жолдама алып, бекіді. Асыл енді, Ғалияға апарып таныстыру үшін, жатаханаға бет алды. Қолынан ұстап, ыстық саусақтарын, өзіне тартып, Асыл жанынан қалдырмай, болашақ жарын, қолынан сүйіп, сағынышын басалмады. Дүзбайға жол тартты. Отау тігіп «үйлену тойын» өткізу үшін, дайындық жасады. Өке мен анасы, қуанып жас келінге, ештеңе аямауға сөз етіп, бүкіл

ауыл адамдарын шақыруға, тойын дүркіретіп өткізу, амалдарын жасай бастады.

Асыл Қоғабай мен Ғалияға хабрласып, қалаға барған соң, барлық жолдастарына жария етуге, сендірді. Қуанған ана жүрегі елжіреп, баласының шаңырақ көтеріп, үй болуын қуаттап, жана келіннің қандай екенін сұрап, анықтай берді. Асыл: Өте әдемі сұлу, ақылды қыз, әр сөзін байыппен айтып, жұрт көңілін бірден өзіне қаратып, құрбыларын ренжітпей жол тауып шыға келуін байқайсың, сүйге жарым осы болды, – деді. Асылдың отауы тігіліп, ел болып өткізуге бекінген әке жоспары, іске аса бастады, сойылатын малыда белгіленіп, той жырды бастауға, өнерлі ауыл жігіті, атқаруға сендірді. Асыл кетерінде, достарына ана аманатын апаруға уәде етіп, ауыл қымызын беріп, жас келінге арнайы ыдыспен, сәлемін табыс етті. Демалыс күндері белгіленіп, достарымен жолға бірге шығуға, арнайы көлік дайындалып, Қоғабай бастап баратындығын, барлығына баян етті. Уақытта келіп жетті.

Дүзбай ауылы. Асыл үйінің алдындағы, көк майса шөпке орала біткен, «Ақотау» есігін айқара ашып, екі «ғашықтың» келуін күтті. Өнерлі ауыл жастары көп жиналды. Қоғабай бастаған, көш легі, отау маңына барып тоқтады. Асыл қазынадай, жарқ-жұрық еткен, отау сәулесі, Баян мн Қозыдай сұлу бейне танытқан, Жанияны көріп, таң қалысты. Қоршаған жастар, жар-жар өлендерімен, құрметтеп, отауға кіргізіп, ойынсауығын бастап ала жөнелді. Бетіне ақ шалы жабылған, бет ашу салтымен, келінді таныстырып, көпшіліктің батасын сұрады. Асыл отауға кірген бойда, жиналған қалың жұрт алдына шығып: Қоғабай мен Ғалияны, Дидар мн Назымды, Қанат пен Айсұлуды, Мақан мен Сырғалымды таныстырып шыққан болатын. Халық сырттай өнерлі жастарды білген-ді. Қол соғып, сол жастардың айтуын қалап, егде әйелдер мен



әжелер дамыл бермеді. Қоғабайдың қасына отырған, Ғалияның қолынан қысып, өзіне қарай тартып, сен бастауың дұрыс қой дегендей белгі беріп, жымия түсті. Ғалияда түрі ажарланып, келісті келбетімен, сұлу реңі бет жүзін әсемдеп, ән айтуға бетін алдына бұрып, кең маңдайлы, жарық жұлдыздай, назды дауысымен тамылжыта жөнелді. Асқақ ән маржаны, көпшілікті бірден орап алды, көзіне жас алған үлкендер, көңілдерін босатып, қоя берді.

Шіркін-ай! Қандай тамаша ән, сұлу бейкештің өз арманындай, ойға оралымды етіп, айтуы біздің жүрегімізде сақталады, ұмытылмастай қала береді, – десті үлкендер. Ән толқыны жалғаса берді, алысқа естіліп, бүкіл ел болып, Ғалия әнін тындауға келген, қалың жұрт отауға симай далада тындап, бойларын балқытты. Қайта сұрап, көңілдерін ашып, қайғы мұның тарқатып, өмір бесігіне барып, бөлене берді. Батасын беріп, рахметін жаудыра бастады. Алды жағындағы сары әйел: Мұндай, әнді ешкімнен естіп, көрген емеспін, – деді. Балсары. Сөзін қостаған: Қандай тамаша дауыс, назды үн, жүрегімізден «мәңгілік» кетпестей орын алды, – десті.

Ғалияның басында кәмшат бөрік, әдемі әсемдеп тігілген көк көйлегі, бойына жарасып, қонды өрген шашы, беліне түсіп, қима белімен жарасқан қамзелі, ұлттық өнермен тігілген, сұлу бейнесін көрсетіп, нағыз Баяндай деп, айтуға сиарлық мақтауымен болды. Ғалияның жанында, отырған Назымда әнді жалғастырып, көпшілікті орап алды. Тамаша ән әлемі ауамен қалықтап, бүкіл кең шарға тарап жатты. Кезекте Айсұлу мен Сырғалым тұрды, олардың әнін естігенде тұра алмастай, ой түйетінін, бірден ұғынып, алыс өмір құшағына жетелегендей, ыңғай беріп, қуанысқан халық сөзі, іркілмеді қуана түсті. Той жалғаса берді, қонағасы беріліп, қымыздар тасқыны көп болып, бойды биледі.

Асыл Қоғабаймен ақылдасып, той барысын, шешіп отырды. Қол соққан халық Айсұлу мен Сырғалымды естігенде естері шығып «артистің нағыз өздері» десті. Қалың жұрт: Қандай тамаша жігіттер мен қыздар, болашақ қазақ жастары деп, осыны айт, өте сұлу бейнелері, келбетті әдемі жігіттер, жарасымды сұлу бойына біткен киімдері, бәріде өзгеше, қалыптасқан көркін көргенде таң қалып, қандай тамаша аналардан туған деп, ой түйесің. Жұрт көңілі биктеп, асқар шыңға жеткендей болып, шалққан өзен беткейін көріп, бақыт құшағына бөленіп, тамаша өмір өткінінен өтіп, тарасты. Асыл мен Жания тойы, ел аузында сақталып, біразға дейін, ұзақ күндермен жалғасып, халық арасынан кетпеді. Ертеңіне хош айтысып, достары жүріп кетті. Ақотау іші. Әсемделген, жерге жұмсақ мамықтар салынып, құс жастықтар тасталып, тұсқа ұстаған әдемі кілемдермен жарасып тұр. Отау ішінде екеуі ғана. Түнек жабылып, қараңғы түн орнады. Асыл жүрегі Жанияға жетектеумен, ыстық бейнесі басылмады. Алғашқы түн. Тұңғыш махаббат. Мөлдір көзі, асыл денесі, қолаң шашы, тамаша белі, Асыл бойын алып, ыстық сезіміне шыдай алмай, қос қолымен денесін көтеріп алып, Жанияны жұмсақ мамыққа салып, қос жастықты басына беріп, шешінген бойын, денесіне қарай, жылжыта берді. Жібектей созылған, әдемі белі, Асылдың баурына кіріп, ыстық қызуын, апарып жабыса берді. Асылдың бойы күш алып, жігерлі жастық сезімін, жарының денсімен ұштасып, ләзат назына ауыса берді.

Денелері жабысып, алып күш легі, ақшыл тартқан денестен өтіп, Жания бойына жылжи берді. Тәтті ізгілік танытқан, дене сезімі, ләзат жұлдызына жалғаса берді, балқыған күміс қалыппен, сүйіскен еріндері, сол бағытпен қала берді. Жаным! деген қыз сөзі қайталаумен, Асылдың мойнын орап, бетін алмады, құшағын айырмады, лаулаған жүрек оты, созыла берді.

Таң атып, ақшыл сәуле тартқан дала бейнесі, екі жасты айырмады. Жания бойындағы «қыз аманатын» Асылдың өміріне силап, ғашықтық бейнесін көріп, мәңгілік жолмен бірге жүруге қол ұстасып, бара жатқанын, балку кезінде айтумен болды. Қалыңдық жеті күнге созылып, тамаша рай көрсетіп, қалаға жүріп кетті. Қоғабай әр кезде шабытты көңілмен, домбыра тартып, өзі ақырын ыңырсып ән салғанда, не бір әнді шерткенде, Ғалия реңі бұзылатын. Қызғылт жүзі ағарып, көлеңкелі сұлу қара көздері, бір тұнжырап, тұңғиықтап біресе қабақ шытып, жасаурап қалатын. Қоғабай әрдайым сыртына шығармай, көңілмен танып жүретін.

Кейде ешбір сөз, тілек, сылтау Ғалия жағынан тумасада, Қоғабай домбыраны Ғалия үшін тартатын. Бебеулетіп келіп, жұбату айтқандай болатын. Жас жүрегін, азда болса алдандырып, емдегендей болып, тоқтайтын. Өнерінің барлығын, өзінің ынтығып сүйген жары, Ғалияға арнайтын. Қоғабай домбыра тартып, Ғалия тыңдап, отырған шақтың ақырында, жас келіншек «ах» ұрғандай қатты бір күрсініп, қалып еді, Қоғабай домбырасын тастай беріп: Саған не болды Ғалия? – деп келіншегінің, мойнынан құшақтағанда, қолының үстіне, қат-қат тамған, ыстық жастарын сезген. Сол кеште Қоғабай арманды бір сыр шерткен: Сен бұлбұл едің! Азат аспанда, бұтаққа қонып, бұлбыл үнінді, әлемге жария еттің. Жанның сыры тыңдаушыны, әніңмен ұйытып, көңілін босаттың. Сол бұлбұл сен Ғалия, менің сүйген, «мәңгілік» жарым, – деді.

«Анашым» әнін Ғалия әлденеше, құбылтып, жіп-жінішке даусымен, көп толқытып айтты. Өлеңінде өмір сынымен, сыры жатқандай. Бұндағы сонау Қарағайлы бойындағы, жылап отырған, жалғыз анасы, шерінің қайғылы, жоқтаудай ауыр ырғағы бар. Аппақ кіршіксіз ана мейірімі, ішіндегі перзентіне алдағы өмірден бақыт тілейді. Қоғабай қуандыма, құшақтап

көтеріп алып, Ғалияның аузынан сүйіп, дамыл таппады, төсекке жатқызып демін алдырды. Анасын ойлап, көз жасын төкпеуін қалады. Жақында барып, Сырғалымға көйлек пен қамзел, тіктіріп, қос анаға си етуге тапсырыс беріп қойдым, – деді Қоғабай. Ғалияда Қоғабайды өзіне тартып, баурына кіре берді. Қоғабайдың жаным деген жылы сөздерімен, жиіншке белінен құшақтап, оймақтай аузынан сүйіп, тоқтамады. Көңлін көтеріп, достарымен кинотеатрға баруға, жинала бастады. Алып ұшқан жүрек, Ғалиядан құшағын әрең жазды, сондада ақ тамағынан сүйіп, дамыл таппады.

Әп сәтте, бәріде театр ауласына кіре берді. Тамаша фильмді көріп, көңілдері өскен студент-жастар, кешкілік әуенімен паркке қарай жылжи берді. Күн райы күлімдеп, жас жұбайларға, нұрын шашып, тұрғандай асыл табиғат назына кіре берді. Соңынан Мақан мен Сырғалым бір ауыздан: Қоғабай жүріндер бәрінде, тігін салонына барып, Сырғалымның тіккен киім-кешектермен, көрпе-жастықтарын көрелік, – деді осы жерден алыс емес жақында. Жарайт! Онда сонда тарттық, – десті қуанып, мәз болып, ыңғай көрсетті. Екі қабат, зәулім үйдің, бірінші қабатына кіре бергенде, есік ашылып, қыздар қарсы алып, жылы шырай танытты. Сырғалым жолдастарын таныстырып, қыздарға киімдерді көрсетуге бұйрық етті. Қолдарына кезек-кезек, тігілген киімдерді беріп, тамашалады. Сырғалым өзі дайын еткен, ана көйлегі мен қамзелдерді көрсетіп, қазақтың тамаша оюларымен жасалған, мәнерлі түрлерін салып тігілгендігін жеткізді. Апарып беруді Ғалияға тапсырып, қолына ұстатты.

Риза болған Қоғабай мен Ғалия: Қалай тамаша, лайықты етіп, тігілгенін, қызықтады. Шилі ауылынан хабар келді. Махмет басқарған, Шилі колхозының, он жылдық тойы. Қоғабай басқарған құрлыс отряды шақырылған, бірнеше жылда бойы,

қаншама үйлер мен қоралар салынып, аянбай ауыл көркін көтеріп, сәнді үйлер мен тамаша көшелер, қатар түзеген. Егіс алқабы кеңейіп, құлаш жайды, өрісте малы қаптап, жайлымды басты. Он жыл ішінде, халық тұрмысы жақсарып, малды болды, наны көбейіп, қуаттана берді. Алыс-жақын ауылдардың адамдары тойға жиналып, келуі толастамады. Мәдениет үйіне халық лық толды. Бүкіл қоныстағы: Ақан, Бабашал, Қарақұдық, Басбұлақ, Ортабұлақ, Жарөткел, Жар,

Аяқбұлақ малшылары мен, Ахмет бастаған ферма басшылары, алдыңғы қатардан орын алды. Мәдениет үйі тамаша етіп, безендірілген, атлас маталар пердеге ұсталып, терезесін көркемдеген, қызыл береннен тігілген, сахна шымылдығы, тамаша қазақтың оюларымен жалғасқан, жұмсақ орындықтар қойылып, кең залын әсем еткен. Сахна төріне еңбек адамдары шақырылып, жиналысты Махмет өзі ашып, мерекемен құттықтап, мінбеге көтеріліп, сөз алды. Баяндамашы Махмет-сұлулық келбет танытып, кең маңдайлы, қыр мұрын, ат жақты, сұлу ажарын ашып, көпшілікке назарын беріп, шешендік тілмен сөйлеп жөнелді.

Біз, – деді ол, колхоз құру, бұрын-сонды, болмаған ұйым, Науырзым жерінде тұңғыш ұйымдастыру, ел тарихында, брінші болп, іргесі қаланды, Шилі колхозы болып құрылды. Айтыс-тартыс көп болды, кеше ғана ескі заманның адамдары, етектен тартып, ұйымды керек етпеді, елдің ішінде ірткі салды, қорамызды өртеп, мал ұрлады, кедей сорлыларды ұрып-соғып, жұмысын істетті. Халық түгелдей сауатсыз болды. Бір үзім нан үшін, ауқатты адамдарға жалданып, жалшы болды. Малының көптігінен «тоқал» алып, сорлы қазақтың жас қыздарын, қатын етті. Елді сауатсыздық биледі. Күн көріс-сауын сиырларыда болмады, елді аштық жайлады. Міне осының бәрі, көз алдымыздан өтті. Қиындыққа қарамай, бәрін сыпырып тастап, жаңа

өмір орнатуға бет алдық. Сондықтан осыған қарсы тұратын, қажымас қайрат, өжеттік, адамгершілік, білімді болуды, керек етті, сол қуаттың бәрін бойға жинап, бүгінгі колхоз бейнесін, бізбен-сіздердің адал еңбектерінің арқасында орнап отыр, – деді Махмет. Қалың жұрт орындарынан тұрып, ду қол соқты «уралаған» дауыстарда жастар аузынан естіліп жатты.

Ауыл советі Төлеміс, жиналыс бітісімен, Нұрсұлу бастаған «мұғалімдер» ұйымы концерт беретінін хабар етті. Қызыл шымылдық ашылып, Нұрсұлу бейнесін көргендер, сүйкімді сұлу қыз екенін бірден аңғарды. Әсем ән қалықтап сала берді. Нұрсұлудың мұңды үнімен жарасқан, кең зал іші, ауа толқынымен, қалың жұртты орап алды. Жүрекке жылы тиген ән сазы, естіліп бойларын ұйытты. Қол соғып, тағыда айтуын қалады, сахна төрінен жібермей, әуенін жалғастыра берді. Сахна төріне Ақжарқын шыға келгенде, аппақ сұлу келбетіне қарап, қаладан келген ба? – деп, жұрт дүрлігіп кетті. Жоқ! Өзіміздің қызымыз, – десті. Асқақтата салған ән бірден, құлағына жылы тиіп, көңілдері босады. Қуанышты әлемге жетелеп, өмір өзегін қандырып, назды әуенге ұласа берді. Жаңа өмірдің, жаңа заманның талабын байқаған жұрт, тілегі өріс ала келді, ән шырқалып, көңілдерін өсірді, биік әлемге қол созып, бақыт құшағына кіре берді, өмір шіркін орын алып, жақсы тұрмыс бейнесін, көпшілікке паш етіп, «мәңгілікке» ұласты.

Төлеміс концерт бітісімен, қалың ағаш саясындағы, ақ отауға шақырылды. Қалың орман биік ағаштар, жел бағытымен, баюлап барып, қозғалып қояды. Саясына тігілген ақ үйлер, тізбегі, қонықтарға жайылған, кең дастархан төрінен орын ала бастады. Сарқырап аққан бұлақ үні, Аяқбұлақ қойнауына тарап, тамаша дала гүлдерімен, ерекшелене түскендей, сезінесің – қызығасың. Сәулесін берген күн көзі, бұл төңірекке

нұрын шашып, табиғаттың сұлу келбетін, көрсеткендей қойнау сәні бүгін, өте ерекше. Сая көгалыда, қалың көк шөппен, исі артып, ауа толқынымен дем алып, бойыңды жеңілдетіп, жұпар иісін беріп тұрғандай, сезінесің, қайран қаласың. Сәнсалтанатыда көз тартып, ақ үйлер ішіне, әсем кілемдер ұсталып, жұмсақ көрпелер, текемет үстіне төселген, аяқтан-төрге дейін, түлкі мен қасқыр терілері төселіп, жұмсақ еткен.

Төрге жайғасқан, қонақтар жүзі, ажарланып, бойларын көңілді күлкі билегендей көрінді. Бәрінеде ас беріліп, қонақтарды құрметтеп, күтумен болды. Қоғабай достарымен, отау ішінде отыра берді. Таза ауа, орманды-терек саясы, жел тоқыны баяулап қана соғады. Ақотау іші жастарға өте ұнады, түнекті барынша ашып, жарықты мол етті. Көңілді күлкі, әңгіме әсері бойларын билеп, тамаша рай танытып, демалыс күндерін, мәз етті. Дидар мен Назым: Кешті осында өткізіп, қонсақ екен, – десті. Қалғандарыда қостап, қандай тамаша табиғат сұлуын мәз етіп, қаламыз деп, келісті. Ауыл іргесі, қалың ағаш, сарқыраған бұлақ суы, ұшқан құс дауысы, сән беріп, маңайды көріп, төңірекке қарап, алтын бесік ұясында отырғандай, рай танытып, қоясың-қызығасың. Бәрінеде Шилі өңірі, ұмытылмас әсер қалдырып, сұлу табиғатымен, қалың жұртты, мәз етті, төбелері көкке жеткендей, сағыныш жерді қия, алмай елдеріне оралды. Қоғабай мен Ғалия достарын, отауға орналастырып, үйлеріне қайтты.

Қос анасына әкелген киімдерін кигізіп, қуантып тастады, әсем тігілген қамзелдеріне ауыл-көршілері таңырқап, көз алмады, нағыз қазақтың ұлттық дәстірімен тігілгенін байқап, қызықтады. Қоғабай достарымен, арнаулы кимелі арбаға қос ат жегіліп, қалаға бет алды. Қимастықпен, қош айтысып, қонақтарды ауыл адамдары си-құрметпен, шығарып салды.

Қыс айы. Жаңа жауған қар ұшқыны, жаю борасынға ұла-сып, жолды бітеп тастады. Жаңа ай туысымен, күнде ашылып, Абен қалаға хабар жіберіп, Қоғабайдың келуін күтті. Тағыда қасқыр ізі көбейіп, қыстақ маңын торлаумен болды. Ашыққан қасқыр иттерді алып, кетіп жүрді. Қоғабай Ғалияны ертіп, Шилідегі анасына келді. Жер саланы, ақ басқан, қар көрпесі, ағаштардыда бояп үлгірген. Саябыр аяз, желі күнді суытып қо-яды. Үстін қырау басқан, қалың пальто жағасын көтеріп, алған сұлу келіншек, шанадан түсіп, үйге кіре берді, Қоғабай затта-рын көтеріп, сонынан кірді. Анасы қуанып, қос құлынын сүйіп, жайғастыра берді. Ғалия шешініп тастап, шай қойып, да-стархан жасай бастады. Қоғабай далаға шығып, келген атты-лар тобын көрді. Ертең жиналып, Ортабұлақ қыратына қос тігіп, баратынын жеткізді. Күн райы жақсарып, сала берді. Жи-налған бүркітшілер көп болды, жақын ауылдардан, келіп үлгірген.

Топ арасынан сөз алған Абен: Біз қазір, қасқыр мазасыз-данып жүрген, Қаракұдық, Басбұлақ, Ортабұлақ қыстақтарына бөлініп, баруымыз керек, мен өзім Ортабұлақ қыстағында қаламын, – деді қос тігіп, маңайын ұлпа қардан тазартып, ыңғайлай берді. Қоғабай белсенділік танытып, Қарашолақтың жем-сауын ыңғалай берді, еліктің етін турап ұсақ етіп, дайын қылды. Абен ішінен әсіресе қайнатып келе жатқан, Қа-рашолақтың жат өнеріне көңілі қалды. Сай бойына бір төмен-деп кеттіде, қайта қайрла өрлеп ұшқанда, өзін басқа құс етіп, көрінген-ді. Анық түздің құсындай, қатты екпіндеп, үлкен күшпен, ағындай ұшады. Бұл бірден бүркіт, өнері болса, екіншіден жақсығып, баптаған, аңшы өнерін көрсетеді.

Қарашолақтың алғаш көрнісінен, Абен оңай танылған, көрнісі болатын. Өрден, жаңағы биікке, қанатын қақпай, қалқумен шықты. Ойпат маңына топтасқан аттылар, шатқал



бойына жалғасқан, үлкен аңғарды сүзіп, тал беткейімен жүре берді. Аттылардың күткеніде осы еді, қос түлкі аңғарды тастап, алаңға қарай, қалың қар үстімен, атқылай жөнелді. Лып етіп қолынан шыққан бүркітті, Абен байқапта үлгірмеді. Зулаған бойында, төмедеп ұшып, қанатымен ұрып, үстіне топ етті. Түлкі шабысы баюлап барып құлады. Бүркіт батпандай аяғымен денесін бүріп, қан етті, түлкі өліп кетті. Шабыс басталды. Жетіп барған Абен желең дауысымен «Кеу», «Кеу» деп қолына қондырды. Жұмана қос басынан қаршығасын жіберіп, түлкіге бағыттады. Аспандап ұшқан бойында, қалықтап түлкі ізін кесті, бір мезетте, зуылдап ұшып, соңынан сала берді. Қос қанаты, дауыл күшін көрсетіп, шап бергенде домалаған, түлкі денесі қар үстінде қылжия берді, талып түсіп жан тапсырды. Жұманда шабумен жетіп, құс аяғын босатып, қолына қондырды. Олжасын жанарына байлап, қос басына қарай шоқытып ала жөнелді.

Даркен Айтбайды алып, Басбұлақ қойнауына, басқа келген көршілерді алып, тал түбін сойылмен қаға бастады. Жолын ашып, қарын сілікті. Топтасқан қасқырдың ізіне түсіп, шатқалға барып жоқ болғанын байқады. Даркен топ болып қоршап алды, апанды іздеді, құлағына ырылдаған дауыс келді. Даркен: Байқандар! Сақ болындар! Атылуы мүмкін! – деді тыпыршып. Ырылдаған көкжал, Даркеннің ат бауырына атыла бергенде, өткір тісімен, қанатып үлгірді. Шоқпарын қос қолымен басын ала, беріп жібергенде, қарулы қол дәл тиген бойында, төмендеп барып сылқ етті. Жаны шыққанша төпештеп тастады. Қыңсылаған қасқыр бөлтіріктері, апан ішінен шықпады. Даркен: Қалайда алуымыз крек, – деді. От жағып апанға түтін салды.

Әлденсоң, үсті бас күйген, бөлтіріктер апаннан, шыға бастады, ау құрып, қолға түсірдік, есейіп қалған, айбат танытып

бақты. Бұл өте ерлік іс деп бағалады. Нысанбайдың «лашын» бүркіті, әптен ысылған, қиядан тауып алып, анды жібермейтін, өте шапшаң, өткір құс. Шатқал. Басбұлақ қыстағы. Аттылар бірінен соң-бірі сүзе түсті. Тал түбінен қашқан түлкі бағыты, жазық далаға шауып келеді, қалың жердің қарын боратып, есіліп келеді. Лашын сыр етіп, колдан ұшып, шыға жөнелді. Қос қанатын ішіне тартып, зулап барады. Алып күш, түлкі үстіне қонжия беріп, қос аяғымен, басын бүре құлатып түсірді, әлі құрып, өліп кетті. Нысанбай тағы олжалы болдым деп, шауып барып, лашынды босатып қолына қондырды. Абен Сарсенді басшы етіп, Жарөткел сайына қарай, кең аңғарды сүзіп шығуға, аттыларды ертіп, бірге жіберді.

Абен аңғар жақтан, шауып келе жатқан аттыны байқап: Өне! Қасқыр! – деп ұшып келеді. Абен жалма жан, бүркітін аңғар жағына икемдеп, ұшырып, жіберді. Қос қасқыр, бағыты Ақан мен Бабашалға бет алған. Абен саспады, жазық дала, қайтсекте аламыз, – деп ой түйді. Қаршыға ізін кесіп, қасқыр соңынан салып келеді, зулап келеді. Аққан жұлдыздай, тоқтар емес көкжалдың үстінен барып «гүрс» етті, белін бүріп, аюлы тұяғын денесіне батыра берді, ұзын тұмсығымен, кеңірдегін қан етіп, қар үстіне құлатты, қаны кетіп, өліп кетті. Абен ақ боз атымен шауып келе бергенде, бүркіті аспанға тез көтеріліп, екінші қасқырдың бағытымен, құйындай ұшып соңына түсті.

Қарашолақ жете бере, қос қанатымен желдің құйын соғысымен, белінен салып жібергенде, домалап барып, тоңқай асты, Үстіне мініп, көзін шұқып, шығарып жіберді, аюлы тұяғымен бүріп, қозғалтпады, әлі кеткен қасқыр жансызданып, өліп кетті. Бірден екі қасқырды алуы, өте сұмдық-ғажап ерлік деп бағалады. Абен екі жанына байлап, құсын қолына қондырып, қос басына қарай жылжи берді. Қоғабай жем-сауын молғып дайындап, еліктің етімен, қоян етінен ұсақтап турап,

дайын етті. Жеп болған соң тағыда қоян етін, дайындауға кірісіп, тойдыра бергенін қалады. Құс бабына келсе, шаршамайды деп, бағалады. Абен көңілденіп, Қоғбаймен тағыда олжасымен бөлісті. Күн тағыда жаман емес, ертеңге деп, қос басында жиналуға келісті.

Москва. Кремль. ВДНХ. Ауыл шаруашылық көрмесі! «Қызыл ту» колхозының озат сауыншысы Майторыны-әдейі шақырылған. Көрмеге сүт өнімінен-12 түрлі «тағам» дайындалып, – бүкіл республика аймағына көрсетіліп, тамашалады. Көбі таңғалып, тәжірибе алумен бөлісті. Майторы-Мақанның анасы-ВДНХ-ның алтын медалын алып оралды.

Берік Қоғабайдың жолдасы, жасы үлкен, екі баласы бар, бірге оқиды, оқу озаты, комитет мүшесі, отрядтың құрамында болып, Шилідегі құрлысқа қатынасып, жыл сайын барып, аяқтап жүрді. Қарулы денелі, спортпен айналысады. Қамысты бойындағы Шүмекті ауылы. Берік сағынышын ауылда болмай, жастай үйленіп, балаларын сағынатын. Шүмектіге Берік, салқын түсе, күн батардан, аз бұрын ғана, жетті. Ауылға тақай бергенде, бұларды танып, қуана жүгіріп, балалары шықты. Үлкендер далада, үй сыртында тосып, қарсы алды. Тыста тосқан, қарсы алғандардың ішінде, Берік көзі қайта-қайта Жанагүлге түсуші еді.

Беріктің көзіне Жанагүлдің пішіні, күйеуіне науқас адамдай көрінді. Ағарып қатты жүдеп кеткен сыяқты. Балалары қарсы алып, мойнына оралып, көтерумен үйге кірді, ең соңында амандасқаны Жанагүл еді. Өзі ұдайы, сағынышпен, тұратын реңі, Берік Жанагүл жүзінен көре алмады. Бұл уақытқа дейін, бір сәт болсада, сыпайы жымиятын, әдемі күлкісін, көре алмады. Үйге кірген аюлы жеңгесі Сақып қою қара көзімен, сүзе қарап: Келдіңба әйтуір, сені сонда бір сұлу

қызбен, қалада қалатын болды-деп, естіп едік, – деді, сумақай, өткір тілімен мысқылдай сөйлеп:

Сол распа жөнінді айт! Жұрттың оқыған балалары, ай сайын қатынап жатса, ал сен үш айда бір келгенің қалай?! Мұнда балаларың мен жарың күтіп отырады деп, ойламағаның қалай? – деді сақып сөзін аяқтап. Сөзін естіп, шошып кеткен Берік: Ондай өсекті кім айтты, қайдан шығардың, айт шындығыңды, кімнен естігеніді, жүр мойындасамыз, – деді, дауысын көтере сөйлеп. Сақып: Қаладан келген, көрген адамдардан естідім, бүкіл жұрттың аузын тиасың ба? – деді. Сұрланған жүдеулікпен қатар, Жанагүл үлкен реніш үстінде, езу тартпайды. Сақыппен сөйлесіп болған соң, Берік жарының бетіне жалтақтаумен болды. Жанагүлдің сұлу беті, толқып бір шығадыда, ағарған кескінімен, қайтадан солғын тартып, қайта бастайды.

Жанагүл тоназығандай, дірілдеп бір тоқтап қалғанда, күйеуі оның, көзінен іркілген жасты байқап қалды. Жанагүл саған не болды? – деді. Үндемесде екеуі, бірін-бірі бұрынғыша сүйіп, қызғаныш сезімін, күйеуіне білдіргісі келді. Жалт қарап, Берік жүзін сағынғандай, жымийып езу тартты. Берік пен Жанагүл арасында, бұл шаққа дейін, біріне-бірі қабақ танытып, шытынасқан емес, реніште болып көрген жоқ-ты. Айнымас, аумас деген жар жүрегіне, бұл жолғы тікен, қалай қадалды, қанша қиналды, оны Берік көп көзіне ортаға салмақшы емес. Жанагүл жүрегінде, қызғаныш пен реніш қатты ұялаған еді. Жанагүлге, әлденеше ұмтыла жабысып, құшағын алып, қысып отырып, ағыл-тегіл аққан көзінің жасын, сүйе жұтып отырсада, сүйген жарын уата алмады. Түні бойы төсек үстінде, Беріктің аяқ жағында отырып, алып, егілумен жылап отырды. Жанагүлдің өкпеге, ренішке мұншалық қатты екенін, ол бұрын

сезбеген еді. Арада екі-үш күн өтті. Жанагүл үйге түскен, терезе сәулесімен, ұштасып бет жүзі қайта-қайта сазара берді. Арасына түскен аяз айықпады. Бұлар өмірінің аспанындай, ұласқан күз құсап, күрең тартып тұрып алды. Қою қара бұлт кетпеді, селдіреп түскен ағаштың, сары жапырағындай, көбейе берді. Үркек татқан, күн күмбезі, көрінбей, бұлт әлеміне жол беріп, сіресіп тұрды.

Күздің самал соққан суық желі, үй ішімен ұласып, күрең тартқан қара көлеңке, бөлме ішінен, кетпеді. Көзіне сол сұлу қыз, Берік құшағында болғандай, көзіне елестеп, бүркей берді. Махаббаты тарылды айтар сөз, уайыммен жалғасып, ажарын меңдетті. Сағым қуған қаңбақты, жұрт сөзінде, көше бойын торлаумен болды, құрт-кенедей жабысып, сары уайым баса беді. Қаладан келгендер, сөзінің шындығын біле алмаған, Жанагүл сұрар жанды таппады. Беріктің жоғалуы, ойынан шықпай, шындықтың беті қайтпады, Сақып сөзіне сеніп, соған қарап табынумен болды. Оның айтқан өсегі, орнына қойған, алтын жазудай, көзіне көріне берді. Көше аралап, Сақыптың жинаған сөздерін естуге, үйді тастап кетіп жүрді. Ол өсіріп, шындыққа малып, жанастыру жағын қарастырып, көңіліне дақ салумен, ұласа берді.

Есіл өмір өткелін, жаңа ғана бастаған, Жанагүл-бұлт тірліктің керегі бар ма? деген сұраумен, жалғастыра берді. Беріктің айтқан адал сөзі, сүйетін, сезімі құлағандай болып, жаңа өмірге, басқа қызбен кеткенін біле алмады. Сақыптың томырық мінезі, елді ұйтқытып, өсек тасуы, бір жағынан, жұрт пікірін біле алмады, Распа? Әлде өсекпа? деген, дос келіншектерінде, ашып айталмады. Сұрапыл дауыл болып, құрт жегендей, бет мүсіні, Жанагүлдің күн сайын, төмендей берді. Сұлу жүзін уайым басты, ерні жарылып, бет-келбеті сұрғылт тартып, өңі қашты. Бұрынғы келбеті, Берік сүйген, оймақтай аузы,

күс болып, құм басты. Жұмсақ өзінің мамықтары, төсегінен шығып, көрпемен жапты. Зауқы кетіп, үйдіде қарауды қойды. Берік кетіп өмірі өш болды. Сезімі кетіп, «мәңгілікке» құлағандай, бойын басты. Асылы келместей болып, мұнды көңілі, сенумен бітті.

Берік жалма жан, қасына келіп, Жанагүлді құшақтап, бауырына тарта бергенде, қолына іркілген көздің жасы, моншақтап ытқып түсті. Жанагүл! Жанымау, сен ауырдыңба? не болды саған, жүзіңде бір қан жоқ, не күйге түскесің? – деді. Екеуінің арасындағы сөзін естіген, Сақып, қырылдаған дауысмен бұрын жауап берді. Аурумысың деген несі? – деді кекете күліп, – Аурудан сау мұндағы жұрт. Бірақ уайымнан сау емес. Естірсің, сылтауы өзіңсің, білерсің Берік! – деп тағы бір күлдіде шығып кетті. Бөлмеде жалғыз екеуі. Балалары, Берік әкелген, ойыншықпен, далада мәз майрам, ойнай берді. Берік шыдамады: Жанагүл!

Мен сені сүйемін, сен менің өмірімсің, сенсіз маған қызықтыңда, тұрмыстыңда керегі жоқ, келе алмағаным стройотрядта болып, үш ай күндіз-түні жұмыс істеп, үй мен мал кораларын тұрғыздық, оп айдап, саман құйдық, – деді. Жанагүлдің қасына жанасалап отырдыда, қос қолымен белінен өзіне қарай икемдей берді. Сұлу жүзіне басын түйістіріп, аузынан сүйе бастады. Жанагүл сағынышы керемет еді, бауырына кіріп, мойнына орала берді. Қызғанышы сұйылып, Жанагүл денесінен кете бастады. Жүрек соғысының лебі, Берік денесіне қызу бергендей, бойын ала берді. Отты жалыны сөнбеген, Жанагүл денесі, жылжи берді, құшағына бірден еніп, жабыса түсті. Лазат сезімі бойларын билеп, екі жас балқи берді. Жанагүл ойлаумен өткен сәттерін мүдем жоғалтып, күйеуінің құшағынан шықпастай болып, беки берді.

Шүмекті ауылы. Үлкен мекен, халық көп тұрады. Үлкен өзен саласы, іргелеп барып, аймақты басып жатыр. Өзен бойын, қуалай өскен ағаштар, биік қорғандай болып, су толқынына ықтысын еткендей болады. Ыстық күн, кешкі уақыт кезі. Берік Жанагүл екеуі, жайаулап өзен бойына, серуендеп, жүріп келді. Бірін-бірі сағынғандақ рай танытып, сүйісіп қояды. Жағада қайықта, өзен үстінде жүзіп жүргендерде көп, алысқа бой ұрғандарыда байқалады. Күн бата Жанагүл екеуі үйге оралды. Балаларын жатқызып, өз бөлмесіне бет түзеген, Жанагүл бақыт сезімнің құшағында екенін жаңа түсініп, ойланбастан Берікке жақындай беріп, белінен құшақтап, айрылмады. Қою қара шашы артына түсіп, ұзын бойына тігілген әдемі әдемі көйлегімен, мойнындағы жылтыр мойыншағы, бет ажаын сұлу етіп, Беріктің көзіне түсе берді.

Жұмсақ мамық, құс жастықтар, салынып екі жасты күткендей, бөлме іші тамаша гүлге оранғандай, келбетін бере бастады. Берік Жанагүлді көтеріп, алып төсекке салды, өзінде жанына жақындай түсіп, бетін бұрып, ернінен сүйе бастады. Жанагүл: «Жаным! Өмірім», Сағынышым! – деп, баурына кіре берді. Көп күндер өтіп сағынды. Қызу билеген, бойын бірден Берік құшағына, асыл денесін, дайындап белінен құшақтап, кіре берді. Жалын атқан дене қызуы шыдатпады, бойларын билеп алып жөнелді. Жанагүл сағынышы басылмады, құшағын айырмай бекіді. Беріктің сұлу жүзімен беттесіп, қабыса біткен еріндері алынбады. Беріктің қызу күші, Жанагүлдің денесіне, молығып, қос алманың арасынан өтіп, балки берді, тоқтамады. Жанагүл сағынышы жаңа ғана басылып, дене қызуымен ұласа берді, бұрынғы бақыт күндері, қайта оралып, алма бағына кіре берді.

Асау бейне тартқан, шалқыма өзен беткейі, Жар қабағымен жарыса біткен. Өзен жағасыда, арнасымен кеңейіп, Сармойын көлінің Қарасуындай, жалпақ жатқан толқынба дерсің. Жел дауылмен бұрқасын тартып, жиек маңын шомылтып, қояр күндерде, болып тұратынға ұқсайды. Тік жар беткейінен алыс созылған өзен сағасы, жайбарлау болып, жазық алаң, көк майса өскен шөптермен, қалың-биік тал ағаштарымен жалғасып, сая тапқан. Сол аймақтың сұлу жеріне, өзен жағалап, бірнеше ақотау-кигіз үйлерді қаз-қатар етіп, Жар қонысының басшысы Ахмет өзі арнайы студент-отрядына тіккізген еді.

Махмет биыл мал қоныстарының бәріне-шағын мал қораларын салып,

Жарды әдейі орталық деп есептеп, саман құйуды осы жерден ұйымдастырып, жеткізуді, Ахметке тапсырып, жақсы тамақтандыруды жүктеді. Қоғабайға тапсырып, қыстақтарды шағын-ауыл етіп, келешекте мал басының өсуімен, жоспарлап, биыл қыстақтарда салып, шығуға шешім қабылдап үймен қораларды: Басбұлақ, Ортабұлақ, Аяқбұлақ, Қарақұдық, Жар, Жарөткелге салу белгіленді. Биыл Қоғабайдың құрлысқа келуі үшінші жыл, отызға тарта, күшті деген жастармен жұмыс қабылдап, іске кірісіп кетті. Аз күннің ішінде, жетерлік самандар құйып үлгірді. Бас Науырзымнан, құрлыс ағаштарды жеткізуді, Нөкетайға тапсырып, бірнеше көлік-арбаларды дайын етті. Нөкетай Махмет сөзін, бұйрықтап санап, дамылсыз тасуға бет бұрды. Арпалыс тоқтамады, қалайда үш айда салынған құрлысты бітіріп шығу, алдарында міндеті тұрды.

Аяқталдыда, жаңа қонысқа келушілерде көп болды, ертеңгі олар малшылар, – десті. Шағын ауыл осылай құрыла бастады, өздері шөп шауып, мал қыстағына жеткізіп отырды. Жұмыскер қолы көбейіп, жаңа үйлерге көшіп келе бастады.



Қоғабай кетер алдында жолдастарымен, өзен бойындағы қаптаған «құс базарын» көріп, бүркіт жіберіп, қызықтау еді. Абен мен хабарласып, бүркітшілер тобымен келуін күтті. Күз уақыты. Жар өзені. Жалпақ қарасу, салқын жел легі, есіп қояды. Манайдың бәрі сарғайып, ағаш жапырақтары боялып, сарғылт тартқан.

Ертелі-кеш ұшқан құс, өзен бетіне қаптап келуде. Нағыз «құс базары» осы аймақта дерсің. Қаңқылдаған қазда, шырылдаған үйрек дауысында, ақотауға естіліп, мазасыздана берді. Түс кезі болатын. Аттылар тобы, қолдарына бүркіттерін ұстаған, шапшан жүрісімен, өзен жағасына құлай берді. Артынан ілескен Абен: Жұман сен енді, азамат болғаныңның белгісін, көрсет-сойқанның бір құбылысын, – деді. Ақ боз атын тебіне, өзеннің арғы бетімен өрлей берді. Жұман бүркітін қолына ұстаған бойы, қаз тобына қарай жылжи берді. Қоғабайда достарымен өзен жағасында тұрып, бақылауда болды, алып құс бүркіттерін көріп, шомбал денесімен, алып аяғының жез тырнағын көргеде, ғажап құс деп, таңырқады.

Топ қаз легін көріп қалған, Жұманның бүркіті, қолынан лып етіп жоқ болды. Аспанға бірақ көтеріліп, алдыда құлдилап, ағып отырып, құйын күшті қанатына ұстап, көтеріле берген топ қаздың ішіне кіріп, қанатымен тарс-тарс еткізіп, қанатымен соғып, бірнешеуін су бетіне құлатып үлгірді. Кермет! алып үлгірді, құлаған қаздар өліп кетті. Су бетіне қалқыған, түрін көріп Абен тазыларын жұмсап алып шығуға бұйрық етті.

Даркеннің «лашын» құсында өте керемет шапшандық танытып, алмай қоймайтынын, бәріде біледі. Сол кезде, өзеннің екінші бетіне, топ үйректің келгенін байқаған, Даркен лашын құсын ұшырып үлгірді. Лашын шапшандық танытып, зулап барып ағып, өтіп аспанға тез көтеріліп, зымырап келп, үйрек тобына «гумп» етті, айқас басталып қос аяғының адымымен,

екі – үшеуін құлатып үлгірді, денесіне азулы тұмсығын батырып, жансыз етіп, су бетіне қалқытып қоя берді. Тазылар біріненсоң-бірін су бетінен, құрғаққа шығара бастады.

Қос басындағылар жем-сауын дайындап, Жұманға көмектесіп, қоян етінен томағысы жасап, үлгірді. Қуатын молайтып, күтумен болды, денесін қалыпқа келтіріп, қанатын тарап, қонды денесін, төс беткейін, ысып массаж жасаумен болды. Алымды құс, жан-жаққа көз тігіп, өзен бойын шолумен болды. Жұман жағаға жақындай түсіп, қаз тобына, ұшырып үлгірді. Еркін аспан әлемін өзіне бағындырғандай, ұшып көтерілген қаздарды сезіп қалып, жекелеп, айқасқа шығып, қарулы қанатымен, сабалап, құлатып өзен бетін қан етті. Өткір тұмсығымен қимылдап, ұзын тамақтарын қиып, қиып өзен бетіне, құлата берді. сынған қанатынан ұша алмай, су бетінде шолып-шолып, етіп қаңқылдаумен жаны шықты, кейбіреуі, басын қылжитып, қалқи бастады. Осының бәрін көріп тұрған Қоғабайдың достары, маз болып, сойқан төбелестің куәсі болғанлай, рең танытты. Сарала қаздарды алып, үйіп тастады. Абен тазылары, жүзумен өзеннің арғы бетімен, бергі бетін шарлаумен, жағаға шығарып, тастай берді. Сұрапыл құстың, ерлігін айтып, Дидарда достарымен, мақтауда болды.

Нысанбайда құр алақан емес, құсын қолына қондырып, жағаға өрлей берді, Жаңа ғана қонған қаздар легі, ұшып келіп, су бетінен қамыс басан жиекке қарай, бара бергенде, қуып жеткен, алып құсты көріп, бет – бетіне қашып ұша бастады. Бүркіт зулаған қалпын, сақтап қос қанатымен сарт-сарт еткізіп екеуін ұрып түсірді. Жан беру оңайма, қамыс ішіне қарай ығыса берді. Бүркіт байқап қалып, үстіне барып, қонғанда ауыр салмақты көтере алмай, суға батып, алып тұяғына ілікті, тез

бойын, сығып жіберіп, өлтіріп тынды. Екіншісіне, шауып баюлаған жалғыз қанатты, су бетіндегіге жабысып, тұмсығымен шұқып, денесін бою етті, жаы кетіп, әлсіреп барып, сылқ етті.

Андып тұрған тазылар, қанатынан сүйреп, жағаға бет алды. Абен жоғарыдан, қос басынан қарап тұрып, достарының құстарына риза болып, тамаша күтімде болғанын сөз етіп айтумен болды. Қоян етті, қой еті, мезгілсіз беруді талап етіп, қоңын түсірмеуді, талай айтып тапсырған еді. өзен бетінде қалқыған, қаз жүні, алтын-күміс тәрізденіп, күн сәулесімен жалтырап, су бетінде қалықтап, күн көзімен шағылса берді. Қайта қонған құстар легі таусылмады, күз кезінде семіздік танытып, жаз бойы жинаған қомақты, қоңдары пісіп, үй асын берекеге бөледі. Абен алып құсын ұшырып, қалың қаз тобына жіберіп, сойқан құстың қреметтігін Қоғабайлар көз алмай бақылауда болды.

Зулаған дауылды күшін, ұшқан қаздың, аласа жерінен, төмендеп ұшып, қанатымен соғып, құлатып шықтыда, кері ұшып тағыда, екі-үшеуін, беріп жібергенде қаңқылдап барып, су бетіне құлай берді, талпынғанмен ұша алмай, көтеріліп барып құлап түсті. Көтеріле ұшып, қашқандарды ұстап алып, аюлы тұяғымен, көтеріп алып, су бетіне тастай берді, тұмсығымен шарпып, құлаған қаздарды, бою етті, ұша алмады, қаңқылдап, өзен бойын ұзақ дауысымен у-шу етіп, су сабалап дамыл таппады. Бұндай айкасты бірінші көргендер таңырқасып, өзен бетінен көздерін алмай, әрбір қимылдарын бақылап, жем-сауын дайындап, отырумен тынды. Абенің бүркіті өте ерекше құс екенін, айтып алыс жерлерге әңгіме болатынын сездірді. Қоғабайдың достарымен олжаны бөлісіп, құс етіне молықты, көңілді оралып, мәз болған жігіттер естерінен бұл кереметті, көріп ойларына сақтаумен, оқуына оралды.

Соғыс. Аспан құлап, жерге түскендей болды. Күн сайын, темір-жол алаңы, толған адам, вагонға тиеліп, майданға кетіп жатты. Қоғабайдың оқу орныда, әскери комисариаттан, кешкі сағат, түнгі 3-те Украина жеріне баруға бұйрық алды. Дидар мен Қанат басқа полкқа жөнелтілсе, Берік пен Мақанда атқыштар дивизиясына жол тартты. Асыл мен Берік жаю әскерлер құрамына бекіді. Жайсыз хабарды естіген Ғалия жылауме көзінің жасын ірікпеді, денесін сары уайым басып, құр сілдері ғана жүргенін сезінді.

Беті-аузы ісініп, Қоғабай мұны күйзелтті. Қоғабай құшақтап, жыламауын өтінседе, жүрек сазы бозарып, аппақ келбеті күрең тартып, булығып жылады. Қаншама тоқтау айтып, кеңес еткен жары, аяғының ауыр екенін ескертіп, денсаулығынан мүдем айырлып қалатынын ескертті. Амалы болмады, Ғалия жүзі өзгеріп, сала берді, уайым қатты батты, тамақ ішпеді, құрбыларымен әңгімелеріде сұйылып, өмірі өшкендей қалып танытып, баюлай берді. Қоғабай қайта-қайта бетінен сүйіп: Сен жылама, көп ойлама, балағада зиян, өзінді күт, жылауды қой, – деді.

Жоқ! Сен кетсең менің өмірім бітті, бақытым құлады, шаңырағым ортасына түсті, өзегім өртенді, тілегім бітті, сағым сынды, көңілім бітіп, жүрек отым сөнді, – деді көзін орамалымен сүртіп. Олай деме! мен оралып келемін, сені баламен құшақтап, жерден көтеріп алып, өмірлік бақытты етемін, сүйген жарымды, ылғи өзіммен бірге алып жүріп, қыдыратын боламыз, оқуды соғыстан кейін аяқтап, ауылға барып, қызымет істейтін күн туар әлі, – деді Қоғабай құшағына алып, баурына қысты.

Ғалия жарының сөзіне, тоқтаған болып, қолымен мойнына орала берді, аузынан сүйіп, өзіне тартты, бұрынғы ажарын ашып, келбетімен көзінің жасын басты. Қоғабай анасына

хат жазып, қалдырды, бара алмады, уақыт тығыз болды. Ғалия құрбылары мен темір жол вокзалында болып, көрісіп жылаған, достарының жұбайларыда, қатты толқу-уайым үстінде болды. Жарынан айрылған, Назым, Айсұлу, Сырғалым, Жанагүл, Жаниялар Ғалиямен көрісіп, жылаумен бірін-бірі айаулық танытып, жұбатумен болды.

Ғалия құшағы Қоғабайдан айрылмады, сүйген жарынан «мәңгілік» қалатындай рай танытып, ақырғы сағатын, қимастық назына еніп, сүйісумен жалғасты. Қоғабай жүзінде, жарының сұлу ажарын қимады. Уайым етпей, құрбыларына айтып, бірге жүруін қалап, жұбын жазбауды тапсырды. Ғлияны Назымға айтып, аяғы ауыр екенін ескртіп, бірге тұруын өтінді. Сөз берген Назым: Әрине мен ешқашан, жалғыз қалдырмаспын, Ғалия мен үшін өмірімнің жазы, жан ашыры болып, қала бермек, – деді. Қоғабай Ғалияны құшақтап алып, хош айтысып, ақырғы минутында, екеуіде көзіне жас алып, жыласып қала берді.

Ғалия жылаған бойын, көз жасын тоқтата алмады. Назымда бірге жыласты. Көздері ісіп, көңілсіз күй кешіп, жатаханаға оралды. Ғалия Назыммен бірге тұрып, бірге жатты. Күндер жылжып өте берді, уайым назы тоқтамады. Лаулаған соғыс жалыны, өрши берді. Қанды қырғын әкелген, неміс басқыншылары тиылмады, көптеген қала мен ауылдарды, жермен-жексен етті. Ғалия сол уайыммен, ауруханаға түсіп, жатып қалды. Назым күн сайын барып, құрбылық ақылын айтып, көңілін көтеруге тырысып бақты. Бірақ ештеңе шығара алмады. Ғалияның аппақ жүзі, сарғылт тартып, жүдей бастады. Тамқ ішпеді, тек жарын ойлаумен қайғыға батты.

Мезгілсіз туған бала өлімі, Ғалияны бірге ала кетті. Сүйген жары, «ғашығы» өмірден озды. Қоғабай Киевке барып тоқтады. Арнаулы әскери машинамен, қаладан 30 шақырым

жерге апарып түсірді. Қалың ағаш-орманды аймақ қоршаған, шағын ауыл жері. Маңайда ешнәрсе көрінер емес, биік аспанмен таласқан, қорған ағаштар, баюлап барып қозғалып қояды. Айтуға қарағанда, жасырған аздаған мал сиыры, әскерлерге сүтпен қамтуды керек еткен, – десті. Қоғабай әскери «особый полк» құрамына кірді. Үш ай оқып, жаттығудан өтпек.

Ғалиядан хабар ала алмады, бұл полкқа хат жеткізілмейтін, жасырын часть болып қала берді. Уайым реніш үстінде болды. Бақытты күндері келмеске кетті. Қалың орман іші, тым-тырыс қара бұлт қоюланып, аспан күмбезімен жалғасқан. Кең дүние қайда, аралда қалған жалғыз үй сыяқты, шағын ауыл тіршілігі, байаулап барып сөнгендей, жарықта байқалмайды. Сөнген өмір соғыс лаңы, кім-кімдіде, лайықсыз бейне танытқандай байқалады. Биік ағаштың, жапырақ беткейін беріп, көк күмісімен, сәл ғана жылтырап, көрініп қояды.

Әскери тәртіп, жағалай күзет, казарма үйі бізгеде бекіді. Осында жатып, үйренуді міндет етті. Самал жел ғана бетіңе соғып, тыныш орнаған қалпын танытып, қояды. Қамалған жеріміз осы ма? – деген ой туғызып, кейістікке жетелегендей боласың. Боласыңда ойлай-ойлай қоясың. Әскери тәртіп бәрінен басым. Ертеңіне тас төбеден күн сәулесін, көріп түнектен түскен, ақотаудың ішін ойлап, қаласың тұнжырап барып, қимастықтай нанасың. Бұрын колхоздың сүт фермасы болған, асыл тұқымды «Кастронома», өте сүтті деп, естіген болатынбыз.

Әскери полкті, сүтпен қамтамасыз еткен, ферма меңгерушісі жас қыз Дарья атты, күн сайын, жеткізіп, табыс еткенін аңғарып, қалдық. Басында мәнерлі орамалы, бойына жарасымды көйлек киіп, сыртынан костюмын қолына ұстап, блокнот-қағазымен есептеп жазып, казармадан шыға берді. Жүрісі ширақ, өткір көзі, әдемі ажарымен, қара мөлдір көзін тастап,

Қоғабайға қараумен болды. Жаңа келген жас жігіт мұны, өзінеде қалғандай, Ғалияны есіне алып, нали берді. Сүйген «ғашық» жарының әрбір сөзі есінен кетпеді.

Ауылда өткен күндері, қалада қыдырған кештері, қалай тез өтіп, кеткен уақыт, сағымдай болып, есіңнен шығып, қалай ғана, ұмыт боларсың. Жок! олай емес, Ғалия екеуміздің алтын күндеріміз, жұлдызды түндеріміз, өткізген кездеріміз, балаусадай жарқырап, ай сәулесімен ұласып, таңдыда бірге атырдық. Ғалия әні бойынды алып, алысқа шырқаған, дала үнімен жалғасқан, кездері әлі есімде. Кейде сол үнде, құлағыма келіп, бойымды алып, тұрғандай сезініп қалам! Бірақ оқ дүрісі, ракета жарлысы, бұзып, жібергендей ойға ораласың.

Қайран! солай өтіп кеткенің ба? – қарамай дейсің. Қоғабайдың сұлу жүзі, Дарьяның ойынан кетпей қойды. келген сайын, тауып алып бір көргісі келіп, жақындай түсетінді шығарды. Өзінің сұлу келбетіне қызыққандарды, бойына жолатпады. Қоғабайдың жүрісіне көз салып, өтуді қалады. Кейде алыстан, ынтығып назарын алмай, біраз тұрып қадалды. Неге бұлай, сұлу қыздың жігіті жоқпа? Әлде біреуге ғашық болып, қалдыма дегендер болды. Өткір қыздың жүрегі тоқтамады, қалайда сөз тартып, Қоғабайдың оңаша жүргенін бақылап, жиі келумен болды.

Қоғабайда, ешқандай ой болмады, тек өзінің жары Ғалияны қатты сағынды. Кей уақытта ойлаған күндері, ұйқысыда келмей, жарын іздеумен болды, керемет сағынды. Қоғабайға лейтенант атағы беріліп, оқу тәсілін, меңгеріп үлгірді. Бүгін әкелген сүтті пайдаланып, Дарья Қоғабайға жазған хатын табыс етіп, кетіп отырды. Дарья жүзі Ғалияға ұқсас сұлу келбетті қыз болатын. Дене бітіміде, бой әлпетіде, ойынан шығып, Ғалия деп қалатын. Қандай ұқсас, көрікті түрі сұлу жігіттің

бетін аударып, өзіне қаратып, алуға тырысып жүрді. Ұзақ жүрді.

Жазған хатынада, мөлдір көзінің қарасынада бұрылмады, керек етпеді. Тек Ғалиясын ғана ғашықтық сезімін ұмытпады, жүрегінен шығармай, жібектей созылған асыл денесін сағынды. Бар арманы, соның амандығын тіледі, оның жұмсақ сөзі, әдемі күлкісі, оймақтай ауызы, жиіншке белі, ойынан кетпеді. Тамаша келбеті, көз алдына келе берді. Дарья сылтау етіп, Қоғабайдан, қай жерден, қашан келгенін сұрап, жақындай берді. Жігітті ұнатқандық қалып, танытып әңгімеге тартты. Қазақстан туралы білемін деп, кітаптарын оқығанмын деп, ой бөлісті. Әдемі сұлу жүзін беріп, күлімсіреп, жігіт ажарынан көз алмады. Орысша жақсы сөйлеген, Қоғабай сөзіне зейін қойып, айтқанына басын изеп, тыңдаумен болды. Жанына жылы тиген, сөзді Дарья көбірек ұғып, адал шын азамат екенін аңғара бастады.

Ойыда өз ішінен, сұлу жігіт менікі болса, шіркін деген ой жетелей берді. Жатса-тұрсада көз алдында, кездесу жолын іздестіре бастады. Шағын ауыл. Дарья клубқа кино қойылымына шақырды, бармады. Қоғабайдың ешнәрсеге құлқы болмады, Ғалияны ойлап, хабар ала алмады, жабық палигон, «секретный часть» екенін есіне алды, хат жүрмейді. Дарьяның шақырғанын елемеді, уақыттың тарлығымен түсіндірді. Өзіне қалайда тарту үшін, үйінен тамақ дайындап, орман алаңынан көгалға отырып, беруді ойластыра бастады. Сүт жеткізген, Дарья әскери казармадан Қоғабайды іздеумен болды. Сұрастырсада, ешкім ештеңе айталмады. Уайыммен көңілі түсіп, төсегінде жатып қалды.

Дарья саса бастады, әкелген үй тамағын, қалай берудің ретін білмеді. Бөлмесіне барып, тамағымды си етсемба? – деп ой үстінде болды. Дарьяның ой арманы, жан сыры,



«ғашықтық» мұны Қоғабайдың үстінде болды. Казарма алаңынан өтіп, есігінен үлкен залға кіре берді. Көп толған есік, қай бөлмеде екенін білмеді. Өткір қыз, күзетшіден сұрап, бөлмесіне бет түзеді. Әсем киімі, көйлегімен жарасқан, сұлу келбеті жарқырап, кең маңдайы ажарын ашып, есігінен кіре берді. Бірден сезген Қоғабай, орнынан әрең тұрып, есікке қарай баюлап басып жылжи берді.

Мен саған тамақ әкелдім, үйдің тамағын сағынған шығарсың, – деді Дарья салған жерден. Қоғабай қызара бөртеп: Рахмет сізге! текке әуре болдың, әскери тамаққа үйрендік, – деді. Жоқ! әдейі арнап әкелдім, сен ішін, – деп, Дарья күлімсіреген ыңғай тартып. Жарайт болмадың ғой! Мынау столға қалдырыңыз, – деді Қоғабай. Менің «ғашық» жарым, Ғалиям бар, әр кезде, мені осылай күтуші еді, – деді Қоғабай. Дарья ажарын ұнатқандай, қасына барып бірге отырды. Тамақ ішіп, көңілдері ашылып, Дарьямен еркін сөйлесіп, жағыдайын сұрай бастады. Бірінші өз жайын баян етіп, сүйгені Ғалиядан хабар болмай, аяғы ауырлығын айтып, елде жалғыз шешесі қалғанын, айтып күрсінді. Дарья өз ойын жеткізуге, тырысып бақты: Мен сен келген бетте, ғашық еттім, ұйқым бұзылып, ойлаумен жүрдім, өмірде алғаш рет сүйу деген, өте қиын, азаптың сырын, қалай ашып, айтып жеткізуді білмей, қатты қиналдым, – деді. Сол сезім, арманым, көңілімнің жарасын, жеткізу жолында, аялдаумен болдым.

Сенің «ғашық» жарың Ғалияның барында сөзіңнен сезгем, мезгілсіз жатып қалуыңда, сол болды, – деді Дарья өзінің ойын айтып салды, жасырмады бірақ шексіз сүйетіндігін, баяндап тағыда жеткізді. Сұлу кебетін, Қоғабайға беріп, жақындап жылжи берді. Арман асуын көп ойлаған Дарья, Қоғабайдың мойнына қос қолымен асыла берді. Дарья сұлу бетін жақындатып: Мен тек қана сені ғашық, етіп қаладым, сұлу жүзіңмен дене

келбетіне, бар өмірімді арнадым, – деді. Қоғабай кейпі өзгеріп, сала берді, ештеңе айталмады. Дарья өзі сүйіп, Қоғабайдың құшағына жақындай түсіп, белінен құшақтады. Ғалияны көргендей болып, жұмсақ аузынан, сүйіп өзіне тартты. Ғалиям! деп, қайталаумен болды. Біраз мауқын басқан соң, ағаш арасына баруға уәделесіп, бет түзеді. Казармадан шығып, қалың орман алаңына қарай жылжи берді.

Дарья ажары құлпырып, бұрынғыданда, сұлу келбетімен жараса түскендей болды. Орман іші тып-тыныш, самал соққан желде байқалмайды. Қалың өскен, көгал гүлдері, жер бетін жапқан. Төсеніш керек емес, жұмсақ танытып қояды. Дарья Қоғабайдың белінен құшақтап алып, қос қолымен өзіне тартып, жұмсақ көгалға қисая берді. Сүйдім деген сөздерді жиі айтып, еріксіз баурына бар денесімен кіре берді. Бойларын қызу алып басылмады. Қоғабай шыдамы таусылып, өзін өзі тежеседі, қызу шыдатпады, Дарья, кима белін бұрандатып, Қоғабайдың алдынан шықпай, жанасалап бойын бере берді.

Жабысқан қос дене қызуы алып күшке ұласып, Дарьяның ақ матамен жабылған қос қанатының арасынан өте бергенде, ғажап тәттілік назы бойларын балкытып, ала жөнелді, тоқтамады біразға дейін, жұмсақ ауыздарын айырмады, сол қалпында жата берді. Дарьяның асыл денесі, Қоғабайдың құшағында болып, қолын алмады, асыға күткен осы шақтары, мауқы басылмағандай, Дарья құшағынан айырмады, бар өмірін жігіт жолына арнады, сағынышпен қаншама күткен күндері, жаңа ғана оралғандай болды.

Дарья кешкі уақытта кездесіп, тұруды қалады, сырын жасырмады. Өзі іздеп келіп тұрды. Қоғабайды жанындай жақсы көріп, өмірлік сүйетінін жеткізді. Көрмесем өмірім өш болады, – деді Дарья, бар ықыласымен айтып сездірген еді. Ажары ашылып, көңілді күйге оралған Дарья: Сен үшін бар

арманыңды орындауға, серт беріп, қандайда болмасын жағыдайға жанымды пида етуге, дайынмын сол үшін сені мәңгілікке қалап, қыз аманатымды силадым, – деді көзіне жас алып. Көп ұзамай Қоғабай соғысқа кірді. Лейтенант Беларусь бағытындағы майданға жіберілді. Дарья жылаумен қоштасып қалды. Ұзақ күндерді уайыммен өткізді. Соғыс. Қаншама күткенмен оралмады.

\*\*\*

Барлық жағынан ұнаған болуы керек Қоғабайды осы взводтың командирі етіп лейтенант атағын берді. Басында взводқа қабылданғанына қуанып еді, кейінірек барлаушылықтың мағынасына түсініп, іштей қобалжып, қорқып жүрді. Өйткені, соғыс кезіндегі барлаушылардың міндеті жауды жасырын сырын әшкерлеу, айла тәсілін білу. Ұрыссыз, жасырын барлау жасау дегендері бар, тіл әкелу, белгіленген уақытында қайтып орала алмасына көзі жетсе, ашқан жаңалығыңды рациямен хабарлау дейсің бе, әйтеуір, барлау барлау уақытына қадам бассан, қатер атаулының қамауына түсесің. Өмір мен өлім арасындағы қыл көпірден өте білу керек. Амалын таппаған аңқау әрекетің, ағат қимылың тозаққа түседі.

Мысалы, осыдан бірнеше тәулік бұрын барлауға жіберілген бір взвод қайтып оралмай, хабарсыз зым-зия жоқ болып кетіпті. Бұл взвод сол жоғалған взводтың орнын толтыру үшін қайтадан жасақталған екен. Мұның амандығы мәңгілік пе, ертең немесе бір күні бұл да барлауға жіберіліп, жоғалып кетемі кім біліпті?

Барлаушылардың шағын тобы, немесе бір жауынгері ұтымды қимылдаса, дұшпанның бүкіл құрамасын құртып жіберуге мүмкіндік туғызып, жол ашады. Сондықтан болуы керек, барлаушыларды әскердің «көзі мен құлағы» деседі.

Осындай даңққа қол жеткізетін сәтті сапарға шығуды арман етіп, кейінірек қобалжудыда қойды.

Бір күні сол сапарға шықты «Бір жол бар, жақын болсада алыс, алыс болсада жақын» деседі барлаушылар. Соғыс кезінде барлаушыларға осы екі жолдың бастапқысы – ажал, соңғысы олжа. Олар алыс болса да олжа бағытына сапар шекті. Лейтенант Қоғабай Есентаев бастаған он бір жауынгер орман ішінде батпақты кешіп келеді. Оларға рация арқаланып қосылған жауынгер Ивановтан басқалары взводтың бір бөлімшесінде болатын.

Қоғабайдың майдандас досы көкшетаулық Телман Әубәкіров кейіннен былайша еске алып еді.

— Осы жолда шығар алдында лейтенант Қоғабай Есенбаев мені өзіне орынбасар етіп тағайындайтын. Менен бір саты төмендеу орынбасарлыққа шағын бойлы талдырмаш жігіт Козловты тағайындады. Ал, Козлов ұқыпты, қимылы ширақ, ұшқыр жігіт. лейтенант аса қауыпты барлаудың қатері алдында сақтық жасады. Өзі саптан шыға қалса, орнын мен басамын, мен қаза тапсам Козлов алмастырады.

Есентаев жарық жолын өзі бастады да. Козловты топтың ең соңына салды. «Алыс та болса жақын жолымыз» адам түгіл аңның өзі аяқ баспаған. «Барса келместің» өзі екен. Толар сақтан батпақ кешіп, тұнжыраған тұңғиыққа сүңгіп келеміз. Барған сайын орман қалындап, төңірек түнере түсті.

Жаңбыр бұл жерде үйреншікті құбылысы сияқты. Қазақ даласында жаңбыр қара жерге жауса – нұр, қар үстіне жауса – апат жұт дейді ғой. Кең дала өскен ырымшыл басым, бұл жаңбырды жақсылыққа жорыдым. Қоймалжың батпақ керзі етіктің қонышынан құйыла бастады. Аур жүк тартқан өгіздің өрге тырмысқаны сияқты жауынгерлердің ілгері басқан аяғы

кері кетіп, ілбіп келеді. Мен қауіп қатерден сескеніп үрейленгенім болмаса мұндай батпақты талай рет кештім емес пе? Сол себептен тың келе жатырмын. Қоғабай болса ұзын денелі, қайратты жігіт қой ол. Топтың алдында арқанбойы, оқшау қарыштап баражатыр оны қуып жеттім де:

— Қоғабай-ау, жауынгерлер қалжырай бастады. Аялда-тып, азда болса тынықтырып алмайсың ба? – дедім. Оның сылу жүзі албырап, күреңітіп, алқынып келеді екен. Ол тұра қалып, қартасына, сағатына қарады да жетер жерге таяу барып тынығу керегін айтты. Ілбіп болса да ілгерлеп келеміз. Жанбыр толастады. Бірақ көк жүзі қалың бұлттан арылар емес. Бір жарым шақырым дай ілгерлеп кідірдік. Жауынгерлер ағаш басына шығып отырып тамақтанды, ұйқтады да. Бұл араға дейін тың келгенімді сезді ме, әлде орын басарына деген жүк басқа жауынгерлерден ауырырақ артылуы керек деп ұйғарды ма, лейтенант мені күзетке тұрғызды. Күзетте тұрып көзің ілінсе, жаудың қармағына өзің ілінесің деп ескертті Есентаев. Ымырт жабылып, төңіректі көзге түртсе көргісіз қараңғылық басты. Көзімнің алдына әлде нелер елестеп, елегізіп тұрмын. Ойыма әлде нелер түсті. Майданға аттандырып салған зайыбым Замзагүл елестеді. Мен кетерде ол жүкті еді. Қырықбес минут өтіп болмайды, уақыт ұзарған сайын абыржып тұрмын. Бір мезетте біреулер батпақты сылбылдата жорғалап келе жпттты. Жүрегім сү еті түсті. Қасымдағы Козловқа қарамастан «һенде һо-охь» деп бар дауыспен айқай салдым. Жолдастарым шошып ояанды. Олар әскери дабылмен оянғандай-ақ әп сәтте қару жарағын сайлап, ұрысқа дайын бола қалысты. Төңіректі шарлап, сүзіп шықтық. Ешқандай із таптырмады. Соғыс жағдайында барлауға бара жатып айқайлау – өрескел болып шығады.

Бір сағаттан соң нысанамыздың бүйірінен қадалатын тұстағы өзенге тірелдік. Шынында да, бұл тұсқа ұшқан құс болмаса, екі аяқты адам да, төрт аяқты анда жолай алар емес.

Жаудың бұл бағыттан самолеттен басқа ешқандай қатер күтпейтіні сондықтан сияқты. Өзенді кешіп өтіп, тік жардың басына шықсақ, алдымызда тікенек сымнан құрылған торға кездестік. Оның ар жағы алма бағы екен. «Бақтың арғы шетінде, осы арадан төрт, бес жүз метірдей жерде монасрь бар» деді командир Қоғабай. Қазір онда әскери штаб орналасқан.

Мынадай қаранғы кеште менің көзіме көрініп тұрған бақтың бергі ағаштары ғана.

Алдымен тікенек сымды қайшылап, өзімізге жол аштық. Содан өткізіп, бақтың ішін барлап шығуғажіберілген Козлов әп – сәтте қайтып оралды.

Жолдас лейтенант, екі адам бақ ішімен бері қарай жүріп келе жатыр, – деді ендіге сыбырлап. Лейтенант шұғыл шешім қабылдап, Козлов екеумізді өз жанына қалдырды да, басқа жауынгерлерге жар астына түсе тұруға бұйырды. Әлгі екеуі осы горнизонның патрульдері ме, әлде штаб қараушылары ма, бізге жақындап қалды. Біз жерге жабыса түсіп, андып жатырмыз.

Ол екеуі бізге жиырма, отыз метрдей таяу келді де серуеншілерге арналған ұзынша орындық па, бірдеңенің үстіне отыра қалысты. Күбір-күбір сөйлесті, біреуі әйел екен. Бір кезде олар шөп-шөп еткізіп сүйіскендей болды.

— Осы екеуі бұл арада кетпей тұрғанда бас салмаймыз ба? – дедім мен Қоғабайға сыбырлап.

— Қарулары бар шығар, абайлау керек. Екеуінде тырп еткізбей, дыбысын шығармай ұстандар. Бірақ, өлтіріп алмаңдар, – деп әуелі менің құлағыма, сонан соң Козловқа сыбырлады Қоғабай.

Мен еркегіне, Козлов әйеліне жармасатын болдық. Жерге жабыса, еңбектей жылжып келіп, рахатқа батып отырған еркектің мойынына тұзақ салып, қылқындыра тартып, шалқасынан түсірдім. Оның қаруын алам деп абдырап жүріп, тұзақтан айырылып қалған екем. Еңгезердей, ірі де күшті офицер ышқына жұлқынып, шортандай шоршып, мені үстінен аударып, домалатып жіберді. Ұшып түрегелдім. Ол менен гөрі қимылға шабандау екен. Қорбандап бой көтергенше, мен автомат дүмбісімен көк желкеден түйдім, ол жер сүзе құлады. Осы мезетте Есентаев та жетіп келіп, екеулеп аузына орамалды жұмарлап тығып, екі қолын артына қайырып байлап алдық. Козловқа қарасам, ол әйелді алып ұрып, дыбысын шығармай, түлкіні бүрген бүркіттей басып отыр екен. Өзеннен кері өтіп, келген жақтағы жағалауға қайтып шықтық. Қоғабай екі тұтқынды киімдеріне су тигізбей өзеннен көтеріп өтуді бұйырды. Козлов өзі ұстаған тұтқынын балаша көтеріп өткізді. Мен өзім ұстаған еңгезердей еркекті арқалап, эзер өткіздім. Неліктен бұлай ету себебін кейін түсіндім. Бәрінен бұрын сапарымыздың сәті түсіп, өлім аузынан олжалы оралдық. Офицер ұзын бойлы, қапсағай денелі, көк көз жирен екен. Шені оберлейтенант, есімі Краус. Лейтенант жауап талап етіп көріп еді, жұмған аузын ашпастан сазарды да тұрды. Етін кессе, қан шықпайтын лағнаттың өзі екен.

— Қазір осыдан жауап алудың қажеті қанша? – дедім мен.

— Менің жұмысыма араласпаңдар, деп зекіп тастады Қоғабай Есентаев. Сосын офицердің ойлануына үш минут уақыт берді. Содан соң да үндемейтін болса атамын ескертті

оған үш миут өтті обер лейтенант міз бақпай сазарып тұр. Со-нан соң оның жүрегінің тұсына мылтықтың қанды аузын қадап бір деді, екі деді, үш дегізбей тіл қатты. Обер – лейтенант Краустың баяндауынша бұл селода тұрған даяу әскер полкы, штаб монастырде. Оның сыртындағы сарайда қаружарақ қоймасы. Одан кейініректегі шоқ ағаштың түбінде полктың зеңбіректер батареясы. Казарма селоның әр жеріндегі мекктеп, клуб сияқтыларға орналасқан. Жоспар бойынша полк ертең шабулға шықпақ. Сондықтан полк командирі інірде корпус штабына шақырылып кетіпті. Осы арада арадағы моторлы атқыштар корпусының оң жақ қанатына жатқан бұл полктың штабында қызмет істейтін офицерлердің кешкі тұрағы да сол монастырь ішінде.

Лейтенантқа осы мәліметтен басқасының керегі жоқ сияқты. Ол енді осының өзін әлі де анықтап алғысы келгендей, әйелге бет бұрды. Жасы жиырма бес шамасындағы сұлу әйел екен. Оған сіз деп сыпайы сұрақ қойды.

— Фрау, мына офицердің зайыбысыз ба? – әлде ғашығысыз ба?

— Мені Фрау деменіз, бұл неміс әйелдеріне арналған атау ғой. Мен фин қызымын, деді. Ол орыс тілін жақсы біледі екен. Мен мына обер лейтенанттың зайыбы да, ғашығы да емеспін. Бүгінгі серуенге ғана ертіп шыққан серігімін. Е, құданы құдай қосады деген осы екен ау деп ойладым мен іштей.

— Ендеше алдымен танысып қойалық, мен Кеңес әскерінің лейтенанты Қоғабай Есентаевпын.

— Сүйкімді жігіт екенсіз, лейтенант мырза, деп өз есімін атап, қылымси қалды финка. Сол әйелдің аты қазір жадысда жоқ. Өзі осы штабтың радиостанциясында қызмет істейді екен. Офицердің жанағы мәліметін толықтыра түсіп, күзетшілердің қайда тұрғанына анықтап айтып берді.



Есентаев екі тұтқыннан жауап алып, олардың айтқандарын өзі білетіндерімен іштей салыстыра өлшеп, пішіп отырғандай едәуір ойланып қалды.

— Япыр ау, осы жаудың ертең шабулға шығатыны рас болса, енді неге айналшықтап отырмыз? – деп мен іштей асығамын.

— Сағатыңды менің сағатыммен тексеріп ал, деді маған Есентаев. Қазір менің сағатым он минут кем жиырма екі.

— Сонда екеуміз екі жаққа кетеміз бе? – деп сескене сұрады.

— Жиырма үш сағатта екі топқа бөлініп, іске кірісеміз.

— Қандай іске кірісеміз?

— Жаудың штабын өртеуіміз, зеңбіректер батареясын бүлдіреміз, қару жарақ қоймасының күлін көкке шығарамыз.

Жүрегім тас төбеке шықты, тұла бойым суытып қалды. Дірілдей бастадым.

Осының өзі лейтенант берген ерекше тапсырма ма, әлде кіші командирдің үлкен ұрысқа көзі жеткендігінен бе, немесе мекіре балықтай тұмсығын тасқа соқтырғалы тұрған өшетті мінезі ме, қайсысы болса да менің көзіме асыр апат елестеді.

— Қоғабай ау! Көзсіз көбелектей отқа түсеміз бе? Мен орынбасарың болғандықтан, бұл әрекетінді мақұлдаймын, – деді Козлов.

— Бұйрықтың аты бұйрық. Қан майданның ортасында демократизмге орын жоқ, деді Есентаев.

— Әрине соғыс жағдайындағы әскердің іс әрекеті, қандай қимыл болса да дауысқа қойылып, жүзеге асырылмайтынын мен де білемін. Ендеше осы қабылдаған шешімді рация арқылы өзіміздің штабқа хабарлап көрші деп Есентаевты қайтадан Козлов түрткіледі.

— Ауа толқынын аңдып отырған жауға рациямен әшкелеп бермекпісің? деді Есентаев. Ол біраз ойланды да?

— Козлов, мына әйелді ана ағаштың тасасына апарып, шешіндір де сырт кимін өзің киіп көр, сияр ма екен? деді Қоғабай.

— Құп болады, деді де Козлов әйелді қолтықтап ала жөнелді.

— Есентае обер-лейтенантты да шешіндіріп, оның сырт кимін өзі киді. Неміс офицерінің мундирі Есентаевқа шақ екен. ол обер лейтенантқа ұқсас болды да шықты.

— Қоғабай институтта неміс тілін оқыған, аздап болса да хабары бар еді,

— Мен лейтенант Қоғабаетың айла тәсілін енді түсіндім. Козлов та ағаш тасасынан жаңағы финканың дәл өзіндей болып шыға келді.

Лейтенант екі тұтқындыда байлатып, үстеріне плаш палатканы бүркей жаптырып қойды. Сосын өзінің батыл қабылдаған шешімі бойынша, болғалы тұрған астыртын да қатерлі сойқанның жоспарын жариялады.

Есентаев пен Козлов екеуі мына офицермен әйелдің серуеннен қайтып оралмағанына ұқсап, монастырь ішіне кірмек. Барған соң не істерін өздері біледі. Жауынгерлерді төрт төрттен екі топқа бөліп, бастапқысына зеңбіректер жау батареясын бүлдіруге, соңғысына қару жарақ, қоймасын талқандауға бұйрық берілді. Батареяға баратындардың жұмысы оңайрақ сияқты. Әуелі қарауылды қанжармен өлтіріп, зеңбірек атысқа жарамастай етіп бүлдіру керек.

Ал қару жарақ қоймасының жарылысын монастырь шатырынан өрт жалыны лап еткен сәте ғана бастау шарт. Бұдан былайғы жағдайдың әртүрлі күтпеген құбылыстарына қарай

төтенше шешім қабылдауды маған тапсырды да, менің қарамағыма рациясымен Ивановты қалдырды. Біздің бұл жерге қайтып оралмауымызды жирма төрт ноль ноль) сағатқа дейін қадағалай күтіп отыратын бол, деп бұйырды маған лейтенант Қоғабай Есентаев. Сол уақыттан бір минут кешікпей өзіміздің штабқа тартып кет. Біздің қайсымыз қай уақыттатқайтып ораламыз, әлде оралмаймыз ба, күтіп уақыт оздырма. Екі тұтқынды штабқа тірідей тапсыр. Ең алдымен, ертең жаудың шабуылы басталатынын хабарла. Таң атқанша үлгіре алмайтын болсаң, рациямен хабарла, түсінікті ме?

— Құп болады, дедім де лейтенанттың осы бұйрығын қайталап айттым.

— Жауынгерлер Есентаев пен Козловтың жаңартқан киіміне су тигізбей өзеннен көтеріп өткізді. Барлаушылар арғы беттегі түнек ұңғиығына батып, әп сәтте көзден ғайып болды.

— Он жауынгерімізді шығарып салған соң Иванов екеуміз ел көшкен жұртта қалғандай елегіздік.

— Зәулім теректің басына шықтым. Арғы шеттегі село тегіс ұйқыға батқан ба, әлде терезелерін бүркелеген бе, жылт еткен жарық жоқ, жым – жырт.

— Бір мезетте осынау атырапты тіршілік тұншықтыра обып тұрған қараңғы түнек жарқ ете түсті. Селодан көкке қып қызыл шоқ шашылған секілденді де гүрс гүрс жарылыс зардабынан қара жер селк еткендей болды. Жаудың қару жарак қоймасы қопарыла, күлі көкке ұшты. Содан кейін іле шала, монастырь мұнарасынан да өрт жалыны лапылдай бастады.

Төрт адам өзеннен бері өтіп келе жатыр. Бұлар қару жарак қоймаларын талқандағандар болып шықты. Бұларға іле шала батареяны бүлдірушілерде келіп жетті. Жау полкінің штабына кіре алып, өрт салған Есентаев пен Козлов екеуі әлі жоқ. Лейтенант бұйрығы бойынша сағат жиырма төртте бұл арадан

тайып тұру керек. Сол бұйрықы орындауға бес минут қалды. Қайтсем екендеп қатты күйзелдім. Күйзелісімді жауынгерлерге сездірмей, әуре сарсаңға салынған мезетімде арғы бетте иттердің арсылдаған дауыстары естілді. Міне, дұшпан иттерін жетелеп, із кесе басталғаны байқалды. Енді тезрек кету керек. Қалың орманға қайыра сүнгідік. Қара жаңбыр төгіп кетті. Жау қамалының іргесіне үш шақырым қашықтықта, орман түпкіріне кірдік. Арт жағымызда тірсектеп қуып келе жатқан ешкім жоқ сияқты. Сонда да рациямен өз штабымызбен хабарласуға асықтым. Өйткені біз барып жеткенше өз шебімізге дұшпанның шабулы басталып кете ме деп қауіптендім.

— Қазір өзіміздің полктің барлау бөлімін қосып бере ала-сыңба? Деп сұрадым Ивановтан:

— Оп оңай, қосып бере қояйын, деді Иванов. Өзіміздің полктің штабын қосу үшін Иванов жарты сағат әуреленіп, ештеңе шығара алмады. Олар әлі төзе алмай тағы да ілгерілеп кеттік. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Иванов штабты қосты. Мен Есентаевтың бұйрығы бойынша қажетті мәліметтерді жеткіздім. Сонан кейін алға жылжыдық. Бірақ әбден қалжырап қалғандықтан жол мехнаты манағыдан да бетер қиындап келеді. Оның үстіне әйел тұтқын жүруге жарамай, оны екі жауынгер екі қолтығынан сүйреп келеді. Қысқасы өлдім талдым дегенде шебімізге әзер жеттік. Келсек біздің полк қорғаныс шебінде жаужың шабуылын күтіп, тойтарысқа дайындалып, сақадай сай болып жатыр екен. Әрине, қорғаныстағы әскер қашан да тойтарысқа дайын жатады ғой. Сонда да бүгін шебіміз кешегіден едауір өзгеріп, жаңа күштер де қосылып қалған сияқты.

Полк командирне келіп тұрмын. Әрине, тұтқын офицерді тапсырдық. Полк командирі рапортымды аса назар аударып шықты. Бірақ маған алғыс жариялауға да, демалыс беруге де

мұршы болған жоқ. Шебімізге үсті үстіне бомба түсіп, снйрад жарылып, жаудың шабуылы кенет басталып кетті. Ұрыс басталысымен ақ бомба жақыннан жарылып, мені лақтырып жібергендей, талықсытып тастады. Шалажансар, әл үстінде бірнеше тәулік госпитальда жатып есімді жинадым. Қайда жатқанымды қасымдағы жаралы жауынгер түсіндірді. Майданға таяу орман түпкіріндегі әскери госпитальда жатыр екенмін. Оң аяғымның жіліншігін гипске салып, қатырып тастаған, қозғалтпайды. Бір күні госпиталь батаған бір топ дәрігер палатаға кіріп келді. Солардың ішінде таныс санитар Лариса бар еді. Сонымен бұл келгендер мен туралы қандай шешім қабылдағаны белгісіз өзара күбірлесіп, палатадан шығып кетті. Жарты сағаттан соң Лариса палатаға қайтып кірді де менің қасыма отырып халімді білді.

Ларисаның айтуынша, менің басыма төнген қатер тұманы сейілген. Аяқ сүйегімнің бірнеше жерден сынғаны орын орнына салынып гипстелген. Мен шынында да, өлген адам екенмін. Мен және екі жауынгер үшеуіміз майдан шебінде жартылай көміліп жатқан жерден қазып алыныппыз. Оның үстіне менің миым қатты зақымданып, естен таныппын. Енді айтуға болады госпитальға түскеніңе екі апта өтті, есің кіргеніңе бүгін бесінші күн. Енді екі үш апада жазыласың, деп менің жарақатымды жеңілдетіп кетті Лариса.

Бір күні өзіміздің газеттің тігіндісін қарап отырғанда бір мақала көзіме оттай ұшырады. Қысқа хабар екен, түнеугі біздің барлауға баруымыз туралы жазылыпты. Мұның ішінде мен білетін жәйттерге қосылған жаңалық жаудың екі взвод жауынгері мен бірнеше офицері құртылған. Лейтенант Есентаев бастаған барлаушылар тобы аман есен оралған. Бұл ха-

барға қарағандада сол топтың адам шығыны болмапты. Есентаев пен Козлов та бірге оралыпты. «Өжет адам өлімі женеді» деген осы ау.

Мен мақаланы оқып шығып, қатты қуандым. Жас командиріміз, жерлесіміз Есентаев Қоғабайдың амандығына тәуба дедім.

Госпитальдың бастығы майор менің денсаулығымды байқай келіп барлаушылық жұмысқа жарамсыз екенімді ескертті.

Окопта менің қасымда жатқан жас жауынгер гранатаны бар күшімен танкке қарай лақтырды. Бірақ ол көзделген нысанаға тимей танктен алшақ барып жарылды. Ашуланған ол келе жатқан танкке қарай төрт гранатамен жүгіре ұмтылды. Танктің быт шыты шықты. Жас жауынгер табанда апатқа ұшырады. Содан кейін бір дәу танкі маған төнді. «Иманыңды айта бер» дегендей айбат шегіп, нар аралас топырақты суға шашы, өкіріп келеді. Ерте ме, кешпе, әйтеуір, өзекті жанға бір өлім бар ғой. Бір қолымда граната, бір қолымдағы автоматты қыса ұстап, танкті күтіп жатырмын. Қалшылдаған қара жермен бірге дірілдеп, тұла бойым түршігіп барады. Дүние дүнк ете түскендей болды, құлағым бітіп қалды. Танк траншея түбіне түсе алмай, екі жақ қабырға топырағын құлатып, мені көміп кетті. Көміліп жатқан бірнеше секундтар ішінде ешкім келе қоймады, топырақ салмағы денемді езіп, тұншығып бара жатқан соң ғана жан дәрменіммен жұлқына қопарылып түрегелдім. Қақала шашала түрегеліп қарасам, әлгі танк жиырма метдей ілгерлеп еткен екен. «Енді кезек мнкі» деп грнатаны лақтырып қалдым. Танктің бір жақ шынжыр табаны саудырай тарқатылып, шырқ айналды да зеңбірегі маған қарай сорайып тұра қалды. Зеңбірек қана емес. Пулеметші де бар. Қайсымен атса да тұм-

сығының астында, терең шепте жатқан маған оқ дарыта алмайды. Бүлінген танктің экипажымен аңдысып жатырмын. Танк экипажының біреуі танк қақпағын ашып, жерге түсіп жатқанда оған автоматтан оқ жаудырдым. Қалғандары танктің ішінен шығатын емес. Днепрден жүзіп өтер сәтте Есентаев қатты жараланды. Мен де оларға жолығып қалып едім. Ауыр жараланған взвод командирі Есентаевты арқалап жүріп, әрең дегенде жағаға алып шықтық. Басшылықты қолына алған сержант Козлов командирді тез госпитальға жеткізуді бұйырып, екі адам косып беріп маған тапсырды. Жауып тұрған оқ астымен біресе арқалап, біресе көтеріп, біресе еңбектеп өтіп, командирді госпитальға жеткіздік. Жараның ауыр екенін сезген госпитальдың бас дәрігері бас шайқап. «Өте жас екен» деп қайталай берді. Бір сұмдықты сездім. Көзіме қалай жас келгенін де білмей, өкіріп жылап, Қоғабайды құшақтай алдым. Әлден уақытта Қоғабай есін жинағандай болды да, «Менің жалғыз анам Ұлмекенге, сәлем айтып, жарым Ғалияға ақырғы аманатымды жеткізсең екен» деп ақырындап сөйледі. Содан кейін сылқ ете түскендей болды. Барсам ақырғы сөзін айтып, өмірмен қоштасқан екен. Қайта қайта құшақтап, біраз жылап басында отырдым.

Дарьяның аяғы ауырлап, екі қабат болғанын сезді. Жұмысын жалғастырып, бір сәт қарап отыра алмады. Ферма жұмысын тоқтатпады. Дарья Қоғабай сөзін тастамады, арманын орындауға бет бұрды, қыз туып атын «Қаракөз» деп атады. Қаракөзді көздің қарашығындай сақтап, мәпелеп өсірді. Жоғарғы оқу орнын бітіріп, еліне мұғалім болып оралды. Қаракөз өте сұлу көз қарасы аумаған әкесі, – деді Дарья. Қоғабайдың сөзін орындап, Қаракөз Қоғабиевна, Есентаева болып, беделді мұғалім атанып, туған ауылында қызмет ете бастады. Қоғабай талай рет, өзінің ойын білдіріп: Алланың

бұйрығы, Дарья сені кездестіріп, әйел етем деген ойым болған емес. Бірақ жас болған соң, кездесіп өзі жабысқан, сұлу қыз Дарьядан шыға алмай, дамылсыз махаббат отына жанып, кездесіп, бала болып, қалғанын білдім. Дарьяға тапсырып, Қазақстанға, елге, туған ауылға жіберуді өтіндім.

Мен олай-бұлай болып кетсем, ұрпақ қалсын, – деген ойда болдым. Бірақ сүйген жарым Ғалияға ешқашан айырбастамай-тынымды Дарьяның құлағына жеткізген едім. Дарья өзі сүйіп, соңымнан қалмай «ғашық» екенін білдірген еді, – деді Қоғабай ой арманын айтып салып, үзілді. Қаралы қағаз келіп, Махмет пен Қоғабайдың өмірден өткенін естіген ауыл адамдарын дүр сілкіндірді. Қос құлыным деп дауыс қылған Қоғабай анасы, бүкіл елді жылатып, жиналған ауыл адамдары, қайғылы қазамен, қатты қайғырды, жылаған бала мен аныраған ана дауысы, бүкіл мекенге жетіп, тайлы-таяғымен көп жиналды. Тоқтау айтқан Төлеужан, Селғазы, Ділдабектер: Бұл құдайдың ісі, қалай ғана біз Махметті өлімге қиып, жиырма жастағы қыршын Қоғабайда өмірінен өтті-ау!

Шіркін! Махмет қандай еді, жігіттің сұлуы, өз халқын аштықтан құтқарып, нанға қолын жеткізді, алдына мал салып, от басын ұйытты, жастарға білім бергізіп, жаппай сауатсыздықтан құтқарды, тұңғыш рет колхоз ұйымдастырып, халқының тұрмыс-жағыдайын көтерді, әлемге паш етіп, қаншама үйлер салынды, мәдени ошақтарын құрып, мектептер салды. Осының бәрі, сол Махметтің арқасы, кедейлерді қолдап, теңестірді, сауын сиырға дейін беріп, берік от басын қалады. Әлі қайратты, жас 43-жасында, дүние салды, соғыстан оралмады, артында жары Құндызбен, жетім балалары қалды, – деді Ділдабек. Айна бәрінде үйге кіргізіп, құран бағыштады. Аяулы анасы Үлмекен, «қос құлынынан» айырлып, қайғыға батты, көп уайымдап, дүние салды.



Газет бетінде, Қазақстанның 10-күндігі, өтуде деген, материалдар Киев газеттерінен беріліп жатты. Мәдениеті мен Әдебиеті өріс алған Қазақстан Украина жеріне «адал достық» қуаныш сәлемін ала келді, делегация құрамында: атақты артистер мен жазушылар, ақындар мен еңбек озаттары бар. Завод пен Фабрикада, колходың егіс алқабы мен мал фермаларында болып, халықпен кездесулер өте бастады. Дарья ол кезде, ауылдық советтің председатели болатын. Арнайы колхозға келіп, Дарья ауылынан бастауды жөн көрген, делегация басшысы Қайнекей Жармағанбетов бастаған топ, кеңсе алдына тоқтады. Дарья әдемі киініп, қыз-келіншектермен, «хлеб-соль» ұсынып, жылы жүзбен қарсы алып жатты. Әсем безендірілген, алаң қызыл жалаулар мен көмкерген. Салтанатты митенгіден кейін, мектеп ауласына бет алды. Дарья өзі жүріп, барлық оқу кластарын аралатып, көрсетті. Тарих кабинеті. Қазақша жазылған ұрандармен, қарсы алып, ішіне Қазақстан туралы стент жасатып, республиканың алып құрлыстары мен астық әлемі бейнеленген. Дарья бізге сол ұйымдастырған мұғалімді таныстырып, Қаракөз Қоғабаевна, Есентаева, – деп, бізге жақындап келіп, қазқша «сәламатсыз ба» деген сөзін айтып, иіліп сәлем етті. Таң қалдық, бұл қалай Украина жерінде, қазақ қызының болғаны, есімізді алды.

Ұзын бойлы, ақшыл сұлу жүзді, көзі қара, әсем келбеті, күлімдеп сөйлеген сөздерін естіп, Дарьядан сұрауға бекіндік. Дарья үндемеді, Қаракөз өзі айтсындеп, ыңғай тартты. Қаракөзді бірден қоршап алып, жақын баурымыз деп ұғындық. Ол қысылмады, ашық дауысымен, көпшіліктің назарына қарап: Мен қазақ қызымын. Әкем Қоғабай Есентаев Қостанай обылысынан болатын. Соғыс кезі, шағын ауылда, ағаш арасы, жасырын казарма, секретный полкте соғыстың барлауына дайындап, үш ай бойы, анамның қолынан сүт ішкен. Анам

елердей «ғашық» болып, Қоғабаймен бас қосқан. Содан мен туып, жоғарғы білім алып, осы мектепте қызымет атқарамын, – деді. Дарья көзіне жас алып: Бұл болған шындық, Қоғабайды өзіме тартып, «ғашық» мұңымды жеткізіп, бақытымды байлаған едім.

Соғыстан оралмады, ауыр жараланып, өмірден өтті, мен бірақ Қаракөзді туған жеріне жіберіп, Қоғабай айтқан, арманын орындап, туған – туыстарына табыс етуге бекіндім, қызымда қарсы емес, – деді Дарья. Қандай керемет оқиға, қазақтың қаны бар, жас қыздың, әкесі туған Қазақстан жеріне барып, еңбек етуді қалағаны таңғаларлық, өте батылдық, – деп Қайнекей қасына шақырып, бетінен сүйді. Бұл оқиға бүкіл делегация мүшелерін дүр еткізді, Қаракөзді сондарынан қалдырмай, Қазақстан өнер шеберлерінің үлкен концертіне шақырды.

Он күндік аяқталысымен, Қаракөзбен қоштасып, Алматыға оралды. Қайнекей бәрімен хабарласып, Қаракөзді Алматыға шақыруға бекінді. Көп ұзамай, анасы Дарьямен Алматыға келіп, көрікті қаланы аралап, гүлге оранған қаланың келбетіне таңданып, сұлу Алатау бауырайындағы Қазақстан астанасы, Алматыны ұнатып, Қаракөздің қалуын қалады. Қайнекей Оқу Министірлігінде болып, Қостанай обылысының бір ауылына орта мектептің директорылығына баруға жолдама алды. Әкесі Қоғабай арман еткен, ауылды-енді Қаракөз жалғастырады деп ой қорыттық. Қоғабай жастай өмірден өтседе, оның ой арманы «ауыл инженері» болып, келешек алып техникаларды, дала төсінен көріп, астық тасқынын мол етіп, өскен өлкенің нұр шұғыласын, көзімен көру еді. Қоғабайдың туған жиені Махметов басқарған – бас агроном, ісін жалғастырып, Союздың «иптовский» методымен-«комплекс техникасын» «Дәмді» совхозының, шалқыған жер қойнауына, алып К-700 пен, егін сеуіп,

астық тасқынын мол етті, Дәмді астығы Қазақстан миллиардына қосылды.

Дәмді астығы

«Дәмді» совхозы. 1974 жылдың август айы. Қазақстан миллиард пуды астығы үшін аттаныс жылы болатын. Бұл шаруашылық ауданда ең ірі Козлов атындағы совхоз кейінгі астықты мол беретін және жер көлемі де 36 000 гектарға дәнді дақылдар орналасқан шаруашылығы дамыған 4 бригадасы, 3 отделениесі бар болатын.

Алпарыс күндердің бірі болатын. Ескі клуб. Ине шаншар жер жоқ. Жиналыс президиумында совхоз директоры Саутбаев Шәкіржан Каримович, совхоздың бас агрономы бөлімше басқарушылары: Серік Рахметжанов, Уразбаев Ғалымжан, Мыжғымбаев Айтқұл, тағы басқа бригадирлер мен механизаторлар отыр, арасында отряд бастығы Червонюк Галина да бар.

Серік Рахметжанов қабылетті, қолынын іс келетін басшы да. Мал азығын бірінші болып дайындап, егіс алқабында басқары білді.

«Егін орағын дұрыс ұйымдастыру мен астықты үкімет қоймасына 2 млн. пұд тонна астық тапсыру» міндеті туралы баяндама жасалған совхоз директоры Сауытбаев Шәкіржан өзінің сөзін Қазақтан Орталық Партия Комитетінің бірінші хатшысы Қонаевтың Д. А. «Астық молшылығын жасау бүгінде, ертеңде және болашақта артыра беру, біздің ең бірінші жолымыз, бағымыз сол болмақ, сонда ғана, мемлекетіміздің экономикасы арттырып, халық тұрмысын тамаша ете аламыз»,

Сондықтан деді директор қарапайым жұмысшылардан бастап, директорға дейін жұмылдыра білу, әрбір күнді тиімді

пайдаланып 18-20 күн ішінде егінді жинап алу міндеті қойылып отыр. Жайқалған егінді шашпай төкпей жинап алу, деп жалғастырды, 2 млн. пұт астық құю отан қоймасына, өте жауапты міндет, әрбір клеткадан 10-15 центнерден гектарынан беретін сөзсіз деп аяқтады. Бірнеше адамдар өздеріне міндеттерін алып, ат салысатын ой – бүйтетіндерін айтып мінбеден алмасып жатты. Осындай оймен тарқасты. Дәмді даласы. Жайқалған сары дала, шалқыған егін алқабы «ұшан – теңіз» көз сүрінеді. «Биылғы бітік шыққан егінге әркімнің да көңілі толғандай», – дейді өз сөзінде 3 отрядтың бастығы Черванюк Галина Михайловна, онымен қоса 16 қыз келіншектерден құралған бригада «наставнигі».

Бас агроном мен «Қара құдық» бөлімшесінің меңгерушісі Уразбаев Ғалымжан мен комбайыншыларды егіс басында кездестіріп, егінге кірістіріп оралған беті болатын. Бүгінде сөйтті. Күзгі салқын, ертемен жүрген суықтан тоңызып қалған қолдарын ысқылап есікті ашып ішке кіріп, шешіне бастады. Кухняда әйелі Ақбала бұған бір бұрылып карап, өз жұмысымен бола берді. Арғы бөлменің есігі ашық, жиналған дөңгелек столге дастархан жайып шайды әкелді, бұл үй шайды ертерек ішіп болуға, мынау Ғалымжанды күткендегісі еді. Ересек екеу арасында ләш – мим дейін сөз болмайтын сияқты. Тек балалар ғана сырттан келген әкесін жағалап, осы үйдегі дабыр – дұбырды молайтпаққа ынталары кетіп тұрғанын аңғартады. Тек бұлар да бір батылсыздық бар.

Үйде қоңыр салқын, сыртта да суық, бар жылылық осы кішкене балалардың көздерінде ғана қалған сияқты, Ғалымжан мен жұбайы Ақбала – екеуінің арасындағы кішкентай наразылық осы үйдің қабырғаларына, терезе жақтуларына жарқанатша қарағанға ұқсайды. Адамдағы ішкі әлсіздік әсерімен ол ұлғайып, қазіргі қалыпында жұрттың бір – біріне

деген пейілін одан әрі қобалжи түскен. Ғалымжан бет шаймақшы еді, қолжуғышқа барғанша балалары таласа су құйды.

Бас агроном мен Ғалымжан шайды алдарына алып, алғашқы кесені алдарына ала бергенде, сыртқы есік қатты ашылып әлдекімнің ашулы келе жатқаны байқалды. Осындағы жұмысшылар асханасының аспазшысы Полина Ивановна екен. ол бері табалдырықтан аттағанда ақ істің мәнісін ұстаған күйі төлем тұқырды. Өз дастарқанының басына сырттан келген адамды аңдығысы келген адамша, түгін сыртына шығарып өңі салқын тартты. Полина Ивановна бірден көз жасын алып сөйледі. Бұл өзі орта жастарға келген ақ құба өнді, сары шашты әйел еді. Жұмысқа да алғыр, шапшаң болатын. Бүгін мұныңда шыдамы, тегеуріні шарт сынса керек:

Ғалымжан Уразбаевич, құдай үшін ана асхананызға бір дұрысырақ аспаз тауып қойыңыз. Мен біттім, арттыққа төзе алатын емеспін. Қазірден бастап қолыма күрек аламын, қырманға астық тазалауға барамын. Енді мені үгіттемеңіз. Болдым, болдым. Құдай-ау, қашанғы шыдай беремін. Осы сырттан келген адамдардың сөзін естимін деп ақ қартайдым ғой. Тіпті шыдамымда осы. Олар өздерінің үйінде әйелдеріне де бүйтіп сөйлемес еді. Тура қазір өз әйеліңізді жіберсеңіз де біреуді тауып, ана асхананы өткізіп алыңыз. Мен түскі тамақты жасамаймын.

Аспаз әйелдің соңғы сөзі Ғалымжанды қалпақтай ұшыра жаздады. Ол енді ғана елең етіп, адырап қараған. «Түскі тамақты жасамаймын. Жұмысшылар аш қалса, айғайдың әкесі сонда болар», деген қатаң жазу тұр еді мұның көзінде.

«Полина Ивановна, Ғалымжан оның бәрін білмей жүр дейсіз бе? «Олар айқайласа қанша болар дейсің. Астық орылып біткесін кетеді ғой, жан-жағына бет – бетімен. Мен білсем осы ауылда бұл жұмысқа сенен лайық ешкім жоқ. Орталықтан

қалай келеді, семьясын тастап. Онан да аздап шыда. Астық орылып бітер. Отыр шай ішейік, – деп бас агроном араласты, қазір олармен түскі тамақта, егіс басында сөйлесеміз, бұдан бұлай айтпайтын болады деп көңілін жұбатты. Полина Ғалымжанға үнсіз одақ құрып, ортақ майдан ашуы бәрі совхоздың осы бөлімшесіне ортақ науқанына болысуға шақырылған жұмысшыларға байланысты еді. Көбісі туысқан республикадан келген украин, беларус жігіттері, комбайыншылар.

Олармен осы қауырт науқан үстінде тіл табысу қиын емес. Шетінен қарапайым. Тек қана оларға бөлінген жатақхана тарлық етті. Ол совхоздың бас жобасы бойынша салынбаған әзір ешкім иемдене қоймаған стандартты үйлердің біреуі еді. Төсектер өте жиі орналасқан, түнге қарай айналуға жер болмайды. Кейінірек қырманға жұмыс ітеу үшін Свердловск училищесінен де адамдар келді. Шымкент, Жамбыл облысынан да автомашинаның шоферлары да болды. Бұларды Ғалымжан сыйлы қонақтардай қарсы алды. Бірақ қайда орналастырмақ керек? Бөлек тұратын жатақана тағы жоқ. Ақыры әрқайсысын үй-үйге бөліп орналастырған. Денелі біреуін Ошақпайдың үйіне ертіп апарды. Ол алғашында инабатты адам көрінсе, кейіннен бір маңыздық байқала бастады. Тіпті бұл бөлімшеде жұмыс істеу үшін елге бір үлкен тексеріс үшін келгендей – ақ. Ошақпайдың өзі мен әйелін түгел оның өзін жердегі қиылы сияқты көретіні көп ұзамай-ақ аңғарылып қалған. Бұл өз айтуынша, Шымкенттің бір дөкей бастығының баласы көрінеді. Оған оңаша бір бөлмені берген. Балалар Шымкенттен келген адамның (атын Шакир) ұсқынына есік саңылауынан болса да бірқаралуға қаншама ынтық болғанымен, олай қарай ешқайсысы аттап басқан емес. Қалай бассын, Шакир де бұларға селт еткен бір ілтипат жоқ. Қайта отты көздері жақтырмай қараса

болғаны балалардың түсіне кіретіндей бір қатер оты жарк еткенге ұқсайды.

Қызық мінездері де көп. Таңертеңгісін залдағы үлкен айна алдында жап-жалаңаш жер бауырлап, не шалқалап, неше түрлі кимылдар жасайды. Ошақбайдың әйелі мектеп оқушыларынан ондай жаттығудың неше түрін көріп жүрсе де, мынаның іс-әрекетінің бөлектігіне мүлдем қайран қалатын. Бәрінен де әйелдің жанына тиетіні осылай ойнақтап болғасын қолжуғыштың алдында бір сағат тұрып алады. Мектепке асыққан балалар мұндайда беттерін бір шаюға зар болады. Ошақбай зав. Ток екі сменмен жұмыс ұйымдастырып, күндіз түні элеваторға астық жөнелтуде. Ал, Шакир ештеңемен ісі жоқ, қырланған шаңға емес, үлкен жиынның алдында сөз сөйлеуге бара жатқандай сабынды әлденеше рет көпіртіп, бет-аузынан бір тал қалдырмай қырынып тұра берді.

Өзінің балалармен басы қайсып жүрген әйел, кірсе де, шықса да соқталдай болып, алдын орай берген Шакирді, әрі оның ауыл тірлігімен сиыспайтын қылықтары үшін бе, әйтеуір, алғашқы алғашқы күндерде ақ ауырсына бастаған. Сөйтіп от басы, ошақ басындағы күнкіді көбейткен. «Бізбен шүйіркелеспей ақ қойсын, балаларға да бауыры езілсін дейміз, тек мына адамды шошытатын дағдыларын айтам-ау, өзінен басқа мұнда ешкім жоқтай ойына келгенін жасайды ғой» – дегенді әйелі күйеуіне алғашқы күндері ақ айтқан. Ошақбай оған үндемейтін. Бірақ Шакирдың өзінің тауы шағыла бастаған еді. Бірде кешкісін жұмыстан басы ауырып кеп, Шакир жатқан бөлмеге кіріп, онымен сәл дидаласқан, көңілін көтермекші болып еді. Бұл кіргенде Шакир кеудесі жалаңаш, балағы тізесіне асып қойып, шалқасынан жатыр екен. Ошақбайды көріп айылын да жимады. Ең болмаса көкке көтерген аяғын тартсайшы. Тіпті, Ошақбай емес, осы үйдегі ұсақ балалардың

бірі үстіне кіріп тұрғандай, оны елегісі жоқ, бір үлкендік инабатсыздықпен, мұрнын көкке шашып аят етпестен жата берді. Ошақбайды әлдеқалай совхоз директоры Сауытбаев Шәкіржан Каримович шақыра қалса, тағы жұмыстың бір жағы үшін өзіне келетінін біліп барса, оның кабинетіне кіргенде табанымен еденді сықырлатқан өз тысырынан өзі шошып, тайсақтаған сезім пайда болушы еді. Бойымды қайтсем одан сайын аласартам дегендей, бір уыс бола түсетін. Шакирдің үстіне кіргенде оның мына түрін көріп, Ошақбай сондай бір күйге ұшырады. Бірақ тез қалпына түсіп, мұнында іштен жыны қозған. Тілдеп тастамаққа оған көзімен шүйіліп, табалдырықтан аттаған күйі тастүйін болып қатты да қалды. Бар болғаны осы, одан әріге бара алмады. Ошақбайды бір қызса тоқтауда қиын, ұятымен жеңдіріп барып, аялдады.

Пәтерші ұстаған жалғыз бұлар емес, бөлімше түгел дерсің. Ғалымжанның өзі бас болып бір кереметті ұстаса өздері үшін, орақ науқанына көмекке келген ағайындарды аз уақытқа ұстай керектігін ескерген еді. Шакиржан Каримовичтің де бөлімшеге айтқан тапсырмасы да осы еді. Ал қырманда ұшан – теңіз болып жатқан астық анау, күннің райы қуантарлық емес, күннен күнге үйілген астық бір толастап азайар емес. Элеваторға әкетіліп жатқан астық пен мұнда құйылып жатқан дәннің арасалмағы бірдей емес. Машина көп болмағанымен «ақ түйенің қарны жарылған» даланың мынау мол ырысы шындап тасқындағанда олар мүлдем мардымсыз қимылдайтын сияқты. Осы бөлімшеден 7 – 8 шақырымдай өтетін Арқалық, Қостанай тас жолы үстінде астық тасыған машиналар бірінен – соң бірі Аман – Қарағай элеваторына ағылып жатыр. Қазіргі шақта Дәмді қойнауы құмырсқа илеуіне ұқсайды. Алыстан мұнарта, қыр қабаққа орналасқан «Қара-Құдық» бөлімшесі бүгінде дала дүбіріне бөленген, әсем де, сұлу болып көрінеді.



Ағаш пен көк майса қырат биіктеріне көмілген егіс алқаптары, сары далаға өң беріп шалқып жатыр. Оқтай қатар тізілген салом шөмелелері, кең талаптан үзіліп комбаиндар артынан, қалып жатырғандай.

Жай-пай тірлік қамы үстінде Ошақбай өз үйінде жатқан Шымкенттік біреудің бәтуасыздығын көтере алмай тарс жарылса, үлкен іске өзі іріткі салған болып шықпай ма?

Тіпті мынау барша халықтың қимылы үстінде бөлімше зав. Тоқты шолғандыратын мәселе осы болып па? Бұрқылдаса от басы, ошақ қасындағы әйелдер бұрқылдай берсін, шыдамаса жеңдіргелі де біраз болған.

Міне ақырында бүгінгідей дүрде араздық бұл үйдің ішін даладай аңыратып, кішкене қара домалақ балаларға дейін қатты бүрсітіп тастап еді. Аяғын байыппен басып, үйден шыққан бойы қырманға қарай бет алды. Салмақтылық қалпы байқалады. Бөлімше бастығы Ғалымжан аспазшыны сөзбен жұбатып, көңілін басты. Ашу үстінде оның түсі өзгеріп қана қоймай, бұрынғы қарапайым қалпынан еш белгі қалмай, нағыз сотқар, ұрда жық адамға ұқсайды. Бөлімшедегілер түгелдей Ғалымжанның қаталдығынан ығып та, қорқып та жүретін. Оның қаталдығын совхоз директоры Шәкіржан да қолдап отырушы еді. Сондықтан да болар Ғалымжанның шаруасы басқа бөлімшелерге қарағанда ілгері басып, әр науқанды мерзімінен бұрын орындап та жүрді.

Газ-69 машинасы келіп, кеңсеге тоқтады. Ғалымжан байқап қалған бойы, асыға басып кірген бойында сөзге араласа кетті.

— «Осы жылғымыз биылғы, ендігі жылы өзің болып қимыл жасамасаң болмайды екен, – деп Ғалымжан совхоздың бас агрономы қарап: Осы астықты еккеніміз екен ғой. Айналайын, жарықтық жеріміз құт, бірақ оның мынадай ырысын

біз игеріп ала аламыз ба? Игерсек баяғыдан қайда жүрміз. Ана директормен жұлқыссаң да осы бір – екі үйді соларға арнап тұрғызбаса болмайды, қаншасы келсе де сиятындай етсе, шіркін. ында жоқ, дында жоқ сонда». Мұнысы управляющидің өз көкірегінен туған ой емес. Ғалымжанның онтайлы кезде қайталап отыр. Ғалымжан аздап болса да басылып қап еді. Әйтпесе, әйтпесе аспазшы әйелге деген тап қазіргі аңғары аса қатты еді. Оның желігі басылып, тек бет қарамайтын желпуі ғана қалған. Үні сосын ғана алғашқы қарқынындай емес баяулау шықты. Мінезін білетіндер оны: «Сталинский Закалка» деп әзуелейтін. Ол өзінің әйелін де шақырып алып:

— Сен бүгіннен бастап, қырманға жұмысқа бар. Сен үйде отырып, әбден сортаң боп барасың. Мұнау дүние ағыл – тегіл, жұрт не істеп жатыр, қалай жанталасып жатыр, соны былай көретін, ойлайтын басың бар ма ә? Не боп барасың деп, – столды тарс еткізді. Ғалымжан енді мүлдем сабыр суы басылып, сөзін қорытты:

— Апам балаларға ие бола тұрар. Сен жұмысқа шық. Көзге сүйел болуың жетті. Осы сөзін күткендей жиналған ауыл әйелдерімен қыз – келіншектер бірі қалмай екі сменаға істеуге тілек білдірді. Бас агроном екі сөзін қоштап, Ғалымжанның әрбір сөзіне қолдау беріп, жиналғандарға «биылғы егіннің өте қиындығы мен келешегін түсіндіріп, тез арада жинап алу керектігін сөзге тиек етті». Көп доплата беретінін қалдырмады. Екеуі сыртқа шыққанда суық жел күшейіп дала шаңытып тұр екен. Күн көзі жақсы көрінбейді. Суық күздің бұлда бір томсырайған, анысын аңдып, ізін бағып тұрған пей ілі сияқты. Ильясов Дәкір еккен қыбызды алқаптың да биыл шыққан қарбызы өте сойқан, 170 – 180 орам гектар алып кетіп жатыр. Болмаған соң басына «веса» қойып жөнелтілуде. Бірге егістікті аралап, жолдағы тары алқабы да, дестіге салынған қалпы. 3-4

күннен бері, келіп те қалған. Көлеміне қарап бас агроном: 20-25 ц беретінін қайталады. Түгел аралап қырманға қарай «Газ-69» ызып келді. Ендігі ойлары адам мәселесін шешіп те үлгірсе, қып – қызыл тарылы тез арада тазартып жеке площадқаға сақтау керек болса, қыздырып алмай үкіметке тапсыру белгіленді. Қыз – келіншектерге міндеттеу керек екендігін Ошақбайдың ойына салған Ғалымжан: Әрбір машинаның кузовы мен полагасы болмаса артпа деп кесіп айтты.

— Ал мынадай сапырылыс кезінде көмекші сұрап, жалбарынып өтінген емес.

Күндіз – түнгі қырман басында, еңбекке берілген Ошақбай бірде қыңқ демей, орындап шығатынын сездіріп қояды. Қайратты да, мықты адам деп, – осыны айт бүкіл жауапкершілікке басты тікті емес пе, – деді Ғалымжан сөзін жалғастырып. Қырман басында Алпысбай шалды жолықтырды. Егістікті қорғап, ауыл жылқыларын бағатын. Күндіз-түні жылқысын өзі айдап, жайып жүреді. Жасы жетпіске келген. Сонда да бір теріс сөз жоқ. Қазір содан келе жатқан беті. Астындағы атының аузынан көбігі шығып, шалдың өзі кара күреңденіп алыпты. Көзінің айналасында түнгі ұйқысыздықтың белгісі бар. Түгі сыртына шығып, сақал-мұрты да күдірейіп тұр. Тізесінен сәл жоғары тон киген ол ат үстінде бүркітшідей ықшам отыр. Жүзіндегі кірбеу көңіліндегі кірбеу емес екен. Шалдың өзіне бір ризалық айтпақ пейілін Ғалымжан бірден аңғарды.

— Әй, Ғалымжан, – деді ол қалпысымен өзінің үй жағын нұсқап, – ана біздікінде жатқан бала өзі бір жақсы бала екен. Бір елгезек, тіпті туған баламдай бауыр басып барамын. Ғалымжан шалдың мына сөзінен сәл жеңілейіп қалды. – Ия, тап солай. Тіпті өзімнің туған балам жұмысқа барып жүргендей үйге келсем болды «бала жұмыстан келді ме? », «бала

жұмысқа кетті ме?», деп ылғи сұрайтын болдым. Сол бала үшін бүйірімде бірдеме жатқандай оған үнемі алаңжаймын да, соны өзім бір түрлі қызық көремін. Ақ жарқын шалдың іші сырын Ғалымжан қызыға тыңдады.

— Кеше баламнан хат келіп еді, соны өзіне оқыттым. Тағы да хат жаздырдым. Бір бала екеу болғандай сонда қараптан қарап тұрып, төбемнің көкке жеткені. Көрші – қолау өздеріне ұнамды, елгезек күлдіргі шалдың бұл қуанышын бөліскен болып, қалпаштап қоятын. Ғалымжан жылқышыдан көңілді кетті. Жұрттың бәрі осындай болсашы деп, қазіргі тірлігіне бір ризалық оянды. Қырманда да мұны бір шытырман күтіп тұр екен.

Жал-жол болып, ұзыннан ұзақ созылып, жатқан астық үйінділерінен бір шеттен механикаландырылған тоқ жұмыс істеп тұрған. Бидай ұшырумен қабат, неше шиырынан өткен дән кебіңкіреп те қалатын қырманға құйылып жатқан астықтың дәнін содан өткізіп алу үшін оған тынымсыз жұмыс істететін. Ондағы мастер Ваняның адуын даусын Ғалымжан алыстан естіген. Не боп қалды деп, Ғалымжан жетуге асықты.

Мехтоқтың қасындағы үйшіктен Ваня мен әлгі Шакир бір-бірімен жұлқыласардай қабаттаса шықты. Ваня қатты ашулы екен. Ол осындағы аспазшы Полинаның күйеуі болатын. Танертеңгі тамақ кезіндегі жұбайының Шакир бастаған бір топ жұмысшылардан көрген зәбірі мұның да жанына батса керек. әншейіндегі жуса Ваняның тап қазіргі ашу Шакир қылығынан әлде қайда орасан сияқты. Қайта Шакир бұдан әрі саликалы.

Оның шымбайын шымшығаннан гөрі тоқтам айтатынға ұқсайды. Ваня қып – қызыл болып лепіріп кеткен. Бөлімше бастығын көре оны аузымен екі бүктеп асап жібермек тәбеті бардай жұлқына қасына келді.

Ғалымжан: «Бұл әйелі екеуі бір – бірінің аузына түкіріп ойған ба?», – деп ойлап еді.

— Сен мені мына дыюдан құтқарасың ба, жоқ па? Егер маған көмекші болып істеймін десе, ана мехтоктың астын тазаласын. Төгілген дәнбелуардан келіп қалды. Ал, бұл шаңнан қорқып маған тұмсығын шүйіріп сөйлейді. Ғалымжан жүзіндегі сұрақ белгісімен Шакирге қарап еді, оның да жауабы дайын екен:

— Ей, Ваня мен саған қашан айттым тазаламаймын деп, отқа отырғандай болып байболай бересің. Айттым ғой, шаңға қайта – қайта түсе берудің қажеті жоқ. Онда бидай біраз жиналсын, сосын бірақ тазалаған дұрыс дедім.

— Ох, мынау қулығын кара! – Ваня екі қолын мықынынан таянып, әйелдерше белін қиқандата сөйлейді.

— Бізді бес жастағы бала көрмекшің, ә! Онда бидай жиналып болғасын алдыкүңгідей мұрнымнан су ақты, суық тиді, тамағым қаңсыды, деп тайып тұрмақсың.

Сосын онда менің мықшымдауым керек. Тапқан екенсің ақымақты! Тазала қазір! Тазалағың келмейді екен, Управляющидің алдында айт

— А, сен неге маған солай бұйыра үні басымырақ шықты. Бұлда біраз сөзді көпіртпекші еді, Ғалымжан ырық бермейді. Шакир сен Ваняның тілін алуға тиіссің. Әрине, оны уақытылы тазалап тұру керек. Артынан өзіңе қиын тиеді емес пе. Шакир Ғалымжан жүзіндегі бірсалқындықты тез танып, әңгіме жетесін өзгертті білем. Оның үй менмекендік, маңғаздық мында жүрмесін іші седі ме, кім білсін. Жалппы мехток дұрыс жұмыс істемей тұр. «Бас агроном білсе сапасыз зерноның үкіметке өтпеуіне кеселдік жасалады деп, шаңдағымызды қағады» деді зав. ток Ошакбай сөзге араласып, үлкен удар бірінші маған тиеді, ал сендердің ырың кезек «ит тартыста жүрген кескіндерің

мынау». Мамандар оның конструкциясын жасағанда астыңғы еденіне бидай төгілмеуін неге ескермеген. Олар осындай күрделі машинаны ойлап шығара тұрып, бір адамды шаң қаптырып қоюға қалайша жол берді?

— Енді келіп, мехтокты кінәлауын қара. Сен өзіңе біруақыт неге қарамайсың? Сондай машинаны ойлап табам десең, саған кім қарсы болады, – ашуы басылмаған Ваня оны қай жағынан бүріп әкетуді ойлап тұрғандай.

— Мен кінәлағанда оның жұмысында ақау бар деп тұрмын.

— Машина емес, бос сөзді ұнататын сенің басыңда ақау бар десек, ол шындыққа жақынырақ келеді.

— Екеуі бір – біріне шап бере жаздады. Ғалымжан тосқауыл боп әрең үлгірді. Енді қаттырақ сөйлеп, екеуін бір – бірінен аулағырақ жіберді. Бұрын Шакир бидай ұшыруда болатын. Онда әйелдермен ұрса берген соң мұнда көшірілген. Айналасы екі – ақ адам, бір сменада, тынышырақ болар деп ойлаған. Қараса, мұнда да Ваняны шегіне жеткізіпті. «Бұл қайда сыйып жүрген пәле?», деп Ғалымжан зығыры қайнады. Тұла бойынан бедел мен мансаптың иісі аңкитын денесі еңгезердей қала адамына Ваняның жаңағыдай сөйлеуін тосын жаңалық көрген Ғалымжан бір түрлі ыңғайсыз халде қалған. Ваня екеуі ұстаса кетсе, Шакирдің жаншып жіберетіні анық. Ғалымжанның байқауынша, солай. Ал Ваня оны ойлайтын емес, өзіндегі жан ашуы мұны қатты шаршатыпты. Бұлардан кеткесін Ғалымжан, бидай ұшырып, тиеп жатқандарда болып, бірер сағатта мехток жаққа қайта соққанда Шакир бутка алдында бет – аузы шаңнан көрінбей күрегін жерге шаншып ұстап, болдырып отыр екен. Қарсыласын жыққан палуандай қоқиып тұр. Екеуінің дауы әлі таусылмапты. Ғалымжан жақындап тындап

қараса, бұлар манағыдан гөрі мағыналы сөзге көшіпті. Шакир енді Ваня басында ақау барын дәлелдеп отыр:

— Қала мен деревняға көшіріп, онда тағы қал орнату деген сөз емес. Онда, барлық өнеркәсіп орталықтары тоз – тоз болып, бөлшектеніп кетер еді. Оның аты – өнеркәсіпті құлдырату. Өңгіме әрбір селода, енді мекенде саналы өмір орнатуда болып отыр.

— Әй, сен саналы өмірінді бізге қалай түсіндіресің, оның былай шын мән – мағынасы бар ма?

— Мысалы, сен бүгін жұмыстан кейін үйіңе барып не істейсің?

— Не істеймін? Барамында сиырымды, бұзауымды қамаймын. Шошқама тамақ беремін. Үйден апыл – ғұпыл бірдемені тістеп шығамын да, мешок алып анау арасында дәні бар топанды төгіп жатқанымызды көрмесін, соны тазалаңқырап бір екі рет арқалап әкелемін. Бір қора салып жатырмын. Соның бітпеген жұмыстарын істеймін. Ақырында, шаршап төсекке бір – ақ құлаймын.

— Міне, сенің санандағы ескіліктің қалдығы бес елі. Біріншіден, сен газет оқымайсың, оған уақытыңды қимайсың. Екіншіден өз қамыңды ойласың. Топан қоғамдық малға азық болу керек, сен оны өз малыңа ұрлайсың. Білесің, мал азығы қандай маңызды проблема? Ваня мұның жарына әбден көндіксе керек, сөзге малтығып жауап беруден жалығатын емес:

— Ақыры шіритін топанды біз тасымасақ ол кімге керек? Бұл қиырдан оны әкетіп, кәдеге жарататын күш қайда? Біздің облыстың топаны түгіл астығына ие болсақ та жарайды. Анау жал – жал боп жатқан не нәрсе көрмеймісің? Қандай мешеу адамсын, осы заманғы техниканың мүмкіндігін тәлкек еткің

келеді ме? Ваня бұл сөзіне дау айтып келе жатыр еді, Шакир колын бір – ақ сілкіп жиды да:

— Жақсы қыста не істейсіңдер, соны айтшы? – деді.

— Қыста далада боран соғады, біз үйде ыстық шай ішеміз.

— Сосын?

— Сосын, телевизор көреміз, карта ойнаймыз, болса арақ ішіп, дүкенші әйелдің выручкасын көбейтеміз.

— Міне сенің надандығын қайда жатыр, – деп Шакир Ванының соңғы сөзінен бір олжа тапқандай өре түрегелді. Қастарына кеп тыңдап тұрған Ғалымжанды елейтін емес. Гүр, гүр еткен мехток үніне бәрінің құлағы үйренген. Былай мәдени шаралаларды жүзеге асыру, өздеріне саналы мәдени демалысты қамтамасыз ету дегенді сендер білмейсіңдер. Сендер ада-сындар ғой, өздерінді – өздерің сыйлау деген болу керек қой. Шакирдікі ауыл адамдарының тұрмысына қабырғасы қайысқандық емес, Ваня мұнайту екенін ойлаған Ғалымжан теріс айналып жүре берді. Сонда да топан сөздердің ішінде көп жасық болса да дәні бардай бір ойға қалды. Шетсіз – шексіз дала ортасындағы кішкене ауыл Қарақұдық өмірі өзіне енді ғана жүдеу көрініп, сәл мұнайған қалпы бар. Бұл совхоз 4000 сиыр малынан, аздаған жылқыдан басқа мал ұстамайды, егін шаруашылығы 36 мыңға дейін дәнді – дақыл егіліп, экономикасы өркендеген шаруашылықтың бірі болатын. Төгіліп жатқан топ малды аймақтар үшін таптырмас ырыздық екені рас қой. Бұл жатқан тек копнедегі сабан ғана жеткілекті. Әлі де құшаққа сыймаған туған жерін көзбен шалып қана жігері оянғандай. Жолай қырманнан әкеліп жатқан бидай өлшейтін таразыға келді. Машиналардың алғашқы легі кетіп болған. Кірші қыз Қарлығаш Айткүл будканың сырында тоқтаған «Газ-53» машинасында қарс алды. Айткүл жас болсады, шару-



ашылықты тез меңгеріп, егіс көлемін ұлғайтып үлгірді. Қызыл – жасылды мол шәлісін шымқай тартып алған ол суықтан бүріскен торғайдай болса да әдемі – ақ, сары жүзімен сұлуланып тұр. Сыпайы күлкісі бар ұрлана қараған көздерінде адамның жүрегін ертіп жіберетін бір алғыр от ойнап тұрушы еді.

— Сәлемет пе қарындас? – деді Айтқұл.

— Сәлемет!

Ашық аспандағы шағала даусындай саңқ еткен қыз үні Айтқұлды мүлдем көңілді етті. Өзілдеуге аңсары ауды. Кеше ғана қуыршақпен ойнап, көз алдында бой жеткен өзінен көп жас кіші қызға ағат сөз айтып қалмайын деген сияқты ғана тежеу болды. Айтқұл будканың ішіне өзімен ілесе кірген Қарлығаштан бүгін таңертеңгілікте қанша астық жөнелтілгенін білді де қайта шықты. Жеңіл ғана қалжын айтқысы келіп, бөгелгендегі аузына түскені: Қарлығаш – ай, өзіңнің алдыңнан өтіп жатқан астық ас боп даруында осы халықтың да ырысы бар ғой. Егер осы ауылдың даласынан бір гүл үзіп кетер десе, мен сені алақанға салып аялар едім, амалым не? – деп үзілді комбайнер жігіт.

Жүрсің, ісіңіз от – жалындай. Мен де соншама өркөкірек дейсің бе? «Сіз жалын шоқ, біз бір май, май тұра ма шыжырамай». Өз қолыңызды өзіңіз байлап, дымыңыз құрыса қайтейін?

Айтқұл қыздың жанарына тура қарағысы келіп еді, ол сахнадағы сұлуларша сәл сырт берінкірей керіле қалыпты. Сәлден соң ғана көзінің қиығын тастап, сақылдап күліп жіберді.

«Сайтанның күдкісі-ай» – деп іші – бауыры біржола еріп кеткен Айтқұл тайып тұрды. Енді қалжыңдаса қыздың алдында тәлкек боларын сезген еді. Қарлығаш 60 үйлік шағын ауылдың көркі, абыройы десе де лайық. Әке – шешесінің қолында жалғыз өскен ерке қызды қолынан ешкім қақпайтын.

Сұлу бітім, шарасынан асып – төгіліп тұрған мол қайрат – жігер, көздегенін мүлт кетірмейтін уақытты тіл, бәрі жиылып, Қарлығаштың сұңқардай тұлғасын биікке көтере түсетін.

Үлбіреп піскен шағы болса да тұрмысқа шықпаған, нықтап сөз байласып жүрген жігіті де жоқ, бірақ ондай күнді күрсініп ойлайтын Қарлығаш емес. Көзімен бір атқан жігіттің жүрегіне кадалған сұр жебедей қайсысын болмасын құлап түсіретін. Ол қасіретін Қарлығаш бүркемелеп те ұстамайды. Әр қашан ашық та ақ жарқын қыз өзіне сөз қатқысы келген бозбаланы алғашқы сәтте өңіндегі түсін жіңішке мейірбандықпен, көзіндегі нұр ойнаған ыстық ілтипатпен – ақ қарқ қылар еді. Төбесіне күн келіп өзі қонғандай болған жігіт бұл бақытты бірден көтере алмай Қарлығаш алдында бір әлсіздігін байқатып ала ма, қоса сұлу шагала үніндей ашық күлкісімен теріс айналғанда ол қылау жоқ тақыр мұзға шөккендей басына қара жамылып қала беретін.

Қарлығаш қай жігіттен де өз ықыласын аямады. «Қоянның түрін көріп, қалжасынан түңілетін» дағды мұнда жоқ. Талайлар алғашқы таныстыққа мұны оңай олжа көріп, кекірене күліп, ой қастап баққаным ен қыз ықыласының тұнығына, шеттен қалатын. Осы орақ науқанында жұрт сырттан келгендерді көтере алмай тарсылдап жүрсе, Қарлығашқа бұл күндер мейрам сияқты қызықты – ақ. Ауылда жігіттің аздығынан да ауыл бар, бәрінің де жігіттері Қарлығашты қызыл көрген қарғадай қарайтын. Демек, жігітке зеруліктен емес жандардың өзіне деген ықыласы қызықпа, әйтеуір осы сапырылыс үстінде ол мүлдем жайнай түскен.

Көмекке келген украин, беларусс, молдаван жігіттерінің арасында он екіде бір гүлі ашылмағандары да бар. Қазақ сахарасында көздеріне оттай басылған жауқазын гүлді айналыпөте алмай бақ сынауға тәуекел еткендері де аз емес. Айтқұл талай

байқағаны, осы қызбен бір кеш қыдырған небір бағлан жігіттер ертеңіне басынан бағы көшкендей жүні жығылып бұл өмірге енді көңіл қошы жоқ сияқты, жігер құм болып жасып қалмайтын.

Бір емес бірнеше күн сүлдесок ауруға ұшырап қимыл – тірлігінің берекесі кетіп, өзінің жер басып жүргеніне арланатынға ұқсайды. Қарлығаштың басқа біреумен әзілдесіп тұрғанын көрсе бұрышқа жасырынған баладай мойнына су құйылып, мұнды көзбен қасірет шеккеніне көруге болар еді. Ондайларды Айтқұл қатты аяп, өзі де тығырыққа қамалғандай қалатын. Қарлығашпен бір – екі сөзден қалжың сөзден көңілі көтерілген Айтқұл егіс даласына Ғалымжанмен бет алды. Қоса жарысқан егістің копнада жатқан соломдарымен, зябь көтерген алыпты дала дүлділі К-700 – тар, сары өңірді – қара боюмен өзгерістерге келтіруде. Жер өңделіп, астықты қойнауудың келесі жылғы қамы да, қысқа керекті солом да тартылып далаға ұзын скирдке салынып қанатын жайып тастаған. Бұл күндері далаға ышқынған еңбек дабылымен дирмен тасындай айналып, өтіп жатты. Жұрт күн Каһарын, жер өтіп аса елемейтін болған, қайта астығы орылып жатқан егістік пен қырман басынан жалын есіп тұрғандай, тұла бойға ыстық соғады. Комбаиндар құлаққа ұрған тананадай тыныштық орнай дәл. Асханада Галина Ивановна тасқаяқтай қағыстырып жатқан ыдыстардың сыңғыры осындай айқынырақ естіледі. Аспазшы әйел бәріне көніп алған. Бірақ ашуы басылған емес. Өзін – өзі нығырлап, көмекшілерін қоса шырық үйіріп, қаншама мінсіз істедім дегенмен жұмысшылардың арасындағы кейбір қисық – қыңыры, әсіресе Шакир, мұны шаяндай шағып алатын.

— Мен барды ішемін. Ал тәрелкенің түбінде менің алдымда біреу ішкен рассольниктің жұғыны қатып тұрады. Таза-лық қайда, сенің көмекшілерің тәрелкені қалай жуады?

— Сен қатыныңа осылай сөйлеп үйреніп қалғансың ғой. Әйтпесе жуған тәрелкенің түбінде рассольниктің жұғынын қалдыратындай мұнда адам жоқ, — деп аз да болса үйреніп қалған Галина Ивановна аса шабылмай сабырмен жауап бергісі кедеді. Нағыз даусындай бір — екі жауап қатысудан басталады. Шакир Ванямен қалай болса оның әйелімен де солай салғыласады. Бұған да біраз құрғақ философияның дәмін тартқызады. Қисық сөйлейтін жалғыз Шакир емес, басқалар да бар. Бөлімше меңгерушісіне талай шағынып, ештеме өндіре алмаған соң, Галина күн санап, орақ науқанының аяқталар шағына дейін шыдап бағудан басқа амал таппап еді. Сонда да болса асхана жақтан күні бойы үзілмейтін ыдыс — аяқ сынғыры аспаз әйелдің тақа таусылып бара жатқанын аңғартады.

Ғалымжан темекі түтіні торлаған жатақханаға келгендермен де әңгіме өткізіп те байқады. Нағыз керіс шу осында болды. Осы жиын үстінде, Шакир тағыда елден оқшау бой көрсетті. Галина Ивановна да қатынасқан еді. Ол Шакирдің көптің көзінше айтқан сөздеріне шыдамай жылап шығып кетті. Ғалымжан бәріне тоқтау беріп, басалқалы сөздер айтты. Мынау жатқан ел игілігі, ешкімнің қара басының ісі емес, жұп жазбай бар мүмкіндікпен қимылдайық. Жиналыстан Ғалымжанның басы мәңгіреп шықты. Өте қатты бір айтар мінезімен жұрт назарын аударып, ел басқаруға деген бейімділігін де байқатып бақты.

«Менің қарамағыма бір жола бекітіліп берген адамдар емес қой» деп те ойлады. Әйтсе де баса көңіл аударғаны басқа. Құр атқа жайдақ мінгендей бұл даланың әлі де тақылдақ екенін еске алды. Жер ырысын, ел ырысын ала қанымен аялап, төкпей — шашпай көтеріп алуға осыншама адамдар келді.

Бұларды қарсы алуға бізде әзірлік толық па еді? Жоқ, әрине, жататын орын, ішер тамақ барлығы бар деу аз. Тағы

астық жинаушылар үшін оның қазіргі сыйқы мүлдем көрнексіз. Бірақ бұл даланың мұраты сол үйде, тұрақ – мекенде ғана ма екен? Бұлай қарасаң совхоз тұрғындарының баспанасыз біреуі жоқ. Бәрінің басында аппақ шағаладай шифермен жабылған үйлері бар. Бірақ соның бәрі осындай орақ науқаны үстінде мүлдем қуанып, жұмысшыларды сыйғызуға жер таппайды. Жә, ол да емес, келген адамдар бөлімше «Қара – құдықтың» жүдеулігін көріп, кекірейіп қарайтын сияқты: шынында да ұшқан құстың қанаты талатын мұнау даланың бір қиырындағы кішкене село өздеріне қаншама тап – тұйпақтай жайлы көрінгенмен сырттан келгендерге саусақпен санарлық қана тұрғындары бар қорғансыз жалғыз – жадау тірлік бейнесіндей ғой. Сонда да бұл істің шешуін есіне түсіріп көрді. Бір ұққаны Шакирдің айтуынша жұрт өз өмірін гүл – гүл жайнатып отыратын бір тетікті тапқан сияқты.

Кейін байқаса, келгендермен өткізген әңгімесінің игі әсері де болған сияқты.

Жөн – жосықсыз ұрыс – керіс азайыпты, өз араларындағы басалалы біреулері жолдастарының көп даурығойына тыйым салу керек. Әсіресе, бұған комбайыншы украин, белорус жігіттері көбірек ұнайтын. Олардың қап – қара өнінен ақ тістері айқын шалынып, жұмыскер де момын көрінетін. Қара – құдық қойнауы. Қырман басында бидай ұмырған машиналар алыстан ыңырана ән айтқандай шуылдайды. Жақындап келіп тоқтағанда Газ – 69 машинасынан, тоқтың үніне бір айқындық пайда болып, құлаққа жағымсыздау тарсыл – гүрсіл молаяды. Қайнаған еңбек, мех тоқтың толасыз дауысы, ауылға естіліп ерекше үн беріп тұрғандай сезіндік. Бас агроном мен бөлім меңгерушісі келгенде Ошақбай дамылсыз қимыл үстінде екен. Ағылған машиналардың бір тобы, астық әкетіп жатса, кейбір тобы аударып жатты. Ошекеңнің сөзіне қарағанда, түнгі

кезекте қол күші жетіспейтіндіктен, қаңырайып бос тұрған зерно пульттар бар. Олар шам жарығынан аумақта түнгі аспан астында қалқиып, бір – бірінің иығына бастарын айқастыра жусап тұрған жылқыларды еске түсіреді. «Аспан ашық, жері қорда таза түскін астықты ұшырып желмен тазарған астық үкіметке де өтіп кетеді деп, – сөзін жалғаған Ғалымжан бүгін ауылдық бүкіл қыз – келіншектерімен сатушы, мұғалім, бухгалтерлер, медбикелер келеді, күніне жөнелтілетін астықтың жапасын жасағанымыз жөн. Үкіметке астық сатудың күндік тапсырмасы деп бас агроном 1000 тоннаға жеткізу белгіленіп отыр. Сондықтан совхоз бойынша бүкіл 500 автомашиналармен Жамбыл мен Алматылық коллоналардан 300 автомашина іске қосылады деп сөзін түйіндеді. Үкімет алдындағы жоспарды орындау 2 млн. пұт астық құю деген сөз, жақында бұл да орындалып қалар деп, бөлімше басшыларына жігер беріп, жұмыстарына табыс тілеп еңбектерінің жемісті екенін сендірді.

Сол түнде ауыл жастары ток басына көп жиналды. Айтқұл қырманнан ұзай бере тап құлағының түбінен сықылықтаған Қарлығаш даусын естіді. Қараңғы көзге түртсе көретін емес, ешкімде көрінбеді. «Мына қыз қайтеді? «– деп, әп – сәтте ол туралы жаман ойға қалғандай жүрісін сәл баяулатып барып машинасын тоқтатты. Бірер минуттан соң қарайған екі адамды көзі шалды. Қарлығаштың даусы ақ жарқын, мынау түн – ау, біреу – міреулер көрсе, өсек қылады дейтін емес. Бұл қай жігітті жер соқтырмақ? Айтқұл осыны білуге ынтасы оянғандай түн кезген екеуге жақындай жүрді. Екеу ара әңгіменің орысша екенін білді. Комбайынша жігіттің бірін тағы сүлдесок ауруға ұшырататын болды – ау, деп мұның арты немен бітетінін жақсы білетін Айтқұл енді Қарлығашты әлдеқандай әлсіз көңілмен жазғыра бастады. Осындай жиын-

терін уақытында көкірегін жастық жалын лаулатқан Қарлығаш жұмыс адамдарына қырғыдай тиіп жүрген аспанның әсем құсындай көрініп, іштен айыптаса да, өз ауылының көркі болғасын жамандыққа ешкім бармақ емес. Бірер минуттан олар көлденен жүріп, машинаның жолына өздері киліккендей ұшырасып қалды. Қарлығаш иментін емес. Айтқұл қасындағы жігітін бірден таныды. Ертеңіне совхоз орталығынан оралған бас агроном қайтадан егістікке тартты. Анадай тұрған комбайнға келіп зулата тоқтай қалды. Кешегі Қарлығаш қасындағы жігіт, комбайн көлеңкесінен денесі бүктетіліп, әрең көрінеді. Аузында пісіп тұрған егін басында шылым шегуі қылмыс есепті.

— Әй, сенікі не? – деп Айтқұл ақырып қалды.

Комбайыншы жігіт өзінің түрінен бір ауру сыйқын байқатып, әрең жауап берді: – Бункерім толып қалды, машина келмей жатыр.

— Қасындағы темекің не, бұл жақтың астығын өртеп кетпекпісің? – деп Қарлығашпен болған бір сәтсіз сүйіспеншіліктің уақыты жайлаған жігітті қап-қара май қолымен темекісін умаждап сөндірді де, басын төмен салбыратты. Айтқұл кете беріп ішінен «түріңе болайын» деген де жігітті аяп қап еді. Мұның көз алдында Қарлығаш тақыр жазыққа біткен ақ қайындай барлық көркімен тағы ашыла түсті. Мына жігіт дәмелене талпынғанмен оның шынар басында алтын қазынадай сақтаулы қыз ықыласына қол жеткізе алмай шарт сынғаны көрініп тұр. Қарлығаш көркін жазғыра елестетіп, жігітті аяған жүрегі әлде неден толқи басып еді, кенет өзінен – өзі қуат тапқандай бұл райынан тез қайтты. «Тауы шағылса шағылсын. Жігіт осындайда шыңдалады. Бізге жел соқса құдайша иілгеннің керегі жоқ. Темірдей қатты берігі керек».

Сонау батыс республикадан келген жігіт туралы Айтқұл осылай ойлады. «Мейлі қайдан келсін бізге адам қымбат, онсыз қысыр сиырдың емшегіндей мынау даланың тандыры кеуіп жатыр еді ғой» ішінен осыны айтты да машинасын қаттырақ айдады. Онысы қат – қат тіршілік қамын басынан қуғандағысы еді. Енді астығы ертерек оралған сары аңызға түсті. Жердің топырағы қатты екен. Газ-53 тоқтаусыз зулап келеді. Қарлығаш туралы ойға қайта оралды. «Шіркін-ай, өзім болып та бақ сынар ме едім? «деп әлсіздік мұны да баурады. Күнге жетпей оның қызуына жанып кетер өз басына деген азушылық пен сақтықтан да ода болған.

Осы ойдың жетегінде болып, аңырап есіре күлді. Үйде анталаған қатын – бала, 32-33 ке кеп қалған жас, мені қайда жібереді» деп, енді ғана ойсыз басына орнаған тәтті қиалдан біржолы босанып шықты. Бөлімше «Қара – құдық» тұрғындары тайлы-таяғымен жапатармағай көтерілген. Ғалымжанның әйелі де жұмысқа шыққан. Бұрынғыдай жай төбе көрсетіп кететін емес, күйеуі қазіргі қалпымен бір ширықса өзін ондырмайтынын сезінгендігі алдын – ала ойластырған шарасы ма, әйтеуір басқа әйелдерден алыспай қолындағы күрегін кесте бізіндей ширақ қимылдатады.

Галина Ивановна да бәріне көндіккен. Керекті азық-түлік керекті сұратқанда болмаса бұрынғы шағым айтуын мүлдем қойған. Тек Шакир ғана түнеріңкі. Ваня бір жола мектеп алған ба, әйтеуір оның мех ток астын тазалап, үсті – басы аппақ шаң болып шыққан түрін көргенде сырта бұрыла беріп, сылқ-сылқ күліп қояды. Сөйтеді де жүзін тез суытып, онымен қайта дауға түседі. Енді Ваня әлдеқайда басым сөйледі. Шакир оған тең қарсылас емес сияқты. Егіс басында, шабылмаған жерде аз қалды. Тек қырманда үйілген астық тез кете қоймай, тау болып



жатты. Ал мынадай игілік тасқындаған жылдары ол жоспардың құны шынында Ғалымжан айтқандай «Көшеде жел қуған қағаздан» аса қоймайтын. Мұнда алға қойған міндет, бір дән ысырап болмасын. Жер не берді, соны тегіс алу. Бұл биылғы жыл орындалды да совхоз директорынан көмекке келген адамдар қайтарылсын деген нысқау келді. Ол үшін бәрін совхоз орталығына жинап, сол жерден салтанатты түрде аттандырып салу керек екен. Әйтседе Ғалымжан өз бөлімшесіндегі адамдарды шығарып салудың мұнда, да бір қамын істемек болды еді, буын-буыны босап ештемеге қолы бармағандай қатты қипақтаумен болды. Көмекке келгендердің қайтатынын мұндағы жұрт лезде естіген. Шығарып салушылардың артын ала шымқай ораған қызыл шәлісімен бет – аузын бүркемелей Қарлығаш тұрған. Алғашында оны ешкім байқамапты. Тұнық көздері бар асылымен ойнап, құбылып, от боп жанатын сияқты. Бірақ басқалардай қимасын шығарып салғанға ұқсамайды. Мына түріне қарап, сан жігітке шаң қаптырған қайсар қылығынан қайтып қалған ба деп ойлау мүлдем қиын. Сол ұяң қабак, найза кірпіктердің астынан ұстаның көрігіндей от шашқан қалпы. Еш өзгеріс жоқ. Машиналар қозғалып жұрт тарағанмен Қарлығаш тұра берді. Алпысбай шалда жұрттың соңын ала бере Қарлығаштың қасынан өтіп бара жатып, сәл ұзақ қарап кеткен Ғалымжанға дауыстап:

— «Бұларда қайтқан құстай болды – ау. Сар далада сағым ойнаса бірде гүл – гүл жайнаймыз. Жаз шыға егін піскенде тағы келеді ғой. Егін мол болсын де. Барлық гәп сонда жеріміз жомарт, қызық та, дәурен де бізден алысқа ұзамайды. Аспан ашылып, күн шуағын Қара – құдық өңіріне төгіп тұр. Қарлығаш ақ жүзді ажарымен, күлім көзді жүзімен Айтқұл келетін мезгілін күтумен болды. Әлде бір әзіл айтып, сұлу жігіттің

жүзіне ой салғысы келді ме? Әйтеуір бір ой үстінде аяндап басып, жолға қарай беттеп барады. Жүрегінде ұялған ғашықтың отын қалай ғана айтар екем, семьясынан әйел баласынан айыру бұғанда мақсат емес сияқты көрінеді, совхоз орталығынан көз алар емес. Алып ұшқан жүрек алаңдаумен болды...

Совхоз сол жылы яғни 1974 жыл болатын. Көп астық беріп Отан алдында 2, 5 есе план орындалды. Директорымыз Сауытбаев Шәкіржан Каримович Қазақстанның еңбек сіңірген агрономы атағын алды. Ленин орденімен наградталды. Көп озаттарға ордендермен медалдар беріліп жатты, соның ішінде бас агроном те бар болатын, Ғалымжан Уразбаевта, Серік Рахметжановта наградталды. Еңбек жемістерімен бір жылғы істері осылай аяқталды. Халықта ризалық білдіріп, талай жылдарды өткізіп жатты...

Ғалымжан үйіндегі Ақбала да ерте тұрып-кеш жатқан еңбегі ақталғанын біліп жан жолдасына күлімдей қарап, жарқыраған орденге көзін тігіп айырар емес. Солардың ішінде қос орендi, атакты жүгері өсіруші Ильясов Дәкір де, Ленин орденінің кавалері бас инженер Гелета Евгений Тимофеевич те бар болатын. Ауыл азаматтары құттықтап, ішінде аға прораб Қиқу Ахметжанов та жылы сөздерімен «құшақтап жатты».



Ж. Махметов. Қоғабай Есентаев. Роман

Формат А5, объем стр. 202. Тираж 100 экз.

«ҰлтССО» АҚ полиграфиясында басылды.

Қазақстан Республикасы,

Астана қаласы, М. Әуезов көшесі, 28/1

тел.: 8 (7172) 32 40 05